

Сатова А.К.¹, Калыкбаева А.²

¹доктор психологических наук, профессор, КазНПУ имени Абая

²докторант 1 курса специальности «Дефектология», КазНПУ имени Абая
Алматы, Казахстан

ОРГАНИЗАЦИЯ САМООЦЕНИВАНИЯ ДЕТЕЙ С ООП КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Аннотация

В статье рассмотрены основные теоретические подходы к исследованию процессов формирования и развития самооценки в детском возрасте. Акцентируется необходимость формирования адекватной самооценки обучающихся в инклюзивном образовании путем организации самооценивания учебных достижений в учебном процессе.

Ключевые слова: самооценка, младший школьник, сознание, самооценивание.

А.К. Сатова¹, А.Калыкбаева²

¹психология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

²«Дефектология» мамандығының 1 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада балалық шақтағы өзін-өзі бағалауды қалыптастыру және дамыту үдерістерін зерттеудің негізгі теориялық тәсілдері қарастырылады. Оқу үдерісіндегі оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру арқылы инклюзивтік білім берудегі оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру қажеттілігіне баса назар аударылады.

Түйін сөздер: өзін-өзі бағалау, кіші мектеп оқушысы, сана, өзіндік бағалау.

А.К. Satova¹, A.Kalykbayeva²

¹doctor of psychology, professor, Abay KazNPU

²doctoral student of 1st course of specialty "Defectology", Abay KazNPU

ORGANIZATION OF SELF-EVALUATION OF CHILDREN WITH SEN AS A PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL PROBLEM

Abstract

The article discusses the main theoretical approaches to the study of the processes of formation and development of self-esteem in childhood. It emphasizes the need to form an adequate self-assessment of students in inclusive education by organizing self-assessment of educational achievements in the educational process.

Keywords: self-esteem, junior schoolchild, consciousness, self-esteem.

Процесс формирования и развития самооценки в детском возрасте является важной психолого-педагогической проблемой, поскольку самооценка занимает основное место в структуре само-

сознания и личности ребенка, и регулирует его эмоциональное состояние, поведение, влияет на становление нравственных качеств и межличностных отношений с окружающими.

Согласно Большой психологической энциклопедии, «самооценка – это оценка личностью самой себя, своих возможностей, качеств и места среди других людей» [1]. Предметом самооценки могут быть: внешний вид, социальные отношения, отдельные способности, черты характера и другие личностные свойства субъекта. При этом самооценка представляет собой иерархически выстроенную систему, состоящую из отдельных самооценок, которые находятся в постоянном взаимодействии между собой. С ними связывается активность личности, продуктивность ее деятельности, реализация творческого потенциала, критическое отношение к себе как стимулирующей силе развития, побуждение к самореализации, становление индивидуальных особенностей, характеристик.

Изучением самооценки занимались как зарубежные, так и отечественные исследователи (Б.Г. Ананьев, Н.Е. Анкудинова, Р.Бернс, Л.И. Божович, Ю.А. Борисов, И.А. Кудрявцев, Н.А. Гудьянова, У.Джемс, Ф.Зимбардо, В.Квинн, И.С. Кон, Л.Н. Корнеева, Р.Мейли, И.Н. Михеева, В.В. Овсянникова, С.Л. Рубинштейн, Ж.И. Намазбаева, А.К.Сатова и другие). А.Захарова считает, что самооценка – это фундамент для развития личности [2], а, по мнению А.Н. Леонтьева, самооценка – потенциал для индивида стать личностью [3]. Развитие адекватной самооценки является основным компонентом в социализации обучающегося, потому что она направлена «во внутрь» личности ребенка. Ребенок, пишет Л.С. Выготский, «вступает на путь сотрудничества, социализируя практическое мышление путем разделения своей деятельности с другим лицом... Социализация практического интеллекта приводит к необходимости социализации не только объектов, но также и действий» [4]. Дети с высокой самооценкой всегда хотят показывать свою значимость. Для них важно быть на первом месте. Дети с низкой самооценкой, наоборот, относятся ко всем и всему насторожено, боязливо, даже с какой-то опаской.

Как указывают авторы, условиями формирования самооценки являются два фактора: процесс общения с окружающими и собственная его деятельность [5].

Рассмотрим процесс общения с окружающими. На начальных этапах становления личности, именно в общении с окружающими взрослыми людьми (в первую очередь, родителями), у ребенка складывается определенное представление о себе. Это представление будет в точности соответствовать той оценке, которую ребенку будут давать взрослые. При этом ребенок будет стремиться к образованию у окружающих благоприятного мнения о себе.

В дальнейшем, в процессе включения в различные социальные отношения: кружки, секции и т.д., самооценка может меняться в зависимости от обстоятельств, возраста, поступков самой личности.

В школьном возрасте, становление самооценки происходит благодаря активному «личному участию» обучающегося. Школьник, оценивая себя, осознает различные признаки, которые характеризуют его самого. Кроме того, при самооценивании у ребенка формируется контроль над собой, он анализирует свои действия и поступки [6]. О самоанализе при процедуре оценивания себя, говорили также Х.Хекхаузен, Л.С. Выготский, М.В. Лисина и др. При этом исследователи описывают самооценку как некую новую палитру ощущений: достоинство, уверенность, компетентность, важность, самоанализ, значимость. Значит, самооценка влияет на эффективность деятельности человека и на его личностный рост.

Особую актуальность проблема самооценки и самооценивания приобретает, когда речь идет о детях с особенностями психофизического развития. У таких детей значительно снижен эмоциональный фон, эмоциональный контакт со взрослыми часто оказывается нарушен [7]. Для таких детей самооценка определяет успешность их социальной интеграции. Поэтому изучение особенностей ее формирования и коррекции имеет особое значение.

Как отмечают учителя-дефектологи, в связи с нарушениями в личностном и познавательном развитии, у детей с ООП самооценка своеобразна, и больше, чем у обычных детей зависима от мнения окружающих его людей. Кроме того, самооценка детей с особенностями психофизического развития в образовательном процессе находится в большей, чем у обычных детей, зависимости от успехов учебной деятельности.

С.Л. Рубинштейн писал: «Поскольку продвижение детей с одного уровня или ступени психического развития на другой совершается в процессе обучения... надо изучать ребенка, обучая его» [8]. В процессе обучения, подчеркивал автор, оказывается влияние на психическое развитие ребенка в целом, поэтому оценивание должно касаться всех структур, характеризующих психическое развитие ребенка, к которым относятся:

- познавательный круг: восприятие, память, воображение, мышление;
- индивидуальные особенности: эмоции, потребности, мотивы, ценностные ориентации;
- система практических и умственных действий [9].

На начальном этапе обучения учителю необходимо, прежде всего, самому оценить уровни достижений ребенка, включающие: актуальный уровень развития ребенка (АУР) и зону ближайшего развития (ЗБР). А затем, чтобы приблизить самооценку детей с ООП к адекватной, необходимо правильно организовать приемы самооценивания в учебном процессе, с тем, чтобы младшие школьники с особенностями психофизического развития научились правильно оценивать свои учебные достижения. При этом, в инклюзивной среде, важно, чтобы дети с особыми потребностями, сравнивая себя с нормально развивающимися детьми, не занижали самооценку, и не ориентировались на сочувствие или жалость со стороны окружающих. Инклюзивная среда должна благоприятствовать полноценному развитию, не травмируя психику детей, как с особыми потребностями, так и нормативных. Умение адекватно оценивать свои учебные достижения дает младшим школьникам внутреннее удовлетворение собой. Формирование адекватной самооценки, научит объективно оценивать себя, свои познавательные действия и возможности.

В этих условиях, самооценивание становится главным фактором личностного развития обучающихся, их нравственного, толерантного отношения друг другу, который имеет и воспитательное значение.

Отметим также, что самооценивание не связано с выставлением оценок, а направлено на адекватное оценивание себя. Причём, от класса к классу возрастает умение правильно оценивать себя, свои возможности, и в то же время снижается тенденция к переоценке или недооценке себя. В связи с этим, особое значение самооценивание приобретает в развитии мышления, так как включает в себя элементы рефлексии, а также в развитии навыков самоконтроля и саморегуляции личности [10].

Важным моментом для самораскрытия ребенка, проявления его сильных сторон, является необходимость создания ситуаций успеха. Для этого нужно, давать ребенку задания, ориентированные на зону ближайшего развития (ЗБР).

Следует также помнить, что самооценка младшего школьника имеет тенденцию к устойчивости и в дальнейшем переходит во внутреннюю позицию личности, закрепляется мотивом поведения, влияет на формирование определённых качеств личности. Задача учителя обучить ребенка видеть и понимать себя, координировать свои действия с действиями других людей, согласовывать свои желания с желаниями и потребностями окружающих.

Начинать работу нужно с формирования мотивации к самооценочной деятельности, а, в дальнейшем ориентироваться на совершенствование у детей такого показателя самооценки, как адекватность, с точным, правдивым оцениванием своего труда. При этом, мы полагаем, что ядром самооценивания будет личностный и оценочный интерес, мотив обучающегося.

Американский психотерапевт Эрик Берн, утверждает, что жизнь это одна большая история, схема которой намечается в ранние детские годы. Возраст от 6 до 10 лет называется периодом формирования. В этот период у ребенка формируются эмоции, чувства, цели и мечты которые будут играть важную роль в его жизни. Помочь ребенку в его затруднениях, научить видеть и чувствовать окружающий мир – это ведущая педагогическая идея [11].

Как видим, самооценка является критическим навыком, полезным для успеха не только в обучении и деятельности, но и для обучения на протяжении всей жизни, что является важным для любого человека. Самооценка – итог познания самого человека, который является результатом процесса самооценивания. С другой стороны, самооценивание связано с результатом выполненного задания, потому что, является одним из компонентов его деятельности.

Таким образом, на наш взгляд, организация систематического и последовательного самооценивания младших школьников в учебном процессе в условиях инклюзивного образования, будет способствовать не только формированию у них адекватной самооценки, но и, в целом, оздоровлению психики и обогащению сознания обучающихся с ООП.

Список использованной литературы:

1 Большая психологическая энциклопедия: самое полное современное издание: Более 5000 психологических терминов и понятий / [А.Б. Альмуханова и др.]. – М.: Эксмо, 2007. – 542 с.

2 Захарова А.В. Структурно-динамическая модель самооценки // Вопросы психологии. 1989. №1. – С.5-14.

3 Сергиенко Е.А. Природа субъекта: онтологический аспект // Проблема субъекта в психологической науке / под ред. А.В. Брушлинского, М.И. Володиной, В.Н. Дружинина. – М., 2000. – С.184-203.

4 Выготский Л.С. Т.4. Детская психология (1984).

5 Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка. – М.: Серия, 2001. – 338 с.

6 Липкина А.И. Самооценка школьника. – М.: Знания, 1976. – 64 с.

7 Петрова В.Г., Белякова И.В. Психология умственно отсталых школьников. – М.: Академия, 2002. – 160 с.

8 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 1998. – 705 с.

9 Фомина Л.Ю. Что влияет на формирование самооценки младших школьников // Начальная школа, 2003. – №10. – С.99-102.

10 Чеснокова И.И. Самосознание, саморегуляция, самодетерминация личности // Проблемы психологии личности / Под ред. Е.В. Шороховой. – М., 1982.

11 Андрианова О.П., Васильчикова Г.Н., Плетникова Е.А. Самооценка на уроках в начальной школе // Молодой ученый, 2016. – №27. – С.642-645.

МРНТИ 15.31.31

Б.Д. Жигитбекова¹, З.Т. Көкшеева²

¹психол.ғыл.к., қауымдастырылған профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

²п.ғ.к., профессор Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қаласы, Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИЈАЛЫҚ МАЗАСЫЗДАНУЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЈАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың мазасыздануларының психологиялық мәселелерін анықтаған ғалымдардың зерттеулері талданып, олардың эмоциялы мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында әдістемелер арқылы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен психолого-педагогикалық алдын-алу шараларын ұйымдастыру бағытында кеңестер беріледі.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, эмоциялы мазасыздану, психолого-педагогикалық шаралар, әдістемелер.

Жигитбекова Б.Д.¹, Көкшеева З.Т.²

¹кандидат психологических наук, ассоциров. профессор КазНПУ имени Абая

²к.пед.н., профессор, Каспийский государственный
университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО БЕСПОКОЙСТВА ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В статье анализируются психологические проблемы детей дошкольного и юношеского возраста, даются рекомендации по организации психолого-педагогических профилактических мероприятий и методы исследования, направленные на выявление их эмоциональной тревожности.

Ключевые слова: дошкольники, эмоциональные тревоги, психолого-педагогические меры, методы.

B.D. Zhigitbekova¹, Z.T. Koksheeva²

¹*candidate of psychological sciences, assistant professor,
Abay Kazakh National Pedagogical University*

²*candidate of pedagogical science, professor,
Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenov*

PSYCHOLOGICAL PROBLEMS EMOTIONAL CONCERNS PRESCHOOL CHILD

Abstract

The article analyzes the psychological problems of children of preschool and adolescence, provides recommendations for the organization of psychological and pedagogical preventive measures and research methods aimed at identifying their emotional anxiety.

Keywords: preschool children, emotional anxiety, psychological and pedagogical measures, methods.

Қазіргі уақытта мазасыздану сезімі жоғары, өзіне деген сенімділігі төмен және эмоциялы тұрақсыздығымен басқа құрбыларынан ерекшеленетін балалар саны өсіп кетті. Мазасыздану күйі кезінде балалар әдетте, түрлі эмоцияларды басынан кешіреді, мәселен, оның әлеуметтік өзара әрекеттеріне, соматикалық күйіне, қабылдауы мен ойлауына және мінез-құлқына әсерін тигізетін эмоциялардың кейбір жиынтығын да басынан өткізеді.

Белгілі психологтар Б.Г. Ананьев, А.Т. Асмолов, А.А. Бодалев, В.В. Давыдов, М.Кле, Эльконин Д., А.Н. Леонтьев, отандық ғалымдар З.У. Кенесарина, М.М. Мұқанов, Ж.Н. Намазбаева т.б зерттеулерінде жалпы жасөспірімдердің әлеуметтік және жеке даралық білімдері мен өмір тәжірибелерінде адамзат қоғамының жетістіктерін, рухани байлықтарын игеріп, мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастырып, күнделікті жүріс-тұрыстарын басқарып отыруға өз биліктері мен бостандығының алатын орнын айқындаған. Ю.И. Юричка жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың диагностикасын қарастырған.

Психологиялық талдау деңгейінде жеке тұлғаның сана-сезімін зерттеу үшін сенімді негіз болып – адамның қоршаған орта мен өзінде сананың қосбірлікті ретіндегі түсінігі саналады. Балалардың сана-сезім ерекшеліктерін білмей тұрып, олардың әрекеттерін сезіну, соған сәйкес ұялту немесе мадақтап қол ұшын беру, баланың тәрбиесімен мақсат қойып басшылық жасау мүмкін емес [1].

Э.Фромм, К.Хорни және Г.С. Салливан сияқты З.Фрейдің ізбасарлары әрі неофрейдистер – мазасыздануды жеке тұлғадағы базалы құрылым ретінде қарастырды. Мазасызданудан құтылу үшін адамдар – түрлі қорғану тәсілдеріне жүгінеді, өз мінез-құлқын бақылаудың түрлі әдістерін пайдаланады, қауіпсіздіктің осы шаралары мінез-құлықтың бір түрін құптап (Мен жақсымын) және басқа бір түрін (Мен жаманмын) болдырмайтын Мен – жүйесін қалыптастырады. Мен – жүйесі адамды мазасызданудан қорғайды және өзін-өзі сыйлаудың жоғары деңгейінде құптала отырып, өзін сыннан қорғайды [2].

Мазасызданудың жоғары деңгейі индивидтің қажеттіліктерінің тиімділігі деңгейін төмендетеді және ойлаудың бұзылуына әкеле отырып, тұлғааралық қарым-қатынастарды да бұзады. Мазасыздану терминінің астарынан, психологтар – адамның үрейді қайғыруға бейімдігі деп, яғни белгісіз қауіп-қатер ситуациясында пайда болатын және жағдайды жағымсыз дамуын күтуде пайда болатын эмоциялы күй деп түсінеді. Үлкендерге тән іс-әрекеттердің барлығын балаларға да жатқызуға болады. Әдетте, бұлар – өзін-өзі бағалауы төмен, өзіне сенімсіз балалар. Олардың үнемі белгісіздіктің алдында қорқыныш сезінуі осы іс-әрекетке деген ынтасын көп білдірмеуге алып келеді. Осындай балаларды – тіл алғыш және сыпайы балалар санатына жатқызады. Алайда олардың үлгілі, ұқыпты, тәртіпті болуы - қорғану сипатына ие, яғни олар сәтсіздіктен қашу үшін бәрін жасайды.

Мазасыздану мәселесіне деген қызығушылық отандық ғалымдар мен бірге шетел ғалымдарының еңбектерінен де орын алды. Соған байланысты, мазасызданудың одан әрі өсуіне жол бермеу үшін және оны түзету үшін мазасызданудың деңгейін тезірек анықтаған жөн. Авторлардың зерттеулерінен алынған талдау балалар бойынан анықталған мазасыздануды бір жағынан, туа біткен психодинамикалық сипаттама ретінде, ал екінші жағынан, әлеуметтенудің (социализация) шарты мен нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Яғни, мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы

балаларда мазасыздану мінездің тұрақты белгісі боп келмейді және сәйкес психолого-педагогикалық алдын-алу шараларын жүргізу кезінде назарға алынады. Сондықтан да бұл мәселені тереңірек зерттеу біздің зерттеуіміздің өзектілігін көрсетеді, мұндағы мақсат – мектеп жасына дейінгі (5-6 жас) балалардың мәртебелік (статусты) жағдайында эмоциялы мазасыздықтың әсерін зерттеу болды.

Осы айтылғандарды және жоғарыдағы аталған ғалымдардың еңбектерін саралай келе, біз аталмыш мәселенің терең өз дәрежесінде зерттелмегенін айқындадық. Демек, мектеп жасына дейінгі эмоциялық мазасызданулары байқалған балалар мәселесінің қоғам талаптары мен олардың әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қалыптасуында қоғамдық ортаға толық тартылмауы, мұндай балаларды тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздерінің толықтай ашылмауы, әдістемелік тұрғыдан дұрыс жолға қойылмауы мен педагог-психологтардың ойлардың дара ерекшеліктерін ескеріп, түзету-коррекциялық жұмыстарын жүргізіп, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы кәсіби біліктіліктерінің жеткіліксіздігі аралығында *қарама-қайшылық* туындайды. Сондықтан да біздің зерттеуіміздің тақырыбын мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық мазасыздануларының психологиялық мәселелері деп ала отырып, осы жастағы балалардың мәртебелік (статусты) жағдайына эмоциялы мазасыздықтың әсерін зерттеуді мақсат еттік. *Осыған сәйкес ғылыми болжамымызды*: егер мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас жасау ерекшелігін анықтаса, сезім күйлерінің бірқалыпты дамуына психологиялық ықпал жасап, қалпына келтіру жұмыстарын үйлесімді пайдаланса әрі баланың физиологиялық, психологиялық дамуының табиғатын дұрыс түсінсе, онда бала психикасындағы мазасызданудың деңгейі төмендейді деп алдық.

I. Жалпы мазасыздану мәселесімен шетелдік, кеңестік және отандық психологияда да ғалымдар аз айналысқан жоқ. Ол, негізінен II ғасырдың басынан бастап шетел және отандық психологияда ашу, агрессия, күнә сезімі, мазасыздану, психикалық күштеу күйі жағымсыз эмоциялы күйлерді зерттеуге байланысты сұрақтар өзекті бола бастады. Психология тарихында мазасыздануды түсіну ең алдымен жеке тұлға туралы әртүрлі теориялардың дамуымен байланысты.

Мазасыздануды ең алғашқы теориялық тұрғыда зерттеуге кіріскен З.Фрейд болды. З.Фрейдтің концепцияларының талдауынсыз мазасыздану туралы сөз болуы мүмкін емес. Оның пікірінше: мазасыздану күйін төмендету үшін адам психикасы сублимация (латын: возносить, әзілге аудару т.б.), регрессия, проекция (латын: выбрасывание вперед), рационализация сияқты қорғаныс механизмдерінің түрлерін қалыптастырады, ал олар өз кезегінде, дамуға тұтас жағымсыз тұрғыда әсерін тигізеді, тіпті оны тежеп те отырады. Яғни, мазасыздану сезімі жеке тұлғаның дамуын тежейді, себебі, оны жою үшін көптеген энергиялық ресурстар кетеді [3].

З.Фрейдше, мазасыздануды жоюдың *екінші тәсілі* ситуацияның тікелей өзіне көңіл аударуда. Фрейдтік жүйені жалғастыра отырып, К.Хорни “негізгі мазасыздану” деген басты түсінікті – зұлым дүниеде баланың шеттетілу және әлсіздік сезімі ретінде анықтады. Осы қауіп сезімі – парқысыздықтың (безразличие) тікелей немесе жанама басымдылық көрсетуі, баланың индивидуалды қажеттіліктерін жеткілікті тұрғыда сыйламау, шынайы басшылықтың жетіспеуі, шамадан тыс құрметтеу немесе мүлдем құрметтемеу сияқты ортаның көптеген жағымсыз факторларының тууына алып келеді деген пікір білдірді.

«Психиатрияның тұлғааралық теориясы» деген атаумен танымал болған жаңа концепцияның негізін құрушы Гарри Стек Салливанның негізгі пікірі мынада: жеке тұлға дегеніміз – тұлғааралық ситуациялар негізін құрайтын және олардан шеттетіліп тыс қалмайтын кейбір гипотикалық мән. Бұл жерде үш авторға байланысты ортақтық – олардың мазасыздануды әлеуметтік жағдайлардан пайда болған құбылыс деп қарастырулары.

К.Изардт болса, «қорқыныш» пен «мазасыздану» терминдерінің айырмашылығын былай көрсетеді: мазасыздану – бұл бірнеше эмоциялардың жиынтығы, ал қорқыныш – сол эмоциялардың біреуі ғана дейді. Қазақстандық зерттеуші А.У. Ескендірова өзінің «Түрлі факторларға байланысты жас өспірімдердің мінез-құлқында агрессивтіліктің пайда болуының психологиялық ерекшеліктері» деген еңбегінде жасөспірімдердің мінез-құлқында агрессивтіліктің пайда болуы жыныстық жетілу факторына, этностық ерекшеліктеріне, зиялылық даму деңгейіне, отбасымен және өз қатарларымен арақатынасында өзара байланыста және тәуелділікте болады дей келе, агрессивтіліктің күшейе түсуіне теледидардан демонстративті тұрғыда көрсетілетін күш жұмсау мен тәлім-тәрбие беруші мамандардың мазасыз-агрессивті мінез-құлқы әсер етеді деген пікірді ұсынады [4].

Мазасыздану баланың бойынан байқала отырып, оның болашақ өмірге басар қадамына да кедергісін тигізеді, өзін-өзі бағалауын төмендетіп, өзіне және айналасындағыларға деген сенімін жояды. Мазасызданудың пайда болуына ата-аналары, тәрбиеленетін мекемедегі қызметкерлердің

балаға деген қарым-қатынасы, оқыс сөздері, қылықтары да әсер етеді. Алайда, осылардың барлығы ескерілсе, мазасызданудың алдын алуға болады.

Қорыта айтқанда, мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларда мазасыздану мінездің тұрақты белгісі боп келмейді және сәйкес психолого-педагогикалық алдын-алу шараларын жүргізу кезінде назарға алынады.

II. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялы мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Ақтау қаласы, «Балауса» балалар бақшасындағы ересектер тобының балалары алынды. Топта барлығы 29 бала, оның 15-і ұл бала, 14-і қыз бала.

Топтағы әр баланың эмоциялы күйін зерттеу үшін Дж.Бактың “Үй-Ағаш-Адам” деген тестін және «Дүниеде жоқ аң», мазасыздануды диагностикалау әдістемесі жүргізілді. Сонымен бірге, топтағы балалардың өзара қарым-қатынасын анықтау мақсатында Я.Л. Коломинскийдің өңдеуіндегі социометрия әдісін қолдандық [5].

Соңында *нәтижеге қолжеткіздік*: қорғанышсыздық симптомды комплексі бойынша 24% бала панасыздықтың айқын белгісіне ие және 76% бала қорғанышсыздықтың төмен деңгейін құрайды. Мазасыздану симптомды комплексі бойынша 7% балада мазасыздану жоғары деңгейді, 17% балада орташа деңгейді, ал 76% балада төмен деңгейді құрайды.

Өзіне сенімсіздік симптомды комплексі бойынша 24% балада өзіне сенімсіздік орташа деңгейді, ал 76% балада төмен деңгейді көрсетеді. Өзіне-өзі көңілі толмау сезімі симптомды комплексінде 14% бала орташа деңгейді, 86% бала төмен деңгейді құрайды. Конфликттілік (фрустрация) симптомды комплексі бойынша 21% бала орташа деңгейді, 79% бала төмен деңгейді қамтиды.

Қарым-қатынастағы қиындық симптомды комплексі бойынша 17% бала орташа деңгей, төмен деңгей 83% балада байқалған. Депрессивтілік симптомды комплексі бойынша орташа деңгей 24% балада болса, 76% балада төмен деңгей байқалған [6].

Социометрия әдісін қолданған кезде балалардың бойынан мазасыздану, агрессия, қарым-қатынас жасаудағы кездесетін қиындықтар, өзіне сенімсіздік, шиеленушілік, сарыуайымшылдық сияқты сезімдердің балаға жағымсыз әсер ететіні байқалды. Балалардың өзін-өзі бағалауы барынша төмен деңгейде болды. Осы күйлерден балаларды арылту үшін жүргізілетін қимылдық, рольдік ойындар және әлеуметтік-психологиялық тренингтермен қатар, қазақ халқының асыл мұраларының бірі болып саналатын *шерпе күйлерді* пайдаландық. Релаксациялық жаттығу ретінде Сүгірдің «Бозінген», «Қос басар»; Т.Момбековтың күйлері (Салтанат); Ж.Еңсеповтың «Балалық» атты әуендерін қолдандық [7].

Біздің бұл ұсынысымыз балабақшаның тәрбиешілеріне ой салып, өздерінің іс-тәжірибелерінде қолдануға түрткі болды. Себебі, тынымсыз, мазасыз балалар әуен ырғағына, оның сипатына қарай қалыпты қимыл-әрекеттерін жасап, тынышталып, мамыржай күйге бөленді. Балалар бойындағы қорқыныш, үрей, мазасыздану, агрессия, қарым-қатынастағы қиындықтың барынша төмендегеніне көз жеткіздік. Балалар арасындағы қарым-қатынас нығая түсті, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас та орныға бастағаны байқалды. Тұйық балалардың мінезі ашылып, олар өздерінің қажеттіліктерін білдіре бастады.

Келесі кезекте «Дүниеде жоқ аң» әдістемесін қолдандық. Талдаудың аспектілері формальды және мазмұнды болып екіге бөлінеді. *Формальды аспектілері*: кеңістікте орналасу семантикасы; графологиялық белгілері.

Жұмыстың келесі этапында – социометриялық зерттеу мен оның интерпретациясының диагностикалық көрсеткіштерін анықтау болды. Олардың қатарына: *өзара қарым-қатынастар жүйесіндегі баланың* әлеуметтік мәртебесі жатты.

Мектеп жасына дейінгі балалар тобындағы өзара қарым-қатынасты зерттеу мақсатында жүргізген социометриялық зерттеу нәтижесі бойынша мынадай диагностикалық көрсеткіштер алынды: әр баланың мәртебелі жағдайы, яғни эксперимент нәтижесі: «жұлдыздар» – 6 бала, «ұнамды көрінетіндер (предпочитаемые)» – 5 бала, «қабылданғандар» – 17 және «қабылданбағандар» – 1 бала. Баланың мазасыздану деңгейінің диагностикасы баланың мінез-құлқын оның көңілін жараламау үшін өзгертуге мүмкіндік береді және кейін мазасызданудың адекватты деңгейін қалыптастыруға болады.

Эксперименттік материалымыз мектеп жасына дейінгі бала өміріне тән ситуациялар бейнеленген 14 суреттен тұрды.

Нәтижесінде, эмоциялы мазасыздықтың топтағы балаларға тигізетін әсеріне байланысты жүргізілген зерттеудің процесінде, болжамымыз дәлелденді деп айтуға болады. Өйткені, алынған нәтиже бойынша мазасызданудың деңгейі қаншалықты жоғары болған сайын, балалардың көпшілігі топтағы жағымсыз мәртебеге ие болған еді, осы көрсеткіштер балаларға жүйелі түрде жүргізілген түзету жұмыстарынан кейін төмендеді.

Психологиялық-педагогикалық ұсыныстар:

1. Баланың бойындағы мазасыздануды барынша төмендету үшін, баланы тәрбиелеуші ұстаздары мен ата-аналары, баланың қандай да бір іс-әрекетте (сурет салу, ойын, үй ішінде көмектесу) шынайы табысқа жетуін қамтамасыз етулері керек. Балаға ұрса бермей, оны басқалармен салыстырмай, тек оның жақсы нәтижелерін бағалап мақтап отырған жөн.

2. Баланың нәтиже көрсетуге шамасы келмей жатқан тұстарда бағалайтын тәртіп қажет.

3. Үй мен балабақшада қалыптасып жатқан жағдайға көп назар аударған жөн. Бала мен үлкендер арасындағы жылы эмоциялы қарым-қатынас пен сенімді байланыстар да мазасыздықтың жалпылай төмендеуіне көмегін тигізеді.

4. Топтағы әр балаға жағымды эмоциялы ахуал орнату үшін, балалардың топтағы жеке өзара қатынастар жүйесін зерттеу арқылы, оны арнайы мақсат қойып қалыптастыру керек.

5. Топтан оқшау жүретін балаларды назардан тыс қалдырмаған жөн.

6. Мазасыздану белгілері баланың мінез-құлқынан мүлдем жойылып кеткенше, мұндай балалармен үнемі жұмыс жасау қажет. Мұндай баланы өз мінез-құлқынан мазасыздану сезімін тудыратын себептерді таба білуге және оларды жоя білуге үйрету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Эльконин Д. К проблеме периодизации психического развития в детском возрасте // Вопросы психологии. – М., 1971. – №1. – 16-20 б.

2 Хорни К. Наши внутренние конфликты. – М., 1993.

3 Фрейд З. Психологическое “Я” и защитные механизмы. – М., 1991. – 210 б.

4 Ескендирова А.У. Түрлі факторларға байланысты жасөспірімдердің мінез-құлқында агрессивтіліктің пайда болуының психологиялық ерекшеліктері. – А., 2003.

5 Коломинский Я.Л., Е.А. Панько. Диагностика и коррекция психического развития дошкольников. – Минск: «Университетская», 2013.

6 Психолог в детском дошкольном учреждении: Методические рекомендации к практической деятельности / Под. ред. Т.В. Лаврентьевой. – М.: Новая школа, 1996. – 144 с.

7 Капустин А.Н. Исследования уровня притязаний в условиях психологического стресса в связи со свойствами нервной системы и темперамента. Автореферат канд. дисс. – Пермь, 1980. – 28 б.

МРНТИ: 15.41.49

З.Т. Көкшеева¹

¹п.ғ.к., профессор Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан

**ДАҒДАРЫС КЕЗІНДЕГІ ЖАС ОТБАСЫЛЫҚ
ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада дағдарыс кезінде жас отбасындағы жұбайлық қарым-қатынастардың үйлесімді дамуын қалыптастыруға көмек беру мен дау-дамайды шешудің мүмкіндіктерімен қатар психологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: психология, жас отбасы, қарым-қатынас, дағдарыс, ерекшелік.

Көкшеева З.Т.¹

¹к.пед.н., профессор, Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова

**ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МОЛОДОГО
СЕМЕЙНОГО ОТНОШЕНИЯ В КРИЗИСНЫЙ ПЕРИОД**

Аннотация

В данной статье раскрываются состояние и супружеские взаимоотношения молодой семьи во время депрессий и ее психологические особенности, способы оказания помощи в решении проблем в семье.

Ключевые слова: психология, молодая семья, взаимоотношение, депрессия, особенности.

Z.T. Koksheeva¹

¹candidate of pedagogical science, professor,
Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenov

PSYCHOLOGICAL PECULIARITIES OF YOUNG FAMILY RELATIONS IN CRISIS

Abstract

This article describes the state of the relationship of the modern young family during depressions and its psychological characteristics, ways to assist in solving problems in the family.

Keywords: psychology, young family, relationship, depression, characteristics.

Елбасының кезекті жолдауында айтылған маңызды мәселенің бірі – «ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтудегі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақтау, ол алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау», – деген болатын. Осыған сәйкес, ұлттық бірегейлігімізді, құндылықтарымыз бен әдет-дәстүрімізді сақтап, мәңгілік ел болудағы рухани жаңғырудың маңыздылығы – өз халқының өткені мен бүгінгісін зерделей алатын, тілі мен дінін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын қадірлей білетін, қазіргі заман талабына сай бірнеше тілді еркін меңгерген білімді, бәсекеге төтеп бере алатын адамгершілігі жоғары жастардың өз отбасын берік құра алуына да байланысты болмақ. Олай дейтініміз, отбасы – шағын мемлекет, ол адамзаттың өсіп-өнер, қаз тұрып қанат қағар ошағы, алтын бесігі.

ҚР этникалық мәдени білім тұжырымдамасында “...Баланы ата-анасымен, тума-туыстарымен, әулет-тегімен, этносымен етене жақындатып, бабаларына деген мақтаныш, құрмет тұту, қайран қалу әсерлерін туғызатын этникалық өзін-өзі сәйкестендірудің алғышарттарын жасаумен қатар, басқаны да естен шығармау қажет” – деп, жастарды отбасылық өмірге даярлауды ұлттық рухани мәдениетпен байланыстырудың өзектілігін айқын көрсеткен [1].

Отбасы психологиясын зерттеушілер А.Г. Харчев, А.Н. Антонов, З.И. Файнбург, Д.Горборинко оның функцияларына: ата-ананың үгіт-насихаты, түсіндіруі, олардың үлгі-өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалау критерийлері қалыптасуымен бірге қандай іс-әрекеттері үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық ұғымдарын меңгереді деген тұжырымдар жасады. Г.М. Свердлов және В.Л. Ресенцев отбасының маңызды қызметтеріне ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету түрлерін жатқызған. Ата-ананың отбасылық ықпалы туралы А.Ю. Гавит, Э.А. Тийт өз еңбектерінде қарастырды, сонымен қоса некедегі сәйкестікке қатысты мәселелер де талданған. Д.Горборино отбасын «адамзаттық тәжірибенің негізгі бірлігі» ретінде сипаттаса, А.Н. Антоновтың айтуынша, отбасы ата-ана бала қатынасын орнатады, ал неке болса ер азамат пен әйел адамның арасындағы қарым-қатынасты растайтын мойындау болып табылады [2].

В.И. Зацепиннің пікірінше жас жұбайлардың қарым-қатынасы нақты циклдық эмоциялардың тұрасыздығымен сипатталады, яғни некесіне қанағаттанбаған адам өзінің негізінде өзіндік проблемалары яғни әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қызметтегі кәсібилігі, өмір сүру деңгейіндегі еңбек шарттарының қажетсіздіктері бәрі де отбасына әсер етеді. Ал, отбасылық қақтығыс түрлі себептерден туындайды. Мәселен, қанағаттандырылмаған қажеттілік: көзқарастардың және қызығушылықтардың, дүниетанымның, өзіндік ерекшелік пен мінездердің сәйкессіздігі. Жұбайлар негізінен некелеседі: еркек пен әйелдің өзіндік жетілуі, «әке» және «ана» болу қажеттілігі, сексуалды қатынасқа түсу, жағымды эмоция алу үшін бірге «демалыс» ұйымдастыру және т.б. Осы негізі талаптар орындалмаса, жұбайлардың біреуі немесе екеуі де өз қажеттіліктерін қанағаттандырмаса – қақтығыс болуы ықтимал. Ғалым Г.Новайтис отбасы мәселесін қарастыра отырып, отбасылық қажеттіліктердің төрт тобын бөліп көрсетсе, Л.Я. Гозман мен Ю.Е. Алешин (1985) өздерінің отбасылық көзқарастарын эмпирикалық, эксперименталдық зерттеулермен жалғастырады. Шетелдік зерттеуші М.Уэдделл динамикалық отбасы деген теорияны дамытады. Оның айтуы бойынша отбасының қызметі мен құрылымы өзгеріп отырады. Ол отбасындағы динамикалық процестерді «отбасылық динамика» деп атайды. М.Уэдделлдің пікірінше, отбасындағы баланың дүниеге келуімен отбасындағы динамикалық процестер басталады [3].

Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша, тұрақты отбасы тек қана жастардың отбасылық өмірге нақты дайындық кезінде жүзеге асады. А.Н. Сизанов тұжырымы бойынша үйлесімділіктің кепілі, “отбасылық өмірге дайындық” түсінігі өзіне әлеуметтік-өнегелі, психологиялық дайындықты, яғни отбасы үйлесімділігінің кепілі психологиялық тұрғыдан жетілгендікті. Әлеуметтік зерттеулер бойынша некені ерте кию, жұбайлар арасындағы жыныстық қанағаттануына әсер етуші маңызды фактор болып табылады. Отбасын 18 жастан құруға болады, бірақ дәрігерлік көзқарас бойынша некеге қыздар үшін 20-22 және ұлдарға 23-28 жастарына бастап неке құру сәтті деп есептеледі. Мысалы, әйел адам жар таңдағанда ер адамды жетілген тұлға ретінде қабылдайды, олардың ақылын бағалайды, мәдениетіне, интеллигенттілігіне, мейірімділігіне, ұқыптылығына да қарайды. Ал ер адамдарды бәрінен бұрын әйел адамның сұлулығы, яғни оның сыртқы бейнесі, дене сымбаты, жүрісі және т.б. қызықтырады.

Отбасылық өмірге жұбайлардың бейімделуін және үйлесімділігін қамтамасыз ететін маңызды кезең, олардың жастарының сәйкес келуі болып табылады. А.Г. Харчев тұрмыстағы әйелдерге мынадай сұрақ қояды: “Сіз некеге дейін өзіңіздің серігіңіздің бойынан нені бағаладыңыз?” Сонда мынадай жауаптар алынды: ақыл (60%), салмақтылық (58%), еңбек сүйгіштік (46%), күш және жігерлілік, сонымен қатар ашық мінезділік (44%), өзіне және басқаларға деген құрмет (40%). Өте жас некелерге бір бірінің әлеміне бастап кіру, отбасындағы еңбек пен міндеттерді бөлісу, қаржылық, тұрмыстық мәселелерді шешу, әйелі мен ері роліне ену. Некелік өмірдің бұл кезеңі ең қиын және қауіпті кезең. Жас некелерге балалардың туылуы және тәрбиемен байланысты мәселелер, уақыт тапшылығының шиеленісуі, дене және жүйке шаршауының артуы тән. Психологиялық тұрғыда бұл екі кезеңнің міні жұбайлардың бір біріне бейімделуі мен бірге тұруы процесіне әкеледі. Өкінішке орай, ажырасудың 65% жұбайлық өмірдің алғашқы 10 жылына келеді. Сысенконың топтастыруына сәйкес, бұл «өте жас» некелерге тән. Дегенмен, үйлесімділікті бұзатын шиеленістерді болдырмау отбасындағы негізгі қағидалар 5 негізгі принциптерге сүйенеді, олар: а) мүмкіндігінше ешбір себепсіз біріне-бірі айқайламау, дауыс көтермеу, өйткені ол бір-бірінің арасындағы жақсы қатынасты жояды; ә) бірден басқаларды тәрбиелеуге тырыспау; б) бір-бірінің кемшіліктерін бетке баспау; в) бір-бірінің жақсы жақтарын жоғары бағалау; г) жақындарына әдепті, инабатты болу, сонда ғана басқалардан жақсы қатынасты күтуге болады [4].

Жанұяны алғашқы даму кезеңінде қарастырған зерттеушілердің қорытындылары бойынша жас жанұяның бейімделушілігінің дұрыс өтпей, қалыпсыздыққа әкелуінің объективті және субъективті себептері бар. Осы себептер шеңберінде ең бірінші бөлініп шығатыны – жас жұбайлардың қарым-қатынасқа түсе алмауы және шиеленіскен жағдайда ынтымақтастық шешімді таба алмауы болып табылады. Жас жанұяларда ажырасудың көбеюі психологтардың айтуы бойынша күрделі теріс зардаптарға алып келеді: а) бірінші некенің бұзылуы ажырасушылар тұрғысына негативті әсер береді. Осы әсер ерлі-зайыптылардың келесі отау құрудағы қарым-қатынастарынан орын табады; ә) ажырасу кезінде пайда болатын психологиялық мәселелер және жаңа статуска бейімделу көбінесе ажырасушыларды маскүнемдікке, ассоциалды қылықтарға алып келеді; б) бірінші, алғашқы некедегі сәтсіздік, неке құру, отау тігу шешіміне кері әсерін тигізеді. Осыған қоса әйелдердің қайтадан некеге отыру ықтималдылығы төмендейді және олар баламен қалып қояды; в) ажырасу санада алғашқы реттік болып қалыптасады. Ажырасуды шиеленіскен жағдайда ең тиімді жолы деп санайтын ерлі-зайыптылар некені бұзбай ұстап қалуға, жанұяны сақтап қалуға өздерін, дағдыларын, мінез-құлықтарын сақтап қалуға тырыспайды, аса күш жұмсамайды [5].

Ұлы Абай «Бала неғұрлым көп естіп, көп көрсе, соғұрлым көп біледі» дегенін ескерсек, бала кез келген құбылыс пен оқиғаны ең алдымен өз отбасынан көреді, жақсылық пен жамандық тұрғысындағы тұжырымдарды ата-анасынан естіп, байқайды. Мұны В.Сатир «Отбасы – барлық әлемнің микрокосмосы» деп дәл бере білген. Қазіргі кезде отбасы жағдайында жас жұбайлар арасындағы қатынаста түсінбеушілік жайттардың жиі орын алып, бір-біріне кешіріммен қараудың маңызы кемшін тартып, түрлі келеңсіз оқиғалардың орын алуы, отбасы қатынасындағы психологиялық қызмет көрсету жағынан мәселені тереңірек қарау қажеттілігін тудырып отыр. Сондықтан да жас отбасыларында орын алған мұндай қиындықтарды шешуге психологиялық көмек көрсету жолдары жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 ҚР 2020 жылға дейінгі отбасындағы әлеуметтік жағдайды дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – №5. – 36-39 б.

2 Минухин С., Фишман Ч. Техники семейной терапии. – М.: «Класс», 2008.

3 Эволюция психотерапии. Том 1. «Семейный портрет в интерьере»: Семейная терапия. – М.: Независимая фирма «Класс», 1998.

4 Шнейдер Л.Б. Психология семейных отношений. – М.: ЭКСМО-Персс, 2012.

5 Варга Я. Системная семейная психотерапия. Краткий лекционный курс. – СПб., 2011.

МНРТИ: 15 41 21

Ихсанова Д.Т.¹

¹к.психол.н., доцент кафедры социально-гуманитарных наук

Университета международного бизнеса (UIB),

Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ В ЮНОШЕСКОМ ВОЗРАСТЕ

Аннотация

В статье рассмотрены некоторые теоретические аспекты развития ценностных ориентаций в юношеском возрасте. Проанализированы теоретические вопросы понятия юность в психологии, социально-психологическая сторона процесса социализации в этот период. Так же рассмотрены психологические характеристики юношеского возраста и особенность студенчества. Важным условием развития ценностных ориентаций является учебно-профессиональная деятельность и приобретают качества реально действующих мотивов.

Изучение ценностных ориентаций в юношеском возрасте даст возможность изучить степень адаптации в новых социальных условиях. От того, какие ценности будут преобладать у современных юношей и девушек в дальнейшем будут определены ценности общества в целом.

Ключевые слова: юность, ценностные ориентации, личность, обучение, профессиональная направленность, развитие.

Д.Т. Ихсанова¹

¹психология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық Бизнес Университеті (UIB)

әлеуметтану және гуманитарлық ғылымдар кафедрасының доценті,

Алматы, Қазақстан

ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖАСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ БАҒДАРЛАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жасөспірімдер жасындағы құндылықты бағдарлауды дамытудың кейбір теориялық аспектілері қарастырылған. Психологиядағы "жастық" ұғымының теориялық сұрақтары, осы кезеңдегі әлеуметтену үдерісінің әлеуметтік-психологиялық жағы талданды. Сондай-ақ, жасөспірімдердің психологиялық сипаттамалары және студенттердің ерекшелігі қарастырылған. Құндылықты бағдарларды дамытудың маңызды шарты оқу-кәсіби қызмет болып табылады және нақты әрекет ететін уәждердің сапасын алады.

Жасөспірімдер жасындағы құндылықты бағдарларды зерттеу жаңа әлеуметтік жағдайларда бейімделу дәрежесін зерттеуге мүмкіндік береді. Қазіргі жасөспірімдер мен қыздардың қандай құндылықтар басым болуына байланысты болашақта жалпы қоғамның құндылықтары анықталатын болады.

Түйін сөздер: жастық, құндылық бағдарлары, тұлға, оқыту, кәсіби бағыт, даму.

D.T. Ikhsanova¹

¹the Candidate of Psychological Sciences, an Associate Professor of the Department of Social and Humanities Sciences, University of International Business (UIB)

SOCIO-PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF THE DEVELOPMENT OF VALUE ORIENTATIONS IN ADOLESCENCE

Abstract

The article discusses some theoretical aspects of the development of value orientations in adolescence. Analyzed the theoretical issues of the concept of youth in psychology, the socio-psychological side of the process of socialization in this period. Also considered the psychological characteristics of adolescence and the peculiarity of students. An important condition for the development of value orientations is educational and professional activities and acquire the qualities of real motives.

The study of value orientations in adolescence will provide an opportunity to study the degree of adaptation in the new social conditions. From what values will prevail in modern youths and girls, the values of society as a whole will be determined in the future.

Keywords: youth, value orientations, personality, training, professional orientation, development.

Юность является завершающим этапом созревания и формирования личности. Становление личности включает в себя становление образа «Я», т.е. целостного представления о самом себе. Юношеский возраст – период индивидуальной жизни, в котором развивается способность практически соотносить цели, ресурсы и условия решения задач построения собственной жизни, перспективы характерной для взрослого человека. По мнению Д.Б. Эльконина, юношеский возраст исторически молод и поэтому не имеет еще своей культурно-исторической формы и механизмов развития [1]. Если у животных наступление зрелости связано с возможностью самостоятельного существования, то в человеческом обществе это связано с овладением системой знаний, ценностей, культурой и социальных традиций. То есть отношение индивида к виду опосредуется теперь его отношением к обществу и культуре. Отсюда и качественно иное, чем у животных, содержание понятий созревание и подготовка к жизни. Созревание предполагает, таким образом, социализацию и не может осуществляться вне ее. Поэтому юношеский возраст, это этап развития личности, процесс перехода от зависимого, опекаемого детства, когда ребенок живет по правилам взрослых, к самостоятельной и ответственной деятельности взрослого человека [1, с. 223].

Рассматривая социальную ситуацию развития мы, придерживаемся точки зрения Л.С. Выготского, который определил ее как особое сочетание внутренних процессов развития и внешних условий, которые являются типичным для каждого возрастного этапа обуславливают динамику психологического развития на протяжении соответствующего возрастного периода, и новые качественно своеобразные психологические образования, возникающие к его концу [2].

Каждый возраст имеет свойственные только ему типичные соотношения определенной социальной ситуации развития, адекватных ей ведущей деятельности и центрального личностного новообразования. Характеризуя социальную ситуацию развития юношеского возраста, необходимо прежде всего отметить, что на современном этапе место юности в системе отношений в обществе радикально меняется.

Юность является завершающим этапом перехода от детства к взрослому периоду, является началом и порогом взрослой жизни одним из периодов наиболее интенсивного развития личности.

Самоопределение, как профессиональное, так и личностное, является важнейшим новообразованием ранней юности. Эта новая внутренняя позиция, включает осознание себя как члена общества и принятие своего места в нем [3].

Имея учебно-профессиональный характер, эта деятельность, с одной стороны, приобретает элементы исследования, с другой – получает определенную направленность на приобретение профессии, на поиск места в жизни. Основное психологическое новообразование данного возраста – это умение составлять собственные жизненные планы, искать средства из реализации, вырабатывать идеалы, что свидетельствует о росте самосознания. Активно сочетаемая с социально признаваемым трудом, общественно ориентированная учебно-профессиональная деятельность не только развивает познавательно-профессиональную направленность, но и обеспечивает новый уровень их самоопределения, связанный с превращением «внутренней позиции» (осознание своего «я» в системе

реально существующих отношений) в устойчивую жизненную позицию, в соответствии с которой жизненные планы ориентируются на потребности общества. В психологической литературе акцент делается не на физическом развитии, а на смене ведущих форм деятельности. Л.И. Божович определяет старший юношеский возраст, сосредоточив свое внимание на развитии мотивационной сферы, определении своего места в жизни и внутренней позиции, формирование мировоззрения и его влияния на познавательную деятельность, а также на самосознание. В социологической литературе возрастная периодизация основывается главным образом на изменении социального положения и социальной деятельности личности, где акцент осуществляется на свойствах юношества как социально-демографической группы [2, с. 113].

В этот период, в структуре самосознания резко усиливается процесс рефлексии, то есть стремление к самопознанию своей личности, к оценке ее способностей и возможностей, что, по мнению Б.Г. Ананьева, является необходимым условием самореализации [4, с. 66].

В зарубежной психологии в качестве аналога понятия «личностное самоопределение» выступает категория «психосоциальная идентичность» разработанная и введенная в научный оборот Э.Эриксоном [5]. Поиск идентичности может решаться по-разному. Один из способов решения проблемы идентичности заключается в испытании различных ролей. Другие могут и вовсе миновать кризис идентичности. К ним относятся те, кто безоговорочно принимает ценности своей семьи и избирает попроще, predetermined родителями. В человеческой культуре основным критерием взросления выделяют физическое состояние, а также систему знаний, ценностей, норм, социальных традиций.

Понятие социализации впервые было введено в социальную психологию в 50-60 годах. В работах А.Бандуры и Д.Кольмана, оно получило различные интерпретации в разных научных школах: так в школе символического интеракционизма – социализация трактуется как результат социального взаимодействия, в «гуманистической психологии» – как самоактуализация, в бихевиоризме – как социальное поведение. Понятие социализации многогранно и каждое направление акцентирует внимание на одной из его сторон.

Социально-психологическая сторона процесса социализации позволяет выделить те институты общества, которые осуществляют сам процесс, и для которых человек оказывается, прежде всего, объектом воздействия. По своему социальному статусу эти институты могут быть формальными и неформальными. Первые являются официальными учреждениями общества (государства), которые по своему функциональному назначению призваны воспитывать и обучать каждое новое поколение (дошкольные учреждения, школы, вузы, учреждения культуры и т.д.). Вторые – неформальные институты – имеют социально-психологическую основу. Это разные социальные группы, от малых до больших, в которых оказывается включенным индивид (семья, класс, профессиональная трудовая группа, группа сверстников, этническая общность, референтная группа и т.д.). То есть, юноши оказываются под воздействием формальных и неформальных институтов, то есть вуза и группы сверстников [6].

Юность так же характеризуется как период выраженных социальных потребностей. Потребность в дружбе, и самое главное переживание – это узнавание близости другого человека к себе, своему «Я». Эмоциональное напряжение дружбы снижается при появлении любви. Чаще всего, это потребности в эмоциональном теле, понимании, душевной близости. Способность к интимной дружбе и юношеской любви, возникающая в этот период, скажется на будущей взрослой жизни.

Проблема измерения и развития эмоционального интеллекта студентов вузов является актуальной в силу ряда причин. Прежде всего, что студенческая пора – это активное усвоение не только знаний, но и продолжение процесса формирования социально-нравственных качеств личности, результат которого зависит от степени развитости эмоционального интеллекта, т.е. способности человека воспринимать не только свои собственные эмоции и чувства, но и распознавать их у других людей.

Одной из важнейших задач в вузе является подготовка специалиста, готового эффективно сотрудничать с другими людьми в международных исследовательских проектах, научно-инновационных программах и т.д. Особенно важна роль EQ в условиях кризисов, учитывая это во внимание, на Всемирном экономическом форуме в Давосе эмоциональный интеллект был включен в топ-10 самых необходимых компетенций в 2020 году. Все это в совокупности обозначается как коммуникативная компетентность, которая в свою очередь базируется на структуре эмоционального интеллекта, исследованию которого и посвящена данная статья.

Интерес к эмоциональному интеллекту возник в начале XX-го века из-за неспособности классических IQ-тестов, измеряющих коэффициент интеллекта, объяснить особенности мотивации и поведения людей.

В 1920 году американский психолог Эдвард Торндайк впервые ввел понятие социального интеллекта, как способности человека разумно действовать в отношениях с людьми [1].

В 1983 году Говард Гарднер предложил теорию множественного интеллекта, разделив интеллект на внутренний (свои эмоции) и межличностный (эмоции окружающих) [2].

Известный американский психолог и журналист Дэниел Гоулман популяризировал это понятие только в 1995 году, издав книгу «Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ» [3]. Его книга вызвала большой интерес у профессиональных психологов, психотерапевтов и социальных работников. В мире впервые заговорили о способности человека воспринимать собственные эмоции и управлять чувствами для эффективного решения задач. Если в современном бизнесе уже давно оценили и посчитали прибыль, полученную людьми с высоким уровнем эмоционального интеллекта, то в среде образования еще явно не оценили значимость и важность этого параметра.

Для практических психологов по-прежнему стоит исследовательский вопрос об измерении этого важного качества. Поскольку перед нами стояла задача психолого-педагогическая, измерить уровень эмоционального интеллекта и предложить эффективные инструменты развития, был выбран опросник, состоящий из 42 утверждений. Этот опросник был разработан известным французским психотерапевтом Кристофом Андре, специалистом в области эмоций совместно с Жан-Мишелем Беаром. Позже был адаптирован на русский язык Натальей Евсиковой и Ксенией Киселевой [4].

В отличие от других тестов и методик, этот опросник позволяет не только исследовать общий уровень развития эмоционального интеллекта (EQ), но выделить такие важные его составляющие компоненты, как внутренний EQ, социальный EQ и экзистенциальный EQ.

Было обследовано 83 студента, из них 45 бакалавров и 38 магистрантов первых курсов следующих специальностей: «Транспортная логистика», «Международные отношения» (бакалавры) и «Регионоведение: «Центральная Азия и Интегрированное Управление Водными Ресурсами» (ИУВР) (магистранты) в период зимнего семестра 2018-2019 учебного года в рамках преподаваемых дисциплин «Техника презентации и риторика» (1 курс, бакалавры) и «Психология» (1 курс, магистратура).

Данная методика позволяет исследовать, кроме уровня развития общего эмоционального интеллекта (EQ), который показывает, как используются эмоции в жизни, учитывать разные компоненты эмоционального интеллекта:

□ **отношение к себе (внутренний EQ):** внутренний эмоциональный интеллект, или эмоции, направленные на понимание себя;

□ **отношение к другим (социальный EQ):** эмоции, направленные на понимание собеседников;

□ **отношение к жизни (экзистенциальный EQ):** эмоции, делающие жизнь более гармоничной.

В таблице №1 представлены характеристики поведения человека при низких и высоких баллах по данным показателям.

Таблица-1.

Показатель	Низкие оценки 14-35 баллов	Высокие оценки 36-56 баллов
Внутренний EQ: отношение к себе	Эмоции такому человеку приносят неудобства, часто он либо подавляет их, либо срывается. Он плохо понимает собственные чувства и не прислушивается к ним, либо обращает на них внимание, когда уже слишком поздно, и он не может контролировать их.	Эмоции редко пере-хлестывают через край, человек умеет сделать их своими незаменимыми помощниками в повседневной жизни, способен распознавать негативные чувства (гнев, грусть, беспокойство, зависть), когда они только возникают, установить их причины и принять соответствующие меры.
Социальный EQ: отношение к другим	Человек способен продуктивно использовать свои эмоции в отношениях с другими людьми. Прежде всего – благодаря умению слушать, основанному на интуиции. Он чувствует, что стоит за словами и намерениями других людей, понимает эмоциональное состояние собеседника.	В отношениях с другими людьми такого человека бросает из крайности в крайность: он либо слишком агрессивен, либо чрезмерно податлив и покорен. Эмоции такого человека часто мешают слушать других и выражать себя.
Экзистенциальный EQ: отношение к жизни и смысл жизни	Ясно понимает важность положительного самоощущения и личностного развития как жизненных приоритетов. Такой человек прилагает усилия к тому, чтобы развивать свои творческие способности, открытость и умеет расслабляться.	Такой человек не всегда учитывает свои эмоциональные потребности при принятии решений, чаще подвергается стрессу и разочарованиям в жизни.

На рисунке №1 представлены результаты сравнительного анализа между магистрантами и бакалаврами общего уровня развития эмоционального интеллекта.




Рисунок-1.

Исходя из представленной диаграммы, можно сделать вывод, что общий уровень развития эмоционального интеллекта у бакалавров и магистрантов достаточно высокий. Следует отметить, что среди магистрантов вовсе отсутствуют люди с низким уровнем развития EQ, среди бакалавров это составляет лишь 1%. Этот факт подтверждает, что профотбор и дополнительное собеседование абитуриентов при поступлении в Казахстанско-Немецкий университет позволяет отсеивать лиц с низким уровнем развития эмоционального интеллекта. То, что уровень эмоционального интеллекта у магистрантов выше, чем у бакалавров объясняется тем, что магистранты уже имеют опыт и учебной и трудовой деятельности, у большинства магистрантов стаж работы составляет от 2 лет и более. Следовательно, измерение общего уровня EQ позволило выявить, что бакалавры и магистранты 1 курса КНУ имеют высокий и средний уровень развития EQ, что положительно влияет на успеваемость и командную работу в группах.

Вместе с тем, целью исследования было также выявить уровень развития следующих видов EQ:

- 1) внутренний EQ
- 2) социальный EQ
- 3) экзистенциальный EQ.

На рисунке №2 представлены результаты сравнительного анализа развития внутреннего EQ.




Рисунок-2.

Сравнительный анализ внутреннего развития EQ у бакалавров и магистрантов показывает, что группа с низкими оценками среди магистрантов составила 21%. Для того, чтобы магистранты могли лучше распознавать свои эмоциональные состояния и управлять своими чувствами в рамках курса «Психология» был проведен тренинг с использованием системного моделирования и Вселенской терапии Л.Б. Тальписа. Были проработаны в групповом формате разные состояния: «Я и Достоинство», «Я и жизнь», «Я и Свобода» [5]. Проработка внутриличностных конфликтов в рамках трансактного подхода Э.Берна «Взрослый, Родитель и Ребенок» была осуществлена в парах с применением метафорических ассоциативных карт, издаваемых в Германии Моритцом Эгетмейром (Moritz Egetmeyer), также были апробированы свои собственные авторские подходы к выходу из кризисных ситуаций с применением колоды «СОРЕ» [6]. В целом следует отметить, что активные методы обучения, такие как тренинг в групповом формате, позволяет развивать и социальный EQ.

На рисунке №3 представлены результаты сравнительного анализа уровня развития социального EQ.



Рисунок-3.

Высокие оценки по шкале развития социального EQ у магистрантов также подтверждает гипотезу исследования, что уровень социального интеллекта особенно эффективно развивается во время совместного обучения и деятельности. Следует отметить, что из 38 магистрантов, которые приняли участие в этом исследовании, выпускниками КНУ прошлых лет является 20 человек. Поэтому считаем целесообразным в рамках гуманитарного цикла общеобязательных дисциплин в рамках преподавания «Психологии» проводить тренинги по развитию эмоционального интеллекта.

Очень важным компонентом эмоционального интеллекта является экзистенциальный EQ, под которым следует понимать, отношение к жизни и смысл жизни, который является динамической характеристикой. В своих работах А.Н. Леонтьев также пришел к заключению о том, что «...динамика смысла обусловлена динамикой деятельности субъекта» [7].

На рисунке №4 представлены результаты сравнительного анализа уровня развития экзистенциального EQ.




Рисунок-4.

Как видно из рисунка №4, более высокий уровень развития экзистенциального EQ свидетельствует о более зрелой жизненной позиции и осмысленной деятельности у магистрантов.

Подводя итоги данного исследования, можно сделать следующие рекомендации. Во-первых, в процедуру профотбора и собеседования абитуриентов включить прохождение психологического тестирования на эмоциональный интеллект, что позволит им точнее определить профиль гуманитарной или технической направленности и выбрать подходящую образовательную программу. Во-вторых, лекционную часть читаемых дисциплин можно полностью перенести в on-line формат, платформа для проведения таких занятий уже создана в КНУ, а практическую часть проводить эффективно в тренинговом формате, что позволит студентам быть эмоционально включенными и активными в течение всего занятия и развивать социальный EQ. В-третьих, предлагать абитуриентам on-line практикум по развитию эмоционального интеллекта, что будет способствовать дальнейшему его развитию во время обучения в университете.

Список использованной литературы:

- 1 Волкова Н.В. Понимание социального интеллекта в современной психологии // <http://www.pws-conf.ru/nauchnaya/lss-2008/203-lichnost-otnosheniya/5613-ponimanie-sotsialnogo-int.html>
- 2 Гарднер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. – М.: и ООО «И.Д. Вильямс», 2007. – 512 с.
- 3 Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. – М.: Изд-во «Манн, Иванов и Фербер», 2013. – 560 с.
- 4 Тесты по оценке интеллекта и познавательных процессов студентов и магистрантов / Авт.-сост.: Мынбаева А.К., Вишневская А.В. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – С.53-66. Онлайн версия опросника // <http://www.psychologies.ru/tests/test/509/>
- 5 Тальпис Л.Б. Вселенская терапия. Авторский сайт // <https://leonidtalpis.com/>
- 6 Эгетмейр М. // <https://oh-cards.com/> и официальный представитель Oh-cards в Центральной Азии // <https://oh-cards.kz>
- 7 Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. 2-е изд., испр.изд. – М.: Смысл, 2003. – С.83.

МРНТИ 15.81.21

М.К. Ибраева¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН
ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ халық шығармашылығының құралдары ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттыруға және олардың тұлғалық ерекшеліктерінің ұлттық негізде қалыптасуына ықпал ететіндігі баяндалады.

Қазақ халық шығармашылығының түрлерін ерте жастағы балалардың ерекшеліктеріне сәйкес саралап, жіктеп, олардың осы бағыттағы мүмкіндіктерін анықтап, пайдаланудың жолдарын практикаға енгізу қажеттілігі айқындалады.

Қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері нақтыланады.

Түйін сөздер: ерте жас, қазақ халық шығармашылығы, танымдық белсенділік.

Ибраева М.К.¹

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА СРЕДСТВАМИ КАЗАХСКОГО НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА

Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос о том, что средства казахского народного творчества способствуют повышению познавательной активности детей раннего возраста и формированию их личностных особенностей на основе национальной специфики.

Определяется необходимость дифференциации, классификации видов казахского народного творчества в соответствии с особенностями развития детей раннего возраста, определения их возможностей в этом направлении и внедрения в практику путей их использования.

Уточняются (конкретизируются) особенности и возможности казахского народного творчества в развитии познавательной активности детей раннего возраста.

Ключевые слова: ранний возраст, казахское народное творчество, познавательная активность.

M.K. Ibrayeva¹

¹KazNPU named after Abai

FEATURES OF THE COGNITIVE ACTIVITY DEVELOPMENT OF YOUNG CHILDREN BY MEANS OF KAZAKH FOLK ART

Abstract

This article discusses the issue of how Kazakh folk art helps to increase the cognitive activity of children at early age and their personal formation characteristics based on national specificity.

It determines the necessity of differentiation, classification of the types of Kazakh folk art in accordance with the peculiarities of the development of young children, the determination of their capabilities in the direction and the implementation into practice of their use.

The specifics and possibilities of Kazakh folk art are specified in the development of the cognitive activity of children at early age.

Keywords: early age, kazakh folk art (kazakh folk work), cognitive activity.

Қазақстан Республикасы мемлекетте бәсекеге қабілетті, интеллектуалды ұрпақ қалыптастыру қажеттілігі жағдайында қазіргі үздіксіз білім беру саласына, соның ішінде баланы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне аса мән беріліп отырғаны мәлім.

Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында, ұлттық жаңғыру ұғымы ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігі айтылған. Сондай-ақ, осы мақалада қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиіс екендігі, атап өтілген. Ал бұл болса, балалардың ұлттық санасын дамытуға ықпал ететін қазақ халық шығармашылығын, олардың бойына ерте жастан сіңіру қажеттілігін көрсетеді [1].

Қазақ халық шығармашылығы құралдары – ауыз әдебиеті (ертегілер, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тапқақтар т.б.), ұлттық би қимылдары, ойын фольклоры, қолөнерінің түрлері және т.б. ерте жастағы балалардың қабылдау, қиял, зейін, жады, ойлау психикалық құбылыстарына, сөйлеу коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуіне, тілін дамытуға тез ықпал етіп, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Өйткені қазақ халық шығармашылық құралдарының бай табиғаты, бар болмысы балалардың заттар мен құбылыстар, адами қатынас, отбасы, табиғат, өмір және т.б. туралы білімдерді олардың сөйлеу, айту, ойнау, билеу, сипап-сезу, ұстап көру, жасай алуы арқылы жүзеге асуына мүмкіндіктер береді. Қазақ халық шығармашылығының құралдары бір жағынан ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттыруға әсер етсе, екінші жағынан олардың тұлғалық ерекшеліктерінің ұлттық негізде қалыптасуына ықпал етеді.

Әрине баланың танымдық белсенділігін дамыту мәселелерін қарастыру ерте кезеңнен-ақ, сонау ежелгі грек философтарынан Аристотель, Платон және т.б. бастау алады.

Ұлы ғұлама ойшыл әл-Фараби адамның танымын дамыту арқылы ғана оны бақыт жолына жетелеуге болатындығын айтады [2].

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев қырық үшінші қара сөзінде «баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, өзінің із-түссіз жоғалып, жойылып кететінін» айтады [3].

Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздерінде балаларды табысты әлеуметтендірудің бастапқы мүмкіндіктері өмірлік циклдің бірінші жылдарында қалыптасатындығы айтылған. Балалық шақта тұлғаның ерекшеліктері қалыптасып, оның зияткерлік, эмоциялық және нығайып өсуі қабілеттерін дамыту бағыттары анықталатындығы көрсетілген [4].

Ал бұл болса, ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту проблемасын зерттеу қажеттілігін туындатады. Өйткені, жоғарыда айтылғандай ерте жас (1-3 жас) – адам өмірінің ең маңызды әрі жауапты кезеңі болып табылады. Осы жас аралығында адамның әрі қарай дамуын анықтайтын негізгі қабілеттер қалыптасады. Дәл осы кезеңде таным белсенділігі, өзіне, өмірге сенімділік, адамдармен қарым-қатынас, шығармашылық мүмкіндіктер және т.б. басты қасиеттер қалыптасады.

Қазақ халық шығармашылығымен танысу, ең алдымен оны сезімталдығының жылдам дамуына, көрнекі-әсерлі ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді. Бала ересектермен қарым-қатынас жасауда белсенді көрсететін танымдық қызығушылық, сонымен бірге алғашқы ерік сапалары (іс-әрекеттің нәтижесіне ұмтылу) айқын білінеді.

Ерте жастағы балалар қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын көру арқылы қабылдау мен шексіз танымдық белсенділікті игереді. Өйткені олардың көздеріне қандай да бір басқа зат түссе, ойы бөлінеді, алаңдайды және оны сол жерде зерттей бастайды. Ауыз әдебиетін меңгеру үдерісінде бала өзінің зейінін бұрынғыдай тек заттарға ғана емес сөз арқылы ұстай бастайды. Бірақ бала өзінің зейінін ең маңызды нәрсеге аудармайды, өзі үшін тартымды нысанға аударады. Осы жаста зейіннің тұрақсыздығы ересектер тарапынан ешқандай ескерту, нұсқау, тыйым салу тоқтата алмайтын баланың жоғары танымдық белсенділігімен байланысты болады.

Ерте жастағы баланың қазақ халық шығармашылығы құралдарының айтуға жеңіл түрлерін, түстерін, көлемін есте сақтауы да белсенді қабылдаумен, яғни заттарды танумен байланысты. Қазақ халық шығармашылығы құралдары заттық іс-әрекет үдерісінде қолданылады. Сол себепті, баланың ойлауы да оларды қабылдаудың әсерінен дами түседі. Ол көрнекі-әсерлік сипатқа ие болады. Ерте жастағы балаға қиялдың (таңырқау) қарапайым түрі тән, бірақ бұл шығармашылық қиял емес. Тек 2,5-3 жаста ол қиялдаған жағдайды қиялдаған заттармен әрекет етуге қабілетті болады. Кішкентай бала әлі алдауды білмейді, тек ерте балалық шақтың соңғы жылдарында ол нақты емес заттар туралы айта бастайды. Осы тұста оларға халық ертегілерінің ықпалы басым болады.

Кесте-1. Қазақ халық шығармашылығы құралдарымен ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту ерекшеліктері

Психикалық үдерістер	Қазақ халық шығармашылығымен баланың танымдық белсенділігін дамыту ерекшеліктері
Қабылдау	Балаларға арналған ауыз әдебиеті түрлері айтылуға жеңіл, әуені құлаққа жағымды, ойындары қимыл-қозғалысқа икемді, қолөнері көздің жауын алатын әдемілігімен тартымды болғандықтан балалардың қабылдауына жеңіл болады және: ✓ білуге құштарлығын арттырады; ✓ айналасындағыларды, қоршаған ортаны тануға, қабылдауға үйренеді; ✓ қызығушылықтарының артуына ықпал етеді.
Қиял	Қазақ халық шығармашылығының құралдары баланың қиялдауына мүмкіндік береді: ✓ оның алғышарттары, түсінік, еліктеу қалыптасады; ✓ қиял елестететін жағдаят туғанда және заттарды басқаша атаудағы ойын барысында пайда болады; ✓ қиял нақты заттар мен олардың сыртқы әсеріне сүйенген жағдайда ғана жұмыс істейді.

Зейін	Қазақ халық шығармашылығының құралдары баланың зейінін дамытуға мүмкіндік береді: ✓ баланың зейінін аударатын қолөнер бұйымдары, олардың белгілері, ✓ сонымен бірге оларға қатысты іс-әрекет шеңбері кеңейеді; ✓ бала ересектердің аса күрделі емес нұсқауын орындауға, әдеби шығармаларды тыңдауға, ондағы сөздерге көңіл бөліп, қолөнер түрлерін қызықтап, ұстап көріп зейінін шоғырландырады; ✓ халық шығармашылығы әсерінен балада өзіндік зейінді дамытуда алғышарттар қалыптаса бастайды; ✓ баланың зейіні нашар шоғырланады, тұрақты емес.
Тіл дамуы	Қазақ халық шығармашылығының құралдары баланың сөздік қорын дамытады: ✓ сөзді тек ересектермен қарым-қатынас барысында тікелей байланыста ғана емес, заттарды меңгеруде тәжірибелік іс-әрекетте де дамыта алады; ✓ ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас құралы ретінде белсенді сөйлеу қалыптасады; ✓ мақал-мәтел, жұмбақ, санамақ және т.б. сөйлеудің тек коммуникативтік қызметін ғана емес, қорытындылау қызметін де қалыптастырады; ✓ ойын барысында бала ересектердің нұсқауына бағынғанда, олардың талабын орындағанда сөйлеудің реттеушілік қызметі қалыптасады; ✓ әңгімелесушілер араласқанда жағдаяттық сөйлеу пайда болады; ✓ сипаттау сөзі туындайды; ✓ сөйлеудің көмегімен бала өзіне және ересектерге әсер етеді; ✓ сөз баланың айналасындағылармен қарым-қатынас тәжірибесін көрсетеді, ✓ тек заттар мен адамдарды ғана атап қоймайды, қимылды, жаны ашуды, ✓ талапты, ұсынысты, тілекті де сөз арқылы жеткізеді; ✓ баланың тәжірибесін байытатын және әлеуметтік тәжірибе жинауға көмектесетін әдеби шығармаларды, ересектердің әңгімесін тыңдау мен түсіну қалыптасады
Есте сақтау	Қазақ халық шығармашылығының барлық құралдары олардың есте сақтауын дамытуға ықпал етеді: ✓ түсініктердің мазмұны байиды; ✓ материалдардың көлемі мен олардың берік сақталуы өседі; ✓ есте сақтаудың жаңа процесі қайта жаңғырту пайда болады; ✓ ауызша есте сақтау қарқынды даму алады; ✓ есте сақтау және қайта жаңғырту еріктен тыс сипатқа ие болады.
Ойлау	Қазақ халық шығармашылығы құралдары баланы заттық іс-әрекетке түсіре алады: ✓ ойлау заттық іс-әрекетте пайда болады және жүзеге асады; ✓ заттық іс-әрекетті меңгеру баланы бөлшек пен бүтіннің немесе екі заттың арасындағы кейбір байланыстарды өздігінен орнатуға жетелейді; ✓ бала құралдар және оларға тән қимылдардың көмегімен, яғни көрнекі әрекетті ойлау көмегімен тәжірибелік міндеттерді шешеді; ✓ баламен ойлау міндеттерін шешу процесінде сөйлеу мақсатты бағыт бере отырып, оны ұйымдастырады. ✓ балада алғашқы ойлау операциялары: заттық, құралдық іс-әрекеттерді қалыптастыруда салыстыру және қорыту пайда болады.

Қазақ халық шығармашылығы құралдарын үйрену барысында бала өзіне жақын адамдарды ғана емес, айналасындағылармен қарым-қатынас жасайды, оларды түсіне бастайды. Әдеттегідей, құрбыларына қарағанда, талдау бірдей заттық әрекетке негізделсе де, ересектермен болған диалог барынша мазмұнды болады.

Баланың танымдық белсенділігінің пайда болуының қажетті шарты оның ойын, қозғалыс әрекетін, ересектермен қарым-қатынасын, тілін дамытуға ықпал ету болып табылады. Мұндай іс-әрекеттерде балаларда ересектермен тілдік қарым-қатынасты дамытудың қажеттілігін қалыптастыру міндеттері шешіледі. Егер оларда осыған қажеттілік, ересектерге бір нәрсе айту тілегі туса, олар сөзді пайдаланады. Балалар өзіне жақын, жеке және тығыз эмоционалдық-іскерлік байланыстағы ересектермен қарым-қатынас жасайды.

Барлық психикалық үдерістерінің ішінде ерте жастағы балалық шақта басты рөл қабылдауға тиесілі. Осы жастағы балалардың мінез-құлқы мен санасы толығымен қабылдауда анықталады. Солайша, ерте жастағы есте сақтау тану формасында болады, яғни таныс заттарды қабылдайды. Үш жасқа дейінгі баланың ойлауы көбінесе тікелей сипатта болады – бала қабылданған заттар арасындағы байланысты орнатады. Ол тек өзінің қабылдау шеңберінде орналасқан заттарға ғана зейінді болуы мүмкін. Психологтар осы жас кезеңіндегі маңызды жетістік – байқаудан білуге өту деп есептейді. Екі жасар бала дидактикалық тапсырманы орындау барысында 2-3 байқаудың көмегімен дұрыс шешімді табады. Міне, бұл іс-әрекеттегі ойлау болып табылады.

Үш жасар бала үшін тек іс-әрекет қана маңызды болып табылмайды, оның нәтижесі (үйрену, жасау) маңызды болады. Бала жетістігі жалпы алынған нәтижеге сәйкес болатын мақсат қояды. Алынған нәтиженің бастапқы мағынамен сәйкестігін өздігінен бағалау қабілеті пайда болады. Осы қабілеттің пайда болуымен баланың дербестік сияқты маңызды жеке қасиеті бекиді. Осы айтылғандардың бәріне де қазақ халық шығармашылығы құралдарын ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда тиімді пайдаланған жөн.

Біз үш жасар баланың оңай қозғалатынын, бірсарынды әрекеттен тез шаршайтынын есте сақтай отырып, олардың танымдық белсенділігін дамытуда халықтық ойын шығармашылығын қолданамыз. Онда қарқынды нервтік-психикалық даму жүреді. Баланың психикасындағы ең елеулі өзгерістер ары қарай сөзді дамыту есебінен жүреді. Осы жастағы баланың сөздігі сандық жағынан ғана өзгермейді, сапалық жағынан да алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 3-4 есе өседі. Осылайша балалар барлық сөз таптарын қолдана бастайды: сөздің оңай формасы, сондай-ақ сөздерді дұрыс айтпау мүлдем дерлік жоғала бастайды.

Үш жаста сөйлеудің тәрбиелік маңызы айтарлықтай өзгереді. Осы шақта ауыз әдебиетін пайдалану аса маңызды. Алайда осы жас кезеңінде тілді дамытуда үлкен жетістіктер атап өтілсе де, балалар әлі тілдің грамматикалық құрылымын жеткілікті меңгермейді, сондықтан олардың сөзі бірнеше өзіндік ерекшелігін сақтайды. Бірақ айту мен грамматикадағы кемшіліктер балаға басқа балалардың қателігін байқауға және оны түзетуге кедергі жасамайды. Бұл тіл дыбыстарын есту арқылы қабылдау баланың сөйлей білуіне қарағанда әлдеқайда мүмкін болуымен түсіндіріледі. Ересектер балалармен қарым-қатынас жасағанда өз тілдерінде дыбыстар мен сөздерді бұрмалауға жол бермеу керек. Бұл балаларда дұрыс сөйлеуді қалыптастырудың ең маңызды шарты болып табылады.

Ерте жастағы бала қазақ халық шығармашылығы құралдарын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде үйрену негізінде сан алуан түсініктер мен ұғымдарды меңгереді. Ол өзінің күнделікті пайдалануы бойынша көптеген заттардың ерекшеліктері мен нақты мақсаттарын біледі: тек бір-бірінен ажыратып қана қоймайды, сонымен бірге түсін, түрін, заттың көлемін атай алады, негізгі кеңістікті және уақытша қарым-қатынасты бағдарлайды. Онда сан туралы алғашқы түсінік (көп, аз, біреу, үлкен, кіші) қалыптасады.

Одан әрі баланың бағдарлық-танымдық іс-әрекетіндегі маңызды өзгеріске шыдамдылық көрсететін сезімталдығын дамыту жүреді. Баланың сезімталдығын және оны жалпы дамытудың маңызды құралы бақылау болып табылады. Бала қазақ халық шығармашылығын үйрену барысында оларды бақылай отырып, заттардың ерекшеліктерімен, олардың түрімен, көлемімен, түсімен танысады. Алайда бала оларды өздігінен анықтай алмайды. Сондықтан баланы қоршаған орта жағдайында ұлттық бұйымдар мен заттардың ерекшелігін бөле білуге үйрету керек. Егер бала бір нәрсені бақыласа, оны міндетті түрде қолдау керек, ең бастысы бақылау барысында маңызды, елеулі нәрсені көре білуге көмектесу керек, оның осы сәтте қойған көптеген сұрақтарына жауап беру керек. Егер бала сұрақ қоймаса, баланы сол жағдайға жетелеп, соған сәйкес жағдаят тудыру керек.

Үш жастағы баланың іс-әрекеті күрделі және әртүрлі бола бастайды: заттық іс-әрекет (геометриялық фигуралармен, біздің жағдайымызда ол геометриялық ою-өрнектер болуы мүмкін), сюжеттік ойындар (ұлттық ойыншықпен ойнау), бақылау, суреттер, ұлттық бұйымдар, киімдер, көру, еңбек іс-әрекетінің элементтері (ұлттық бұйымдарды ұстап көру, ұлттық қуыршақтарды, ойыншықтарын жинау), бейнелеу іс-әрекетінің басталуы (сурет салу, мүсіндеу). Осы іс-әрекет түрлерінің бәрі баланың ақыл-ойының дамуы үшін маңызды болып саналады.

Барлық іс-әрекет түрлерінің ішінде сюжеттік ойындар ерекше орын алады. Өзінің сипатына қарай олар екі жастағы баланың ойынымен салыстырғанда барынша күрделене түседі. Бала ойнай отырып, айналасындағылардың көптеген қимылын келтіреді (ұлттық дәстүрлерді сахналастыру, мәселен, тұсау кесу, кесе ұсыну, наурыз көже ішу және т.б.). Рөлдік ойындар элементі пайда болады.

Үш жастағы баланың жаңаша дамуының бір түрі ол іс-әрекетті бастамас бұрын алдын-ала мақсатын анықтап алады: «Мен киіз үй құрамын», «Мен көкпар ойынына қатысамын», «Мен қара жорға биін билеймін» және т.б., яғни бұл жастағы баланың іс-әрекетінде жоспарлаудың элементтері пайда болады.

Бала осы жаста құрылыс материалдарымен айналысқанды ұнатады. Бала іс-әрекеттің мүлдем жаңа түрін игере бастайды – сурет салу, мүсіндеу. Бала қарындаштың, ермексаздың көмегімен қандай да бір затты бейнелеуге болатынын түсінеді, үш жастан асқан бала «ирек», «тұмар», «күн», «ай», «жұлдыз» өрнектерінің суретін салады; асатаяқ, сақина, білезік және т.б. жеңіл заттарды мүсіндейді. Осы жастағы балаға оны дамыту барысында ерекше назар аударуды қажет ететін эстетикалық сезімнің пайда болуы тән.

Балалар асқан қызығушылықпен музыка, ән тыңдайды. Олар өздеріне таныс тақпақтарды, ертегілерді бірнеше рет қайталауды сұрайды және оны ынтамен тыңдайды, оның тек сюжетіне ғана емес, музыкасына, ырғағына да көңіл бөледі. Баланың эмоционалдық көңіл күйі өзгеріп тұрады: өзінің жасаған құрылысына қуанады, егер ересектерге көмектессе өте риза болады, ал ойын кезінде оған біреу кедергі жасаса ренжиді. Мұның бәрі эмоционалдық көріністердің байлығы әрі үш жастағы бала қол жеткізетін күрделі психикалық дамуы немесе тек белгілі бір жағдайларда оның өмір сүруі және тәрбиеленуі болуы мүмкін.

Біздің тұжырымдауымызша «ерте жастан дамыту дегеніміз – баланың туғаннан 3 жасқа дейінгі аралығында дене, ақыл-ой тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру». Олай дейтініміз, дене тәрбиесі – баланың физиологиялық (бойы, салмағының өсуі, денсаулығы, еңбек әрекеті) дамуын жүзеге асырады. Ал, ақыл-ой тәрбиесі – психикалық үйлесімді дамуын (сенсорлық, танымдық, эстетикалық, адамгершілік және т.б. сезімдерін, ой-өрісін, белсенділігін) қамтамасыз етеді.

Сонымен, ерте жас – 1 жастан 3 жасқа дейінгі баланың психикалық және дене бітімінің даму сатысы, ол үлкен жартышарлар қабығы қызметінің дамуындағы сапалы өзгерістермен сипатталады. Бұл кезеңде баланың жеке-дара дамуында жүрісі, қозғалысы, ұсақ моторикасы қалыптасады, соның арқасында қоршаған ортаны тану мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейе түседі; үлкендермен және құрдастарымен жағдайлық-іскерлік қарым-қатынасы дамиды; когнитивті үрдістер қалыптасады; пассивті және белсенді тілді игеру орын алады; қызбалық және ерік өрістері анығырақ бола бастайды, өзіндік сана қалыптасады. Ал бұл болса, баланың ерте жастан танымдық белсенділігін дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласы. – Астана, 2017, сәуір 12.
- 2 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973.
- 3 Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993.
- 4 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016, наурыз 1. – №205.

МРНТИ: 15.41.43

Ж.Б. Тогайбекова¹, Б.П. Мырзатаева²

¹«Тұран» университеті «Психология» кафедрасының 1 курс докторанты

²психология ғ.к., «Тұран» университетінің доценті

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

Аңдатпа

Мақалада толеранттылық ұғымының мәні, зерттеуші ғалымдар туралы ақпарт беріліп, студенттердің толеранттылығын дамытуға әсер ететін кеңестік және шетелдік әдістер тереңірек қарастырылады. Бұл әдістердің өзектілігі, толеранттылықтың қалыптасу деңгейі (мысалы, студенттердің)

экстремисттік ұстанымдардың болуы мен көріністерінің дәрежесін диагностикалауға мүмкіндік беретін әдістер болып табылады.

Түйін сөздер: толеранттылық, студенттер, зерттеушілер, әдістер.

Тогайбекова Ж.Б.¹, Мырзатаева Б.П.²

¹докторант 1 курса кафедры «Психология» Университета «Туран»

²канд.психол.наук, доцент Университета «Туран»

МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье дается информация о сущности понятия толерантности, ученых-исследователей, подробно рассматриваются советские и зарубежные методы, влияющие на развитие толерантности студентов. Актуальность этих методов, уровень формирования толерантности (например, студентов) являются методами, позволяющими диагностировать степень наличия и проявления экстремистских позиций.

Ключевые слова: толерантность, студенты, исследователи, методы.

Z.B. Togaibekova¹, B.P. Myrsataeva²

¹1st year doctoral student, Department of psychology, University of Turan

²Candidate of psychological Sciences, associate professor

METHODS OF DEVELOPMENT OF TOLERANCE OF STUDENTS

Abstract

The article provides information about the essence of the concept of tolerance, researchers, discusses in detail the Soviet and foreign methods that affect the development of tolerance of students. The relevance of these methods, the level of formation of tolerance (for example, students) are methods that allow to diagnose the degree of presence and manifestation of extremist positions.

Keywords: tolerance, students, researchers, methods.

Қазіргі таңда қоғам дамуының жағдайында ассимиляция, миграция, мәдениетаралық коммуникация, этносаралық жанжалдар, этностық өзіндік сана, соның ішінде толеранттылық үнемі назар аударуды талап етеді. Жиі қолданылып жүргеніне қарамастан, қазақстандық түсінік үшін жаңа ұғым болып табылатын терминді түсінуде және қолдануда біртұтастық байқалмайды, дегенмен толеранттылық ұғымы мен оның шекарасы мейлінше кең. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, мұнда этностық толеранттылық мәселелері түрлі мәдениет өкілдерінің өзара іс-қимылы кезінде маңызды болмақ, өйткені қоғам қызметінің экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани салаларының барлық аспектілері этносаралық мәселелермен байланысты.

Толеранттылық мәселесін талдау түрлі қырынан жүргізілді, атап айтсақ, философия, этика, педагогика, саясаттану, әлеуметтік психология және басқа да ғылымдарда терең зерттелуде. Толеранттылықтың этностық қырлары (С.А. Арутюнов, Ю.В. Бромлей, М.Н. Губогло, Л.Н. Гумилев және т.б.), этноәлеуметтік қырлары (Г.С. Витковская, Л.Д. Гудков, Л.М. Дробжиева, З.В. Сикевич, П.М. Козырева, И.С. Кон, Ю.А. Левада, А.В. Малащенко, М.С. Мацковский, М.Г. Савва, А.А. Суколов, В.А. Тишков, С.Б. Филатов, Е.Б. Шесюпал және т.б.), педагогикалық қырлары (В.С. Библер, С.Л. Братченко, В.В. Глебкин, Г.Д. Дмитриев, В.С. Кукушкин, В.В. Макаев, З.А. Малькова, Л.В. Москаленко, В.С. Собкин, В.В. Шалин, және т.б.), философиялық қырлары (Д.Бродский, Р.Р. Валитова, Б.В. Емельянов, Е.Н. Иващенко, В.Е. Кемеров, Т.Х. Керимов, Т.Б. Коваль, В.А. Лекторский, В.О. Лобовников, М.С. Мчедлов, А.В. Перцев, В.Ю. Рабинович, Л.В. Скворцов, Р.Хеффе, М.Б. Хомяков және т.б.), әлеуметтік-психологиялық (Э.Н. Аллахвердянц, И.Б. Андрушак, А.Г. Асмолов, С.К. Бондырева, А.И. Донцов, С.Н. Ениколоиов, В.Г. Крысько, Н.М. Лебедева,

В.П. Левкович, Д.А. Леонтьев, Л.И. Науменко, В.П. Петренко, А.А. Реан, Г.У. Солдатова, Т.Г. Стефаненко, Т.П. Скрипкина, И.Р. Сушков, А.У. Хараш, В.Ю. Хотинец, В.Г. Ципцюк, Л.А. Шайгерова, П.Н. Шихирев, Е.И. Шлягина және т.б.) тұрғысынан қарастырылды [1].

Психологияда толеранттылық ұғымын XX ғасырдың 60-шы жылдарының өзінде Б.Г. Ананьев қолданған еді [2].

Г.Л. Бардиердің айтуынша, толеранттылық бұрыннан бері түрлі конфессиялар, рухани және зайырлы билік өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынас принципі ретінде түсіндірілген. Мейірімділік таныту, "адасқанға" жанашырлық көрсету толеранттылық көрінісі ретінде танылған [4].

Осы орайда, А.Г. Асмолов толеранттылық мазмұнында үш аспектіні бөліп көрсетеді: тұрақтылық, шыдамдылық, жол беріктік. Толерантты тұлғаның маңызды сапасы – психологиялық тұрақтылық, ол адамның бірегейлігін бекіту мен бірегейлікті қалыптастырудың тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Гуманитарлық ғылымдарда қабылданған анықтамалар бойынша, толеранттылыққа физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрақтылық тән [5].

Толеранттылықтың көбінесе шыдамдылық, конформалық, сенім, жақсылық, тәрбиелілік сияқты жақын түсініктерден айырмашылығын білдіруге әрекеттер жасалған (А.Г. Асмолов, В.Н. Куницына, Т.П. Скрипкина).

Толеранттылық дегеніміз – белсенді жағымды көзқарас және этностар мен әлеуметтік топтарға төзімділік көрсету тұрғысынан психологиялық дайын болу. Ал, мұның өзі түрлі жынысқа, түрлі жасқа, түрлі ұлттық және діни топтарға т.б. қатысты адамдардың жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру жөніндегі білімді қажет етеді. Ал, толеранттылық көпэтностық қоғамда адамдардың өмір сүруінің өзекті мәселесі мен маңызды құндылығы ретінде танылады және бұл ретте білім беру жүйесі қоғамда толерантты қатынастарды дамыту бағдарламасын іске асыру үшін негізгі алаң болып танылады. Білім беру саласына қатысты толеранттық және толерантты студентті дамыту мәселесі неғұрлым маңызды болып келеді және қалыптасқан білім беру теориясы мен практикасын елеулі түрде қайта қарауды талап етеді.

Ендеше, студенттердің толеранттылығын қалай дамытуға болады және қандай әдістерді пайдаланған дұрыс деген сұраққа жауап издесек, толеранттылықтың белгілері мен көріністерінің әртүрлі бөлінуіне сәйкес оны зерттеу үшін біз әртүрлі әдістемелерді тандап алдық: толерантты ұстанымды зерттеу; ұлтаралық қарым-қатынастың толеранттылық деңгейін зерттеу; адамгершілік және өмірлік ұстанымдар деңгейін анықтауға диагностикалық тест; жеке тұлғаның жанжал деңгейін анықтау; жанжал жағдайында өзін бақылау дағдысы және т.б. Бұл диагностикалық кешендерді білім беру мекемелерінің студенттерінің толеранттылық деңгейін анықтау үшін пайдалануға болады.

Толеранттылықты зерттеу үшін теориялық-әдістемелік талдау жүргізу тәсілін қолдану да маңызды болмақ, атап айтсақ, әлеуметтік-психологиялық талдау, әлеуметтік-психологиялық сұрау, сұхбаттасу, психодиагностикалық тестілеу және зерттеуді дайындаудың сандық әдістері. Кеңестік психология зерттеушілері толеранттылықты зерттеу және өлшеу үшін әртүрлі әдістерді қолданады. Бұл толеранттылық белгілері мен оның қалыптасуына ықпал ететін факторларды түсіндіруде бір мағыналы болмауынан туындап отыр. Атап айтсақ, Г.У. Солдатова, О.А. Кравцова, О.Е. Хухлаев, Л.А. Шайгерованың диагностика үшін әзірленген «Толеранттылық индексі» экспресс-сауалнамасын, толерантты орнату деңгейін анықтауға арналған тестті, П.В. Степановтың «Оқушылар толеранттылығының қалыптасу деңгейінің диагностикасын», ұлтаралық қатынастардың толеранттылық деңгейін зерттеу сауалнамасын, адамгершілік және өмірлік позицияларды көрсетуге арналған сауалнаманы, Г.С. Никифоров, В.К. Васильев, С.В. Фирсованың «Эмоциялық салада, қызметте өзін-өзі бақылаудың айқындылығын анықтауға арналған сауалнаманы», «Сіз дау-жанжал туғызатын тұлғасыз ба?» тестін, В.В. Бойконың «Сіз өзіңізді біле аласыз ба?» тестін, «Сіз жауапкершілігі бар адамсыз ба?» тестін, Г.Айзенконың «Эмоционалдық күйлерді өзін-өзі бағалау» әдістемесін, К.Томастың «Дау-жанжалда өзін-өзі бағалау» әдістемесін және т.б. жиі қолданып жүр. Ал, шетелдік зерттеушілер балалардың толеранттылығын зерттеу әдістемесін (ЮНЕСКО материалдары бойынша авторы Доминик Де Сент Марс), Ф.Фидлердің «Психологиялық атмосфераны және ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынасты бағалау» әдістемесін, Кац пен Брейлидің өзінің бойына 41 ерекшелікті біріктірген авто және гетереостереотиптер әдістемесінің модификацияланған үлгісін, басқа топтардың диагностикасына қатысты параметрлерді: Беймәлім толеранттылық - неміс әдісі "беймәлім толеранттылық шкаласы", авторы С.Далберт (Мартин Лютер атындағы унив.профессоры, Галле қ., Германия), «Ксенофобия/ксенофилия (басқаның шамадан тыс қабылданбауы)» (Германия, Галле қаласында Мартин Лютер университетінде әзірленген) сауалнама және т.б. қолдануға кеңес береді.

Беймәлім толеранттылық неміс әдісі "беймәлім толеранттылық шкаласы" (авторы С.Далберт Мартин Лютер атындағы унив.профессоры, Галле қ., Германия) туралы толығырақ айтар болсақ, С.Далберт "белгісіздікке толеранттылық" (Ungewiftheitstoleranzskala) терминін қолданады, ол оқиғалардың одан әрі дамуы туралы ақпарат жеткіліксіз болғанда пайда болады және осылайша, толеранттылықты уақыт факторымен байланыстырады. Толеранттылық жоғары деңгейдегі адамдар белгісіздік бар жағдайларды іздейді және оларды шақыру ретінде қабылдайды. Өз кезегінде, интолеранттылықты адамдар белгісіз жағдайларды қауіп көзі ретінде қабылдайды және мүмкіндігінше, оларды болдырмауға немесе мүмкіндігінше тезірек аяқтауға тырысады. Екіұштылық көбінесе әртүрлі тәсілдермен түсіндірілуі мүмкін нақты жағдайларда басқа адамдардың сөйлеу конструкцияларына немесе мінез-құлқына байланысты. Белгісіздік қоршаған ақиқаттың, оның танымының және адамның алаңдатуының жалпы белгісі болып табылады, өйткені болашақ берілмеген және алдын ала анықталған жоқ, ал екіұштылық бұл белгісіздіктің жеке көрінісі ғана болып табылады. Мұндай жағдайларда өмір сүруге мәжбүр адамдар белгісіздікке бейімделе білуі тиіс және осы құрылымдағы табыстылық дәрежесі толеранттылықтың (Dalbert С., 1999) әртүрлі деңгейін түсіндіреді [3].

Бұл әдістердің өзектілігі, толеранттылықтың қалыптасу деңгейі (мысалы, студенттердің) экстремистік ұстанымдардың болуы мен көріністерінің дәрежесін диагностикалауға мүмкіндік беретін әдістер болып табылады. Сонымен қатар, әдістер қарапайым және оны жүргізу мен талдауға көп уақыт жұмсауды талап етпейді. Авторлар әрбір әдістерде сұрау жүргізу бойынша нұсқаулық, алынған мәліметтерді түсіндіру алгоритмі және ұсыныстарды талдау үлгісін ұсынған.

Жоғарыда аталған әдістер студенттердің толеранттылығын қалыптастыру мен дамытуға арналған заманауи әдістер болып табылады. Осылайша, толеранттылық ұғымы көп қырлы және этносаралық, тұлғааралық қатынастардың әртүрлі қырларын қамтиды. Жас ұрпақтың толерантты санасын қалыптастыру бойынша жұмыс көп қырлы және әртүрлі бағытта болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Уталиева Ж.Т., Көмекбаева Л.К. *Полиэтносты ортадағы Қазақстан халқының этностық бірдейлігі мен толеранттылығы.* – Алматы, 2010. – 19-20 б.
- 2 Ананьев Б.Г. *О проблемах современного человекознания.* – Москва, 1977.
- 3 Далберт С. *Толерантность к неизвестности – немецкая методика "Шкала толерантности к неизвестности", 1999 (проф. университета им. Мартина Лютера, г. Галле, Германия).*
- 4 Бардиер Г.Л. *Смысловые подходы к определению толерантности [Электронды ресурс] // Pskovgrad.ru. – URL: <http://pskovgrad.ru/kholokost/html> (20.12. 2017).*
- 5 *Психосемантический анализ этнических стереотипов: лики толерантности и нетерпимости / В.Ф. Петренко [және т.б.]. – М.: Смысл, 2010. – 220 б.*

МРНТИ: 15.81.53

Зайниева Л.Ю.¹, Зыкова Н.М.²

¹*Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

²*Сатпаев Университет,
Алматы, Казахстан*

КРЕАТИВНОСТЬ КАК ВЕДУЩИЙ ФАКТОР УСПЕШНОСТИ ЧЕЛОВЕКА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Аннотация

В предлагаемой статье раскрывается проблема креативности как одного из условий развития личностного потенциала человека. Представлен анализ исследований, посвященных данной проблеме креативности. Рассмотрены определения понятия «креативности» и описаны составляющие компоненты креативности. По мнению ученых, данное понятие характеризуется неоднозначностью и многовариантностью толкования. В статье представлено влияние образовательного процесса на

развитие креативности. Обосновывается важность и актуальность формирования креативности у обучающихся, так как движущей силой прогресса признается творческая личность. Креативность является частью самоактуализации человека. Образовательный процесс без стереотипов и шаблонов способствует высвобождению креативной энергии обучающегося. Субъект-субъектные отношения главные составляющие развития креативности. Отмечено влияние социально-психологического тренинга на развитие творческого поведения. Совместная деятельность позволяет обучающимся демонстрировать открытость, свои знания, умение работать в команде, эмоциональность, собственное мнение, взаимную оценку. Главная цель образования развитие творческих и изобретательных людей.

Ключевые слова: креативность, творчество, личность, образовательный процесс, социально-психологический тренинг, самоактуализация.

Л.Ю. Заиниева¹, Н.М. Зыкова²

¹ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

²Сәтбаев атындағы университеті, Алматы, Қазақстан

КРЕАТИВТІЛІК ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАБЫСТЫ АДАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ ФАКТОРЫ

Аңдатпа

Мақалада адамның жеке әлеуетін дамыту шарттарының бірі ретінде креативтілік мәселесі қарастырылады. Креативтілік мәселесіне арналған зерттеулер талдауы ұсынылады. "Креативтілік" ұғымының анықтамасы қарастырылды және креативтілік компоненттерінің құрамдас бөліктері сипатталған. Ғалымдардың пікірінше, бұл ұғым бір мағыналы емес және көп нұсқалы түсіндірмелермен сипатталады. Сонымен қатар, білім беру процесінің креативтіліктің дамуына әсері берілген. Өйткені прогрестің қозғаушы күші шығармашылық тұлға болып танылатындықтан білім алушылардың креативтілікті дамытудың маңыздылығы мен өзектілігі негізделеді. Креативтілік адамның өзін-өзі белсендірудің бір бөлігі.

Білім берудің стереотиптерсіз және шаблонсыз үрдісі білім алушының креативті қуатын босатуға ықпал етеді. Субъект-субъектілік қатынастар креативтілік дамуының басты құрамдас бөліктері. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің шығармашылық мінез-құлыққа әсері. Бірлескен іс-әрекет білім алушыға ашықтық, өз білімін, командада жұмыс істей білуін, эмоционалды, өз пікірін, өзара бағалауды көрсетуге мүмкіндік береді. Білім берудің басты мақсаты адамда шығармашылық және өнертапқыш қырларын дамыту.

Түйін сөздер: креативтілік, шығармашылық, тұлға, білім беру үрдісі, әлеуметтік-психологиялық тренинг, өзін-өзі белсендендіру.

L.Y. Zainieva¹, N.M. Zyкова²

¹Kazakh National University named after al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

²Satpayev University, Almaty, Kazakhstan

CREATIVITY AS A LEADING FACTOR OF HUMAN SUCCESS IN THE MODERN WORLD

Abstract

The proposed article considers the problem of creativity as one of the conditions for the development of the personal potential. The analysis of studies of the problem of creativity is presented. The definitions of the concept of "creativity" are considered, and the components of creativity are described. According to scientists, this concept is characterized by ambiguity and multiple interpretations. The article presents the

influence of the educational process on the development of creativity. It justifies the importance and relevance of the development of creativity in students, as the creative person is recognized as the driving force of progress. Creativity is the part of a person's self-actualization. The educational process without stereotypes and patterns contributes to the release of the student's creative energy. Subject-subject relations are the main components of the development of creativity. The socio-psychological training influences on the development of creative behavior. Joint activities allow students to demonstrate openness, their knowledge, teamwork skills, emotionality, personal opinion, mutual evaluation. The main goal of education is the development of creative and inventive people.

Keywords: creativity, personality, educational process, socio-psychological training, self-actualization.

В современном мире возрос социальный заказ на креативную личность и креативные идеи, так как одним из важнейших ресурсов развития и обновления общества является креативность.

Вся история прогресса и науки свидетельствует о том, что новое появляется вследствие переформулирования предыдущих точек зрения. Человек преобразует существующие элементы, структуры и тем самым создает новые сочетания и связи.

Движущая сила человечества – это творческие личности. Выявление и развитие таких личностей является насущной задачей педагогического процесса в высшей школе.

Модернизация образования заключается в том, чтобы поставить в центр образовательного процесса человека, удовлетворение интеллектуальных потребностей и развитие творческих способностей личности. И поэтому перед психологической наукой и практикой стоят важнейшие задачи поиска эффективных путей достижения этой цели [12].

Впервые понятие «креативность» использовал в 1922 г. Д.Симпсон. Этим термином он обозначил способность человека отказываться от стереотипных способов мышления [1, с. 156].

В самом общем виде креативность понимается как общая способность к творчеству. Креативность (от лат. creatio – созидание) – это способность человека порождать необычные идеи, находить оригинальные решения, отклоняться от традиционных схем мышления. Так, К.Роджерс понимает под креативностью способность обнаруживать новые способы решения проблем и новые способы выражения [1, с. 157].

М.А. Холодная указывает, что креативность рассматривается в узком и широком значении. Креативность в узком значении – это дивергентное мышление, отличительной особенностью которого является готовность выдвигать множество в равной степени правильных идей относительно одного и того же объекта. Конвергентное мышление связано с нахождением единственно правильного решения задачи при наличии многих условий [1, с. 157].

Креативность в широком смысле слова – это творческие интеллектуальные способности, в том числе способность приносить нечто новое в опыт (Ф.Баррон). Способность порождать оригинальные идеи в условиях разрешения и постановки новых проблем (М.Валлах). Способность осознавать пробелы и противоречия, а также формулировать гипотезы относительно недостающих элементов ситуации (Е.Торренс). Способность отказываться от стереотипных способов мышления (Дж.Гилфорд). П.Торренс определяет ее как процесс проявления чувствительности к проблемам, дефициту знаний, их дисгармонии, несообразности. Х.Гейвин пишет, что под креативностью подразумевается способность получать ценные результаты нестандартным способом. Творческие люди не просто поступают оригинальным образом, результаты их поведения целесообразны и полезны. Креативность – способность к оригинальной, но в то же время востребованной работе: к чему-то такому, о чем другие не подумали, но что приносит некую пользу.

Keywords: innovative teaching methods, subject-subject relations, effective forms of educational work, e-portfolio, principles of building a lesson.

Г.Т. Бекмуратова¹, Г.Б. Ниембаева²

¹психол.г.к., «Арнайы білім беру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті),
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, bekmuratova1976@mail.ru

²Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, PhD,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ЖОО ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада ЖОО инновациялық оқыту стратегиясының психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі кәсіптік білім беру жүйесі нарықтық қатынастар жағдайында білікті кадрларды дайындаудың міндетін тиімді шешуінің басымдылығы ретінде студенттердің қызығушылықтарын есепке алу қағидасын бөледі. Осыған байланысты оқытушылардың алдында студенттің шығармашылық әлеуетін, оның оқуға деген қызығушылығын белсендіруге бағытталған оқытудың әдістері мен тәсілдерін енгізу және әзірлеу міндеті тұр. Инновациялық оқытудың стратегиясы – білім беру үдерісінің әдіс-тәсілдерінің белгілі жүйесінің көмегімен оқытушының ұйымдастыруы.

Түйін сөздер: оқытудың инновациялық әдістері, субъект-субъектілік қарым-қатынас, оқу жұмысының тиімді формалары, электронды портфолио, сабақты құрудың қағидалары.

Бекмуратова Г.Т.¹, Ниембаева Г.Б.²

¹к.психол.н., ассоциированный профессор (доцент), кафедры "специального образования",
Казахский национальный педагогический университет им. Абая, bekmuratova1976@mail.ru

²Phd, старший преподаватель кафедры «Общей и прикладной психологии»,
Казахский национальный педагогический университет им. Абая

СТРАТЕГИЯ ИННОВАЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ

Аннотация

В данной статье рассматриваются психологические особенности стратегии инновационного обучения в вузе. Современная система профессионального образования в условиях рыночных отношений одним из приоритетов для успешного решения задач подготовки квалифицированных кадров выделяет принцип учета интересов обучаемого. В этой связи перед преподавателями стоит задача выработки и внедрения таких приемов и методов обучения, которые бы были нацелены на активацию творческого потенциала студента, его желания обучаться. Стратегия инновационного обучения – организация преподавателем с помощью определенной системы способов, приемов, методов образовательного процесса.

Ключевые слова: инновационные методы обучения, субъект-субъектные отношения, эффективные формы учебной работы, электронное портфолио, принципы построения занятия.

The modern system of vocational education in the conditions of market relations is one of the priorities for the successful solution of the tasks of training qualified personnel and emphasizes the principle of taking into account the interests of the student /1/. In this regard, teachers are faced with the task of developing and implementing such methods and teaching methods that would be aimed at activating the student's creative potential and his desire to learn.

At the same time, the pedagogical task of forming the personality of a citizen of the Republic of Kazakhstan and its value orientations should be addressed, since the learning process is the main component of the educational process in the life of each person. And therefore, how much each individual student is involved in the learning process will ultimately depend on the level of his education and intelligence in all senses of the word. In addition, the global informatization of modern society also had a significant impact on the educational process, on the system of vocational education, requiring a radical revision of the teaching methods used.

In general, innovative teaching methods, as Western professors claim, allow /2/:

- make the right decisions in the face of uncertainty;
- develop a decision-making algorithm;
- master the skills of research situation;
- develop an action plan;
- to apply the obtained theoretical knowledge in practice;
- take into account the views of other professionals.

The strategy of innovative education – the organization of the teacher using a certain system of methods, techniques, methods of the educational process based on /3/:

- subject-subject relations of a teacher and a student (parity);
- multilateral communication;
- the construction of knowledge to students;
- use of self-assessment and feedback;
- student activity.

Thus, effective forms of educational work on the introduction of innovative methods into the educational process and the formation of key professional competencies of future specialists are the use of various active forms of education: creating projects, preparing public speaking, debating professional-related problems, training in cooperation, creating problem situations, preparing professionally directed video films and presentations, etc. Transition from information and explanatory education innovation and efficient associated with the application in the educational process of new computer and various information technologies, electronic textbooks, video, provide a free search activity, and involves the development of orientation and personal /4/.

To optimize the learning process with the use of innovative student uses materials from the portfolio of the teacher, and the teacher uses the best work of students. As a result, a unified educational environment is created, which ensures effective interaction between teachers and students. The software of the electronic portfolio is /5/:

- power Point program – creating presentations for lectures and practical tasks;
- word program – development of reference notes, task cards, and other materials, including texts;
- excel program – development of tests and knowledge rating systems;
- tool systems for creating websites (for example, Front Page, Dream Weaver) – developing materials with a hypertext structure;
- tools for creating computer tests – test development;
- graphic packages (for example, Photoshop, Corel Draw, etc.) – preparation of illustrative materials: generalized diagrams, drawings.

To organize the innovation process of learning, students are divided into groups /5/. In each group there should be a “time manager” (“alarm clock”), which monitors the time allotted for discussion, the “secretary” – the person who records the results of the discussion, as well as the “informant” (“expert”) who owns the theoretical material or having access to information resources on this issue, and, of course, a “press secretary” who will present the results of the group discussion. The time of intra-group discussion is always limited (from 15 to 30 minutes).

Interactive forms and teaching methods are innovative and contribute to:

- ✓ Activization of students' cognitive activity;
- ✓ Improving the efficiency of the educational process;
- ✓ Independent perception of educational material by students;
- ✓ Consolidating the knowledge gained through practical activities;
- ✓ Self-actualization of students in the learning process.

General principles of building classes using innovative methods. The basic rules for organizing interactive learning.

Rule one. All participants should be involved in the work. To this end, it is useful to use technologies that allow all participants to be included in the discussion process.

Rule two. We must take care of the psychological preparation of the participants. The point is that not everyone who comes to class is psychologically ready to be directly involved in certain forms of work. In this connection, warm-ups, constant encouragement for active participation in the work, providing opportunities for self-realization are useful.

Rule three. There should not be many students in the interactive technology. The number of participants and the quality of training may be directly dependent. The optimal number of participants is up to 25 people.

Rule Four. The room should be prepared in such a way that it is easy for participants to change to work in large and small groups.

Rule Fifth. A clear consolidation (fixation) of procedures and regulations. It is necessary to agree on this at the very beginning and try not to violate it. For example, all participants will show tolerance to any point of view, respect the right of everyone to freedom of speech, respect its dignity.

Rule six. Be attentive to the division of the workshop participants into groups. Initially, it is better to build on the basis of voluntariness. Then it is appropriate to use the principle of random selection.

Required conditions for the organization of interactive learning:

- trustful, positive relationship between students and trainees;
- democratic style;
- cooperation in the process of communication between the trainer and the students;
- reliance on the personal ("pedagogical") experience of students, the inclusion in the educational process of vivid examples, facts, images;
- the variety of forms and methods of presenting information, forms of student activity, their mobility;
- inclusion of external and internal motivation activities, as well as mutual motivation of students /6/.

Approximate scheme of employment:

1. Motivation (psychological exercise aimed at cohesion, setting up further work) – 5 minutes (5%).
2. Task setting – 5 minutes (5%).
3. Baseline information and instruction – 5 minutes (5%).
4. Practical learning through an innovative task – 25 minutes (60%).
5. Summing up, reflection – 10 minutes (15%).

With external ease, the teacher needs a lot of preparatory work and a “wet back” during the lesson. The pace of the lesson is high, therefore, the teacher should articulate the question as impulse as clearly as possible, clearly and accurately describe the conditions and perspectives of the students' activities, instruct the students without further ado, organize the group dialogue, help assign roles, provide didactic and visual handouts, see all and everyone in the activities, to come to the rescue in time, to advise, to prompt without prompting, to direct to the search for rational ways of processing information, to ensure active listening in the process with socialization, and finally, correctly and deeply reflect on what is happening.

So, the main lines of the interactive:

- line of experiencing experience in the dialogue;
- line of reflection (understanding both information and oneself) /7/.

Thus, innovative teaching methods are expressed and embodied in the new teaching methods used in the learning process, in the application of information resources that increase the learning efficiency, demonstration equipment, specially developed teaching aids and systems /8/. Attention to various kinds of innovations is primarily due to the need to achieve sustained interest on the part of students in the subject being studied, to bring education closer to the practical needs of students and society as a whole. In the conditions of changing educational paradigms that fix the transition from mass-reproductive forms and teaching methods to individually creative ones, there is a need to improve and search for effective forms to ensure self-realization and the formation of students' self-development and self-education skills.

References:

- 1 Поляков С.Д. В поисках педагогической инновации. – М.: Дрофа, 2003.
- 2 Методы. (Уилл Орд – <http://www.thinkingeducation.co.uk/p4c.htm>)
- 3 Адильбекова А.К. Особенности использования интерактивных методов обучения на уроках математики в начальных классах. // Педагогические науки. Современные методы преподавания, №5. – Астана, 2017.
- 4 Скрипко Л.Е. Внедрение инновационных методов обучения: перспективные возможности или непреодолимые проблемы? // Менеджмент качества, 2012. – №1. – С.76-84.
- 5 Воронин А.С. Словарь терминов по общей и социальной педагогике. – Екатеринбург: ЕГПУ, 2006.
- 6 Джуринский А.Н. Развитие образования в современном мире: Учебное пособие. – М.: Дрофа, 2008.
- 7 Амонашвили Ш.А. Размышление о гуманной педагогике. – Минск: Современное слово, 2006.
- 8 Зверев А. 10 и 90 – новая статистика интеллекта. – Знание-сила, 2007.
- 9 Борытко Н.М. Теория обучения. – Волгоград: ВГПУ, 2006.

В.С. Коканова¹, А.О. Надирбекова²

¹Алматы қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, психолог, әлеуметтік ғылымдар магистрі
"Өрлеу" "Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚФ

²психол.ғ.к., «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ МАЗАСЫЗДАНУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада мазасыздану ұғымы бойынша теориялық көзқарастар қарастырылады. Қазіргі әлемдік ғылымда мазасыздану ұғымы ғалымдардың әртүрлі ұстанымдары мен түрлі ғылыми ағымдары бойынша қарастырылады. Нақты айтқанда мазасыздану бұл тұлғаның сәтсіздігінің субъективті байқалуы мен оның бейімсіздігі. Мақалада жеткіншектердің мазасыздануының пайда болу себептері мен жолдары ашылады. Сонымен қатар аса маңызды әлеуметтік қажеттіліктердің салдары болып табылатын мазасызданудың жасерекшелік шырлары сипатталады. Жеткіншектердің мазасыздану мәселесі бойынша шетелдік және отандық авторлардың еңбектері талданады.

Түйін сөздер: тұлға, мазасыздану, қорқыныш, ашу-ыза, дау-дамай, эмоционалдық мінез-құлық, эмоциялық күйі, бейімсіздік, аффект.

Коканова В.С.¹, Надирбекова А.О.²

¹магистр социальных наук, психолог, старший преподаватель
Института повышения квалификации педагогических работников по городу Алматы,
ФАО Национальный центр повышения квалификации "Өрлеу"

²к.психол.н., старший преподаватель кафедры «Общей и прикладной психологии»,
Казахский национальный педагогический университет им. Абая

ОСОБЕННОСТИ ТРЕВОЖНОСТИ ЛИЧНОСТИ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В данной статье рассматриваются теоретические подходы к пониманию тревожности. Тревожность в современной мировой науке рассматривается с различных позиций, многочисленными научными течениями, учеными. В целом, тревожность – это субъективное проявление неблагополучия личности, ее дезадаптации. В статье раскрываются пути и причины проявления тревожности подростков. А также описываются возрастные пики тревожности, которые являются следствием наиболее значимых социальных потребностей.

Анализируются труды зарубежных и отечественных авторов по проблеме тревожности подростков.

Ключевые слова: личность, тревожность, страх, гнев, конфликт, эмоциональное поведение, эмоциональное состояние, дезадаптация, аффект.

V.S. Kokanova¹, A.O. Nadirbekova²

¹master of social Sciences, psychologist, senior lecturer,
Institute of professional development of pedagogical workers of Almaty
FAO National center for professional development "Orleu"

²candidate of psychological sciences, senior lecturer of the Department of General and Applied
Psychology of the Institute of Pedagogy and Psychology, Abay Kazakh National Pedagogical University

FEATURES ANXIETY PERSONALITY ADOLESCENCE

Abstract

The article deals with the theoretical approaches to understanding anxiety. Anxiety is considered by numerous scientific currents, scientists from various perspectives in modern world science. In general, anxiety is a subjective manifestation of problems which troubled a personality face, disadaptation. Ways and causes of the manifestation of anxiety in adolescents are revealed in the article. And age-related peaks of anxiety which are the consequence of the most significant social needs are also described. It is noted that the study of the adolescent level on the basis of a change in one of the main indicators of their mental state, i.e. the need for independence, self-affirmation make it possible to consider not just junior and senior adolescents, but also to reveal the complex dynamics of their level development.

The works of foreign and domestic authors on the problem of adolescent anxiety are analyzed.

Keywords: personality, anxiety, fear, anger, conflict, emotional behavior, emotional state, disadaptation, affect.

Бүгінгі азамат алдында тұратын ұлы міндет өзінің өмірін жалғастырушы өзіндік сана-сезімі жоғары жас ұрпақтың тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Демек, қазіргі заман талаптарына байланысты қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, жеткіншек жастағы балалардың масазысдануының ерекшеліктерін зерттеу және оның қалыпты тұрғыда дамуы маңызды болып табылады.

Соңғы оң жылдықта шетелдеріндегідей біздің мемлекетімізде де масазысдык, эмоциялық пен психикалық шиелініс және күйзеліс мәселесіне қызығушылық едәуір жоғарлады. Масазысдык кешенді эмоциялық күй ретінде іргелілі эмоциядан тұрады. Бұл эмоцияның әрбіреу тұлғаның жалпы күйіне өзінің қозғаушы күшін береді. Маңызды салада эмоционалдык сәтсіздіктің нәтижесі ретінде пайда болатын масазысдык тұлға қасиетіне айналуы ықтимал. Масазысдык – ол күйзеліс, қауіп-қатерлер сезімі, ол жағдайды қауіп төндіретіндей қабылдап, оған тиісті реакциямен жауап беретін, белгісіздік факторы ретінде байқалатын адамның жай-күйі. Масазысдык – ол тұлға қасиеті, субъектінің масазысдануға бейімділігін көрсететін тұрақты жеке сипаттама.

Л.И. Божовичтің еңбегінде тұлғалық масазысдык ретінде субъектінің сабырсыздыққа жақын тұратындығын байқататын және оның бойында жағдаяттардың ауқымды бөлігін қауіпті деп қабылдайтын тенденцияның бар екендігін болжайтын тұрақты жеке сипаттама ұғынылады. Мұндай масазысдык жүйке жүйесінің қасиеттерімен және қарым-қатынастағы ұзақ сәтсіздіктермен анықталады. Бейімділік ретіндегі тұлғалық масазысдык адамның беделіне, өзін-өзі бағалауына, өзін-өзі қадірлеуіне қауіп келтіретін ерекше жағдайлармен байланысты белгілі түрткілерді (адаммен қауіпті деп бағаланатын) қабылдаған кезде жандана түседі [1].

Масазысдану ол көбінесе өз қадір-қасиетін сезінетін, жауапкершілік, борыш сезімдері дамыған және өзінің қоғамдағы орны мен айналадағылардың оны мойындауына аса сезімталдықпен қарайтын адамдарға тән. Жақындарының, балаларының өмірі мен амандықтарына деген алаңдаушылық масазысдык сезімін тудырады. Масазысдык сезімі бала тұлғасының психикалық құрылымына, оның өмірлік тәжірибесіне, ата-аналарымен және құрбыларымен өзара қатынастарына байланысты, масазысдыкпен қатар қорқыныш мәніне де ие болуы мүмкін. Байыпсыз, белгісіз алаңдаушылық күйіндегі адам масазысдықты, ал белгілі объектілерден немесе ойлардан үрейленетін адам, қорқынышты сезінеді.

Масазысдык айналада болып жатқан барлық нәрсеге қатысты бейжайлық, немқұрайлықтың пердесін жамылуы мүмкін. Бір нәрсені ойдағыдай істей алмағандық үшін қорқыныш, масазысдык сезімін бастан кешпеу мақсатында, адам барлық талпыныстарынан бас тартады, өмірдегі барлық

нәрселерге деген қызығушылықтан айырылады. Мұндай адам ешқашан өз ынтасымен бастамаға бармайды, ешбір талаптар мен міндеттемелерді орындамайды. Алайда енжарлықтың бұл пердесі, агрессия бетпердесіне қарағанда әлдеқайда алдамшы болып келеді. Мазасыздық үнемі болатын әлсіздік немесе тіпті сырқат түрінде байқалуы да ықтимал. Мұндай адамды үнемі бас ауруы мен іш аурулары, жүрек айну, лоқсу, аллергиялық серпілістер және т.б. сырқаттар болады. Ал мазасыздық деңгейі төмендеген жағдайда бұл адамдардың барлық сырқаттары ізсіз кетеді. Мұндай жағдайларда ауру мазасыздықты алмастырады, адамның психикалық күйін жақсартып, айналадағылар тарапынан болатын талаптардың деңгейін төмендетеді. Адам мұны пайдаланып, аурудан өз мәселелерінен құтылу жолын табуға тырысады. Ал сырқат ұзақ, созылмалы сипатқа ие болады. Сондықтан мұндай адамдарға уақытымен психологиялық көмек көрсету аса маңызды.

А.М. Прихожан [2] мазасыздықты, айтарлықтай ұзақ уақыт бойы сақталатын, тұрақты тұлғалық құрылым ретінде белгілейді. Ол соңғы өтемдеуіш және қорғаныш көріністерінде басымдылықпен өзіндік қозғаушы күшке және мінез-құлықтың тұрақты түрлеріне ие болып келеді.

Кез-келген кешендік психологиялық құрылым сияқты мазасыздық та когнитивтік, эмоционалдық және операциялық аспектілерді қамтыған, алайда эмоционалдық басымды болатын, күрделі құрылымымен сипатталады.

Жалпы алғанда, мазасыздық – ол тұлға жайсыздығының, оның бейімсіздігінің субъективтік көрінісі. Эмоционалдық қолайсыздық күйзелісі, төніп тұрған қауіп-қатерді сезіну ретіндегі мазасыздық, адамның маңызды қажеттіліктерінің қанағаттанбағандығының көрінісі болып табылады. Демек, мазасыздық – ол тұлғаның бір ерекшелігі, қорқынышқа даярлық. Бұл мүмкін болып қалатын қауіпті жағдайларда мақсатты дайындалған түрде зейіннің артуы, қорқынышқа тиісті жауап беруді қамтамасыз ететін сенсорлық және қозғаушы күштің жағдайы.

Мазасыздық оның бастамаларында, мазмұнында, көріну формаларында, өтемақы мен қорғауында байқалатын анық көрінетін өзіндік ерекшеліктерге ие. Әрбір жас кезеңі үшін шынайы болмыстың белгілі салалары, объектілері болады. Олар тұрақты құрылым ретіндегі нақты бір қауіптің немесе мазасыздықтың болуына қарамастан, көптеген балаларда үлкен мазасыздық тудырады. Бұл мазасыздықтың жасерекшелік шыңдары аса маңызды элеуметтік қажеттіліктердің салдары болып табылады. Жеткіншектер сыныптастарымен және ата-аналарымен қарым-қатынаста үлкен мазасыздықта болады. Жоғары сынып оқушылары қарым-қатынастың барлық салаларында мазасызданудың ең жоғары деңгейін байқатады, әсіресе олар ата-аналарымен және қандайда да бір дәрежеде тәуелді басқа ересек адамдармен де қарым-қатынас жасағанда мазасыздану деңгейі жоғарылайды.

И.В. Дубровина [3] лонгитюдтік зерттеудің мәліметтері бойынша 9-шы сынып оқушыларында мазасыздықтың деңгейі 7-8-сынып оқушыларына қарағанда күрт төмендейді, алайда 10-сыныпта өзін-өзі бағалау мазасыздығының жоғарылауына байланысты қайта көтеріледі. 8-10-сыныптарда өзін-өзі бағалау мазасыздығының жоғарылауы, бұл сыныптардың бітіруші болғанына байланысты болуы ықтимал. Бозбалалардың мазасыздану дәрежесінде және тудырушы факторлардың сипаттамасында (сабақ үлгерімі, құрбыларының арасындағы орны, өзін-өзі бағалау ерекшеліктері және т.б.) жеткіншектерге қарағанда жеке және жыныстық айырмашылықтар айқын көрінеді. Мазасыздық күйіне байланысты эксперименталдық, эмпирикалық және теориялық зерттеулерінің көптігіне қарамастан, бұл ұғымның қазіргі әдебиеттегі тұжырымдамалық өңдеуі әлі де толық жетілдірілмеген.

Х.Ремшидт [4] атап өткендей, өзін өз құрбыларымен салыстыру өзекті болып келеді, өйткені қалыпты өзгеріштіктің диапазоны белгісіз болып қала береді. Х.Ремшидттің айтуынша, бұл мазасыздықты тудырып, үлкен шиеленістерге немесе күйзелітік жағдайларға, тіпті созылмалы невроздарға алып келуі мүмкін. Бұған ағзаның мезгілінен бұрын жыныстық жетілуі, дамудың тежелуі сияқты атқарымдық өзгерістер жатады, сонымен қатар жеткіншектерде мазасыздықты тудыратын себептерге бозбалалық безеулерді, артық немесе жетіспейтін салмақты, бой өсудің тежелуін жатқызуға болады.

Есею кезеңінде отбасы мен мектептің маңыздылығына назар аудару қажет. Өйткені жеткіншек кезең «ересек болып» көріну мен ересек адам бола алмаудың арасындағы қарама-қайшылықтар болып табылады. Бұл тәуелсіздікке ұмтылу мен ересектердің нұсқауларына бағыну қажеттілігінің арасындағы қарама-қайшылықтар. Жеткіншек жастың қиындықтары қозудың жоғарылығымен, ренішке тым көңіл бөлушілікпен, үлкендерге қатысты асқан сыншылдық көзқарастармен байланысты болып келеді. Егер бұл ерекшеліктер ескерілмесе, онда жеткіншектердің адамгершілік дамуы мен мінез-құлықтарында тұрақты ауытқулар қалыптасуы мүмкін. Бұл жерде бала мен ата-аналардың арасындағы қатынастар аса маңызды болып табылады. Жеткіншек шақ – балалық шақтан ересек

жасына ауыспалы кезең. Осы кезде эмоционалдық және когнитивтік салалардың қалыптасуына жағымсыз әсер ететін көптеген шиеленістер пайда болады. Референттік топтың рөлі күшееді, ол еліктеуге үлгі ретіндегі ата-аналармен байланыстың бұзылуына ықпал етеді. Ата-аналар тарапынан шектеулер мен тиымдар көбееді: отбасындағы жаңа өзгерістерге байланысты шиеленістер де артады. Экономиялық жағдайлар мазасыздықтың орын алуына себеп болуы мүмкін: себебі жеткіншек өзін үнемі тәуелді, өздігінен шешім қабылдай алмайтын адам ретінде сезінеді. Жеткіншектер мектептегі білім берудің ұзақтығына байланысты ұзақ уақыт бойы ата-аналарынан қаражат жағынан тәуелді болады. Мектептегі үлгерімнің төмендігі жанжалдардың себебі болуы мүмкін. Ата-аналар мен балалар арасындағы тартысты қатынастар ұрпақтар арасындағы шиеленістерден гөрі өзгерген экономикалық жағдайлар мен технологиялық прогресске байланысты болып келеді. Аталған өзгерістердің алдында ата-аналар өздерін балалар сияқты сенімсіз және аландаулы сезінеді, ал бұл өз кезегінде мазасыздық пен шешім қабылдай алмаушылықты тудырады, ал олар болса жеке мінезді қалыптастырады. Ата-аналар үйімен қатар мектепте – әлеуметтенудің маңызды бір сатысы болып табылады. Бозбалалық шақтың қалыптасуы жасерекшлік дамудың кезеңі ретінде мектептегі жаппай білім беру жүйесінің пайда болумен тығыз байланысты.

Мектептегі шиеленістер көбінесе сабақ үлгерімімен, бейімделумен, бедел және дербестілікпен байланысты болып келеді. Сабақ үлгеріміне қатысты қойылатын талаптарға байланысты шиеленістер мұғалімдермен де және құрбылар арасында да пайда болады. Мұғалімдерге қатысты наразылық, сабақ оқуға және жетістіктерге жетуге қарсылық та туындауы ықтимал. Мұндай мінез-құлық қабілетті балаларда да және сыни көзқарастағы жастарда да кездеседі. Олардың жетістіктерге жету талпыныстары болашаққа деген жағымсыз бағытпен ұштастады. Құрбылар арасындағы қатынастарда бәсекелестіктің негізінде түрлі шиеленістер пайда болуы мүмкін. Бұл оқушылардың психологиялық-әлеуметтік бейімделулеріне және сыныптың тұтас қоғам ретінде сақталуына ықпал етеді. Бедел және дербестілік саласындағы жанжалдар еркіндіктің мектеп ережелерімен қыспаққа алынатындығымен шартталады. Жеткіншектер олардың дәлелденуін талап етеді, өздерінің үстінен орынсыз қамқорлықты сезінеді.

Мазасыздық – бұл тұлғаның сәтсіз тұстарының субъективтік көрінісі. Кіші және үлкен жеткіншектер өздерінің айрықша ерекшеліктеріне ие және олар аса маңызды, алайда осы кезеңге тән жиі кездесетін қырлары жөнінде айтуға болады, психикалық дамудың деңгейі мен сипатына қарай жеткіншектік – бірқатар кезеңнен тұратын балалық шақтың әдеттегі дәуірі. Олар, бір жағынан, өзіндік ерекшеліктерге ие бірнеше кезеңдерден тұрады, екінші жағынан жеткіншек – ол ересек өмірдің табалдырығында тұрған жетіліп келе жатқан адам.

Психикалық дамудың қол жеткізген деңгейі, жеткіншектің ұлғайған мүмкіндіктері оның бойында дербестілікке, өзін-өзі танытуға деген қажеттіліктерді тудырады, оның құқықтарын, әлеуеттік мүмкіндіктерін ересектер тарапынан қабылдануын, соның ішінде, қоғамдық маңызды істерге араласуды қажет етеді. Осы орайда, ересектер жеткіншектің кішкентай бала емес екендігін ерекше көрсетеді және оларға қойылатын талаптарды күшейте келе, кейде дербестілік құқығына, өзін-өзі таныту мүмкіндіктеріне шектеу қояды. Осыдан түрлі шиеленісті жағдайлар, реніштер және наразылықтың алуан түрлі формалары пайда болады.

Мазасыздық күйі – бұл жеткіншек жастағы дағдарыстың салдары. Ол әр түрлі өтеді және жеткіншек тұлғасының шырқын бұзып, өміріне жан-жақты әсер етеді. Бұл дағдарыстар ауытқу мінез-құлқының және тұлғалық ауытқулардың, соның ішінде біз нақтырақ тоқталатын мазасыздықтардың көптеген түрлерінің себебі болуы мүмкін.

Жеткіншектер қадірінің ересектермен кемсітілуі олармен ауыр қабылданады. Ересек адамдардың жасерекшелік дамудың кезеңдерін білмегендіктерінен жеткіншек тұлғасы жалпы қалыптан ауытқыған түрде дамитын болады, яғни «жеткіншек жасының дағдарысы» қиындықтармен өтеді. Сәйкестілік Х.Решмидттің ойынша, сәйкестілік дағдарысын баланың өз мәртебесінен айырылғандыққа, биологиялық мүмкіндіктердің әлеуметтік мүмкіндіктерге сәйкес келмеуіне, өз құзыретіне, өз мәртебесіне деген сенімсіздікке, есейіп келе жатқан адамның ағзасындағы жүріп жатқан биологиялық күрт өзгерістерге оның тиісті жауабы ретінде қарастыруға болады.

Д.И. Фельдштейн өсіп келе жатқан адамның қоршаған ортада өзін-өзі таныту және қарым-қатынаста өзін-өзі көрсете алу қажеттілігімен анықталатын жеткіншектің аса маңызды жаңа психикалық күйінің дифференциалдық талдауын бөліп көрсеткен. Осының барлығы жеткіншектің дамуындағы дағдарыстың өзіндік үш кезеңін белгілеуге және психикалық тұрғыда әр түрлі жағдайларды мәндеп сипаттауға мүмкіндік береді. Бірінші деңгейді Д.И. Фельдштейн «жергілікті-

безерлі» деп атаған. Ол 10-11 жастағы жеткіншектің талпыныстары жеке міндеттерді орындау арқылы оның мәні мен маңыздылығын ересектер тарапынан мойындалу қажеттілігінен байқалатындығымен сипатталады. Сондықтан ол жергілікті деп аталады, ал безерлі деп аталатындығы онда жағдаяттық-шартталған эмоциялардың басымды болғандығынан. Дербестілікке деген эмоционалдық әрленген талпыныс әр балада әр түрлі өтеді және бұл мотивациялық құрылымдарда көрініс табады. 10-11 жастағы балаларға олардың есею фактісінің өзін мойындатуға тырысатындығы тән [5].

Арнайы ұйымдастырылған жағдайлардағы балалардың қатынастары мен мінез-құлқының бағалауы ересектерден тек белгілі құқықтарды түсінулеріне қол жеткізуді ғана қалағандықтан тұрмайды, жеткіншектердің дербестікке ұмтылуы кейде олардың маңыздылығын сезінбесе де әлеуметтік құпталған істердің, нақты міндеттердің маңыздылығын түсінгендікке негізделеді. Д.И. Фельдштейн екінші деңгейді «құқық – маңызды» деп атаған. 12-13 жастағы жеткіншек белгілі істер жиынтығына, шешімдерге өзінің қатысуымен енді қанағаттанбайды; оның бойында қоғамдық мойындалу қажеттілігі ашыла бастайды; тек қана міндеттерді меңгеру ғана емес, сонымен қатар отбасындағы, қоғамдағы құқықтарды меңгеруі жүзеге асады, «мен қалаймын», «мен жасай аламын» және «мен міндеттімін» деген деңгейдегі есеюге талпыныс қалыптасады. Үшінші «сендіруші – нақты» деңгейде, 14-15 жастағы жеткіншекте ересектер әлемінде қызмет етуге дайындығы дамиды, бұл өз мүмкіндіктерін көрсете алу, өзін көрсете білу талпыныстарын тудырады. Ол өзін-өзі анықтау, өзін-өзі реттеу қажеттілігін күшейте келе әлеуметтік қатыстылыққа әкеледі [5].

Сонымен, жеткіншектердің психикалық күйінің (дербестілікке, өзін-өзі танытуға деген қажеттіліктердің) басты көрсеткіштерінің бірінің өзгеруі негізінде жеткіншектердің деңгейін зерттеу кіші және үлкен жеткіншектерді жай ғана қарастыруға емес, сонымен қатар олардың деңгейлік дамуының күрделі динамикасын ашуға мүмкіндік береді. Жеткіншекті сипаттаудағы аса маңызды тұсы болып, оның жаңа әлеуметтік ұстанымын – өзінің «Менін» сезінуі саналады. Бұл сезіну өзін-өзі бағалауда да, құрбыларымен және ересектермен қарым-қатынастарында да жүзеге асады. Сонымен қатар жеткіншектің өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі таныту және өзін-өзі жетілдірудегі сұраныстары жай ғана әуесқойлықтан және өзін-өзі тереңдетуге деген үстірт қызығушылықтан пайда болмайды және ол мақсатсыз өзін-өзі қазғылау емес, ол өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдауға деген өнегелі адамгершіліктік қажеттіліктерден, өзінің қылықтары мен мақсаттарында не дұрыс, не бұрыс екендігін түсіну талпынысынан, не нәрсеге қол жеткізіп, неден өзін шектеу керектігінен құралады. Яғни, өзіне деген қызығушылық тұлғаның қасиеттері ашылатын өмірге және іс-әрекетке деген сұраныстардан пайда болады. Жеткіншек жастағы байқалатын жалғыз болуға құштарлық, жалғыздыққа деген талпынысқа еш уақытта тең келмейді, ол ойлануға және ойларын жинақтауға жағымды жағдайларды қажет ететін дұрыс ұйымдастырылған іс-әрекетті ғана білдіреді. Бұл кезеңде құрбылармен қарым-қатынас күрделенеді.

Жеткіншек тек шынайы теңдік жүйесі мүмкін болатын достық қарым-қатынастардың ерекше қажеттілігін сезінеді. Алайда бәсекелестік негізінде шиеленістер болуы ықтимал. Жеткіншектер көп жағдайда олардың беделіне, өзін-өзі бағалауларына қауіп төндіретін адамдарға қатысты агрессиялық мінез танытады. Шын мәнінде, психологиялық қорғаныс механизмі іске қосылады және ол көбінесе агрессияда көрінеді. Расында мұндай жеткіншектерде өзін-өзі бағалауы төмен, мазасыздығы, сенімсіздігі, күмәнданғыштығы жоғары болып келеді [5].

Жеткіншектер ересектердің өздеріне деген қатынасын бірден байқайды, олардың бағалауы өсіп келе жатқан адамның өзін-өзі бағалауын қалыптастыра отырып зор ықпал етеді. Бағалау жағымды және жағымсыз болуы да мүмкін.

Мектептегі шиеленістер түзетуді талап ететін мінез-құлықтық ауытқуларға әкелуі мүмкін, мысалы, «мектеп фобиясына», оның негізінде мектептен қорқыныш жатады; сабақтан қалғаны үшін келемеждеулер мен кемсітулерден қорқыныш. Сонымен қатар, ата-аналар үйі жеткіншектің кері бейімделуіне жағымды фактор және себеп болып табылады. Бұған бірқатар себептер кіреді: қиындатылған психикалық жағдайлар (отбасындағы үйлесімділіктің жоқтығы, жиі болатын ұрыс-керістер, шиеленістер және т.б.), ата-аналардың экономикалық жағдайы, білімі. Жеткіншектің дұрыс бейімделмеуінің себебі мектептен кетудің салдары болуы мүмкін. Мұндай жеткіншектерде тұлғалық ауытқулар мен әлеуметтік мінез-құлықтардағы кемшіліктер анықталады. Олардың бастамасы болып тұлғаның қалыптасуындағы ауытқулар, көңіл-күйдің төмен болуы, өзін-өзі бағалаудың төмендігі және өзіне деген сенімсіздік, мазасыздықтың жоғары болуы саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Божович Л.И. *Личность и ее формирование в детском возрасте*. – СПб.: Питер, 2008.
- 2 Прихожан А.М. *Психологическая природа и возрастная динамика тревожности*: Дисс. д-ра психол. наук. – М., 1996.
- 3 Дубровина И.В. *Особенности обучения и психического развития школьников 13-17 лет*. – М., 1988.
- 4 Реммидт Х. *Подростковый и юношеский возраст. Проблемы становления личности*. – М.: Мир, 1994.
- 5 Фельдштейн Д.И. *Психологические особенности развития личности в подростковом возрасте* *Вопросы психологии*, 1988. – С.31-41.
- 6 Жигитбекова Б.Д., Канаева С. *Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Психология» сериясы №4(53) 2017. – 61-66 б.*

МРНТИ 15.01.11

А.С. Оспанова¹

¹дефектология магистрі, педагогика және психология факультеті, арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының оқытушысы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Инклюзивті білім беруде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты жағдайдағы балалармен тең дәрежеде ортаға бейімдеу мен қатар пән бағдарламасы бойынша оқыту мен тәрбиелеудің қажеттілігі зор. Қазіргі білім беру үдерісінде енгізілген жаңартылған оқыту бағдарламасына сәйкес Блум таксономиясының ойлау деңгейлеріне сай тапсырмалар беру арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқыту тиімді. Инклюзивті сыныптарда мүмкіндігі шектеулі балалардың өзі-өздерін қалыпты балалармен тең дәрежеде сезіне білуіне жағдай жасау, лайықты білім алу мүмкіндіктерін дамыту педагогтардың шеберліктерін талап етеді. Мүмкіндігі шектеулі баланы креативті ойлау дағдысы дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру арқылы мүмкіндігі шектеулі баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған жаңа форматтағы сабақтар мүмкіндігі шектеулі баланы сыни тұрғыдан ойлануға жетелейді, тапсырмалар дайын күйінде емес өзі ойлануға, шешуін табуға жетелейді. Ғылыми мақалада инклюзивті білім беруде Блум таксономиясын қолданудың педагогикалық алғы-шарттары қарастырылған.

Түйін сөздер: Блум таксономиясы, инклюзивті білім беру, креативтілік, интерактивті оқыту, топтық жұмыс, сыни тұрғыдан ойлау, жинақтау, талдау, критериялды бағалау.

Оспанова А.С.¹

*¹магистр дефектологии, преподаватель кафедры «специальной и социальной педагогики»
Казахского государственного женского педагогического университета*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ПРИМЕНЕНИЯ ТАКСОНОМИИ БЛУМА В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

В инклюзивном образовании это обучение и воспитание детей с ограниченными возможностями наравне со здоровыми детьми. В соответствии с обновленной программой обучения, внедренной в современном образовательном процессе, эффективно инклюзивное обучение детей с ограниченными возможностями путем дачи заданий на уровне мышления таксономии Блума. Создание условий для того, чтобы дети с ограниченными возможностями в инклюзивных классах чувствовали себя наравне с нормальными детьми, развитие возможностей для получения достойного образования требует мастерства педагогов. Занятия нового формата, направленные на формирование ребенка с ограниченными возможностями как личности через развитие навыков креативного мышления и навыков творческой работы, ведут к критическому мышлению ребенка с ограниченными возможностями, а

задания не в готовности, ведут к саморазвитию, находят свое решение. В научной статье раскрываются педагогические предпосылки применения таксономии Блума в инклюзивном образовании.

Ключевые слова: Таксономия Блума, инклюзивное образование, креативность, интерактивное обучение, групповая работа, критическое мышление, синтез, анализ, критериальное оценивание.

A.S. Ospanova¹

¹pre-founder of the Department of "special and social pedagogy" of the Kazakh state women's pedagogical University, master of defectology

PEDAGOGICAL PRECONDITIONS OF THE APPLICATION OF BLOOM'S TAXONOMY IN INCLUSIVE EDUCATION

Abstract

In inclusive education, it is the education and upbringing of children with disabilities on an equal basis with healthy children. In accordance with the updated training program introduced in the modern educational process, inclusive education of children with disabilities is effective by giving tasks at the level of thinking of bloom's taxonomy. Creating conditions for children with disabilities in inclusive classes to feel on an equal footing with normal children, the development of opportunities for decent education requires the skills of teachers. Classes of a new format, aimed at the formation of a child with disabilities as a person through the development of creative thinking skills and creative work skills, lead to critical thinking of a child with disabilities, and tasks are not ready, lead to self-development, find their solution. The scientific article reveals the pedagogical prerequisites for the use of bloom's taxonomy in inclusive education.

Keywords: Bloom's taxonomy, inclusive education, creativity, interactive learning, group work, critical thinking, criteria-based assessment.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы екені сөзсіз [1]. Инклюзивті білім беру кезінде әр тапсырманы Блум таксономиясының деңгейлеріне сай етіп орындатуға машықтандыру тиімді болмақ. Яғни Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру болып табылады. Кез-келген тапсырманы орындатуда Блум таксономиясының білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлеріндегі тапсырмалар арқылы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды жоғары дәрежеде ойлауға, білімдерін өмірде қолдана білуге үйретуге болады. Кез-келген бала ойнағанды жақсы көретінін ескерсек, көбірек ойынға, бірлескен жұмысқа бағыттағанда ғана балада креативті ойлау дағдысы дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады. Шығармашылық тапсырмалар инклюзивті білім беруде оқушыларға зақым келмейтіндей және мәжбүрлемей, оқушының шынайы білімінің тереңдігін көрсетеді. Бұл кезекте мұғалім оқушының креативті ой-санасын дамытып, ойлануды үйретеді. Сондықтан сабақ барысында «ойлап табыңыз», «құрастырыңыз», «салыстырыңыз», «түзетіңіз», «дәлелдеңіз», «жинақтаңыз», «мағынасына қарай бөліңіз» деген тапсырмаларды ұсынуды қажет етеді. Инклюзивті оқытуда Блум таксономиясын қолдану балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырады. Егер инклюзивті оқытуда оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытатын метептерде оқыған балалар адам құқығы түсінігі кеңейді, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге үйренеді. Инклюзивті сыныптарда оқыту адамгершілік тұрғыда, тұлғаға бағытталған негізде дамытушы, дифференциалды және жеке қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады [2].

Блум таксономиясында таным мен ойлаудың төмен деңгейі – **білу**. Бұл категория мүмкіндігі шектеулі балалардың мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. Инклюзивті білім беру барысында мүмкіндігі шектеулі балалар бұл кезеңде:

- қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды);
- жұмыстың орындалу ретін үйренеді; негізгі ұғымдарды біледі; ережелерді, қағидаларды біледі.

Таным мен ойлаудың орта деңгейі – **түсіну**. Инклюзивті білім беру барысында негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілермен идеяларды түсінетіндігін көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балалар бұл кезеңде оқу материалын түсінген ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады: оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не

туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжайды, фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді, сөзбен келтірілген материалды математикалық ұғымдарға өзгертуді, берілген ақпарат бойынша болашақта туындауы ықтимал салдарын сипаттайды, себебін анықтайды.

Таным мен ойлаудың орта деңгейі – **қолдану**. Жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалануға арналған. Бұл категория мүмкіндігі шектеулі балаларға оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне карағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Инклюзивті білім беру барысында мүмкіндігі шектеулі балалар ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады, заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады, жаңа тапсырма берілгенде өткен тақырыпта өткен материалдарын еске түсіріп қолдана білуді үйренеді, оқулықта берілген жаттығу бойынша жұмыс жасайды, өткен тақырыпта алған білімін өмірде қолдануды үйренеді.

Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі – **талдау**. Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Инклюзивті білім беруде қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтайды. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді.

Инклюзивті білім беру барысында мүмкіндігі шектеулі балалар:

- элементтерді талдайды,
- қарым-қатынасты талдайды,
- ұйымдастыру қағидаттарын талдайды,
- фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады,
- ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды,
- жаңа тақырыпты талдау арқылы түсінген я түсінбегендерін білдіреді.

Салыстыру арқылы айырмашылығын таба біледі [3].

Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі – **жинақтау**. Жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпараттарды жүйелеу немесе балама шешім ұсыну арқылы жинақтау үрдісі жүреді. Мүмкіндігі шектеулі балалар қалыпты балалармен біріге отырып оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан нәтижені құрастыруды үйренеді. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Инклюзивті білім беру барысында мүмкіндігі шектеулі балалар жинақтау кезеңіде:

- Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жаза алады;
- Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады;
- Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолдана біледі.

Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі – **бағалау**. Бағалау кезінде мүмкіндігі шектеулі балалар пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалауды үйренеді. Оқу материалының маңызын анықтап және сол туралы өзіндік пікір келтіріп, ойын білдіре алады. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді. Бағалау жүйесінде қазіргі таңда критериялды бағалау әдісі кең қолданысқа ие [4]. Бағалау барысында біз мынадай нәтижеге жете алмыз: мүмкіндігі шектеулі балалар өзін-өзі бағалайды, құрдастарын бағалай алады, бағалаудың әділ болуына мән береді, белгілі бір критерийлерге сүйеніп бағалайды, топтарға бөлініп бірінші топ келесі бір топты бағалауды үйренеді.

Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды; ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындатады.

Блум таксономиясын қолдану инклюзивті білім беруде өте тиімді болмақ. Білім беруші мұғалімде бәсекеге қабілетті, креативті, сыни тұрғыдан ойлай алатын, шығармашыл, жан-жақты, шыдамды, ізденімпаз болу керек.

Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайы да өзгереді деп нық сеніммен айта аламыз. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту

арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті білім беруде Блум таксономиясын қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуіне ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырамыз. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Инклюзивті білім берудің теориясының ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инклюзивті білім беруде, жаңа идеялар мен жаңалықтар өмірге келді [5].

Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән беріледі. Өйткені, оқытудың әртүрлі технологиялары зерттелініп, инклюзивті білім беруде жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі қарастырылып мектеп өміріне енуде. Блум таксономиясын қолдану да айрықша рөлге ие болып отыр. Блум таксономиясы бойынша оқыту барысында белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланады, бала өз ойын еркін, ашық айтуға, пікір алмасуға, бағалауға, дәлелдерді талдауға жол ашады. Сабақта инклюзивті білім беруде Блум таксономиясының мазмұнын оқу әрекетінің бірнеше түрлерінде жүзеге асыруға болады. Сабақ беру барысында бұрын оқушының ішкі сезіміне көңіл бөлінбеді. Осы жаңа тәсіл арқылы сабақ беру кезінде оқушының жан дүниесін түсіне отырып, психологиялық ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруды мұғалімдер қолға алды. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда оқушылардың өз ойларын еркін жеткізе алуларының маңызы зор [6].

Инклюзивті білім беруде оқушыларға топ ережесін өздеріне құрғызады, өйткені олар жұмыс барысында өздері құрған ережеге бағынады. Дәстүрлі сабақта оқушыларға еркіндік бермей, сенімсіздік көрсетілетін. Инклюзивті білім беру кезеңінде өткізген алғашқы сабақтарды бейнетаспаға түсіру арқылы өз қателерін байқап, келесі сабақтарда қайталамау жолдарын қарастыру жақсы нәтижеге әкеледі. Оқытудағы Блум таксономиясын пайдалану барысында, оқушылардың оқуға, пәнге деген қызығушылықтары артады, себебі олар топпен материалды талдайды, өз ойын бөліседі. Әртүрлі стратегиялар кезінде олар тек тақырыпты ғана меңгеріп қоймай, ойнай жүріп ойлау дағдылары қалыптаса бастайды, әрі достық, жолдастық қарым-қатынас орнайды. Инклюзивті білім беруде өз ойын еркін айтуға талпынады, сол арқылы өзін-өзі басқару қабілеті пайда болып, өзіне деген сенімі де күшейеді. Кейбір оқушылар жаңа сөздерді тез меңгеріп, сөйлесу дағдысын бір-бірінің көмегімен меңгеріп жатады. Сабақта Блум таксономиясының (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) деңгейлеріне сүйене жүйеленген сұрақтар қойып, тапсырмалар беру ұтымды болады. Блум таксономиясын қолдану барысында оқушылардың жан-жақты, креативті ойлауына мүмкіндік беру мақсатында, сабақта топтық жұмыстың бір түрі, тақырып бойынша мазмұнды сызбаға «кластерде» өз ойларын түсіреді. Оқушылар өздерінің құрдастарымен диалог жүргізу барысында тәжірибе жинақтап және ой әрекетінің жоғары деңгейіне көтерілуіне талпына отырып, баламалы мүмкіндіктер туралы, сыни тұрғыдан ойлап, зерттеу жүргізуге қабілетті бола түседі. Инклюзивті білім беруде түсінуді басты назарға ала отырып ынтымақтастықпен оқу немесе мәселені шешу үдерісі оқушылардың тиімді дәлелдерді жүйелеу қабілеттерін жоғарылатады. Яғни оқушы білімді мұғалімнен емес, бір-бірімен пікірлесе отырып, диалогқа түсе үйренеді. Өз ойларын толық жеткізуге, дебат құруға дағдыланады. Оқушылар өз деңгейлеріне сәйкес келетін тапсырманы тиімді пайдалануға, өздерінің әрекетін түзетуге немесе қажет болған жағдайда көмек сұрауға, сондай-ақ іс-әрекет аяқталғанша немесе мақсатқа жеткенше «үдерісті» тоқтатпауға қабілетті бола бастайды. Инклюзивті білім беруде балалар ойларын еркін, асықпай баяндауға дағдылана бастайды. Оқушылар барлық мәселені топта бірлесіп шешу арқылы достық, татулық, сыйластық сезімдері ояна бастайды [7].

Сондықтан да инклюзивті оқыту арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады. Бұндай мүмкіндікке қол жеткізе білсек, бала болашағына жол ашқанымыз деп білемін. Өйтсе де мұндай балалармен жұмыс жасау үлкен еңбекті, табандылық пен шыдамдылықты қажет ететіндігі белгілі. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды қолдану Блум таксономиясының ойлау деңгейіне сәйкес тапсырмалар орындату арқылы инклюзивті ортада жұмыс жүргізу тиімді болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

- 2 Саламан Декларациясы ЮНЕСКО, 1994 ж.
- 3 Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. – Париж: ЮНЕСКО, 2009.
- 4 Бгажнокова И.М. Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития. Дефектология, 2004.
- 5 Брунер Дж. Процесс обучения (Оқу үдерісі): Пер. с англ. / Под ред. А.Р. Лурия. – М.: АПН РСФСР, 1962. – 82 с.
- 6 Камалова С.Т. Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2014. – 44 б.
- 7 Кохаева Е.Н. Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие.

МРНТИ 15.01.11

А.С. Оспанова¹

¹дефектология магистрі, Арнайы және әлеуметтік педагогика
кафедрасының оқытушысы, педагогика және психология факультеті,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДА СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі әлемде сапалы білім беру – өмірлік жетістіктерді анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Инклюзивті ортада мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты балалармен тең дәрежеде сезіне білуіне жағдай жасау, лайықты білім алу мүмкіндіктерін дамыту педагогтардың шеберліктерін талап етеді. Инклюзивті білім беру кезінде сындарлы оқыту технологияларын қолдану мүмкіндігі шектеулі балалардың жүрегіне білімнің қажеттілігін, жас ерекшелігі мен психологиясын ескере отырып, қалай оқыту керек, қандай әдіс-тәсілдер қолдану керек, қалай жетістікке жетуге болады, баланы өмір сүруге қалай бейімдеу керек деген сияқты сұрақтарға жауап ретінде қолданылмақ. Инклюзивті ортада сындарлы оқыту технологияларын қолдану мүмкіндігі шектеулі балаларды өздігінен жұмыс істеуге ынталандырады, баланың талабын ұштап, қиялын дамытады, топта, жұпта өзін тең сезіне алуға, балалармен сыйластық, ұйымшылдықта болуға үйретеді. Өз жұмысының нәтижесін көре білуге өзін-өзі бағалауға тиімді болып табылады. Ғылыми мақалада инклюзивті ортада сындарлы оқыту технологияларын қолданудың ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: инклюзивті орта, сындарлы оқыту технологиясы, жаңартылған білім беру, интерактивті оқыту, топтық жұмыс, ақпараттық технологиялар, сыни тұрғыдан ойлау, ерекше мұқтаждықтары бар балалар, дискриминация.

Оспанова А.С.¹

¹магистр дефектологии, преподаватель кафедры «Специальной и социальной педагогики»
Казахского государственного женского педагогического университета

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ КОНСТРУКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ИНКЛЮЗИВНОЙ СРЕДЕ

Аннотация

В современном мире качественное образование – один из основных факторов, определяющих жизненные достижения. Создание условий для равного осознания детей с ограниченными возможностями в инклюзивной среде с нормальными детьми, развитие возможностей для получения достойного образования требуют мастерства педагогов. Использование технологий критического обучения при инклюзивном образовании как обучить детей с ограниченными возможностями с учетом потребности образования, возрастных особенностей и психологии, какие методы и приемы следует применять, как добиться успеха, как адаптировать ребенка к жизни? в качестве ответа на такие вопросы, как: Применение технологий критического обучения в инклюзивной среде стимулирует детей с ограниченными возможностями к самостоятельной работе, развивает

воображение, сопереживает потребности ребенка, учит чувствовать себя равными в группе, паре, уважать, быть организованными с учащимися. Умение видеть результаты своей работы является эффективным для самооценки. В научной статье описаны особенности, преимущества применения технологий критического обучения в инклюзивной среде. Технология критического обучения имеет большой вклад для детей с ограниченными возможностями. Различные методы и приемы формируются в рамках этой конструктивной технологии обучения, которые мы используем в инклюзивном образовании.

Ключевые слова: инклюзивная среда, технология конструктивного обучения, обновленное образование, интерактивное обучение, групповая работа, информационные технологии, критическое мышление, дети с особыми потребностями, дискриминация.

A.S. Ospanova¹

¹*pre-founder of the Department of "Special and social pedagogy" of the
Kazakh state women's pedagogical University, master of defectology*

CONSTRUCTIVE LEARNING IN AN INCLUSIVE ENVIRONMENT ESPECIALLY IN THE APPLICATION OF TECHNOLOGY

Abstract

In today's world, quality education is one of the main factors determining life achievements. Creating conditions for equal awareness of children with disabilities in an inclusive environment with normal children, the development of opportunities for decent education requires the skills of teachers. Using critical learning technologies in inclusive education how to teach the heart of children with disabilities, taking into account the needs of education, age and psychology, what methods and techniques should be used, how to succeed, how to adapt the child to life? as an answer to questions such as: the use of critical learning technologies in an inclusive environment encourages children with disabilities to work independently, develops imagination, empathizes with the needs of the child, teaches to feel equal in group, couple, respect, be organized with students. The ability to see the results of their work is effective for self-assessment. The scientific article describes the features and benefits of critical learning technologies in an inclusive environment. Critical learning technology has a great contribution for children with disabilities. Different methods and techniques are formed within this critical learning technology that we use in inclusive education.

Keywords: inclusive environment, constructive learning technology, updated education, interactive learning, group work, information technology, critical thinking, children with special needs, discrimination.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде қалыпты балалар мен қатар мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивті білім алууда. Инклюзивті білім беруде сындарлы оқыту технологиясын қолдану мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы [1]. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Мұғалім балаға қалай оқу керектігін үйретеді, ал бұрынғы дәстүрлі оқыту процесінде мұғалім білімді беруші болған болса, жаңа оқыту үдерісінде мұғалім бағыттаушы болып табылады. Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер – бала. Инклюзивті білім беруде сындарлы оқыту бұл білім алуында ерекше қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін мектептерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу қажет [2]. Сындарлы оқытуда әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті. Білім беру мен оқытудың қазіргі замандағы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірбиесі және кәсіби мәнінен өзара байланыста қарастырылады. Бұл бағдарламада қазіргі заманғы оқыту әдістері мен жеті модуль арқылы берілген. Ол модульдер:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Осы жеті модульде қарастырылған идеялардың сабақта пайдаланатын сындарлы оқыту технологиясы жекелеген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болады. Білім беру – бұл жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол балалардың әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалардың қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені [4]. Инклюзивті ортада сындарлы оқыту технологияларын кеңінен қолданған сабақтарда ол мейлі қалыпты бала болсын, мейлі мүмкіндігі шектеулі бала болсын мұғалімнен гөрі бала көп ойланып, көп талқылап, достарымен көп сөйлесіп, әрекеттенеді. Ал мұғалімнен өз сабақтарын баланың идеясын, білім – біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай етіп ұйымдастыру талап етіледі. Ол балалардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауына, ынтымағы жарасуына, пікір алыса білуге, бір-бірінің сөзіне құрметпен қарай білуге үйретеді. Инклюзивті ортада топқа бөлудің маңызы ерекше. Топтық жұмыста біріншіден, балаларға бірігіп жұмыс істеуіне мүмкіндік тудырады. Екіншіден ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Үшіншіден, бірін-бірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды. Бұл әдіс сонымен қатар топ болып ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауға, ойын еркін ортаға салуға, бірінен бірі үйренуге септігін тигізеді. Балалар топта бірін-бірі тыңдап, сыйлап бірге жұмыс жасап үйренеді. Тапсырмаларды түрлендіріп, сабақты өмірмен байланыстырып, әр сабақ сайын топтарды өзгертіп отыру сабақ соңында балалардың жетсіліктерін, кемшіліктерін талдап, рефлексия жүргізуге әкеледі. Мұндай жағдайларда мүмкіндігі шектеулі бала кез-келген топта өзін еркін сезініп басқа тең қатарлы балалармен емін-еркін жұмыс жүргізуіне жағдай туындайды [3]. Сынып бөлмесінде өзгерістер енгізілуде ерекше орынға ие болады себебі олар: топ ережесі, рефлексия жазатын бұрыш, парталардың орналасуы, үздік шығармашылық жұмыстар да балаларға көп әсерін тигізеді. Сындарлы оқыту технологияларын қолдануда «Қар көшкіні», «Ыстық орындық», «Серпілген сауал», «Он сұрақ», «Джигсо», «Жұптасып – ойлан бөліс», «Стикердегі диалог», «Айналмалы бекет», «Еркін микрофон», «Жетістік баспалдағы» «Лулий сақинасы», «Венн диаграммасы», «Креативті матрица», «Санадағы кинофильм» т.б. және АКТ интерактивті әдіс тәсілдері сияқты жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы баланың қызығушылығын оятып одан әрі жан-жақты дамыта аламыз. Сындарлы оқыту технологиясын қолдануда мүмкіндігі шектеулі баланың білімнің қай бөллігінде тұрғанын анықтауға да мүмкіндік береіп, өзінің жеке пікірі ойы сұралып ары қарай мұғалім оқу процесін қалай жоспарлауына да мүмкіндік алады. Қойылған баға туралы да пікірі тыңдалады (жетістік баспалдағы әдісі). Бұл мүмкіндігі шектеулі балалар өз ойын анық айтып, ашық жеткізу үшін қолданылатын жақсы әдістің бірі. Сабақты қаншалықты меңгергені де (өте жақсы түсіндім, жақсы түсіндім, түсінбедім) анықталады [4].

Оқытудың интерактивті әдістері инклюзивті білім беруде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізудің тиімділігі зор. Мысалы интерактивті тақта көмегімен кез-келген пәнде барлық балалардың қатысуымен ұжымдық жұмыс жүргізіп, түрлерін анықтауға, ерекшелігін білуге, сол тақырыпты балалармен қызыға талқылап, онда ешбір бала шетте қалмайды. Яғни интерактивті әдіс балалардың өзара білім алмасуына, көпті білуге талпынысқа жетелейді. Бұл интерактивті әдісте мұғалімнің рөлі: әр баланың білімін байқау, қарым-қатынас жасау, балалардың білмеген жеріне көмектесу, тәртіпті сақтау болмақ. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытады, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инклюзивті білім беруде сындарлы оқыту теориясын пайдаланып, сынып жұмысын жақсарту ісінде көптеген әдіс-тәсілдер мұғалім жұмысының амалдарына шоғырланады. Инклюзивті білім беруде сындарлы оқыту теориясымен қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталатындықтан ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивті білім беруде сындарлы оқыту теориясының негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идео-

логиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Сындарлы оқыту теориясын инклюзивті білім беруде ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданады. Негізінде балалардың қандай да бір алауды жоққа шығару, барлық адамдарға теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Инклюзивті білім беруде сындарлы оқыту балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады [5].

Инклюзивті білім беруде сындарлы оқытудың негізгі мақсаты-бала пәнді терең түсіну қабілетін дамыту алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Бұл сындарлы оқыту балалардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалім, бала және достарынан алған білімдерін араластыра жүзеге асады деген тұжырымдамаға негізделген. Баланы өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет екенін аңғара отырып, жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдіс сұрақ-жауап, әңгімелесу, диалог болып табылады. Өз ойларын жарыса айтып, қызу пікірталас тудыра алады. Инклюзивті білім беруде сындарлы ойланып, жетістікке жетелейтін сыни тұрғыдан ойлану жақсы нәтижеге жеткізеді [6]. Балалар сабақта қалай оқу керектігін меңгереді, яғни метатаным пайда болады, өздері үдеріс барысында ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады. Топтық жұмыс арқылы «бала мен бала» арасында, «бала мен мұғалім» арасындағы диалогты тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа қол жеткізе алады. Балалар күткеннен де артық әсер алады. Өз ойларын жарыса айтып, қызу пікірталас тудырады. Жаңа сабақты өз беттерімен тез меңгереді. Сабақта «үнсіз» балалар да сөйлеп кетеді, себебі мотивациясы төмен балалардың өзі тым болмағанда постермен жұмыс жасау барысында сызбамен айналысады. Сондықтан инклюзивті оқытуда сындарлы оқытудың тиімділігі тәжірибе кезінде білінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚР Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Заңы 2002 жыл, 11 шілде №343.
- 2 Пугачев А.С. Инклюзивное образование // Молодой ученый, 2012. – №10. – 374-377 б.
- 3 Алехина С.В. Принципы инклюзии в контексте изменений образовательной практики // Психологическая наука и образование, 2014. – Т.19. – №1. – 5-16 б.
- 4 Нұсқаулық (III негізгі деңгейге арналған) www.cpm.kz
- 5 Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі: Әдістемелік құрал. – Орал, 2013.
- 6 Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. Главы из книги. / Ред. Н.Борисова. – М.: РООИ «Перспектива», 2011.
- 7 Назарова Н.М. Теоретические и методологические основы образовательной интеграции // Инклюзивное образование: методология, практика, технологии.

МРНТИ 15.81.35

Ұ.М. Әбдігапбарова¹, Б.М. Баймуханбетов²

¹п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан

²PhD, қауымдастырылған профессор, Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ЛИДЕРЛІК САПАСЫН
АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Аңдатпа

Ғылыми мақалада болашақ мамандардың лидерлік сапасын арттырудағы әдіснамалық негіз ретінде алынатын теорияларға тоқталып өттік. Атап айтсақ сипат теориясы, жағдаяттық теория, лидерліктің мотивациялық теориясы, лидерліктің құндылық теориясы және т.б. Сипат теориясының

мәні, харизма ұғымы мен харизматикалық лидер тұжырымы, лидерді сипаттайтын ерекше белгілер мен сапалар сараланды. Лидерліктің жағдаяттық теориясында лидерді өсіру үдерісінде жағдаяттың мәнділігі мен әлеуметтік жағдаяттың бес үлгісі көрсетілді. Лидерліктің мотивациялық теориясында лидердің тиімділігі, ізбасарларының мотивациясы, тапсырмаларды өнімді орындау қабілеті және тағы басқалар сөз етіледі. Бұл теория лидерлік мінез-құлық, іс-әрекет түрлерін анықтап, лидерлік үдерістің белгілі бір құрылымын болжайды. Ал лидерліктің құндылық теориясында оның мәні мен лидерліктің құндылық тұжырымдамасы қарастырылды. Сонымен бірге лидерліктің типтерін жіктеу мен оны түсінуге бағытталған психоаналитикалық тәсілдерге тоқталып өттік. Жоғарыда тоқталған теориялар болашақ мамандардың лидерлік сапасын арттырудың әдіснамалық негіздері болады деген ойдамыз.

Түйін сөздер: болашақ маман, лидерлік, сипат теориясы, жағдаяттық теория, лидерліктің мотивациялық теориясы.

Абдиганбарова У.М.¹, Баймуханбетов Б.М.²

*¹д.п.н., профессор, КазНПУ им. Абая,
Алматы, Казахстан*

*²PhD, ассоциированный профессор, Международный
казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссави,
Туркестан, Казахстан*

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Аннотация

Статья посвящена теориям, которые могут быть использованы в качестве методических основ для повышения лидерских качеств у будущих специалистов. В частности, это теория характеров, теория мотивации, мотивационная теория лидера, теория качеств лидера и т.д. Проанализированы сущность теории характера, понятие харизмы и качества харизматичного лидера, особые знаки и качества, определяющие самого лидера. Приведены пять условий развития теории лидера для его роста в социальных условиях. В статье говорится о эффективности мотивационной теории лидера, мотивации последователей, выполнение заданий по повышению своих способностей. Эта теория прогнозирует поведение лидера, его действия, определенную структуру лидерского процесса. Рассмотрено значение теории лидера, его смысл и концепция. Вышеуказанные теории станут методологической основой для повышения лидерских качеств будущих специалистов.

Ключевые слова: будущий специалист, лидерство, теория характера, ситуативная теория, мотивационная теория лидерства.

Abdigapbarova U.M.¹, Baimukhanbetov B.M.²

*¹Dr. professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²PhD, associate professor, International Kazakh-Turkish University named after K.A. Yassavi,
Turkestan, Kazakhstan*

THEORETICAL AND METHODOLOGICAL BASIS FOR THE DEVELOPMENT OF LEADERSHIP SKILLS OF FUTURE SPECIALISTS

Abstract

In the scientific article, we focused on the theories that have been taken as a methodological basis for improving the leadership qualities of future professionals. Particularly, feature theory, case theory, motivational theory of leadership, value theory of leadership, etc. The essence of the theory of feature, the concept of charisma and the formulation of charismatic leader are characterized by the particular signs and qualities describing the leader. In this theory of leadership, five models of social case and the importance of

the situation was demonstrated in the process of developing the leader. The leader's effectiveness, motivation of followers, ability to perform tasks productively etc. are discussed in the motivational theory of leadership. Furthermore, this theory defining leadership behavior, types of activities and assumes a certain structure of leadership process. The essence of the value theory of leadership and the concept of value for leadership were considered. We investigated the psychoanalytic approaches aimed at classifying and understanding the types of leadership. We think that mentioned theories will be a methodological basis for improving the leadership qualities of future professionals.

Keywords: future specialist, leader, feature theory, case theory, motivational theory of leadership.

Қазіргі уақытта күрделі құбылыс болып саналатын лидерліктің ерекшеліктері мен өзара байланыстары сомдалған түрлері бар. Ғылыми еңбектерде лидерлік феноменінің көптеген тұжырымдамалық тәсілдері кездеседі. Олардың ішінде болашақ мамандардың лидерлік сапасын арттырудағы әдіснамалық негіз ретінде алынатын теорияларға (сипат теориясы, жағдаяттық теория, лидерліктің мотивациялық теориясы, лидерліктегі құндылық теориясы және т.б.) тоқталғанымыз жөн деп, есептедік.

«Сипат теориясы» (харизматикалық тәсіл) лидерлік мінез ерекшелігі мен қызметін сипаттайды. Сипат теориясын жақтаушылар адамдарға тиімді ықпал етуші лидер туа бітті жеке тұлғалық қасиетке, мінез ерекшелігіне, лидерлікке, басқаруда айрықша қабілетке ие болуы тиіс деп санайды.

Лидерді сипаттайтын ерекше белгілердің ішінде келесілер баса айтылады: өзіне сенімді болу, көпшіл болу, ынталы болу, ұйымдастырушылық қабілетке ие болу, жігерлі болу, тәуекелшіл болу, төзімді болу, адал болу, бауырмал болу, сендіре алу қабілетіне ие болу және т.б.

Ғылымға *харизма* ұғымын неміс ғалымы М.Вебер енгізіп, өз анықтамасын (...деп, лидердің мінез ерекшелік сипаттамалары мен лидерліктің өзіндік сапаларының жиынтығы, сонымен бірге оның басқаларға өзінің жеке даралық тартымдылығы мен жағымды әсер етудің ерекше формасы) берді [1].

Харизматикалы лидерге тән бірқатар сипаттарды М.Гантер бөлектеп көрсетеді:

- тұлғаның өзге тұлғаларға әсерін тигізе алу қабілеттілігі;
- қуат шашу арқылы өзгелерді қуаттандыра алушылық;
- жаулап алушылық;
- тәуелсіз мінез;
- шешендік және әртістікке қабілеттілік;
- анық сөйлеу және жоғары деңгейде тұлғааралық қарым-қатынас жасау қабілеттілігі;
- өзіне сенімділік және өзін лайықты ұстай алушылық;
- жинақылық пен жағдаятты бақылайтын адам тұрғысынан әсер қалдырушылық [2].

Харизматикалы лидер тұжырымдамасында «лидер» топты өзінің соңынан ерте алатын, ерекше қасиеттерге ие адам ретінде өзгелерге ықпалы бар бірегей қабілетті тұлға тұрғысынан қарастырылған. Ол ізбасарларының ішкі жан дүниесіне жеке тұлғалық ерекшеліктеріне қарай әсер ете алатын, болашақты мінсіз болжай білетін, оларға дұрыс бағытта жол көрсете алатын лидер харизматикалы лидер деп, есептеледі. Және де харизматикалы лидердің сипаттамалары тұрғысынан стратегиялы алдын ала болжау мен ізбасарларын мотивациялық шабыттандыра алуы саналады. Харизматикалы лидер адамдардың сеніміне кіре алады және өздерінің жеке-даралық ерекшелігі мен күш-жігері арқылы құндылықтарын қабылдатуға қозғаушы бола алады.

Көрнекті ғалым Р.Стогдилл «сипат теориясы» бойынша жүзден астам ғылыми зерттеулер жүргізіп, оларды салыстырубарысында бұл теорияның ғылыми негіздемесі жоқ деген қорытынды жасаған [3].

Құбылмалы өмір жағдайындағы әр түрлі тіршілік әрекеттері лидерлерден бірнеше сапаны талап етуіне байланысты сипат теориясының жеткілікті дәрежеде негізді еместігі айқындалды. Осылай болса да сипат теориясында бір тәжірибелік және психологиялық маңыз бар. Шындығында сенімділікпен лидерлерден әртүрлі сапаны талап ететін бірнеше әрекет түрінің бар екендігін дәлелдеуге болады. Осы тұрғыдан лидер тұлғасының әмбебап шәкілін құру мүмкін емес. Сипат теориясының қағидаларын жоғарыдағы себептер жокқа шығаруы мүмкін.

Қазіргі өскелең өмір талабы жағдайындағы лидерліктің сұранысқа ие болып отырған «сипат теориясының» ресми және құқықтық параметрлеріне талдау жүргізген Е.Абашкина мен Ю.Коса-лаповтардың ғылыми зерттеу жұмыстарына назар аударылуда [4].

Өйткені осы еңбектерде аталған ғалымдар лидерлердің сипатын жан-жақты ашуға. Атап айтқанда лидерге мынадай сипаттар тән екендігін көрсетеді: ізбасарлары тарапынан қолдау табу; өзіне деген

сенімділік; болжаған нәтижеге талпыну сенімділігін көрсете алу және ол туралы жанындағыларға айқын және жүйелі түсіндіруі; өз жақтастарына дем шабыт беріп, рухтандыру үшін жеткілікті оптимизм мен сенімнің болуы; жігерлілік; мінездің жайлылығы; көңіл күйдің дұрыстығы және т.б.

А.Петровский мен М.Ярошевский «сипат теориясы» бойынша лидердің негізін қалаушылар зерттеу жұмыстарында даму деңгейі әртүрлі топтардағы командалық қызмет әрекетінің әртүрлі үлгілерін араластырып жіберуі нәтижесінде бұл теорияны жарамсыздыққа әкелген деп, көрсетеді [5].

Ал, осы мәселе бойынша қазіргі заманғы авторлар топтарды даму деңгейі және қызмет түріне қарай бөлуді ұсынады. Оларды шартты түрдегі кеңістіктерге орналастырып, зерттеушілер осы топтардың лидерлерін анықтайтын, белгілі топты құрайтын жекелеген адамдардың жеке тұлғалық сипаттамасын жинақтайды. А.Петровский мен М.Ярошевский лидерді салыстырмалы түрде айқындауда оны сипаттайтын және топтың сапалы жинақталуының даму деңгейіне қатыстылығын ұсынады [6].

Сипат теориясынан кейін жағдаяттық теориялар кең таралымға ие болды. Мұнда лидерді өсіру үдерісінде жағдаяттың мәнділігі көрсетіледі. Осыған сәйкес Б.Д. Парыгин, А.В. Петровский, А.И. Уманский лидерлік белгілі бір орынның, уақыт пен жағдайдың, жағдаяттардың нәтижесінде пайда болатыны сөз етіледі [7-9].

Жағдаят теориясында лидерге тән белгілер қатынасын арнайы атайды және әлеуметтік жағдай өзгеруінің ең бастысы лидерді алмастырудың мүмкіндігін арттырады. Ғалым Т.Шибутани жағдаяттың өзгеруіне тікелей байланысты екі психологиялық факторды атайды: топты формализациялау деңгейі және топ мүшелерін автономиялау [10].

Осыған орай әлеуметтік жағдаяттың бес түрлі үлгісін бөліп көрсетуге болады. Бұлар: 1) күтпеген қиын-қыстау жағдаяттарда күтілмеген жаңа лидердің көрінуіне мүмкіндік туғызады, себебі бұрынғы лидердің әрекеті пайдасыз болады, яғни ол бұл жағдаятта басқа шешім қабылдай алмайды; 2) тым күрделі қайталанатын, бірақ алдын алуға болатын бұндай жағдаяттарда лидер мен жетекші алдын ала әзірленеді және олар қосалқы тұрғысынан саналады; 3) әдетте қайталанатын жағдаяттар, солардың негізінде конвенциялық нормалар жатыр: бұл жағдаяттар лидердің санын алдын ала болжамайды, алайда жоғары болуға бейімді адамдар мұндай әлеуметтік жағдаяттарда лидерлік рөлге ене отырып, алға шығады; 4) әдетте орын алатын конвенциялы жағдаяттарда әрқайсысының әрекет шеңбері айқындалған, басшылар мен бейресми лидерлер әрекет етеді; 5) топтық іс-шаралары – бұл топтың көп мүшелерінің әлеуметтік мінез-құлықтық іс-әрекетін анықтайтын үлгісі.

Е.Б. Абашкина мен Ю.Н. Косолаповалар бұл теорияда ғалым Э.Хартлидің модификациясын ұсынғанын атап өтеді. Ол келесі болжамдарды алға тартады:

- егер адам бір жағдаятта лидер болса, онда ол басқасында да лидер болуы ықтимал;
- стереотиптік түсіну нәтижесінде лидерлер бір жағдаятта жалпы лидер тұрғысынан топтық болып қарастырылады;
- адам белгілі бір жағдайда лидер болып, оның келесі жолы да лидер болып сайлануына мүмкіндік туғызатын абырой жинайды;
- бұл басымдылыққа жетуге оған ұмтылысы бар адамды таңдайды [10, 94 б.].

Жоғарыда талданған екі нұсқа, үшінші жеке тұлғалық жағдаяттық теорияны туындатты. Г.Герт пен С.Милздің төрт факторды анықтайтын зерттеулерін Е.Б. Абашкина мен Ю.Н. Косолаповалар бөліп қарастырады. Ғалымдардың пікірлеріне сәйкес бұл факторларды лидерлік феноменін қарастыру кезінде ескеру қажет деп, санайды: 1) лидердің сипаттары мен мотивтері; 2) ізбасарларының санасында соңынан еруге ұмтылдыратын лидерлік бейне мен мотивтер; 3) лидер рөлінің сипаттамасы; 4) лидердің атқаратын қызметі мен оның ізбасарларын баулитын ресми және құқықтық параметрлер. Осы тұрғыдан лидерлік жеке индивидтің жекелеген сипаттамасы ғана емес, адамдардың қарым-қатынасы тұрғысынан да зерттеле бастады.

Лидерліктің жағдаяттық теориясы А.Н. Леонтьевтің лидерлік проблемасына әрекетшілдікпен келу тәсілі үндеседі [11]. Осыған сәйкес лидерлік үдеріс негізделді, лидер болу себептері мен жағдайлары, лидерліктің мақсаттары мен міндеттері, тиімді үлгілері анықталды. Бұл теориялардың арасындағы ортақ жалпылық, екеуі де лидерлік құбылыс пен оның іске асатын ортамен байланыстары және де тәуелділіктерін айқындауға негізделген. Осылардың арасындағы айырмашылық жағдаяттық теория лидерлік ортасы үшін тән уақыт, орын, топтық әрекеттің жағдайы, яғни лидерлікке, ол басқаратын тұтас топқа жататын сыртқы параметрлерін есепке алады. Ал әрекетшілдік (іскерлік) тәсіл топтың мақсаты, міндеттері және құрамы сияқты ішкі сипаттамаларға назар аудартады.

Лидерлік проблемасының одан әрі дамуы лидерлік топтардың функциясы теориясын жалғастырды (ізбасарлардың рөлдерін анықтайтын теория). Бұл теорияда лидерлік ізбасардың функциясын құру деп ресми түрде жарияланды. Теорияның мазмұнында лидер, барлығынан бұрын өзінің соңынан өзгелерді ертіп, алып жүретін адам тұрғысынан қарастырылады. Сондықтан өзін қоршаған адамдарда оңды пікір қалдыру және сендіре білу мүмкіндігі ерекше маңызды болып табылады. Теорияда қазіргі заманғы қоғам өмірінде барынша таралымға ие болуда, әсіресе ол саяси қызметте саясаткерлердің өздерінің көпшілікке танымал болуы және жақтаушыларына әсер етуі үшін қажеттілік туындатуда.

Лидерліктің сипаты және ол әрекет еткен сәттегі жағдаяттар, лидерліктің атқаратын қызметі теориялардың маңыздылығы мойындалды. Жоғарыдағы теориялардың негізінде идеялардың шоғырландырған лидерліктің кешенді теориясы ұсынылды. Басқаша түсіндіргенде, «гуманистік бағыт» деп аталатын теория пайда болды. Америка құрама штаттарында кең таралымға ие болған лидерліктің мотивациялық теориясы лидердің тиімділігі ізбасарларының мотивациясына, тапсырмаларды өнімді орындау қабілетіне және жұмыс барысында олардың қанағаттану сезіміне әсер етуінен талап етілетіндігін дәлелдеді. Бұл теория лидерлік мінез-құлықтық, іс-әрекеттердің түрлерін анықтап, лидерлік үдерістің белгілі бір құрылымын сипаттайды. Осы құрылымға лидерлікті сүйемелдеу; сапалы нәтижеге жетуіне бағыттаушы лидерлік нұсқаулар; лидердің орындалған жұмыстарға қанағаттануы немесе қанағаттанбауы, ұнатуы немесе ұнатпаулары ескерілетін іс-әрекет мотивациясына ізбасарларының қатынасы; алға ойылған мақсаттарды орындауға, міндеттерді шешуге ізбасарларын шабыттандыру; олардың мінез-құлықтық, іс-әрекеттерін тұрақтандыру.

Лидерліктің бұл теориясы жағдаяттарға сәйкес лидерліктің қандай стилі тиімді болатынын алдын ала болжап қана қоймайды, сонымен бірге неге солай болатынын түсіндіреді [12].

Біздің зерттеуіміз үшін XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы лидерліктің құндылық теориясы ерекше қызығушылық туғызады (Г.Фейрхольф, Сюзан және Томас Кучмарский). Бұл теория негізінен практикалық бағытты ұстанады. Лидерліктің құндылық тұжырымдамасы, бәрінен бұрын кенеттен пайда болатын лидерлік үдерісті ұйымдастыру субъектілерінің іс-әрекеті бағытының негізі болып табылады. Лидерліктің типтерін жіктеумен оны түсінуге бағытталған психоаналитикалық тәсілдер де аса қызықты. Мәселен, З.Фрейдтің лидерліктегі невроз (ақылынан алжасқандық) тұрғысынан қарастырған көзқарастары қазіргі кездегі басшылықтың лидерлік тұжырымдамасына аса зор ықпал етеді. Ол қоғамды екі топқа бөледі:

- 1) шығармашылыққа қабілетсіз, психикалық тұрғыдан дұрыс адамдар тобы;
- 2) шығармашылыққа қабілетті, естерінен алжасқан адамдар тобы.

Соңғыларының билікке, үстемдікке деген талпынысы басқа әуестіктерге қарағанда басымдау келеді де, лидер болуға қабілетті болып табылады.

З.Фрейд лидерлікті екі жақты психологиялық үдеріс деп санайды: бір жағынан – топтық; екінші жағынан – жеке. Оның пікірінше, осы үдерістердің негізінде лидердің адамдарды өзіне тарта алу қабілеттілігі, ойланбастан таңдау, шексіз қадірлеу, сүйіспеншілікке бөлену қабілеттілігі жатыр. Ғалым бірдей тұлғалардан тұратын адамдардың ұрпағы сол тұлғадан лидер жасай алады деп, біледі.

Лидерлік феноменін психоанализ тұрғысынан әрі қарай негіздеуді американдық ғалым Г.Лассуэлл [13] ұсынады, оның ойынша, адамның билікті қажетсінуі өтеушілік шығу тегіне ие (тұлғаның өзін-өзі төмен бағалаушылығы билікке қол жеткізуімен өтеледі).

Психоанализ теориясының дамуына елеулі үлесін Франкфурт мектебінің ғалымдары (Э.Фромм және Т.Адорно) қосқан, олар билікке талпынатын тұлғаның өктем типін анықтады. Ондай адам үшін, өз ықтиярын басқа адамдарға таңу арқылы өзінің жеке жасқаншақтығынан арылуға мүмкіндік беретін билік психологиялық қажеттілікке айналған [14].

Қорыта айтқанда жоғарыда тоқталған теориялар (сипат теориясы, жағдаяттық теория, лидерліктің мотивациялық теориясы, лидерліктің құндылық теориясы және т.б.) болашақ мамандардың лидерлік сапасын арттырудың теориялық-әдіснамалық негіздері бола алады деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кузякин А.П. *Что такое лидер и лидерство? // Образование, 2000. – №4. – С.89-99.*
- 2 Gunther M. *Charisma // Journal of Communication, 1979. – Vol.29. – P.2-54.*
- 3 Stogdill R. *Personal Factors Associated with Leadership: A Survey of Literature // Journal of Psychology, 1948. – Vol.25. – P.35-71.*

- 4 Абашикина Е.Б. О теориях лидерства в современной политической психологии // США: экономика, политика, идеология, 1993. – №4. – С.13-21.
- 5 Петровский А.В. Теория деятельностного опосредования и проблема лидерства личности // Вопросы психологии, 1980. – №2. – С.29-41.
- 6 Петровский А.В. Психология: словарь / под общ. ред. Петровского А.В., Ярошевского М.Г. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с.
- 7 Парыгин Б.Д. Основы социально-психологической теории. – М.: Мысль, 1971. – 351 с.
- 8 Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. – М.: Политиздат, 1982. – 255 с.
- 9 Уманский Л.И. Психология организаторской деятельности. – М.: Наука, 1980. – 159 с.
- 10 Шибутани Т. Социальная психология. – М., 1969. – 334 с.
- 11 Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. – М.: Смысл, 2005. – 431 с.
- 12 Сайкина Е.Н. Современные концепции и тенденции развития лидерских качеств студентов в вузах США: дисс. ... канд. пед. наук. – Казань, 2004. – 140 с.
- 13 Lasswell H.D. Psychopathology and politics. – Chicago, 1977. – 335 p.
- 14 Природа политического лидерства <https://textbooks.studio/uchebnik-teoriya-politiki/priroda-politicheskogo-liderstva-24346.html>

МРНТИ 14.23.11

М.К. Ибраева¹, Ә.Түстікбай²

¹PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

²1 курс магистранты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ДӘСТҮРДЕН ТЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада дәстүрден тыс технологияларды қолдануда кез-келген ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жасына дейінгі балаларда қиялдың, шыдамдылықтың дамуына ықпал етеді, тапсырманы орындауға бөлінген барлық уақыт бойы жоғары шығармашылық, танымдық белсенділік, жұмысқа қабілеттілік сақталатындығы туралы айтылады.

Түйін сөздер: даму, белсенділік, танымдық белсенділік, дәстүрден тыс технология.

Ибраева М.К.¹, Түстікбай А.²

¹PhD, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

²магистрант 1 курса, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ НЕТРАДИЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

В статье рассматривается развитие познавательной активности у детей дошкольного возраста с использованием нетрадиционных технологий. Организованная учебная деятельность с использованием нетрадиционных технологий у детей дошкольного возраста способствует развитию фантазии, усидчивости, а также высокая творческая, познавательная активность, работоспособность на протяжении всего времени, отведенного на выполнение задания.

Ключевые слова: развитие, активность, познавательная активность, нетрадиционные технологии.

SOME PECULIARITIES OF DEVELOPMENT OF COGNITIVE ACTIVITY IN CHILDREN OF PRESCHOOL AGE WITH THE USE OF NON-TRADITIONAL TECHNOLOGY

Abstract

The article considers that any organized educational activity in the use of non-traditional technologies contributes to the development of imagination, endurance in preschool children, it retains high creative, cognitive activity, efficiency throughout the provided time for the task.

Keywords: development, activity, cognitive activity, non-traditional technologies.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында, «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес, керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы», – делінген [1].

Осы мақсат-міндеттерді іс жүзіне асыру қай салада болсын қарбалас жұмыстарды талап ететіні даусыз. Оның ішінде білім беру саласының алдында тұрған міндет аса жауапты. Қатаң бәсекелестікте жаһандық экономикалық тайталасқа дайын болуы – мамандардың шығармашылық біліктілігіне байланысты.

Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі дәуірі адамнан үлгілі, дәстүрлі іс-әрекеттерді емес, түрлі мәселелерді шешуде креативтілікті, ойлаудың икемділігін, жаңа жағдайларға жедел бейімделуді, шығармашылық көзқарасты талап етеді.

Балада шығармашылық, креативті бастаманың дамуы көп жағдайда педагогикалық процестің заманауи технологияларын қолдануға байланысты. Қазіргі уақытта оқытудың ақпараттық-репродуктивті әдістердің орнына шығармашылық тәсілге негізделген технологиялар белсенді түрде енгізіліп, пайдаланыла бастады. Осыдан балалардың шығармашылық, танымдық және белсенділік қызметін жандандыру қажеттілігі туындайды.

Белсенділік іс-әрекет контекстінде тұлғаның әлеуметтік сапасы ретінде қарастырылады. Іс-әрекет – адамынның әлемді игеруі мен белсенді қайта құруының ерекше түрі. Жеке тұлға іс-әрекет барысында қалыптасады және дамиды.

Белсенділік болмыстың қоғамдық формаларын жекелей қайта құруға, адамның қоғамдық мәнін жеке болмыс ретінде іске асыруға бағытталған қызмет ретіндегі әрекет болып табылады. Мұндай түсінік жеке тұлға мен оның белсенділігі мәселесі бойынша қазіргі заманғы зерттеулерде анықталып отыр. Ол Б.Ф. Ломов, В.С. Мухина, А.В. Петровский және басқа да бірқатар ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған [2, 3].

Белсенді танымдық іс-әрекет – бұл қоршаған ортаны тануға, балалардың жаңа білімі мен қызмет тәсілдерін ашуына бағытталған іс-әрекет. Ол құндылықты, зияткерлік және шығармашылық әлеуетті дамытуға жағдай жасайды, балалардың қызығушылығын арттыру, қалыптастыру құралы болып табылады, жаңа біліктерді, қажеттіліктерді және қабілеттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол адамзаттың мәдени тәжірибесін игерудің негізі, оқытудың маңызды шарты, сондай-ақ болашақтағы шығармашылық бастауы болып табылады.

Қазіргі замандағы зерттеушілер атап өткендей, педагогиканың жаңа парадигмасы білім, білік және дағды қалыптастыру мәселелерінің орталығын бала тұлғасының тұтас дамуына ығыстырады.

Қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде көркем-эстетикалық білім беру саласындағы мектепке дейінгі балалық шақтың ерекше маңыздылығы атап өтіледі, бұл көп жағдайда баланың қоршаған ортаны танымдық, эстетикалық қасиеттерде меңгеруіне бағытталған сабақтарға байланысты.

Сонымен қатар, қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде мектепке дейінгі жастағы баланың өнімді қызмет барысында барлық негізгі бағыттарда: сурет салу, аппликация, құрастыру, мүсіндеу, қоршаған ортамен таныстыру барысында нысандар мен заттарды салыстыру, олардың өзара байланысын орнату және бөлу, бейнелі түрде түсіндіру, құбылыстар мен заттардың маңызды белгілерін бөліп көрсету, яғни өзіндік интеллект, ойлау, қиял және т.б. дамыту сияқты ой айтылады.

Бұл жағдай нәтижелі қызметте көрініс табады, онда қабылдаудың, салыстырудың және бақылаудың жалпыланған тәсілдері қалыптасады, мектепке дейінгі баланың қалыптасатын жеке тұлғасының дараландырылған әлеуеті ашылатын шығармашылық және өзге де міндеттерді шешу жолдарын өз бетінше таба білу қабілеті дамиды. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, педагогика ғылымының мақсаттарының бірі балаларды адамгершілік-құндылық тәрбиелеудің жолдары мен тәсілдерін анықтау болып табылады.

Бұл ережелер осы зерттеудің тақырыптық бағытын таңдауға негіз болды және мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда білім беру ұйымдарының қазіргі педагогикалық тәжірибесіндегі дәстүрден тыс технологияларды қолдану мәселелерін зерттеу негізгі мақсаты ретінде анықталды.

Дәстүрден тыс техникалар мен технологияларға жүгіну балалардың пәндер мен олардың мақсаты, материалдары, қасиеттері, қолдану тәсілдері туралы түсініктерін байытуға ықпал етеді.

Белсенді эвристикалық технологияларды қолдану балалардың құбылыстар, формалар, олардың шығу тегі мен мақсаты туралы зейінділігін, өзін-өзі тануын және импровизациясын кеңейтуді күшейтеді, материалдарды қолданудың ерекше мүмкіндіктерін ашады, әдеттегі заттарға жаңаша тұрғыда қарау мен оларды қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

Бейненің дәстүрден тыс техникасы іс-әрекеттерді орындауда белгілі бір бірізділікті сақтауды талап етеді. Осылайша, балалар материалдарды пайдалану рәсімін белгілі бір ретпен жоспарлауға және орындауға үйренеді.

Дәстүрден тыс технологиялармен жұмыс жасау баланың оң мотивациясын ынталандырады, қоршаған ортаны тануға қызығушылық туғызады, өз жұмысы үшін күрделі және мүмкін емес дәстүрден тыс материалды пайдалану процессінің алдындағы қорқынышты жояды.

Дәстүрден тыс технологиялардың көптеген түрлері баланың жалпы даму деңгейін арттыруға, оның көру-моторының үйлесуіне және қоршаған ортаны қабылдауға ықпал етеді. Мысалы, кішкентай бөлме өсімдіктері үшін қыш құмыралар түріндегі жұмыртқа қабығын, бояулар мен қылқаламдарды, түрлі маталардың қалдықтарын, аппликациялардағы пленканы пайдалану және т.б.

Дәстүрден тыс технологияларды қолданатын кез-келген ұйымдастырылған оқу қызметі қиялдың, шыдамдылықтың дамуына ықпал етеді, тапсырманы орындауға бөлінген барлық уақыт бойы жоғары белсенділік, жұмысқа қабілеттілік сақталады. Сайып келгенде, қол жеткен мақсат – бала қоршаған ортаға ұқыпты қарауға үйренеді.

Дәстүрден тыс технологиялар қоршаған ортаны тану және экология сабақтарында педагогке балаларға жеке көзқарасты қалыптастыруға, олардың тілектерін, жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескеруге, сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесін дамытуға мүмкіндік береді.

Дәстүрден тыс технологиялармен оқытудың табыстылығы педагогтің қандай әдіс-тәсілдерді қолдануды жоспарлауына, балаларға белгілі бір мазмұнды жеткізуге, оларда тек білім, білік, дағды ғана емес, бірінші кезекте қоршаған ортаға деген махаббат, орындалатын жұмысқа, өнерге және жалпы табиғатқа шығармашылық-эстетикалық көзқарас қалыптастыруға байланысты. Ал бала жұмысының нақты нәтижесі оның қызығушылығына байланысты болады. Сондықтан сабақта мектеп жасына дейінгі баланың назарын белсендіріп, қосымша ынталандырулар арқылы оны іс-әрекетке итермелеу маңызды.

Аталған жұмыстардың барлығы мектепке дейінгі білім берудің мақсатты бағдарын сақтауды және сәйкестігін талап етеді.

Дәстүрден тыс технологиялар келесі критерийлерге сай болуы тиіс:

- ✓ балаларға олардың ерекшеліктері мен меңгеруді түсіну тұрғысынан қолжетімді болу;
- ✓ бейнені жасаудың маңызды құралдарымен қамтамасыз ету;
- ✓ жұмыстың жаңа тәсілдерімен және материалдардың түрлерімен таныстыру (пластикалық стаканدار мен қасықтар, түтікшелер, жұмыртқа қабығы, шырыннан пакеттері, тас, ағаш бұтақтары және т.б.);

- ✓ қол шеберлігін дамыту;
- ✓ санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкестендіру.

Дәстүрден тыс технологияларды пайдалану қажеттілігі күмән туғызбайды. Балаларға жұмыс істеу үшін ұсынылатын материалдардың әртүрлілігі, суреттер, аппликациялар жасаудың дәстүрлі, әдеттегі тәсілдерінен ауытқу, жаңа шығармашылық шешімдер іздеуге, эстетикалық, экологиялық тәрбие беруге, балалар шығармашылығын, белсенділіктің, қиялдың дамуына мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей отырып, біз келесідей қорытындылар жасаймыз:

➤ Қазіргі кезеңде білім берудің алдында тұрған негізгі жалпы міндеттердің бірі – бастамашыл, шығармашылық, білімқұмарлық, өз бетінше іздену және білім алу дағдыларына ие қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектептің қиындықтарына дайын балалардың жаңа буынын дайындау, бұл заманауи ғалымдардың айтуынша, мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі білім беру саласында заманауи мемлекеттік саясаттың күшеюіне ықпал етеді.

➤ Мектепке дейінгі қызметтегі дәстүрден тыс технологиялар – шығармашылық қабілеттер, баланы экологиялық тәрбиелеу қарқынды дами алатын қолайлы орта. Сондықтан балабақшада оқытудың маңызды міндеттерінің бірі балаларды өмірлік әсерлердің бейнелі көрінісі ретінде заттар мен құбылыстарды бейнелеуге үйрету болып табылады.

➤ Инновациялық технологияларды қолдану балалардың жұмыстарына ықпал жасаудағы ерекше бейнелер. Дәстүрден тыс технологиялар бойынша бейнені сәтті игеру мектепке дейінгі балаларға нағыз қуаныш сыйлайды, баланың шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттерінің қарқынды дамуына ықпал етеді. Дәстүрден тыс технологиялар соңғы деректерде қалыптасқан «әуестену арқылы оқыту» принципіне сүйене отырып, баланың әсерленетін қызығушылығына әсер етеді, есте қаларлық және жағымды эмоциялар, еркіндік және т.б. сезінеді.

Мақалада біз дәстүрден тыс технологияларды қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін дамыту ерекшеліктерін зерттеудің кейбір тұжырымдарын ұсындық.

Балалардың толық үйлесімді дамуы үшін ересектердің ықыласы ғана емес, мейірімді, эмоционалдық және мазмұнды қарым-қатынас түрі, сонымен қатар олардың шығармашылық әлеуетін дамыту негізінде ұйымдастырылған білім беру ортасы да қажет екендігі дәлелденді.

Яғни баланың айналасында жағымды қарым-қатынасты қолдау және танымдық қызығушылықты сақтау үшін дамытушы ортаның түрлі аспектілерін: мазмұндық (заттық-кеңістіктік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, мәдени және педагогикалық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге бағдарлануды ескере отырып бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етудің мазмұны); процесуалдық (балалар мен ересектердің шығармашылық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету атмосферасы құрылуы тиіс); технологиялық (тұлғаның шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін қызметті жандандырудың әртүрлі әдістері мен құралдарын) және жеке тұлғалық (ересектер мен құрдас-тарының әсері) қолдану.

Біз дәстүрден тыс технологияларды пайдалану ұғымын танымдық іс-әрекет тұжырымдамасымен байланыстыру қажеттігін атап өттік. Табиғи негіздің маңыздылығын мойындай отырып, біз, қоршаған адамдармен қарым-қатынас баланың дамуының сандық және сапалық ерекшеліктерін шешуші түрде анықтайды деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.
- 2 Ломов Б.Ф., Ананьев Б.Г. Осязание в процессах познания и труда, 1959.
- 3 Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі психология. – Алматы: Мектеп, 1986.

Ромашева Ж.Ж.¹

¹магистр соц.наук, зав. кафедрой «Психология и педагогика»,
Костанайский государственный университет им. А.Байтұрсынова

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ В ФОРМИРОВАНИИ ЭКСТРЕМИСТСКОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ

Аннотация

Актуальность исследования проблемы экстремизма продиктована тем фактом, что это явление стало неотъемлемой чертой современной цивилизации. В данной статье представлен обзор научных публикаций исследователей, посвященных изучению психологии экстремистского мировоззрения. Отражается основное содержание психологической составляющей экстремистского мировоззрения. Рассматриваются разные точки зрения на первопричину развития экстремистской направленности личности, психологические особенности личности экстремиста. Раскрыты субъективные факторы, занимающие важную роль в развитии экстремистского сознания. Приведен анализ современного состояния религиозной ситуации в Казахстане. Обзор психологических исследований говорит о необходимости дальнейших теоретических и эмпирических исследований проблемы формирования экстремистского мировоззрения, с целью профилактики и предупреждения деятельности деструктивной направленности.

Ключевые слова: экстремизм, мировоззрение, религиозность, экстремистское сознание, идеология, убеждения, эмоционально-нравственная сфера.

Ж.Ж. Ромашева¹

¹әлеуметтік ғылымдарының магистрі, «Психология және педагогика»
кафедрасының меңгерушісі, А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті

ЭКСТРЕМИСТІК КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Аңдатпа

Экстремизм проблемасын зерттеудің өзектілігі бұл құбылыс қазіргі өркениеттің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл мақалада экстремистік дүниетаным психологиясын зерттеуге арналған зерттеушілердің ғылыми жарияланымдарына шолу жасалған. Экстремистік дүниетанымның психологиялық құрамдас бөлігінің негізгі мазмұны көрсетіледі. Жеке тұлғаның экстремистік бағытын дамытудың алғашқы себептеріне әртүрлі көзқарастар, экстремист тұлғасының психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Экстремистік сананы дамытуда маңызды рөл атқаратын субъективті факторлар ашылды. Қазақстандағы діни ахуалдың қазіргі жағдайға талдау келтірілген. Психологиялық зерттеулерге шолу экстремистік көзқарасты қалыптастыру мәселелерін деструктивті бағыттың алдын алу және алдын алу мақсатында одан әрі теориялық және эмпирикалық зерттеулердің қажеттілігі көрсетілді.

Түйін сөздер: экстремизм, дүниетаным, діншілдік, экстремистік сана, идеология, наным-сенім, эмоциялық-адамгершілік аумақ.

Zh.Zh. Romasheva¹

¹master of social science, head of «Psychology and Pedagogy» department,
Kostanay State University named after A.Baitursynov

THE PSYCHOLOGICAL ASPECT IN THE FORMATION OF EXTREMIST IDEOLOGY

Abstract

The relevance of the study of the problem of extremism is dictated by the fact that this phenomenon has become an integral feature of modern civilization. This article presents a review of scientific publications of

researchers devoted to the study of the psychology of extremist worldview. The main content of the psychological component of the extremist worldview is reflected. Different points of view on the root cause of development of the extremist orientation of the personality, psychological features of the personality of the extremist are considered. Subjective factors that play an important role in the development of extremist consciousness are revealed. The analysis of the current state of the religious situation in Kazakhstan is given. A review of psychological research suggests the need for further theoretical and empirical studies of the problem of the formation of extremist worldview, in order to prevent and prevent the activities of destructive orientation.

Keywords: extremism, worldview, religiosity, extremist consciousness, ideology, beliefs, emotional and moral sphere.

Актуальность исследования экстремизма обусловлена тем, что в Казахстане, как и во всем мире, в последнее время получили значительное распространение различные проявления экстремизма. Они провоцируют нестабильность в обществе, способствуют ослаблению государственности, порождают в отдельных субъектах сепаратистские настроения и создают для экстремистов благоприятную возможность для реализации их противоправных целей и задач.

Для более детального рассмотрения проблемы экстремизма, необходимо проанализировать литературу и дать определение данному понятию. Обобщая представленные определения, остановимся на следующем: экстремизм – это приверженность крайним взглядам и, в особенности, мерам. Среди таких мер можно отметить провокацию беспорядков, гражданское неповиновение, террористические акции, методы партизанской войны. А приставка «религиозный» подразумевает приверженность к какому-либо вероисповеданию.

Проблема экстремистских организаций в разных формах ее проявления представляет угрозу не только для мирового сообщества, но и для национальной безопасности отдельно взятых государств, их территориальной целостности, конституционных прав и гражданских свобод. Эта проблема коснулась и Казахстан. Экстремистские организации начали свою деятельность в нашем государстве еще с начала 2000-х. К нынешнему времени многие религиозные организации запрещены на территории нашей страны, т.к. их деятельность признана судом экстремистской и имела деструктивный характер. К таковым относятся: «Аль-Каида», «Исламское движение Востока», «Исламское движение Узбекистана», «Курдский, организация «Хизб-ут-Тахрир», Народный конгресс» («Конгра-Гел»), «Асбат аль-Ансар» «Братья-мусульмане», «АУМ Синрикё», «Алла-Аят», «Ата жолы», «Джунд-аль-Халифат», «Таблиги джамагат», «Исламское государство» (ИГИЛ, ДАИШ, ИГ) и др [1].

Между тем, для выявления причин и мотиваций глобализации религиозного экстремизма исламского толка необходимо, на наш взгляд, исследовать формирование экстремистского мировоззрения личности. В психологии мировоззрение понимается как система устойчивых взглядов человека на мир и свое место в нем. Структурными элементами мировоззрения являются знания, ценности, идеалы, программы действий, убеждения (под которыми авторы понимают не «твердые принципы», а «принятые» – более-менее одобренные учеными «знания и ценности») и др.

Рассматривая религиозный экстремизм, возникает потребность разобраться что из себя представляет религиозное мировоззрение. В религиозном мировоззрении можно выделить две составляющие: психологическую структуру (чувства и действия людей, ритуалы) + идеологическую структуру (догматы, писания): мир удвоен, Бог духовен, Он творец вне мира, Священное Писание - источник знаний, иерархия по нисходящей от Бога.

Наше взаимодействие с миром окрашено эмоциями, связано с чувствами, трансформировано страстями. У экстремистов эти чувства и настроения, поведенческие установки, непосредственно мотивируют их к экстремистским действиям. Психологические факторы экстремизма являются, с одной стороны, производным результатом социально-экономических и политических причин, с другой стороны, они способствуют усилению действия этих причин и непосредственно создают благоприятную почву для восприятия массовым сознанием экстремистской идеологии. То есть только через психологические факторы осуществляется конечный синтез всех причин экстремистской деятельности, непосредственно порождающий экстремизм [2, 103 с.].

Ситуация системного социального кризиса, конечно же порождает соответствующие эмоционально-психологические переживания у всех социальных групп. Те социальные группы, которые в результате этого кризиса оказываются перед угрозой социального исчезновения, испытывают

постоянное и все усиливающееся состояние психологической фрустрации, вызванное ущемлением их жизненных потребностей.

В результате этой социальной фрустрации возникают сложные амбивалентные чувства, соединяющие в себе, с одной стороны, астенические, негативные чувства подавленности, угнетенности, безысходности, страха, бессилия, с другой стороны, стенические чувства ненависти, агрессии. Этот эмоциональный комплекс способствует формированию экстремистских, радикалистских поведенческих установок, выражающихся в направленности на насильственные, жестокие действия по отношению к «врагам», которые рассматриваются как главная причина всех бедствий. Экстремистские установки поведения характеризуются убеждением, что только насильственными жестокими мерами и действиями возможно радикальное исправление нестерпимой ситуации, критического положения, в котором оказалась данная социальная группа [3, с. 95-97]. Экстремистские поведенческие установки характеризуются также ослаблением или вообще отключением всяких нормативных запретов, начиная от юридических и заканчивая нравственными.

Большую роль в развитии экстремистского сознания играют субъективные факторы. Среди этих факторов особо выделяются эмоционально-чувственные и нравственно-психологические моменты формирования экстремистского мировоззрения. В этой связи можно предложить следующую абстрактную цепочку: экстремистский тип личности со специфическим мироощущением – экстремистское мышление, вырастающее на этой основе, – создаваемые им модели экстремистского поведения. Несмотря на все влияние, которое оказывается на этот процесс социальными условиями, логика движения по экстремистской «трассе» остается непреложной. Экстремизм неизбежно переходит от идейного и морального ригоризма к крайнему этическому релятивизму и даже цинизму. А это значит, что склонные к экстремизму личности обладают высоким порогом невосприимчивости, нечувствительности, т.е. мерой отчуждения в сфере эмоциональной культуры.

Известный террорист 1960-х годов прошлого века Антонио Негри признавался в том, что уничтожение и разрушение часто становились для него самоцелью, наиболее приятным и необходимым психологическим состоянием. «Результат меня не волнует, – заявлял он, – всякий акт разрушения и саботажа отзывается во мне как голос классовой общности. Возможный риск меня не тревожит, напротив, я ощущаю лихорадочное возбуждение, как если бы я ожидал встречи с любовницей» [4, с. 288].

Экстремистская поведенческая установка характеризуется убеждением, что только жестокими мерами, сопровождающимися ослаблением или полным отключением всех нормативных запретов, как юридических, так и нравственных, возможно радикальное исправление нестерпимой ситуации.

Существует радикальное отличие между убежденностью экстремистской личности и убежденностью нормальной личности. С точки зрения содержания идеологии активная жизненная позиция (позиция нормальной убежденности) предполагает социальную позитивность, практическую реализацию своих убеждений, сознательное отношение к общественному долгу, нравственность, творческое отношение к деятельности, конструктивность и гуманизм идеологии, использование гуманистических средств. Человек с активной жизненной позицией приходит к ней в результате глубокого реалистического, рационального и теоретического анализа существующей социально-политической среды.

Убежденность экстремиста складывается на почве интуиции, заменяющей рациональное познание реальности и логическое рассуждение. Экстремистская убежденность возникает на почве различного рода отклонений от нормальной логики рассуждения и познания реальности. Логика экстремиста исходит из тех фактов действительности, которые согласуются с его ценностными посылками.

Для экстремистского способа мышления характерно нарушение основных законов формальной логики. Экстремист воспринимает мир через призму примитивного бинарного, черно-белого разделения на хорошее и плохое, истину и ложь. При этом действительность относится, как правило, ко лжи, а экстремистская идея – к истине. Мерой истины является не соответствие идеи действительности, а соответствие действительности экстремистской идее. Эта логика упрощает видение мира, она не способна отразить сложность, противоречивость действительности, диалектические переходы и связи явлений. Отсюда враждебное отношение экстремистской идеологии к любой критике [5, с. 112-115].

Для человека с активной жизненной позицией существует определенная гибкость в реализации своих взглядов в соответствии с конкретно-историческими условиями. Для экстремиста ни гибкости, ни широты, ни глубины мировоззренческого познания нет. Он реализует свои идеалы без учета

исторической реальной ситуации и часто даже вопреки ей. Для гуманиста кроме деятельности по реализации своих социально-политических убеждений существуют творчески плодотворные деятельность и цели. Для экстремиста реализация его убеждений становится единственным содержанием личной жизни. Гуманист открыт для диалога и компромисса, экстремист закрыт для подобного.

Специфику экстремистских эмоциональных состояний следует искать во взаимодействии его внутреннего мира (жизненный мир) с миром внешним. Жизненный мир – это психическое переживание человеком своего существования в реальном физическом и социальном мире. Он включает в себя «внутренний мир» – систему потребностей, мотивов, убеждений и целей, определяющих направленность деятельности человека, и «внешний мир» – определенное представление об окружающей человека предметной и социальной действительности. В жизненном мире экстремиста существует расхождение между его личными представлениями о правильном устройстве мира и реальной действительностью, причем это расхождение четко осознается экстремистом и стимулирует его экстремистскую идеологию. Оно ставит личность с точки зрения процесса переживания в критическую ситуацию [6, с. 216-217].

Критическая ситуация определяется как ситуация невозможности, в которой субъект сталкивается с невозможностью реализации своих внутренних потребностей (мотивов, стремлений, ценностей). Внутренний мир экстремиста настолько прост, что мир внешний оказывается для него сложной преградой. Именно столкновение простого внутреннего мира и сложного внешнего мира определяет специфику жизненного переживания экстремиста. При этом экстремистское сознание не только не способно к адекватному пониманию действительности, но даже не стремится к этому. Понимание реального положения вещей ослабляет веру, расшатывает незыблемость принципов и установок, которых придерживается экстремист.

Одним из важнейших смысловых образований в сознании личности экстремиста является образ врага. Враг – это некто чужой, принципиально отличающийся по своему внутреннему устройству от индивида и от группы, к которой индивид себя причисляет. С врагом невозможны соглашения, т.к. он не принимает существующих норм; возможно только смертельное противоборство. В сознании личности экстремиста враг не представлен как конкретный партнер, он фактически лишен человеческих черт, в связи с чем его образ легко проецируется на любой так или иначе связанный с ним объект. Такая характеристика образа врага, как отсутствие конкретных личностных черт, объясняет характерную экстремистскому поведению жестокость. Экстремизмом можно назвать всякую крайность, лишенную нравственного начала, крайность на уровне безнравственности.

Таким образом, экстремистские действия тесно взаимосвязаны с экстремистским мировоззрением, имеют существенную идеологическую составляющую, что отличает их от других преступных действий, т.е. осуществляются они с целью провозглашения и достижения тех или иных идей. Экстремист – это лицо, которое, прежде всего, находится в состоянии экстремистско-идеологического конфликта с окружающими людьми, не разделяющими его идеологических взглядов. Исходя из этого, полагаем, что существенное влияние на формирование нравственно-психологических черт экстремистов после их становления на путь экстремизма оказывает мировоззрение экстремиста, идеологическая составляющая экстремистско-террористической деятельности, которая отражается на специфике эмоционально-психических состояний экстремиста (террориста), способе его восприятия и отношения к внешнему миру, а также на взаимодействии его внутреннего мира с внешним миром. В целом в основе эмоционально-психических переживаний экстремиста лежат экстремистская направленность и экстремистские мотивы по реализации экстремистской идеологии.

Список использованной литературы:

- 1 <https://ru.sputniknews.kz/infographics/20181212/8454986/kazakhstan-religiya-organizacii-zapret.html>
- 2 Желтов В.Н. Исламский терроризм: радикализация, рекрутирование, индоктринация. – М: Вузовский учебник: ИНФРА-М, 2018. – 103 с.
- 3 Угринович Д.М. Психология религии. – М.: Политиздат, 2006. – 95-97 с.
- 4 Антонян Ю.М. Экстремизм и его причины. – М.: Логос, 2010. – 288 с.
- 5 Харзинова В.М. Социально-психологическая, криминологическая характеристика личности экстремиста, террориста, занимающегося пропагандой среди молодежи // Историческая и социально-образовательная мысль, 2016. – №4. – С.112-115.
- 6 Андрюшин И.И., Алексеев Д.Е. Нарциссизм и когнитивная сфера личности в системе отношений к себе и другому // Мир психологии, 2011. – №3. – С.216-217.

УДК 159.922.73
МРНТИ 15.81.21

О.С. Шайкынова¹, С.С. Сейтенова²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің магистранты

²пед.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлқын тәрбиелеудің психологиялық ерекшеліктері туралы айтылған. Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда жүргізілетін жұмыс түрлері ұсынылған.

Түйін сөздер: оқушылар, мінез, тәрбие, психология, ерекшелік, адамгершілік, имандылық, қасиет, әңгіме-сұқбат.

Шайкынова О.С.¹, Сейтенова С.С.²

¹магистрант, Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова

²к.пед.н., ассоциированный профессор, Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ПОВЕДЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В этой статье говорится о психологических особенностях воспитания поведения детей младшего школьного возраста. Предлагаются виды работ по формированию поведенческой культуры школьников начальных классов.

Ключевые слова: учащиеся, характер, воспитание, психология, особенность, человечность, гуманность, достоинство, разговор-беседа.

O.S. Shaykynova¹, S.S. Seytenova²

¹Aktobe Regional State University K.Zhubanova, master of the department
"Pedagogy, Psychology and Primary Education"

²Ph.D., associate professor, Aktobe Regional State University K.Zhubanova

PSYCHOLOGICAL PECULIARITIES OF THE EDUCATION BEHAVIOR OF PUPILS OF PRIMARY CLASSES

Abstract

This article deals with the psychological features of the upbringing of the behavior of children of primary school age. Offered types of work on the formation of behavioral culture of primary school students.

Keywords: students, character, education, psychology, feature, humanity, humanity, dignity, conversation-conversation.

Халқымыз жақсы мінез-құлқымен, өнегелі ісімен көзге түскен баланы әдепті бала дейді. Әдептілік барлық адамдарға жарасатын қасиет. Бұл адамның бала жасынан алған тәрбиесіне, өскен ортасына, айналасындағы адамдардың қарым-қатынасына байланысты қалыптасатын қасиет. Баланың әдептілігі

оның сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, мінез-құлқынан, әртүрлі жағдайда өзін ұстай білуінен, жолдас-жораларымен және басқа адамдармен қарым-қатынасынан, жүріс-тұрысынан көрініп тұрады.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлқын тәрбиелеуде жүргізілетін жұмыс мұғалімнің бойындағы рухани күштерді түгелдей іске қосуды ақылгөйліктен туған шыдамдылық пен ұлы сүйіспеншілікті, балаларға деген, өз ісіне деген сүйіспеншілікті талап етеді [1].

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруға, тәрбие жұмысының мақсаты мен міндетіне және осы жұмысты ұйымдастырушы тәрбиешіге байланысты.

Бүгінгі таңдағы қоғамдағы ірі өзгерістер мен күрделене түскен экономикалық жағдайлар жас ұрпақ психологиясына айрықша әсер етіп қана қоймай, күн сайын күшейе түскен бұл қолайсыз факторлар мектептегі оқу тәрбие үрдістерін жақсартудың баламалы жолдарын іздестіруді талап етеді. Мектепке балалар көбінесе отбасынан мінез-құлқы қалыптасып келеді де, бұдан кейінгі оқу тәрбие ісі оларға ата-анасы берген қабілеттерін шыңдау үшін бағытталады. Міне, осы орайда, балалардың бойындағы жағымды қасиеттерді оятып, жағымсыз мінез, әдеттерді жою талабы педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігіне байланысты.

Бастауыш мектепте баланың жеке басының ары қарай қалыптасуы үшін аса маңызды роль атқарады. Оның өмірінде мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап айтарлықтай өзгерістер пайда болады, дамуының әлеуметтік жағдайы түп-тамырымен өзгереді, бала үшін жетекші орын алатын оқу әрекеті қалыптасады [2].

Баланың жеке қасиеттерінің психикалық дұрыс дамып жетілуі үшін әлеуметтік педагогтік ұжымдардың кәсіптік белгілері, ата-аналардың саналы көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы тығыз одақ, нәтижелі жұмыс қажет.

Әл Фараби баланың жасы өскен сайын, оның ақылы да, яғни тәнімен бірге жаны да өсіп отырады деген. Мұның бәрі оның тіршілік қажеттілігінен туындайды. Мәселен, балада ең алдымен өсіп-өну қуаты пайда болады. Бұл оның дене бітімінің қалыптасуында үлкен роль атқарады. Ана құрсағында-ақ тән түйсігі, біртіндеп дәм, иіс айыратын түйсіктер, заттың түрін, түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті қалыптасады. Жан қуаттары өмір барысында, оқу тәрбие үстінде дамиды. Бұл үшін адамның өз бетінше, әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Адамның адамгершілік, имандылық қасиеттері де оның өмірден алатын тәжірибесінен, үлкендердің жақсы өнегесінен туындайды. Адам дүниеге ақылды, не ақылсыз, зұлым, адал ниетті болып келмейді, мұның бәрі де жүре пайда болады.

Сондықтан, бастауыш мектеп оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмысында көркем мінез қалыптастыруда жекелеген әдеттерімен жоспарлы түрде дағдыландыру үшін сынып жетекшісі тәрбиелеуде арнайы жаттығулар өткізу керек. Бірақ жаттығулар дегеніміз жай ғана қайталай беру деген сөз емес. Қайталау әлде бір қимылды, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру үшін жағымды көңіл күй әсерлерімен, рахаттану сөздерімен бекіте түсу керек. Бұған кей ретте үлкендердің үнсіз мақұлдауы да, ұжымның, жолдастарының мадақтауы да жатады. Баланың өзі өз әрекеттері арқылы белгілі бір нәтиже алуға ынтық болғанда, өзі дұрыс жасауға тырысқанда ғана қайталау жаттығу ретінде пайдалы болады.

Көркем мінез-құлық қалыптастыру жұмысы бойынша жаттығулардың мазмұны және олардың формасы үйретілетін ережелердің сипатына байланысты болады. Мәселен, белгілі бір жағдайда баланың өзін қалай ұстауы керек екендігін мұғалімнің өзі көрсететін сабақтары да болады, яғни қазіргі уақытта сыныпта өгілетін тәрбие сағатында болады: жолдасты қонаққа қалай шақыру керек, үстел басында өзін қалай ұстау керек, компьютерлік орталықтарындағы әдептілік ережелерін қалай орындау керек. Осы сабақ үстінде балалар мұғалімнің көрсеткендерін қайталайды, дұрыс қылықтарға үйренеді, сонымен бірге балалар өздері өз кемшіліктерін, сөйлеу мәнерін, іс-әрекеттері жайында талқылап өздерінің әдепті болудың әдіс-тәсіл, дағдыларын меңгереді. Бұл жаттығулар мұнан кейін оқушылардың сыныптан тыс уақыттағы сан қырлы қызметіне енгізіледі. Балалар кинотеатр, жолдастарының туған күніне барады. Мұндайда олар үлкендердің тікелей қамқорлығынсыз-ақ өз беттерімен, бұрыннан өздеріне мәлім ережелер негізінде әрекет жасайтын болады.

Оқушыны тәртіптілікке тәрбиелеудің ең күшті құралы - мұғалімдермен ата-аналардың сөздері мен істердің тұтастығы, олардың жеке басының үлгісі. Оқушы есейген сайын оған тәрбиешінің-мұғалімнің, әкенің жеке басы үлгісі үлкен ықпал етеді. Екінші сыныптың оқушысы ата-анасының мінез-құлқы еліктеуге тұрар-тұрмасына қарамастан, көп ретте тіл алғыш болады. Олардың беделі әдетте сегіз жасар бала үшін соншалықты жоғары болады. Оның есесіне жас өспірімнен: «Ал өзі ше.....» дегенді жиі естуге болады. Егер мұғалімнің жеке басының мінез-құлқы балалардың көз алдына ешқандай құрметке ие болмаса, зорлап көндірудің ешбір шаралары беделді жасай алмайды.

Тәртіпке және көркем мінез-құлық тәрбиелеу – бұл ең алдымен оқушылардың санасын, олардың сенімін тәрбиелеу. Сондықтан оқушыларға қойылатын адамгершілік нормаларының талаптарын түсіндіру оларға өзінің жеке басының мінез-құлқын түсінуге көмектеседі. Сендіру әдісін қолданғанда баланың жас ерекшелігін ескеру қажет. Балалардың көзін жеткізіп сендіру – оларды қандай іс адамгершілікке жататынын, ал қандай іс адамгершілікке жатпайтынын бағдарлай білуге себі тиетін негізгі әдіс болып саналады. Бұл орайда «баланың өзінің мінез-құлық нормаларының қоғамдық пайдалы дағдылары мен әдеттерін қалыптастырудың қажетті шарты адам өз мәнін түсіне алатын және қоғамдық пайда және қажеттік тұрғысынан бағалай алатын мінез-құлық үшін қоғам, ұжым, басқа адамдар алдында барынша саналы түрде жауап беруі.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлқын тәрбиелеуде сынып жетекшісінің түсіндіру жұмысының мақсаты оқушылардың бойында мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы білімді жыл сайын жинақтау, қоғамдағы саналы тәртіптің адамгершілік, саяси мәнін ашып көрсету және осының негізінде өзінің мінез-құлқына жауапкершілікті, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға төзбеушілікті қалыптастыру болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлқын қалыптастыруда әңгіме, әңгіме-сұқбат жүргізудің маңызы зор.

Бастауыш сыныптарда пайдаланылатын мінез-құлық мәдениеті тақырыбындағы әңгіме – бұл адамгершілік мазмұны бар нақты деректер мен оқиғалардың эмоционалды айқын көрінісі. Сезімге әсер етіп әңгімелер тәрбиеленушілерді моральды жәйттерді бағалауға, олардың мәнін түсінуге көмектеседі. Мінез-құлық мәдениеті тақырыбындағы әңгіме бірнеше қызмет орындайды: баланың білім деңгейін көтеру, басқа адамдардың тәжірибесін баланың тұлғалық, адамгершілік тәжірибесін байытуға бағыттау.

Баланы тәрбиелеу, оның жеке бастының жақсы қасиеттерін қалыптастыру күнделікті өмірдің әр күні жүзеге асырылады. Сондықтан баланың күнделікті өмірі мен ісінің әр түрлі, мазмұнды болуы, жоғары адамгершілік қатынасқа құрылуы өте маңызды. Қиындықтары, табыстары мен сәтсіздіктері сөзсіз болмай қоймайтын соны білімдер алу, дүниені тану процесінің өзі балалар үшін қуаныш процесіне айналуы тиіс [3]. Жолдастарымен қарым-қатынас жасау, жаңа достар табу, ұжымдық жұмыстар мен ойындар, бірге қайғыру, еңбекке және қоғамдық пайдалы еңбекке араласу басқа еш нәрсемен салыстыруға келмейтін қуаныш сыйлайды.

Балалардың бойында ізеттілікті қалыптастыруда халықтық педагогиканың озық дәстүрлерінен туындаған ережелерді үнемі үйрету, олардың рухани өмірінің бағытына айналдыру нақтылы іс-әрекетпен шешіледі. Мұғалім, ата-ана мына ережелерді үнемі үйретеді:

- Сыпайы болу, сыпайылық-өзінді басқалар ұнататындай ұстай білу.
- Әрқашан сыпайы бол, көмек қамқорлық үшін рахмет айт, кетерінде қоштасуды ұмытпа.
- Үлкендерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға автокөлікте орын бер.
- Жығылғанды тұрғызуға көмектес, мұны шын жүректен қабақ шытпай ілтипатпен жаса.
- Қайда барсаңда кешігуші болма, әрқашанда айтылған уақытыңда кел.
- Өзің туралы абыржыма, үйден шыққанда қайда кеткеніңді айт.
- Үлкен кісімен сәлемдескенде ізетті, әдепті бол.
- Кішімен кішіпейіл, ақ жарқын сәлемдес.

Өмір сүру жағдайындағы әдет-ғұрыптармен дәстүрлер мазмұны жағынан төменгі сынып оқушыларының тәрбиесіне ықпал жасады. Мысалы: *“Ақырып айтқан ақылдан, ақылмен айтқан сөз артық”, “Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер”, “Ана өз баласын жанымен де, қанымен де сүйеді”, “Сүйер ұлың болса сүй, Сүйінерге жарар ол”* (Абай).

Нәресте анасынан туғанда екі түрлі мінезбен туады, біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам – бұлар тән құмары. Екіншісі – білсем деген, не көрсем соған талпынып ... көзі көрген, құлағы естігенінің бәрін сұрап тыныштық көрмейді – мұның бәрі жан құмары. Абайдың бұл ойы тыжырымдамасы қазіргі ғылым психологтардың тұжырымды зерттеумен тепе-тең деп бағалаймыз.

Балалардың мінез-құлқындағы қиындықтардың болу себебі, біріншіден, отбасы тәрбиесі, екіншіден мектептегі оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктермен сипатталады [4].

Бала мінезінде кездесетін үлкендерді сыйлау, дәрменсіздерге жәрдем беру сияқты адамгершілік қатынастарды қалыптастыру қазіргі таңның абзал міндеттерінің бірі екенін естен шығармаған жөн.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін сыныптан тыс жұмыстарды пайдалана отырып тәрбиелеудің мүмкіндіктерін белгіледік: ұжымдық, отбасылық, ұлттық мәдениет, қоғамдық орта арқылы тәрбиелеу.

Тәрбиелеу әдістеріне: мінез-құлық мәдениетінің Ережесі, талап қою, үйрету, жаттықтыру, мадақтау, жазалау, тыйым салу. Баланың кері мінез-құлық мәдениетін көрсетуге жағымсыз әрекеттерге қызығушылығы, бейне таспалардағы кейіпкерлерге еліктеушілік, өзін-өзі жоғары ұстауы, мақтаншақтық, жалқаулық, ата-аналардың балаларға деген жауапкершілігі, мектептегі тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылмағаны, сынып жетекшісінің сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудағы олқылықтары, балаларға арналған компьютерлік ойындардың мазмұны дұрыс құралмағандығы [5].

Дегенмен, бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға педагогикалық-психологиялық, философиялық талдау жасай отырып, бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың жүйелік сипаттамасы жасалуы қажет деп келесі бөлімізде тоқталдық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сейтенова С.С. Бастауыш сынып оқушыларын елжандылыққа тәрбиелеу мәселелері. БҚМУ ХАБАРШЫСЫ, №2(70), 2018.

2 Айтмамбетова Б., Бозжанова К. Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. – Алматы, 1998.

3 Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы / Ред. басқарған А.Петровский. – А.: Мектеп, 1987.

4 Ұзақбаева С. Эстетикалық және экономикалық тәрбие негіздері. – А., 1991.

5 Сейтенова С.С. Оқу тәрбие үрдісінде студенттердің ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру мүмкіндіктері. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы ғылыми журналы №1(104), 2015 ж. II бөлім 222-225 ж.

МРНТИ: 15.81.57

Г.Қ. Баймаханова¹, Э.А. Катина²

¹магистр, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университет

²магистр, аға оқытушы, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университет

**БАЛА МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ БҰЗЫЛУ СЕБЕПТЕРІНІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада авторлар мінезді адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік, көп қасиеттің бірлігі, қасиеті ретінде қарастырған. Аталмыш мәселеге қатысты ғалым И.П. Павловтың мінез туралы тұжырымдарын негізге алады. Мінез-құлық ауытқуының көрінуіне түрткі болатын білім беруімен байланысты әр түрлі факторларды көрсетеді. Жүргізілген зерттеулер бойынша жасөсіпкерлерде девиантты мінез-құлықпен (әділетсіздік, қылмысты топтарға тәуелділік, заңсыз істерді жасау, есірткіні қолдану, ішімдік, басқыншылық мінез-құлық, суицидті мінез-құлық) және басқа психикалық күйзелістермен байланысты. Девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізудің жолдарын атап көрсетеді.

Түйін сөздер: девиантты мінез-құлық, делинквентті және криминалды мінез-құлық, аномия, индивид, психика, дезадаптация.

Баймаханова Г.Қ.¹, Капина Э.А.²

¹магистр, старший преподаватель кафедры «Педагогика, психологии и начального обучения»
Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова

²магистр, старший преподаватель кафедры «Педагогика, психологии и начального обучения»
Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРИЧИН НАРУШЕНИЙ ДЕТСКОГО ПОВЕДЕНИЯ

Аннотация

В данной статье авторы рассматривают характер детей и их социально-психологические основы причин нарушений. Характеризуются основные жизненные тенденции человека и различие их собственной деятельности. По данному вопросу ученый И.П. Павлов о характере демонстрирует различные факторы, связанные с образованием, которые могут побуждать к проявлению поведенческих расстройств. А также рассматриваются исследования у подростков с девиантным поведением (несправедливость, зависимость от преступных группировок, незаконные дела, употребление наркотиков, алкоголь, агрессивное поведение, суицидное поведение) и другими психическими расстройствами. Предлагаются пути проведения воспитательной работы с детьми с девиантным поведением.

Ключевые слова: девиантное поведение, делинквентное и криминальное поведение, аномия, индивид, психика, дезадаптация.

G.K. Baymahanova¹, E.A. Kapina²

¹senior teacher's, master's, Aktobe regional state University named after K.Zhubanov

²senior teacher's, master's, Aktobe regional state University named after K.Zhubanov

SOCIAL PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL ASPECTS OF THE CAUSES OF CHILDREN'S BEHAVIOR DISORDERS

Abstract

The authors have examined the character of the qualitative differences, the unity of diversity, the property rights that characterize the basic life tendency of man and the difference in its own activities. On this question the scientist I.P. Based on the findings of Pavlov, of the nature. Demonstrates the various factors associated with education that can induce behavioral disorders. According to the research conducted in adolescents with deviant behavior (injustice, dependence on criminal groups, illegal cases, drug use, alcohol, aggressive behavior, suicidal behavior) and other mental disorders. Emphasizes the ways of educational work with children with deviant behavior.

Keywords: deviant behavior, delinquent and criminal behavior, anomie, individual, psyche, maladjustment.

Ұлы Абай өзінің отыз жетінші қара сөзінде «Мен егер Закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп, қай балада болмасын мінездің жақсы жақтарын қалыптастыруға болатындығына ерекше көңіл бөлген. Әрбір адам басқа адамдардан өзінің даралық өзгешелігімен ерекшеленеді. Бұл орайда, адамдар мінез ерекшеліктеріне орай ажыратылады.

Мінез – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік, көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктің қосындысы, сонымен қатар, адамды әр қырынан көрсететін қасиет.

И.П. Павлов адамның мінез бітістерін жоғары жүйке қызметінің тума типтері мен өмір сүру барысында қалыптасатын уақытша жүйке байланыстарының өзіндік «құйындысы» деп түсіндіреді. Ол былай деп жазды: «...адамның мінез-құлқының бейнесі жүйке жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге, организмнің жеке өмір сүру барысында болатын

ықпалдарға да байланысты, демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады» [1].

Бала шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап, ата-анасының тәлім-тәрбиесінде болады. Баланың тәрбиесінде басты рөлді ата-ана атқарады, яғни баланың дамуына зор ықпалын тигізеді. Баланың мінез-құлқының қалыптасуы, тәрбиесі барлығының алғашқы баспалдағы отбасынан, ата-анасының тәрбиесінен беріледі. Бұл үздіксіз процесс. Ағашты қалай күтіп, баптасаң, солай жемісін береді демекші баланы өмірге тәрбиелеуде дұрыс бағыт-бағдар бере білуіміз керек. Мінез негізіне жеке адамның моральдық-еріктік қасиеттері жатады. Содан кейін бала өмірінің маңызды кезеңі бастау алады, отбасынан тәрбие алған бала кейін қоғамға ене бастайды, өзінің жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып, өмірге бейімделеді. Бұл жерде бала үшін, қоғамның, мектептің, ата-ананың, ұстаздардың, араласатын достарының рөлі ерекше басым болмақ. Осыдан бастап бала мінез-құлқы анықтала бастайды, оның қандай ерекшеліктері бар екені, дарындылығы, сан-қилы қасиеттері көрінеді. Баланың жақсы болуы мектепте берілген ұстаздардың тәлім-тәрбиесімен, достарының жақсы болуына тікелей байланысты. Қоғамда әртүрлі мінез-құлықты балалар болады, кейбір балалар мектепке алғаш барғанда тұйық, ортаға дұрыс үйренісе алмайды, сол кезден бастап оның қабілеттерін ашпаса, бала тұйықталып ортаға енуден қашқақтай бастайды және ата-анасы жұмыста болып, балаға дұрыс көңіл бөлмесе, отбасында кикілжіңдер көп болса мұның барлығы бала психологиясына тікелей әсер етеді. Басқаларға дұрыс сырын айта алмаса бала іштей құсаланып, немесе мінез-құлқында ауытқушылықтар да пайда болуы әбден мүмкін. Девиантты мінез-құлық (лат. *deviatio* – ауытқу) – жалпыға ортақ ережелерден ауыткитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы. Кең мағынасында девиантты мінез-құлық кез келген әлеуметтік ережелерден (мысалы, оның ішінде жағымды: батырлық, аса еңбек-қорлық, альтруизм, өзін құрбан ету, аса үлкен рөл ойнау, жетістіктермен қатар, жағымсыз: қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу, адамгершілік ережелерін, дәстүрді, әдет-ғұрыптарды аттап өту, өзіне-өзі қол жұмсау және т.б.) ауытқушылықты білдіреді. Мұндай девиантты мінез-құлық әлеуметтік өмірді ыдыратып, әлеуметтік аномияға әкеп соқтырады. Ол конформизмге қарама-қарсы. Девиантты мінез-құлық әлеуметтік себептері қоғамның мәдени құндылықтары мен оларға қол жеткізудің әлеуметтік қолдау тапқан құралдарының арасындағы алшақтықта әлеуметтік құндылықтардың, ережелердің, қатынастардың әлсіздігі мен қарама-қайшылықтығында.

Девиантты мінез-құлыққа жауап ретінде қоғам немесе әлеуметтік топ арнайы әлеуметтік санкциялар қолданып, өз мүшелерін ондай қылықтары үшін жазалайды.

«Аномия» термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы. Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді.

Жағымды девиантты мінез-құлық – бұл көпшілік әдеттен тыс, таңғаларлық деп қабылдаса, кейбіреулер теріс деп қарамайтын құбылыстар болуы мүмкін. Бұлар-ерлік, өзін-өзі құрбандыққа шалу, біреуге шектен тыс берілу, біреуді шамадан тыс аяу т.б. көріністер болуы мүмкін.

Жағымсыз (негатив) девиация, керісінше, көп адамдарды мақұлдамау, жек көру сезімдерін туғызатын мінез-құлық ауытқушылықтары. Мысалы, терроризм, вандализм, ұрлық, сатқындық, жануарға қатыгездік жасау т.б.

Девиация бірнеше типтен тұрады: девиантты, делинквентті және криминалды мінез-құлық. Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

Делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшелінеді. Оның мынадай типтері бар. Агрессивті-зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерде көрініс береді.

Ашкөздік мінез-құлық (корыстное поведение): майда ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.

Криминалды мінез-құлық заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады.

Девиацияның негативті формалары әлеуметтік патология болып табылады: алкоголизм, токсикомания, нашақорлық, жезөкшелік, суицид, заң бұзушылық және қылмыскерлік. Олар жалпы қоғамға, айналадағы адамдарға және ең бірінші өздеріне үлкен зиян келтіреді.

Девиантты мінез-құлықты балалардың пайда болуының негізгі себептері: жанұяда берекенің болмауы; ата-ананың «ерекше» қамқарлығы; тәрбие берудегі кемшіліктер; өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау; өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы; - сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау; психоактивті заттарды жиі пайдалануы; агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы; агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы; мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы [2].

Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдас-тырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек. Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму ба-рысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін. Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда, ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Шеттену – невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік (эмоционал) тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашады. Егер, балада адамгершілік құн-дылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерге бейім тұрады.

Әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейім-сіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

- оқудағы декомпенсация – баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиыншылықтарға тап болуынан;
- мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;
- әлеуметтік бейімсіздік – баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, асоциалдық топтармен араласып, алкогольге, нашақорлыққа қызыға бастайды;
- криминалдылық – кейбір отбасындағы әлеуметтік жағдайдың өте төмен болуы, балаларды да өз ортасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкеледі, ал мектеп оқушысы, жасы жетпегендіктен жұмыс істей алмайды, содан барып олар қылмысты іс-әрекеттермен айналыса бастайды.
- баланың психоәлеуметтік дамуындағы ауытқушылықтардың негізгі факторы – ата-ана. Баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері бар: Әлеуметтік-экономикалық факторлар. Әлеуметтің теңсіздігі, қоғамның кедей және бай болып бөлінуі, жұрттың кедейленуі, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу т.б. [3].

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының қалыптасуында нақты іс-әрекетті ұйымдастырушы психолог, ата-ана, мұғалім болғандықтан, олардың кәсіби даярлығына, ғылыми психолого-педа-гогикалық негіздерін қарастыру қажеттілігі туындайды. Бүгінгі жасөспірім, ертеңгі белгілі бір маман иесі немесе қарапайым ғана қоғамдық ортаның мүшесі десе де болады, олардың тұлғалық түр сипатын даярлауда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда олардың психофизиологиялық негізін жетілдірудің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылып келеді. Жеке тұлғаның мінез-құлқын қалып-тастыру, дағдарыстардың алдын алу үшін келесі мәселелерді ескеруіміз қажет, яғни саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуда, жүйелі іс-әрекет жасауға мүмкіндік беру. Мінез-құлық дағдарысын психологиялық көзқарас тұрғысынан қарастыратын болсақ кез-келген жеке адам басқа адамдармен олардың ой-пікірімен, бағдарымен, жағымды эмоцияны сезінген кезде жүріс-тұрыста ауытқушылықтар болмайтындығы сөзсіз. Мұғалімге психологиялық білім өзіне-өзі белгілі талап қоя білу үшін де және оқушыларға білу, білім беру және тәрбиелеу үшін де қажетті өзіндегі жеке адамдық қасиеттерді дамытуға да керек. Ал оқушының оқуға қызығушылығын тудыру мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен қабілетіне байланысты болады. Бұл негіз ең біріншіден педагогтың жеке қасиетіне, қабілетіне, оқушымен қарым-қатынасына, олардың әрекеттерін дұрыс ұйымдас-тыруына қарай құрылады. Бала білімінің бастапқы іргетасы бастауышта қаланатыны бәрімізге

белгілі. Бастауыш сыныпта сабақтың бір элементтерін түсінбеуі оқуда қиындық тудырады, ал оқу бағдарламасы сыныптан сыныпқа ауысқан сайын күрделене береді, бұл баланың оқу үлгерімі нашарлап, сабақтан қашу, сабаққа келмеу және т.б. әрекеттері арқылы көріне бастайды.

Мінез-құлық ауытқуының көрінуіне түрткі болатын білім беруімен байланысты әр түрлі факторлардың келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- Ассоциальды мінез-құлық психобиологиялық деңгей негізінде әсер етуші индивидуалды әлеуметтік жағдайының бейімделуін қиындатады;

- Жанұялық және мектептегі тәрбиенің кемшілігінің әсерінен көрінетік психологиялық-педагогикалық фактор;

- Оқу-тәрбие ұжымында, көшеде, жеткіншектің жанұясының адамдарымен біріккен іс-әрекетіндегі ағымсыз ерекшеліктерін ашушы әлеуметтік психологиялық фактор;

- Идидивтің белсенді қарым-қатынас орнатуға өзі таңдаған қоғам ортасы, нормаларға және өзін қоршаған құндылықтарға, педагогикалық әсері мол жанұя, мектеп, қоғам. Сондай-ақ өзінің мінез-құлқын өзі реттеуші қабілетінің тұлғалық бағасының бағытын көрсетуші жеке тұлға факторы;

- Әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік шарттардың қоғамдағы алатын орның анықтаушы әлеуметтік фактор. Белгілі ғалымдар Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович зерттеулерінде мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынас, баланың ата-анасына және құрбыларына қарым-қатынасын анықтап, эксперименттік түрде зерттеп көрсеткен. Жалпы ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, бала мінез-құлқының қиындығы 6-8 сыныптарда әсіресе ұл балаларда басымырақ байқалады деген.

Жүргізілген зерттеулер бойынша жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықпен (әділетсіздік, қылмысты топтарға тәуелділік, заңсыз істерді жасау, есірткіні қолдану, ішімдік, басқыншылық мінез-құлқы, суицидті мінез-құлық) және басқа психикалық күйзелістермен байланысты. Бұл байланыс немен түсіндіріледі. Зерттеулерге сүйенсек, қызуқанды мінез-құлық отбасында қалыптасады. Осы жағдайлармен қатар қызуқандылықтың дамуына алып келетін мына жағдайларды көрсетуге болады [4]:

- жиі болатын ата-аналар арасындағы ұрыс-жан-жалдар;
- ата-аналардың бірін-бірі және балаларын сыйламауы;
- балаларға қарау мен бақылаудың болмауы;
- жасөспірімдердің пікірін елемей;
- ата-аналардың тиісті жылаулықты бере алмауы;
- балалардың ар-намысына тию;
- тәрбие жүйесінің сапасыздығы.

Қорыта келгенде, болашағынды болжау үшін ұрпағыңның денсаулығы мен тәрбиесіне көңіл бөлу керек екендігін естен шығармай, әрбір отбасы бала дүниеге келгеннен кейін емес, баланы дүниеге әкелер алдында тәрбиеге мән берсе дұрыс болар еді. Девианты мінез құлық-қоғамда ресми дәстүрлі қалыптасқан заңға және нормаларға сәйкеспейтін мінез-құлық. Девианттық мінез-құлық ішкілікке салыну, қараусыз қалу, нашакорлық, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстар және басқада формаларда көрінеді. Девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат, т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2004. – 269-279 б.
- 2 Акажанова А.Т. Девиантология: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 30-35 б.
- 3 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы, 1996. – 102-108 б.
- 4 Көбекова Ж.С. Психология негіздері: оқу құралы. – Қарағанды, 2013. – 150-154 б.
- 5 Намазбаева Ж.И. Психология. – Алматы, 2015. – 248-259 б.
- 6 Нығметова Б. Жалпы психология. – Алматы, 2014. – 102-107 б.

А.С. Абил¹

¹оқытушы, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасының магистрі,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ ФАКТОРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада елдің білім беру саласындағы дамуында ұстаздардың кәсібиігілі ерек орын алатындығы және қазіргі таңда кәсіби жетілген мамандардың өте қажет екендігі айтылған. Мектеп педагогінің кәсіби құзыреттілігі және оның шарттары, ұстаздардың біліктілігін арттыру бағдарламасының негізгі модульдеріне тоқталған. Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі – педагогтен өз пәнінің терең білгірі емес, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік тұрғыдан сауатты, жан-жақты құзырлығы қалыптасқан кәсіби маман болуын талап ететіндігі айтылған.

Түйін сөздер: білім беру жүйесі, жас ұрпақ, маман, жаңартылған білім беру бағдарлама, кәсібилік, құзыреттілік, әдіс-тәсілдер, диалог, сыни тұрғыдан ойлау.

Абил А.С.¹

¹магистр, преподаватель кафедры «Педагогики, психологии и начального обучения»,
Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПЕДАГОГА КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В этой статье упоминается, что учителя в области образования играют важную роль и что нужны квалифицированные специалисты. Обсуждается относительно профессиональной компетентности школьного учителя и ее условий, основные модули педагогической квалификационной программы. Одной из актуальных проблем современности является то, что преподаватель должен не только обладать глубокими знаниями своего предмета, а скорее требует профессионального психолога-педагогического, дидактически-методологически компетентного профессионала.

Ключевые слова: образовательная система, новое поколение, специалист, обновленная образовательная программа, профессионализм, компетентность, методы и техники, диалог, критическое мышление.

A.S. Abil¹

¹teacher, master Department of Pedagogics, Psychology and Primary Education,
Aktobe regional state University named after K.Zhubanov

PROFESSIONAL COMPETENCE OF THE TEACHER IS A FACTOR OF IMPROVING THE QUALITY OF EDUCATION

Abstract

This article mentions that teachers in the field of education play an important role and that qualified specialists are needed. It discusses the professional competence of the school teacher and its conditions, the main modules of the pedagogical qualification program. One of the urgent problems of modernity is that the teacher does not only have a deep knowledge of his subject, but rather requires a professional psychologist, pedagogical, didactically and methodologically competent professional.

Keywords: educational system, new generation, specialist, updated educational program, professionalism, competence, methods and techniques, dialogue, critical thinking.

Ертеңгі күннің бүгінгіден нұрлырақ ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдыретті күш тек білімге ғана тән. Яғни, қай елдің болсын әлемдік аренада жүйрік болуы және экономикасы қарыштап дамуы сол елдің білім жүйесінің деңгейіне тәуелді болмақ.

Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Ұлттың бәсекелестік қабілеті оның білімділік деңгейімен айқындалады. Мәңгілік Ел – бабаларымыздың сан мың жылдан бері асыл арманы. Ендігі ұрпақ – мәңгі қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» [1] деген сөзіндегі түйіні Мәңгілік елдің іргетасы – бүгінгі жас ұрпақ. Расында да, еліміздің болашағы білімді жастарымыздың қолында. Сол жастардың толыққанды сапалы біліммен, саналы тәрбиемен сусындап өсуі мен өз Отанын әлемдік деңгейге танытуы ұстаздан алған білімі мен тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты екендігі шүбәсіз. Мұның бір дәлелі ретінде бір қалалық газеттен оқыған керемет, ой саларлық әңгімеге тоқтала өтсем. Авраам Линкольн – АҚШ-тың мемлекет қайраткері, 1861-1865 жылдардағы 16-шы Президенті. Линкольн мырза сүйікті ұлы Уильямды мектепке беріп жатып, Америка президенті бола тұра, ұлының мұғаліміне әлемге әйгілі боп кеткен төмендегіше хатын жолдаған екен. «...Баламның барлық адам бірдей әділетті емес екендігін, ешкімнің шынайы болмыспен жүрмейтінін ертерек білуіне қапаланамын. Бірақ, оған әрбір жаман адамға қарсы тұрар бір батыр, алдамшы саясаткерге қарсы турашыл көшбасшы табылатынын түсіндіріңіз. Егер дұшпан бар болса, онда дос та табылады деп үйретіңіз. Мұның бәрін санамен түсіну үшін көп уақыт қажет екенін түсінемін, әйтсе де, маңдай терімен тапқан бір доллардың жолдан тауып алған бес доллардан артық екенін түсініп өссін. Өз ақылы мен күш қуатын әуелі өзі қадірлеп, керек болса ең жоғары бағаға сатуды үйретіңіз. Оған мейірімді болыңыз. Дегенмен, тым жұмсақтық таныта бермеңіз. Өйткені, тек отқа салған құрыш қана мықты болып шығады. Ұлыма батылдық беріңіз. Қайратты болуға рұқсат етіңіз. Әрдайым өзіне деген сенімі нық болсын. Тек сонда ғана адамгершілікке деген сенімі зор болмақ. Менің айтқанымды орындау оңай емес екендігін түсінемін. Дегенмен, қолыңыздан келгенін жасап көріңіз. Менің кішкентай ұлым сондай жақсы бала» [2]. Ия, бұл хат арқылы АҚШ Президенті мұғалімге үлкен жауапкершілік арта отырып, ұлының болашағын сеніп тапсырады. Ал, осындай Линкольн мырза секілді балаларының білім алуын ұстазға тапсыратын қаншама ата-ана, яғни, үлкен қоғам бар. Міне, мұғалімнің жас ұрпақты тәрбиелеуде алатын орны ерекше екенінің бір дәлелі.

Ұстаз – қашанда да болмасын, қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беруді көздейтін, жаңалыққа жаршы маман иесі.

«Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік – сол білімді іске асыру дағдысы» деп Ахмет Байтұрсынов айтып кеткендей, білім саласындағы жаңартылған бағдарлама бойынша заманға сай бейімделіп, жаңа технологиялармен қаруланып, ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруді мақсат етіп, әр сабағын жаңаша бағытта өткізсе, мұғалім оқушы үшін ең құрметті жанға айналады. Сондықтан әрбір ұстаз тек бүгінгі білімімен шектеліп қана қоймай, өзін кәсіби деңгейде дамыта білу керек.

Білім беруде **кәсіби құзырлы маман** иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компотенс – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [3].

Мектеп педагогінің кәсіби құзыреттілігі төмендегідей:

❖ әдістемелік құзыреттілік – оқытудың әр түрлі әдістерімен қарулану, дидактикалық әдістерді білу, оларды оқыту процесінде білім мен іскерлікті меңгерту үшін қолдана білу;

❖ зерттеушілік құзыреттілік – оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, құрылымы туралы жаңа білімді жасау үшін педагогикалық құбылысты, актілерді оқып үйренудің ғылыми әдістерімен қарулану;

❖ басқарушылық құзыреттілік – өз қызметі мен оқушы қызметін басқару тәсілімен, әдісімен қарулану;

❖ ақпараттық құзыреттілік – қазіргі ақпараттық технология – мен қарулану, қажеттісін пайдалану;

❖ коммуникативтік құзыреттілік – өзінің кәсібилігін үздіксіз жетілдіру, жеке және қоғамдық өмірді дамыту.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ.

Кәсіби құзыреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

➤ тұлғааралық және еңбектегі байланыс;
➤ қызметтің эканомикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі;

- қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы;
- практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті;
- нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі;
- тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Қоғамның өзгеруіне байланысты білім беру әдістері де, білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына қарай дамиды. Ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретіні анық. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушыны өздігінен білім іздейтін тұлға етіп қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Педагогикалық шеберлікті арттыру орталығының ұйымдастыруымен «Назарбаев зияткерлік мектебі» курсы бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі модульдері төмендегідей:

- ✚ білім беру мен алудағы жаңа тәсілдер;
- ✚ сыни тұрғыдан ойлау білуге үйрету;
- ✚ білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;
- ✚ білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- ✚ талантты және дарынды балаларды оқыту;
- ✚ оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту;
- ✚ білім берудегі басқару және көшбасшылық [4].

Осы аталған модульдердің бірнешеуіне тоқталып өтетін болсақ. Қазіргі таңда білім беру және алудағы жаңа тәсілдер «диалог негізінде оқыту және оқу» және «қалай оқыту керектігін үйретеді» қарастырады.

«Диалог» барысында оқушыға қойылатын сұрақ жоғары дәрежелі болатын болса, сұраққа жауап беру үшін сыныптағы өзге де оқушылар сыни тұрғыдан ойлана отырып, жауап беруге әрекеттенеді. Диалог бастауыш сынып оқушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы, тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Әртүрлі тақырыпта диалог құрғызы мынадай нәтиже береді:

- сабақта белсенділік жоғарылайды;
- сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды;
- дұрыс сөйлемдер құрауға дағдыланады;
- оқуға қызығушылығы артады.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша:

- шындалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақтар қойып дәлелдерді талдайды. Бастауыш сынып мұғалімі қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның кәсіби деңгейі де, құзыреттілігі де биік дәрежеде болады.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың *«Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады»* деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

Үнді халқының тарихи тұлғасы М.Гандидің *«Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса»* деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп отыру – бүгінгі заман талабы, яғни жаңартылған білім болашақтың

кепілі екенін жүзеге асыру мектеп қауымының алға қойған басты міндеті болмақ. Бүгінгі мұғалімнің еңбегі – тынымсыз ізденуді, үздіксіз кәсіби дамуды талап етеді. Қоғамның сұранысына лайықты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, өз бетінше білім алып, шешім қабылдай алатын, болашаққа жан-жақты көзқарасы бар, ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты тұлғаны қалыптастырайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014.

2 «Толқын»: қоғамдық саяси-газет, №2 (10451).

3 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. А.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2007.

4 Мұғалімге арналған нұсқаулық, үшінші деңгей // Назарбаев зиякерлік мектебі.

УДК-159.9.018

МРНТИ 15.41.21

Р.Ж. Досмырза¹

¹«Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасының аға оқытушысы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ КӨРНЕКІЛІК ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада психология пәнін оқыту барысында көрнекілік әдіс-тәсілдерінің түрлері және оларды қолданудың маңызы туралы мәлімет беріледі. Көрнекілік әдіс-тәсілдерінің маңыздылығы мен ұтымдылығы психология пәнін оқыту барысында пәннің мазмұнын, мәнін, мақсат, міндет-мүдделерін, жалпы психология оқыту әдістемесінің заңдылықтары мен қағидаларын ашып көрсету және заманға сай жаңа инновациялық технологияларды дұрыс қолдану арқылы оқыту процесін жеңіл, жылдам, әрі тиімді пайдалану жолы екендігі айтылады.

Сондай-ақ мақалада көрнекілік әдіс-тәсілдерінің маңыздылығы мен ұтымдылығы психология пәнін оқыту барысында пәннің мазмұнын, мәнін, мақсат, міндет-мүдделерін, жалпы психология оқыту әдістемесінің заңдылықтары мен қағидаларын ашып көрсету және заманға сай жаңа инновациялық технологияларды дұрыс қолдану арқылы оқыту процесін жеңіл, жылдам, әрі тиімді пайдаланудың маңыздылығы баса айтылады.

Оқытудағы көрнекілік әдісінің шарттары негізінде көрнекіліктің білім алушының жасына сәйкестігі, көрнекілікті сабаққа керек кезінде қолдануы, демонстрацияланған затты барлық білім алушының қабылдауы, иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты ажыратуы, құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият түсінуі, демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі көрнекі құралдар мен демонстрациялық қондырғылардың маңызы туралы мәліметтер баяндалады.

Түйін сөздер: психология пәні, психологияны оқыту әдістемесі, оқыту әдістері, оқыту тәсілдері, көрнекілік әдістер, демонстрация иллюстрация, бақылау.

Досмырза Р.Ж.¹

¹старший преподаватель кафедры «Педагогика, психология и начальное обучение»
Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАГЛЯДНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ПСИХОЛОГИИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются виды наглядных методов и приемов в процессе преподавания предмета психологии. Важность и рациональность наглядных методов и приемов в процессе преподавания предмета психологии заключается в раскрытии содержания, сущности, цели, задач,

интересов, закономерностей и принципов методологии обучения предмета общей психологии, а также раскрываются пути несложного, быстрого и эффективного процесса обучения с помощью правильного применения современных новых инновационных технологий.

В статье обосновывается значимость и рациональность иллюстративных методов в преподавании психологии при анализе содержания предмета, сущности, цели, задач, закономерностей и принципов методики преподавания общей психологии, а также эффективность использования современных инновационных технологий.

Соответствие визуального представления возрасту ученика, использование визуального представления в классе, демонстрация целостного предмета, разграничение наиболее важных иллюстраций, тщательная интерпретация феномена, демонстрация визуального представления контента с помощью наглядных пособий, а также рассматриваются вопросы участия студентов в демонстрационных установках для поиска необходимой информации.

Ключевые слова: предмет психологии, методика обучения психологии, методы обучения, приемы обучения, наглядные методы, демонстрация, иллюстрация, наблюдение.

R.Zh. Dosmyrza¹

*¹Pedagogical, psychology and primery school of the department senior lecture
Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov*

REQUIREMENTS FOR USE OF SCIENTIFIC METHODS IN PSYCHOLOGY EDUCATION

Abstract

This article provides information about the types of visual methods and techniques of teaching psychology and the importance of their application. In the process of studying the discipline "psychology" reveals the essence, purpose, objectives, interests of the subject, patterns and principles of teaching General psychology, as a means of easy, fast and effective use of the educational process with the use of new modern innovative technologies.

The article substantiates the significance and rationality of illustrative methods in the teaching of psychology in analyzing the content of the subject, essence, purpose, objectives, patterns and principles of teaching methods of general psychology, as well as the effectiveness of using modern innovative technologies.

Compliance with the visual presentation of the student's age, using the visual presentation in the classroom, demonstrating the holistic subject, distinguishing the most important illustrations, careful interpretation of the phenomenon, demonstrating the visual presentation of the content using visual aids, and also examining students' participation in demonstration installations to search for the necessary information.

Keywords: psychology, methods of teaching psychology, teaching methods, teaching methods, visual methods, demonstration illustration, control.

Психология пәні жоғарғы оқу орнындағы барлық мамандық бойынша оқытылып, болашақ мамандардың психологиялық сауаттылығы бүгінгі күннің басты талаптарының біріне айналды. Көп салалы психология курсының қай-қайсысы болмасын студенттің тұлғалық дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Психология пәнін студенттерге меңгертуде жоғарғы мектептің психология пәнінің оқытушысы тек педагог ғана емес, психолог маман сапасында да көріне білуі біз мән беріп отырған қазіргі заманғы маманды даярлауда басты рөл атқарары анық. Жетістіктерінің соншалықты ауқымды болуынан психология ғылымы бұл күнде адам жөніндегі ғылымдар жүйесінің бірінші қатарынан орын иелеуде.

Қазіргі заманда психологияның келесідей қолданбалы салалары: экономикалық, педагогикалық, құқықтық, әскери, ғарыштық, спорттық, өнер, басқару, менеджмент, т.б. жедел де өнімді қарқынмен дамуда [1].

Соңғы кезде «Қарасам – көремін, тыңдасам – естимін, ал әрекет жасасам – білемін» деген қағида педагогикалық қауым ортасында жиі айтылуда. Ғылыми деректерге сүйенсек, К.К. Платонованың зерттеулері төмендегідей көрініс береді: есту арқылы – 10, көру арқылы – 30, қарапайым әрекет арқылы – 50, ал белсенді әрекет арқылы – 90 пайыз есте сақтау пәрменділігін көрсетеді [2].

Қазіргі заманғы психологиялық білім мен оның тәжірибесіне деген қызығушылықтың өсуі жоғары мектептегі психологияны оқытудың әдістемесіне жаңа, әрі тиімді әдістерді енгізуді қажет етіп отыр. Психологияны оқытудың тиімділігі негізінен педагогтың оқу процесін психология ғылымының теориясы мен тәжірибесінің мазмұнына сай ұйымдастыру іскерлігіне байланысты болады. Психологияны оқытудың мақсаты дәл осы мазмұнды қамтиды: өмірдің әр түрлі жағдайларында адамдардың өзара әрекеті мен қарым-қатынасын орнатудың теориясын және тәжірибелік білімдері мен әдістерін студенттерге меңгертуді көздейді. Психологияны оқыту басқа адамдардың ойлау бейнелері мен әрекет бейнелерін анықтайтын жағдайларды өзгерту мен түсіну тәсілдерін меңгертуге ғана емес, сонымен бірге, адамның өз тіршілік әрекеті мен санасын да өзгертуге бағытталған. Жалпы білімдену процесінің табысты болуы көбіне қолданылатын оқыту әдіс-тәсілдеріне тәуелді болып келеді. Оқыту әдіс-тәсілдерінің түрлерін зерттей келе психология пәні үшін тиімдісі – білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, олардың қабылдауын жоғарлататын әдіс-тәсілдер жатады.

Оқыту әдісінің мәні, әдіс және тәсілдерінің арақатынасы «Қалай оқыту керек?» дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Әдіс – жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу процесінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат – мазмұн – форма – оқыту әдісінің құралдары» [3] көрсетеді.

Әдіс – гректің «*metodos*» деген сөзінен алынған, табиғат құбылысын және әлеуметтік өмірдің жағдайын зерттеу немесе таным жолы, құбылыстарды оқып білу жолдарын, әдіснамалық теория танымы мен шындықты зерттейтін тәсіл. Философия әдісті белгілі түрде іс-әрекетті ретке келтіретін, мақсатқа жету тәсілі ретінде қарастырады. Тұтастай алғанда, әдіс-практикалық және теориялық әрекеттерді шындығында меңгеруге бағытталған нақты міндеттерді шешудегі операциялардың, бірдей тәсілдердің жиынтығы.

Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде ХХІ ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Ал, педагогтің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгеруін бақылаудың, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу болып табылады. Білім саласына үлкен үлес қосқан белгілі педагог Джон Дьюидің «Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деуі, қазіргі педагогтердің білім беру барысында әдіс-тәсілдердің дұрыс қолданылуын және жаңашыл қоғаммен бірге жылжуын нақтылайды. Сондықтан психология пәнін оқытуда көрнекілік әдіс-тәсілдері, оларды дұрыс оқыту мақсаттарына орай, бір-бірімен тығыз бірлікте, атқаратын қызметіне қарай қолданғанда ғана тиімділігі артады. Көрнекілік әдіс-тәсілдері білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, мотивациялық қызмет атқарады және әдістерді сабақтың дидактикалық мақсаттарына сәйкес қолдана білудің маңызы зор.

Көрнекілік әдіс-тәсілдерінің маңыздылығы мен ұтымдылығы психология пәнін оқыту барысында пәннің мазмұнын, мәнін, мақсат, міндет-мүдделерін, жалпы психология оқыту әдістемесінің заңдылықтары мен қағидаларын ашып көрсету және заманға сай жаңа инновациялық технологияларды дұрыс қолдану арқылы оқыту процесін жеңіл, жылдам, әрі тиімді пайдалану болып отыр.

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен білім алушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, заттардың символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Аты әлемге әйгілі Шығыс ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби «оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) оқыту процесінде қолдануды ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты.

Демонстрация (көрсету) психология пәнін оқыту барысында білім алушыларды құбылыстар, процестер және заттардың нысанасымен табиғи жағдайда таныстыру барысында қолданады. Әдістің бұл түрі оқылып отырған тақырыптың мазмұнын анықтау, объект құрылымы және сыртқы көрінісімен немесе бірыңғай мәліметтердің орналасу жағдайымен таныстыруды көздейді. Студенттердің сезіміне көрнекілікті құбылыстарды, процесстерді, объектілерді елестетіп, олардың сапасына тиімді әсер етеді. Берілген әдіс пен игерілетін құбылыстың динамикасын ашып көрсетуде, жаңа мәліметтермен таныстырғанда кеңінен қолданылады және түрлі құрылым немесе тигізер әсерін қарастырады. Берілген әдіс білім алушылардың мәліметтер, құбылыстар мен процестердің, керекті өлшемдерін жасап, өзара байланысын, танымдық белсенділігін іске асырып берілген білім дағ-

дыларының мәнін, сапасын анықтайды. Нақты жағдайда заттарды, құбылыстарды түсіндіруде демонстрациялау дидактикалық тұрғыдан құнды болып табылады [4]. Демонстрация әдіс сапасын көтеруге, объектіні дұрыс таңдап алып, демонстрацияланатын заттың, құбылыстың мәнді жақтарына студенттердің көңілін аударуға, сонымен қатар түрлі әдістерді педагогтың біліктілігіне қарай пайдалана білу үшін қолданылады.

Иллюстрация әдісін қолдана отырып, оның көрсетілу әдісіне көп мән беру керек. Көрнекті құралдың дидактикалық ерекшелігін, оның танымдық процестегі ролі мен орнын ойластырып алу керек. Оқытушының алдына қойған мәселесі – иллюстрациялық материалдың оптималды көлемін анықтап алу.

Иллюстрация алдын-ала дайындалады. Берілетін тақырып бойынша түрлі суреттер, диаграммалар, таблицалар психология пәнін оқыту барысында мақсатты түрде қолданылады. Қазіргі білім беру мекемелерінде иллюстрацияны пайдалану үшін экранды техникалық құралдарды пайдалану уақыт талабы.

Көрнекілік әдістерінің ішіндегі кең тараған үшінші түрі – бақылау әдісі. Бұл әдіс барлық психологиялық пәндерін оқытуда кеңінен қолданылады.

Бақылау әдісі сабақта нақты заттар мен көрнекі құралдарын көрсету кезінде, лабораториялық жұмыстарда, зерттеу операцияларын орындау барысында ерекше орын алады. Бақылау оқытушы басшылығымен сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта бағдарлама тапсырмасына байланысты немесе студенттердің өздерінің қалауы бойынша кеңінен іске асырылады. Дұрыс қолданған бақылау әдісі студенттердің байқағыштық, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

Бақылау әдістерін қолданудың тиімділігі мынандай тәсілдерді қолдана білуге байланысты:

- ✓ байқаудың мақсатын анықтау;
- ✓ қабылдайтын нәрселердің мөлшерін белгілеу, салыстыру арқылы олардың көптеген белгілерінің ішінен ең негізгі, бастыларын ажырату;

- ✓ оларды топтастырып, қорытындылар мен тұжырымдар жасау.

Байқайтын нәрселердің, бейнелердің ерекшеліктеріне байланысты бақылау әдісінің негізгі түрлері:

- ✓ демонстрациялық бақылау;
- ✓ экскурсиялық бақылау;
- ✓ лабораториялық бақылау;
- ✓ студенттердің өздігінен дербес бақылауы.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың күшті құралы-бақылау. К.Д. Ушинский «Бақылау – логикалық ойлаудың негізі» деп жай айтпаған. Ұлы педагог логикалық ойлауға үйрену үшін, ең алдымен, білім алушыларды жан-жақты бақылауға үйрету керектігін де ескертеді.

Бақылау өткізудің негізгі әдістемелік талаптары:

1. Оқытушы студенттерді белгілі нәрсені жан-жақты бақылауға, оның неғұрлым көп және әртүрлі қасиеттерін, ерекшеліктерін, мүмкіндігінше, көру, есту, дәм, иіс, т.б. сезім мүшелерін қатыстыру арқылы зерттеуге бағыт беруінің маңызы зор. Бақылау тек көру т.б. сезім мүшелерінің жұмысымен ғана емес, ол адамның ойлау әрекетімен тығыз байланысты болуы керек [4].

2. Оқытушы бақылауда оқушыға анализ бен синтез арқылы заттардың негізгі қасиеттерін ажырату, топтастыру, қорытындылау сияқты ойлау процестерін қолдануға басшылық етуі қажет.

3. Оқытушы студенттердің бақылауын ұйымдастыру үшін, ең алдымен, бақылаудың мақсатын, байқайтын нәрселердің мөлшерін немесе көлемін анықтап, жоспарын жасап беруі керек.

Оқу процесіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (интерактив тақта, оқу теледидары, видео-магнитофондар) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Соңғы жылдары тәжірибеде қолданылатын көрнекіліктердің жаңа түрлері алуан түрлі. Мысалы: түрлі материалдан жасалған карталар, пәндік иллюстративтік альбомдар, әдеби 3Д суреттер, т.б. Зерттеу мен тәжірибелер арқасында ЛЭТ аппараттары, кодоскоптар, күндізгі уақыттарда да түрлі бейнелерді көре алатын құралдар пайда болып жатыр. Заман ағымына сай дидактикада қолданылатын көрнекілік әдіс-тәсілдер жылдам, әрі оқыту мен тәрбиелеуде үлкен нәтижелерге жетуге көмек және қолжетімді мүмкіндіктер береді. Бұл педагогтарға бір уақытта көрнекілік әдіс-тәсілдер арқылы дамуға және абстракті ойлауға бағдарлайды.

Қазіргі таңда көрнекі құралдың жаңа түрі - жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, түрлі оқу ғимараттарында (мектеп, лицей, колледж, университет) интерактивті тақталар кабинеттерге орнатылып, оқу процесінде қолдану мүмкіндіктері туып отыр. Алысты жақындататын бұндай техникалық құралдар білім алушылар үшін білім алудың таптырмас көзі және әдістің оқыту процесіндегі мүмкіндіктерін кеңейтуші болмақ.

Оқытудағы көрнекілік әдісінің шарттары:

- көрнекіліктің білім алушының жасына сәйкестігі;
- көрнекілікті сабаққа керек кезінде қолдану;
- демонстрацияланған затты барлық білім алушының көруі;
- иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу;
- құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;
- демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі;
- көрнекі құралдар мен демонстрациялық қондырғылардан керекті мәліметтерді табуға білім алушыларды қатыстыру [5].

Қазіргі психологтардың, психолінгвистердің, педагогтардың және басқа да мамандардың зерттеулері бойынша басты құндылықтардың бірі, бірегейі – жоғары қабылдау деңгейі және берілген мәліметті бар ойымен барлық қабылдау жүйелері арқылы: көру, есту, кинетикалық, т.б. арқылы қабылдау болып табылады. Сонымен психология пәнін оқыту процесінде көрнекілік әдістерін пайдалану, студенттерге толық оқытылатын мәліметтердің көрнекілік ролін көрсету, сұраныстарын қанағаттандыру, олардың қызығушылығы мен қажетін, мұғалімдердің еңбегін жеңілдету, босаған уақыт білімді бақылайтын және коррекциялайтын, т.б. қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кері байланыс жұмысын; толық және жүйелі түрде бақылауды ұйымдастыру, үлгерімді объективті есепке алуды ұйымдастыруда маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жарықбаев Қ.Б., Озғанбаев Ө. Жантануға кіріспе. – Алматы, 2000. – Б.22-24.
- 2 Платонов К.К. Проблемы способностей. – М., 1999.
- 3 Жақыпов С. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы. – Алматы, 2008.
- 4 Солсо Р.Л. Когнитивная психология. – М., 2002.
- 5 Жақыпов С.М., Тоқсанбаева Н.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі. – Алматы, 2016.

МРНТИ 15.41.00

М.К. Жазыкова¹

*¹педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада автор Қ.Жұбановтың 1936 жылы жарық көрген орта мектептің 5-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығын талдай отырып, оның тілдің теориялық мәселелерін зерделеуді ұлттық психологиямен байланыстырғанын атап көрсетеді. Осыған байланысты еңбекте Қ.Жұбанов оқулығынан нақты мысалдар берілген. Қ.Жұбанов еңбегінің басты ерекшелігі ретінде автор теориялық ұғымдарды түсіндіру мақсатында алған оқу материалдарының көпшілігінің қазақтың ұлттық болмысына тән болып келетіндігін атап айтады. Автор ғалым қаламынан туған оқулықта баланың ойына ой қосатын тартымды, терең мазмұнды мысалдардың көптеп кездесетінін атап айтады. Тілді адам қатынасының негізгі құралы ретінде пайдалануда психология ғылымының заңдылықтарын терең қолдану керек деген Қ.Жұбанов тұжырымының маңыздылығын Ф.Оразбаева, Б.Хасанов сияқты ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсеткен. Аталмыш мәселеге қатысты қазақ ғалымдарының ой-тұжырымдарына тоқтала отырып, автор қорытындысында Қ.Жұбанов еңбектерінің Қазақстанда психология ғылымын қалыптасуда маңызы зор екендігін көрсетеді.

Түйін сөздер: психология, ұлттық психология, ұлттық болмыс, сөйлеу тілі, тілдік қатынас, сөйлеу әрекеті, дүниетаным, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика.

Жазыкова М.К.¹

¹к.п.н., доцент, Актыбинского регионального
государственного университета имени К.Жубанова
Актобе, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИИ В ТРУДАХ ПРОФЕССОРА К.ЖУБАНОВА

Аннотация

В статье анализируется учебник К.Жубанова «Казахский язык» для 5-класса средней школы, выпущенный в 1936 году. Отмечая, что К.Жубанов рассматривал теоретические проблемы языка во взаимосвязи с психологией, автор доказывает свою мысль конкретными примерами из учебника. Также автор анализируя учебник К.Жубанова, отмечает следующую особенность: учебные материалы, взятые для объяснения теоретических проблем языка, соответствуют менталитету казахского народа. Автор обращает внимание на то, что в учебнике очень много содержательных примеров, способствующих развитию мышления детей среднего школьного возраста. Исследуя труды профессора К.Жубанова, казахстанские ученые Ф.Оразбаева, Б.Хасанов отмечают важность концепции профессора К.Жубанова при рассматривании языка как средства человеческого общения. В заключении автор отмечает о значительном вкладе учебника К.Жубанова в развитии психологии как науки в Казахстане.

Ключевые слова: К.Жубанов, психология, национальная психология, национальное бытие, речь, языковая коммуникация, речевая деятельность, мировоззрение, психолингвистика, социолингвистика.

M.K. Zhazykova¹

¹Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of
Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov
Aktobe, Kazakhstan

PROBLEMS OF PSYCHOLOGY IN PROFESSOR K.ZHUBANOV's WORKS

Abstract

The article analyzes the textbook of K.Zhubanov "Kazakh language", released in 1936. Noting that K.Zhubanov considered the theoretical problems of language in connection with psychology, the author proves his thought with concrete examples from the textbook. In conclusion, the statements of modern Kazakh scientists about the values of K.Zhubanov's heritage in the development of psychology in Kazakhstan are given.

Keywords: K.Zhubanov, psychology, national psychology, national being, speech, language communication, speech activity, worldview, psycholinguistics, sociolinguistics.

Қазақтың тұңғыш лингвист-профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың (1899-1937 жж.) ғылыми-шығармашылық мұрасы түрлі салаларды қамтиды. Аталмыш мол мұраның қазіргі егемен Қазақстан жағдайында әр түрлі деңгейдегі және жаңа типтегі ұлттық мектептерді дамытып, жетілдіруде маңызы зор. Ғалым қазақ халқының болашағы оқу-білімнің, ғылым мен мәдениеттің дамуында екенін жақсы түсініп, білім беруде қазақ халқының ұлттық психологиясына бет бұру, оның озық идеяларына сүйену қажеттілігін дәлелдеді. Ол қазақ балаларына тіл үйретуде ұлттық болмысқа тән ерекшеліктерді ескеретін әдістер іздестіру керек деген ойды көлденең тартады. Сабақ барысында меңгерілетін теориялық білім мен оны іс жүзінде қолдана білу білігін қалыптастыру мақсатында берілетін сөйлем талдау, құрастыру, баяндау жұмыстарын жүзеге асыруда ғалым қазақ халқының еңбек құралдары, қоршаған орта құбылыстары, қолөнер бұйымдары сияқты өмірден алынған нақты мысалдармен түсіндіру әдісін шебер пайдаланған. Бұл, әрине, оқушылардың танымдық шеңберін кеңейтуге жағдай жасайды. Сайып келгенде, бұл мәселелер оқу үдерісіне ұлттық санаға тән элементтерді енгізудің тәлім-тәрбие беруде маңыздылығын, қажеттілігін дәлелдейді. Ғалымның 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығынан мысал келтірейік: «Тігіліп біткен киім, тоқылып шыққан өрмек, иіріліп болған жіп сияқты, сол күйінде адам қерегіне жарарлық болып жасалған затты бұйым дейміз. Бұйым жасауға керекті затты материал дейміз» [1, 147].

Қ.Жұбанов өзі өмір сүрген 20-ғасырдың 30-жылдарында бөгде халық болмысынан туған үлгілер мен әдіс-тәсілдерді талғаусыз, елеп-екшелемей көшіре салудың зиянды екенін көрсетіп, өзі мұндай амал-тәсілдерге үзілді-кесілді қарсы болған. Сөйтіп, профессор Қ.Жұбанов тілді оқыту мәселесін алғашқылардың бірі болып халықтың даналық ойлары (өсиет-өнегелері, мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, т.б.) арқылы жүзеге асыруға ден қояды. Ғалым гуманитарлық ғылым саласын дамыту арқылы қоғамдық ой мен мәдениетті, тарих пен өнерді терең түсінуге болатынын атап көрсетеді.

Қ.Жұбанов еңбегінің тағы бір ерекшелігі – теориялық ұғымдарды түсіндіру мақсатында алған оқу материалдарының көпшілігінің қазақтың ұлттық болмысына тән болып келетіндігі. Ғалым оқулығынан мұны дәлелейтін фактілерді көптеп кездестіруге болады: «Адамдар бұрын табиғат сырының күштерін білмеген. Сондықтан олар табиғатқа адамша (жанды затша) тіл қатқан. Желді ысқырып шақырған, құйынды қуалаған, ауруды көшірген, түрлі жақсылық-жаманаттың иесі бар деп түсініп, оларды бірде шомылдырып, бірде тамақ беріп ырза қылып отырған» [1, 134]. «Сөз деген не?» деген сұраққа жауап бере отырып, ғалым адам баласының өзі таныған, өзі түсінген нәрселердің бәріне де белгілі бір ат бергенін атап кетеді де, зат-ұғым-атау деген тізбекті былайша таратады: «Адам өзінің тіршілік тартысында кездесіп, пайдасын, я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген. Шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ем болатын, у болатындарын ғана білген, соларға ғана ат қойған» [1, 150]. Мұнда Қ.Жұбанов оқушыларға тілді жеке құбылыс емес, адам санасынан туындайтын, адам ойымен тығыз байланысты құбылыс екенін танытуға талпынғанын анық көруге болады. Сөйтіп, тілді үйретуде белгілі бір ұғымдарды құр жаттап алмай, ойлап, түсініп оқуына, ең алдымен, ұлттық болмысқа сай түсінік алуына мүмкіндік береді. Ғалым қаламынан туған оқулық баланың ойына ой қосып, көңіл көкжиегін кеңейтетін тартымды, терең мазмұнды мысалдарға толы. Мұнда баланың сөйлеу тілін жетілдіретін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын шешендік сөз үлгілері, көркем әдебиет туындылары іріктеліп алынған. Баяндауыштың сөйлемнің соңында келмейтін жағдайларын түсіндіре отырып, ғалым Ілияс Жансүгіровтің төмендегі өлең жолдарынан мысал келтіреді: «Еріксіз алған баурап шалдың күйі, Жырлаған дертті жүрек, улы миы» [1, 154]. Ал сөйлем түрлерін түсіндіру барысында ғалым Абайдың өлеңдерінен төмендей үзінді береді: «Қартайдық. Қайғы ойладық. Ұлғайды арман» [1, 157]. Бұл мысалдардан ғалымның тілді оқытуда оның қоғамдық мәнін ескеру қажеттілігін дәлелдеген көрегендігін анық аңғаруға болады.

Жалпы, Қ.Қ. Жұбанов өмір сүріп, еңбек еткен өткен ғасырдың 30-жылдарын кеңестік психология ғылымының қалыптасуындағы жемісті жылдар деуге толық негіз бар. Бұл жылдары кеңес ғалымдары ғылымды игеруде теориямен қатар, оның практикалық қырларына да үлкен мән бере бастады. Атап айтқанда, осы жылдары Н.Н. Лангениң психикалық эволюцияны кезеңдерге бөліп қарастыру туралы көзқарасы, Л.С. Выготскийдің баланың білімдік (мәдени) дамуын зерттеуге арналған тұжырымдары, М.Я. Басовтың адам санасының іс-әрекеттегі көрінісі туралы пайымдаулары қалыптасты. Сондай-ақ С.Л. Рубинштейн сана мен іс-әрекеттің бірлігін, А.Н. Леонтьев уәждің (түрткінің) табиғатын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты.

Әрине, Одақ көлеміндегі мұндай құнды зерттеулер Қазақстанда да оқыту әдістемесінің психологиялық негізін жасауға септігін тигізгені анық. Бұған сол жылдары жарық көрген А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов сияқты қайраткерлердің еңбектері дәлел бола алады. Бұл сол заман үшін үлкен жетістік екені анық. Өз замандастары сияқты Қ.Жұбанов та тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесі ілімінің жеке-дара дамымайтындығын, өз дамуында олардың психологияның негізгі қағидаларын басшылыққа алатындығын дәлелдеді. Ғалымның лингводидактика ілімінің білгір маманы болу үшін аталған ғылым салаларын терең меңгеру қажеттілігі туралы тұжырымы қарт педагог Жанғазы Жолаевтың төмендегі естелігінен де анық көрінеді: «Бір ретте, - Құдайберген, сен осы психология жайында кітаптарды көп оқисың, оның не керегі бар?» – деп сұрадым. Сонда ол: «Сен адамдар арасында, әсіресе, жастар арасында жұмыс істеп, оларды біліммен, ғылыммен қаруландыра жүріп, өзің психологиямен, әсіресе, балалар психологиясымен таныс болмасаң, онда бұл көзсіз жұмыс істегенмен пара-пар деп, үлкен ғылыми байлам жасады» [2, 5].

Ғалым тіл проблемаларын қоғаммен тығыз байланыста зерттеген. Оның пайымдауынша, «Адам – қоғамның үйіншігі емес, ұжым» [1, 91]. «Тілдің бұдан басқа тағы бір негізгі қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз. Оның мағынасы орысша – общение, қазақша – қауымдасу, хабарласу дегенді білдіреді» [1, 98].

XX ғасырдың аяғында кеңінен дамыған тілдік қатынас мәселесінің ең басты тірегі – тілдің адамдар мен ұлттар арасындағы қарым-қатынастық мәні мен мазмұны болып табылса, мұндай

түсініктің негізі – ұлт пен ұлттың, адам мен адамның бірімен-бірінің пікірлесуінің кілті қатысымдық тұлғалармен тікелей байланысты. Қазақ лингводидактикасында соңғы жылдары осы мәселеге ерекше мән беріп, ғылыми дәйектеме жасаған профессор Ф.Оразбаева Қ.Жұбановтың тілдің қатынас құралы ретіндегі қызметі мен табиғатын сонау 30-жылдардың өзінде-ақ қарапайым тілмен көпшілікке жеткізгенін былай атап көрсетеді: «...қазіргі XX ғасырдың аяғында кеңінен дамыған тілдік қатынас (языковая коммуникация) мәселесінің де ең басты тірегі тілдің адамдар, ұлттар арасындағы қарым-қатынастық мәні мен мазмұны болып табылса, мұндай түсініктің негізі – ұлт пен ұлттың, адам мен адамның бірімен бірінің пікірлесуінің кілті – қатысымдық тұлғалармен (коммуникативные единицы) тікелей байланысты.

Осы тұрғыдан келгенде, Қ.Жұбанов тілдің қатынас құралы ретіндегі қызметі мен табиғатын өте қарапайым тілмен көпшілікке жеткізеді» [3, 65]. Мұнан әрі ғалым Қ.Жұбановтың тіл қызметі мен сөйлеу қызметін ажырату мақсатындағы төмендегі пікірлері де ерекше назар аударуды қажет ететіндігін атап көрсетеді: «Сөйлеу – хабар беру, коллективтік көрініс. Бұған ең азы екі адам қатысуы керек» [1, 96]. «Сөйлеу деген – біреудің екінші біреуге хабар беруі. Сөйлеушінің тыңдаушыға беретін хабары өзіне әр түрлі әсер ететін болады» [1, 216].

Тілді адам қатынасының негізгі құралы ретінде пайдалануда психология заңдылықтарын терең қолдану керек деген Қ.Жұбанов тұжырымын келесі жолдардан айқын көруге болады: «Сөйлеуші бірдеменің жайын хабарлай тұрып, сонымен бірге сол хабары өз басына қандай әсер ететінін де – қайғыратынын, қуанатынын, опынатынын, т.б. көбінесе қоса білдіреді. Өйткені сөйлеуші...тірі адам, сезімі бар, жүрегі бар адам. Сондықтан оған дүниедегі болып жатқан әр құбылыс әр түрлі әсер етпей қоймайды...» [1, 216]. Мұнан әрі ғалым психология ғылымына қатысты ойын былай жалғастырады: «Психология әуелде жан туралы ілім дегенді білдірсе, қазір ол, керісінше, адамда жан жоқ екенін меңзейтін, адамның көңіл-күйіне, сезім-дүниесіне байланысты құбылыстарды зерттейтін ғылымға айналды» [1, 77]. Сөйтіп, ғылыми терминдерге тілдегі сөздердің бір кездегі бастапқы мағыналары негіз болатынын дәлелдейді. Ғалымның пайымдауынша, адам жанын зерттеп-таныған соң ғана тіл құбылыстарын үйренуге жол ашылады: «Тілді меңгеру бір жақты емес, тұтас, жүйелі түрде болу керек» [1, 219]. Ғалымның бұл пікірі оның педагогикалық көзқарасын да нақтылай түседі. Ол оқушылардың тіл заңдылықтарын біліп қана қоймай, сөз бен сөйлеудің, тіл мен ойлаудың байланысын тануына мүмкіндік береді. Ғалым «байлауын тауып ұстату», «қиынын тауып қалау», «сөгіліп кету», «кұстың күркесі» сияқты халықтық қолданыстарды өз оқулығында жаңа сипатта қолданады. Қ.Жұбанов баланың дүниетанымы арқылы бүкіл ойлау жүйесін, психикалық қабілетін, ұлттық интуициясын қалыптастыруға болатынын жіті түсінді. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларынан психология ғылымының негізгі қағидаларын іс жүзінде шебер қолдана білгенін аңғарамыз. Қ.Жұбановтың психология, оның ішінде әлеуметтік лингвистика ғылымдарын дамытудағы рөлі туралы профессор Б.Хасанұлы былай дейді: «Социалингвистика қалыптасқан тұста Қ.Жұбановтың әлеуметтік-лингвистикалық ой-пікірлерінің болуының басты себебі сол – оның шын мәніндегі әлеуметтанушы (социолог) болуы, әлеуметтану (социология) мен лингвистиканы қабаттастыра қолдана алудағы біліктілігі (компетентность) байқалады. Қ.Жұбанов «сөйлеуді» лингвистика пайымдамайды, басқаша анықтайды: «Сөйлеу, хабар беру – коллективтік көрініс. Бұған ең азы екі адам қатысуы керек», – дейді ол. Міне, бұл әлеуметтік-лингвистикалық сөз саптау» [4, 15]. Бұл пікір ғалымның әлеуметтік мәселе мен лингвистиканың өзара байланысын көре білгенін айғақтайды.

Өткен ғасырдың 60-жылдары тілдік ұғымдарды психология ғылымы тұрғысынан зерттеу идеясына байланысты құнды пікір айтып, профессор Қ.Жұбановтың психолингвистикалық көзқарастарын дамытуға оның шәкірті І.Кеңесбаев та үлкен үлес қосты. Ол қазақ тілін оқытуды психологиялық тұрғыдан зерттеудің игілікті іс екенін айтып, дәлелдеді. Ал белгілі ғалым Қ.Жарықбаев адамға тән сөйлеу әрекетінде сөйлеудің мазмұндылығы және сөйлеудің мәнерлілігі сияқты екі шарт болуы керектігіне назар аударады: «Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзінің сөздік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы. Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни бір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы» [5, 202]. Бұл пікір Қ.Жұбановтың кезінде сөйлем түрлерін оның сазына қарай «Хабар сазды», «Леп сазды», «Сұрау сазды» деп бөлінуінің дұрыстығын тағы да дәлелдей түспек.

Профессор Ф.Оразбаева тілдік қатынастың теориясы мен әдістемесін жан-жақты зерттеу ба-рысында төмендегідей қорытынды жасайды: «Сөйлесім әрекетінің барлық түрі сөйлеу үшін қажет. Оның әр түрі сөйлей білуді әр жақтан іске асырады... Бұл әрекеттердің бәрі бір процестің (речевая деятельность) ортақ түрлері болғандықтан, бірыңғай жұрнақтар арқылы жасалғаны тиімді» [6, 54].

Мұнан әрі ғалым сөйлесім әрекетін бес түрге ажыратып (айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім, тыңдалым), әрқайсысына талдау жасайды және сабақ үстінде тілдік қатынастың аталған түрлерін басты компонент ретінде ала отырып, тіл заңдылықтарын меңгертуге болатынын атап көрсетеді. Мұның өзі тілді үйретуде әлеуметтану, ұлттық психология қағидаларына сүйенудің маңыздылығын көрсетеді.

Тілтанумен байланысты аталмыш ғылым салаларының қай-қайсысы да адамзаттың сөйлеу тілін әр түрлі қырынан зерттейді. Ғалымдардың ортақ пікірі – адам психологиясы мен сөйлеу тілін бөле-жара қарамай, әрқашан бірлікте қарастыру. Олай болса, кезінде Қ.Жұбанов сияқты білімпаз қазақ зиялылары негізін қалаған ұлттық психология заңдылықтарына сүйенген халық даналығы, білім беру мен тәрбиелеу дәстүрі күн сайын жаңа қырынан ашылып, кейінгі ұрпаққа ізденіс жолын нұсқап келеді, оның ой-тұжырымдары қазіргі білім мазмұнын жаңғырту заманының өскелең талаптарына сай өміршен даналық екені дәлелденуде.

Ойымызды түйіндей келе, өркениетті елдердегі білім берудің басты шарты ұлттық мүддеден туындайтынын және ұлттық мақсат-мұраттарға негізделетінін атап көрсеткіміз келеді. Кез-келген халықтың қоғамдық құдіретті күші оның ұлттық болмысында екендігін ескерсек, бұлар өз кезегінде психология ғылымының дәстүрлі үрдістері арқылы берілетіні анық. Осы мәселелер Қ.Жұбанов сынды ғұламалар салған білім беру мен тәрбиелеу қағидаларының қазіргі уақытта да маңызын, құнын жоймағанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 2 Жолаев Ж. Ауыл мұғалімінің ақылышысы // Қазақстан мұғалімі, 1957. – №50. – 5-желтоқсан.
- 3 Оразбаева Ф. Қ.Жұбанов еңбектеріндегі тілге көзқарас. // «Жұбанов тағылымы-4» Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. – Ақтөбе, 2016. – Б.65-68.
- 4 Хасанұлы Б. Қ.Жұбанов мұралары – отандық жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика бастаулары. Тіл саясатындағы қуғын-сүргін. – Ақтөбе, 2008. – 119 б.
- 5 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 1993. – 272 б.
- 6 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2010. – 206 б.

МРНТИ: 15.81.21

Ш.Т. Назарова¹, А.С. Иргалиев²

¹М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогика және психология мамандығының 1 курс магистранты

²п.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогика және психология кафедрасының доценті

**ЖАС ПЕДАГОГТАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ
КЕДЕРГІЛЕР МЕН ҚИЫНДЫҚТАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

Аңдатпа

Мақалада жас педагогтардың білім беру қызметінде пайда болатын кәсіби әлеуметтену проблемасы, қиындықтар, проблемалар мен қайшылықтар қарастырылады.

Түйін сөздер: жас педагогтың кәсіби әлеуметтенуі, кәсіби қызметтегі қиындықтар, кедергілер мен қарама-қайшылықтар.

¹магистрантка 1 курса по специальности педагогики и психологии ЗКГУ им. М.Утемисова

²к.п.н., доцент кафедры педагогики и психологии ЗКГУ им. М.Утемисова

ПРОБЛЕМЫ И ВОЗНИКАЮЩИЕ ПРОТИВОРЕЧИЯ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МОЛОДЫХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

В статье рассматривается проблема профессиональной социализации, затруднения, проблемы и возникающие противоречия в образовательной деятельности молодых педагогов.

Ключевые слова: профессиональная социализация молодого педагога, затруднения, преграды и противоречия в профессиональной деятельности.

Sh.T. Nazarova¹, A.S. Irgaliev²

¹1st course master specialty of pedagogy and psychology WKSU them. M.Utemisova

²Ph.D, professor of chair of Pedagogy and Psychology ZKGU them. M.Utemisova

PROBLEMS AND EMERGING CONTRADICTIONS IN THE ACTIVITIES OF YOUNG TEACHERS

Abstract

The article deals with the problem of professional socialization, difficulties, problems and contradictions in the educational activities of young teachers.

Keywords: professional socialization of a young teacher, difficulties, obstacles and contradictions in professional activity.

Қазіргі қоғамда мектептердің дамуы мен қайта құрылуы педагогтардан кәсіби қызметтің жаңа сапалы деңгейге көшуін талап етеді. Білім реформаларының идеялары, гуманизация және демократизация идеяларын оқушыны оқыту және тәрбиелеу кезінде жеке бағдаршы әдістемесін жүзеге асыратын жаңа педагог қалыптастыру көптеген талпыныстарға, әсіресе маманның жоғары оқу орнында алған кәсіби-педагогикалық дайындығына байланысты. Педагогтың кәсіби қалыптасу үрдісінен балаларды тәрбиелеу және оқытуына дара жауапкершілігі бар нақты қызметке өту кезеңі кәсіби қызметке әлеуметтенуімен байланысты.

Жас педагог қызметінің бастапқы кезеңі – оның кәсіби өсу жүйесінің ең маңызды кезеңі. Дәл осы оқу процесінен еңбек қызметіне өту жеке тұлғаның қалыптасуының маңызды заңдылықтары байқалады. Бұл үрдіс ортаға пассивті әлеуметтену емес қажетті еңбек біліктілігі мен өзін-өзі бекітіп алудың белсенді үрдісі. Сонымен қатар, бұл кезең жас педагогтардың көбінде педагогикалық қызметке көзқарастарының қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Педагогикалық жоғарғы оқу орны жас педагогты қанша дайындаса да, әлі өмірлік және педагогикалық тәжірибесіз жас педагог жаңа заманға сай жаңалықтар мен күтпеген жағдайларға байланысты қиындықтармен беттесуі заңды нәрсе.

Шеберлік педагогқа дербес жұмыс процесі барысында келеді. Дәлірек айтсақ, алғашқы жылдарда жас педагогтың әлеуметтену және шеберлік деңгейін анықтайтын кәсіби қасиеттер қалыптасады. Егер жас педагогтарға кәсіби шеберлікті меңгеруде керекті көмек көрсетілсе, жас педагогтар алдында кездесетін қиындықтарды жеңуі мүмкін [1].

Жас педагогтардың сапалы жұмысы оның тез және нәтижелі әлеуметтенуімен, өзінің педагогикалық мүмкіндіктерін қандай дәрежеде жүзеге асыратынына байланысты.

Бүгінгі педагогикалық жоғары оқу орны түлегі басқа әлеуметтік-педагогикалық жағдайға түсіп, оған тез арада дағдылануы керек. Осы жағдайдың талдауы жас педагогқа бір жағынан жұмысының педагогикалық мақсатын ұстану – оқушы тұлғасын қалыптастыру, екінші жағынан – оқушы алдында өзі рухани бай тұлға ретінде болуын көрсетеді.

Педагогтың жалпы, кәсіби, рухани, мәдениеті негізі жұмысшылар көпшілігінен әлдеқайда артық дамыған кезде ғана, әлеуметтік үрдіске көмектеседі. Педагог мүмкіндіктері көбейсе де, қазіргі оқушы мен мұғалім мүмкіндіктерінің өзгешелігі төмендеді. Оқушылармен қарым-қатынас орнатуы ауырлап, арнайы кәсіби дайындылығы, өнегелілігі жоқ педагогтарға оқушылардың қарсы тұруы өсті. Оқушылардың педагог беделіне қатынасы өзгерді. Олардың талаптары қоғам талаптарымен сәйкес болып, бағалау критерийлері ересек адамдардікі сияқты болады.

Сонымен қатар, қазіргі күні педагогтың кәсіби қызметі саласында кәсіби қызметке сәтті әлеуметтенуіне кедергі ететін бірқатар қарама-қайшылықтар туындады. Бұл, біріншіден, өсіп жатқан өзектілік көлемі мен әлеуметтік-саяси ақпараттың және оны қайта жасауының ескі әдістері, сақтау мен беру арасындағы қарама-қайшылықтар; екіншіден, педагогикалық кәсіби шеберлігіне өсіп жатқан талаптар мен олардың нашар мамандануы арасындағы қарама-қайшылықтар; үшіншіден педагогикалық еңбек қызметтеріне қоғамның талаптары мен педагогтың жұмыс уақытының қысқартуы арасындағы қарама-қайшылықтар; төртіншіден, әлеуметтік-кәсіби топтардың бос уақытының ұлғаюы мен педагог мамандығының кері тенденциясы арасындағы қарама-қайшылықтар; бесіншіден, педагог мамандығының әлеуметтік объективті маңыздылығы мен жастар арасындағы педагогикалық еңбектің жеткіліксіз қызықтыруы арасындағы қарама-қайшылықтар;

«Жаңадан келген жас педагогтардың 30%-ы мектепке нашар және жалпы педагогикалық дайындықсыз келеді» (А.И. Пискунов мәліметтері бойынша), кәсіби шеберлікті меңгеруге сәйкес көмек көрсетілсе, бұл кемшіліктерді жоюға болады. Ал көмектесу үшін, олардың қиындықтарын білу қажет [2]. А.И. Пискуновтың анықтамасы бойынша, «қиындықтар – адамның қызметке физикалық, өнегелілі, білімділік дайындық фактор сипаты тәуелді болатын және қызметінің сыртқы факторларынан туындайтын, субъективті жағдайдың ауырлығы мен қанағатсыздығы» [2].

Көптеген ғалымдар зерттеуінің мәліметтері бойынша, жас педагог жұмысындағы кең тараған қиындықтарға мыналар жатады: сабақ пен тәрбие іс-шараларын, педагогикалық мақсаттарын анықтай алмауы, сынып жетекші жұмысын жоспарлай алмауы, өз сабағы мен тәрбиелеу іс-шараларын талдай алмау, сабақта оқушыларды белсендендіре алмауы, үй жұмысын жүйелі түрде тексере алмауы, жазбаша жұмыстарды жүргізе алмауы. Педагогтың көбісі «дидактикалық міндеттерді шешуге, оқушыларда танымдық талаптарын, санасын дамытып, қоғамдық жұмысқа баулуда» киналады, «педагогикалық міндеттерді шешу үшін қолайлы әдістерді таңдаудың принциптерін тәжірибе жүзінде асыру үшін педагогтардың нашар дайындығы анықталған» [3].

Т.С. Полякова мәлімдеуінше жас педагогтарда туындайтын қиындықтар нақты қызметті орындау қажеттілігі мен осы құбылыстың сәттілігін қамтамасыз ететін білімнің жетіспеушілігі арасындағы негізгі қарама-қайшылықтар тудырады [4]. Кәсіби әлеуметтенудің осы негізгі қарама-қайшылықтары жас педагогтардың жұмысында басынан көрінуі маңызды, себебі жас педагог белсенді түрде оны тез арада шешкені жөн. Бастапқы кезде қиындықтарды барлық жас педагогтар сезінеді. Сондықтан, олардың қызметіндегі қиындықтар мен оларды шешу әдістерін табу – қазіргі педагогика ғылымының ең өзекті мәселесі болып табылады. Жас педагогдардың қателері ұжымдық қызметте моральді және материалды шығынға әкеп соғады, әсіресе оқу-тәрбие үрдісі барысында педагогикалық қызметте ауыр жағдайлар мен қиындықтар туындайды.

Н.В. Кузьмина қарама-қайшылықтардың жағымды және жағымсыз рольдарын ерекше көрсетеді [5]. Жас педагог жұмысында туындайтын қарама-қайшылық нәтижесінде оларды шешуде оңтайлы әдістерді анықтап, жұмылдыру үрдісі жүріп, педагогтың кәсіби өсу үрдісі жетіледі. Бірақ, қарама-қайшылықтар жас педагогтың даму үрдісін баяулатуы мүмкін. Егер туындаған қиындықтарды уақытында шешпесе, бұл жас педагогтың педагогикалық шеберлігін дамыту әдістерін тоқтатып, педагогтарды сәтсіздікке ұшыратады, өз-өзін бағалауы төмендеп, өз мүмкіндіктеріне сенбейді.

С.Г. Вершловскийдің айтуынша, жас педагог мектепте жұмысын бастағанда, алғашқы күндері өз ойын жоғары оқу орнында оқыған немесе жоғары оқу орнына дейінгі болған ойымен салыстырады [6]. Бұл нәтижелер мен алғашқы баға беруі бір жақты, тұрақсыз, қарама-қайшы келеді. Бірақ, алғашқы қалыптасқан пікірі кейінгі кәсіби әлеуметтенуіне және бүкіл педагогикалық қызметіне әсерін тигізеді.

У.Б. Агбаеваның мәліметтері бойынша жаңадан келген жас педагогтар мынадай келесі қиындықтарға тап болады [7]:

- ата-аналармен жұмыс жасауда – 60%;
- сабақ беру әдістемесінде – 56,6%;
- оқуда жеке әдістемені іске асыруда – 50%;

- сабақта тәртіпті сақтауда – 0%;
- барлық ұжымның және әр оқушының жұмысын бақылау шеберлігінде – 13,5;
- сынып назарын қадағалау шеберлігінде – 10;
- сынып және мектеп құжаттарын дайындауда – 10;
- оқушылармен қарым-қатынас жасауда – 6;
- оқытатын пән теориясын білуінде – 3,3%;
- оқу мен тәрбиелеудің болашақмақсаттарын анықтауда – 3,3%;
- материалды түсінікті жеткізуде – 3,3%.

Көптеген қиындықтар ата-аналардың балаларының тәрбиелеу жұмысын мектеппен бірге ұйымдастырудағы қызықпаушылығынан туындайды. С.Г. Вершловскийдің зерттеуінің нәтижесі көрсеткендей, жас педагогтар оқушының оқу үлгерімінің жауапкершілігін ата-анасына жүктейді немесе оқушының оқу мен тәрбие жетістігі, оның күш-жігері мен біліміне байланысты деп ойлап, оқу үрдісін өз қолдарына алады [6].

Жаңадан келген жас педагог ата-аналар комитетімен жұмыс істеуде, ата-аналар жиналысын өткізуде қиналады. Бұның себебі, жас педагогтың мұндай жұмыс түріне дайындықсызы, өйткені жоғары оқу орны ата-аналармен жұмыс істеу міндеттерін студенттерге өздік жұмыс ретінде береді. Сонымен қатар, бұл мәселеде жеке тәжірибенің болмауы – жас педагогтар кәсіби қызметін бастағанға дейін өздерінің отбасылары болмайды.

Бірақ, педагогтар мен ата-аналар назарына отбасы мәселелерін қарастыратын әр түрлі әдебиеттер ұсынылған. Бүгінгі күнге педагогтар мен ата-аналар арасында тәрбие мәселесі бойынша ынтымақтастық орнатылған. Осы тәжірибе жас педагогтар игілігіне айналуы керек. Осыдан педагогтың беделі ата-аналар мен оқушылар ортасына тәуелді болады.

Жас педагогтар ата-аналар жиналысына мұқият дайындалуы керек. Жиналыста әр баланың жағдайын айтпаған жөн, бұл мәселені жеке әр оқушының ата-анасымен бөлек талқылап, қалыптасқан қиындықтарды шешуге тиімді әдістерді бірге анықтау қажет. Жиналыста сыныптың жалпы жағдайын, осы ұжым үшін өзекті мәселелерді көтеріп, талқылаған жөн.

Педагог профессиограммасына педагогтың психологиялық-педагогикалық дайындығына қойылатын құрылымдық, ұйымдастыру, коммуникативті және гностикалық біліктіліктерін меңгерумен байланысты нақты талаптар кіреді. Жас педагогтың педагогикалық біліктіліктерді меңгеру дәрежесі көптеген зерттеушілердің жұмыстарында сипатталған [8; 3]. Педагогикалық қызмет жан-жақты болып табылады, бұл уақытта өнеге, тәртіптілік, ұйымдастырушылық аспектілерін ерекше атауға болады.

С.Г. Вершловскийдің мәліметтері бойынша, жас педагогтар өз жұмысының бірінші жылдарында тәртіптілік аспектілеріне көп көңіл бөледі [6]. Жұмыстың екінші жылында жас педагог өз тәжірибесі негізінде шындықтарды «қайта анықтап», оқушылардың қарым-қатынастары, өмірлік көзқарастары, жүріс-тұрысы мен отбасы сияқты басқа мәселелер толғандырады. Әрине, педагогтың қиындықтары қалады, бірақ олар басқаша сипатталып, педагог оларды басқа әдістермен шешеді.

Тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша кең таралған көмек түрлеріне жеке кеңес пен сыныптан тыс ашық іс-шаралар жатса, аз таралған көмек түріне тәжірибелі сынып жетекшісінің қасына алдыру және педагогикалық жағдайды талдау жатады.

Жас педагогтар сабақ беру әдістемесі, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру білім беруді жекелендіру, тәртіпті сақтау, сынып және мектеп құжаттамасын жасау сияқты сұрақтарға көмек алғысы келетінін айтты.

Көмек алу түрі: ең бастысы әдістемелік әдебиет, кейін – тәжірибелі педагогтардың сабақтарына және сыныптан тыс іс-шараларына қатысу және ақыл айту мен кеңес беру. Жас педагогтар беделді әріптестер олардың сабақтарына қатысса және талдау жүргізсе деген ниетін көрсетеді.

Сонымен, сұрақ беру нәтижесінде біз көмек алу ниетінің жүзеге аспайтынын көреміз. Егер жағдайға әкімшілік талдау жасалмаса және жаңадан келген жас педагогтарға керекті көмекті көрсету үшін нақты бағдарлама жасалынбаса, олардың жұмысында кейбір қиындықтар тууы әбден мүмкін. Сондықтан көмек берудің маңызы зор.

Жас педагогтардың алғашқы іс-әрекет жолында кездесетін қиындықтарды талдау барысында олардың психикалық жеке тұлғаның қасиетін, мінез қасиетін және адамгершілік-ерікті қасиеттерін көрсету ерекшеліктерін ескеру керек. В.А. Сластенин кез келген адам педагог бола алмайды дейді [3]. Ол үшін қабілеттілік пен жеке тұлғалық қасиеттерінің нақты құрылымы және нақты әлеуметтік-психологиялық икемділігі болуы керек. Г.В. Кондратьева педагогтардың педагогикалық шеберлік

биіктігіне жете алмайтын кейбір қасиеттері болатынын айтады [9]. Олар: қоғам мүддесіне қайшы келетін мақсаттарының болуы, өз пайдасын ғана ойлайтын және басқа біреу есебінен өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын пайдақор – өз қамын ойлаушы; төмен интеллектуалды деңгей; оқушыларға немқұрайлы қарау; жасықтық, мақсат, жинақылық, зеректік пен төзімділіктің жоқтығы; есту мен сөйлеуде кемістіктің көрінуі.

Жұмысшыларды ғана емес, сонымен қатар оқушыларды да экономикалық білім беру мен тәрбиелеу. Экономикалық ойлау жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туып отыр. Білім беру және адамдық қасиеттер негізін тек мектепте ғана салады, бұл негізді елінің экономикасы дамытады.

Оқушыларды болашақ еңбеккер ретінде әр түрлі жұмысқа дайындау инициативалық, дербестік, іске батыл кірісетін, істі жағымды нәтижеге жеткізе білу шеберлігі берік қасиеттерді қалыптастыруды қажет етеді.

Қоғам дамуында кездесетін бүгінгі өзгерістер бір топ өнегелілі мәселелер тудырады: өсіп келе жатқан жастардың өз пайдасын ойлаушылықтан, менменділіктен сақтау. Сонымен қатар, қарым-қатынас жасауда риясыздық, адамдық және адамгершілік қасиеттерді тудыру, сонымен жаңа жағдай экономикалық тұрғыда тәрбие өнегелілігімен диалектикалық үндестікте көрінуі. Дербес кәсіби қызметті бастау барысында педагог бірінші рет педагогикалық қиындықтарды кездестіреді, бірақ дербес жұмыс жағдайында қиындықтарды жеңуге сырттан көмек алу мүмкіншілігі шектеулі болса, көп жағдайда педагог өз қиындықтарымен, сәтсіздіктері және қателіктерімен жалғыз қалады.

Мамандықты ауыстыруға байланысты педагогтардың мектептен кетуі өткен ғасырымыздың соңғы жылдарында қазіргіге қарағанда өте көп болды. Педагогикалық жоғары оқу орны түлектерінің көп пайызы мамандығына сәйкес емес жұмыстарға орналасады. Мысалы, өндірістік кешендерде математикадан, химиядан оқытатын педагогтардың бестен бір бөлігі жұмыс істесе, ғылыми-зерттеу институттарында физикадан, химиядан, биологиядан, математикадан оқытатын педагогтардың жартысынан көбісі, ал шет тілі, әдебиет пен географиядан оқытатын педагогтардың үштен бір бөлігі жұмыс істейді.

Осындай жағдайлардың себептері, біріншіден, әлеуметтік-экономикалық факторларымен, сонымен қатар жас педагогты дайындау мен педагог қызметінің ұйымдасқан педагогикалық жағдайындағы қарама-қайшылықтармен байланысты болып, кәсіби қызметке бейімделуді қиындатады.

Оқу жұмысын ұйымдастыруын талдауы болашақ педагогтың кәсіби бейімделуін қиындататын себептері педагогикалық қызметті жүйелі түрде жүргізуді қалыптастыру педагогикалық жоғары оқу орны дайындамайды деген қорытындыға әкеледі. Нәтижесінде, педагогикалық қызметін орындауға дайын студентке бірқатар өзара байланысқан қызметтік бағытты орындау керек. Педагогикалық білім негізіне жүйелік, тұтастық әдістеме белгіленген кезде ғана бұл жағдай сезіледі. Педагогикалық жоғары оқу орны студентінің дидактикалық дайындығының кемшіліктері бар. Олардың ішіндегі ең маңыздысы, біздің ойымызша, аналитикалық сияқты қызмет түрін жасап қалыптастыру бойынша арнайы жұмыстың жоқтығы болып табылады. Қызметтің осы түрін жүзеге асыруы, әдетте жеткілікті ғылыми ұйымдастырусыз күрделі өтеді. Нәтижесінде, студенттің тәжірибе жинаса да осы білім саласы нашар болады.

Педагогтың дайындығы кезінде осындай дидактикалық аяқталмаған жұмыс педагогтың жалпы педагогикалық дайындығының маңызды бөлігі – қызмет нәтижелерін талдау және оларды түзету, түсіп қалатынына әкеп соғады. Педагогтың кәсіби қызметке әлеуметтенуінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде өзін-өзі жетілдіру үрдісі бұл жағдайда баяу дамиды.

Осыған орай, дидактикалық дайындық мазмұнын қайта қарастырып, оны кәсіби іс-әрекет түрлері негізінде қалыптастыру керек. Жас педагогтың кәсіби әлеуметтенуін тежейтін тағы бірқатар себептер оқыту әдістемесімен байланысты.

Әдістеме бойынша оқу бағдарламасы мектепте оқу пәндерінің мазмұны мен оларды оқыту негізінде құрастырылады. Сөйтіп, жас педагогтың кәсіби әлеуметтенуі сәтті болуы үшін қызмет түрлері негізінде әдістемелік дайындық қажет, ал дидактика бойынша оқу бағдарламасы пәндік-дидактикалық білім негізінде құрастырылуы керек. Қарама-қайшылықтар да туындауы мүмкін, оларды жас педагог өз жұмысында жеңе алады, бірақ бұл одан шығармашылық әдістеме мен көп уақыт жұмсауды талап етеді.

Сонымен, педагогикалық жоғары оқу орны түлегінің кәсіби педагогикалық қызметке кірісу үрдісінің өту ерекшеліктерін зерттеу мақсатымен жүргізілген зерттеу барысында мектеп жас педагогтың мынадай қиындықтарға тап болатынын анықтады: сыныптан тыс тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру, оқу үрдісі кезінде оқушылардың жастық және жеке ерекшеліктеріне байланысты болатындығы анықталып отыр [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Скендірова А. Жаңа формациядағы педагогтың жеке элитарлы тұлғалық үлгісімен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері. // «Педагогика және психология». №1. – Алматы, 2009. – 127-130 б.
- 2 История педагогики и образования: учебник для академического бакалавриата / под общ. ред. А.И. Пискунова. – 4-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2014. – 533 с. – URL: <https://biblio-online.ru/bcode/382322>, 16.04.2019.
- 3 Сластенин В.А. Проектирование содержания педагогического образования: гуманистическая парадигма. – М.: МАГИСТР-ПРЕСС, 2000. – 229-247 б.
- 4 Полякова Т.С. Анализ затруднений и педагогической деятельности начинающих учителей. – М.: Педагогика, 1983. – 128 б.
- 5 Кузьмина Н.В. Исследования гуманитарных систем. Вып. 1. Теория педагогической системы Н.В. Кузьминой: генезис и следствия / Под ред. В.П. Бедерхановой, сост. А.А. Остапенко. – Краснодар: Парабеллум, 2013. – 90 б.
- 6 Вершовский С.Г. Источники профессиональной активности // В.кн.: Профессия – учитель. – М.: Пед., 1987. – 144 б.
- 7 Азбаева У.Б. Подготовка студентов педагогического вуза к воспитательной работе в школе: Дис... канд. пед. наук. – Волгоград, 1994. – 169 б.
- 8 Зайкин М.И. Плюсы и минусы малой наполняемости классов в организации учебного процесса. – Нижний Новгород, 1991. – 76-78 б.
- 9 Кондратьева Г.В. Педагогические факторы и условия совершенствования адаптации молодого учителя к работе в школе: Дисс. канд. пед. наук. – М., 1986. – 208 б.
- 10 Профессиональное становление молодого учителя // Сб. ст. – Гродно, 1989. – 56-64 б.

МРНТИ 15.81.21

Саткангулова Г.Ж.¹

¹магистр педагогических наук, старший преподаватель Костанайского государственного университета им. А.Байтұрсынова, gsatkang@mail.ru

САМООБРАЗОВАНИЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ КАК УСЛОВИЕ ЖИЗНЕННОГО УСПЕХА

Аннотация

Статья посвящена проблеме самообразования. В статье раскрываются предпосылки развития готовности к самообразованию. Дается определение самообразовательной компетенции и факторы ее формирования. Раскрывается актуальность организации самообразовательной деятельности, а также понятийная структура самообразования.

Ключевые слова: самообразование, готовность к самообразованию, самообразовательная компетентность, самосознание.

Г.Ж. Саткангулова¹

¹педагогикалық ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, gsatkang@mail.ru

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУЫ ӨМІРЛІК ТАБЫСТЫҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақала мәселесі өздігінен білім алу. Мақалада өз бетінше білім алуға дайындықты дамытудың алғышарттары ашылады. Өзін-өзі білім беру құзыреттілігі мен оның қалыптасу факторларына анықтама беріледі. Өзін-өзі білім беру қызметін ұйымдастырудың өзектілігі, сондай-ақ өзін-өзі білім берудің ұғымдық құрылымы ашылады.

Түйін сөздер: өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеуге дайындық, өзін-өзі тану құзыреттілігі, өзін-өзі тану.

G.J. Satkangulova¹

¹master of pedagogical sciences, senior lecturer of Kostanay state
University named A.Baitursynov, gsatkang@mail.ru

SELF-EDUCATION OF STUDENTS AS A CONDITION OF LIFE SUCCESS

Abstract

The article is devoted to the problem of self-education. The article reveals the prerequisites for the development of readiness for self-education. The definition of self-educational competence and the factors of its formation are given. The article reveals the relevance of the organization of self-educational activities, as well as the conceptual structure of self-education.

Keywords: self-education, readiness for self-education, self-educational competence, self-consciousness.

Самообразование – это система внутренней самоорганизации по усвоению опыта поколений, направленной на собственное развитие.

Самообразование является мощным фактором, выполняющим и обогащающим образование, организованное обществом.

Главная задача самообразования – это самостоятельное развитие и совершенствование личности.

Предпосылки развития готовности к самообразованию лежат еще в дошкольном возрасте. Как нам известно, в младшем школьном возрасте ведущей деятельностью является учебная деятельность. Внутри этой деятельности происходит психическое развитие ребенка и становление его личности. Это период, когда учитель является значимым в жизни ученика, когда учитель может «научить детей учиться». Это период, когда у детей может появиться любовь и тяга к знаниям. Младший школьный возраст благоприятен для формирования положительной мотивации к обучению, в свою очередь, которая является одной из составляющих мотивации к самообразованию. Поэтому для того, чтобы научить подростка и юношу самообразовательной компетентности, стоит начинать этот процесс еще в младших классах. Но еще ранее надо не упустить удовлетворение потребности в познании, которая появляется уже в младшем дошкольном возрасте.

В результате выше изложенного, мы можем сказать, что самообразовательная компетентность формируется за долго до того, как ребенок пойдет в школу. Поэтому родителям и специалистам, которые работают с детьми, важно помнить об этом для того, чтобы в дальнейшем сформировать конкурентноспособную личность, имеющую навыки самостоятельной работы и самостоятельного приобретения знаний.

Самообразовательная компетентность – это не только совокупность способностей и умений (компетенций), но и опыт, личные качества [1, с. 208].

Поднебесова М.И. рассматривает самообразовательную компетентность как личностно-профессиональное качество, характеризующее специалиста как субъекта способного к самостоятельной организации познавательной деятельности, направленной на непрерывное саморазвитие профессиональных и общекультурных качеств и самосовершенствования.

В научной литературе проблеме самообразования посвящены исследования таких авторов как И.И. Малкина, Н.И. Пидкасистого, Б.П. Есипова Г.И. Щукиной, Е.Н. Ястребцевой и др. Анализ психолого-педагогической литературы свидетельствует о том, что не существует однозначного подхода к определению самообразования. Некоторые авторы подчеркивают его познавательную сущность (А.К. Громцева, Н.Д. Иванова, Л.Г. Ковтун, И.И. Колбаско, И.А. Редковец, Н.Д. Хмель и др.), тесную связь с самовоспитанием личности (А.Г. Ковалев, А.И. Кочетов, Б.Ф. Райский и др.), ее совершенствованием на основе систематической и целенаправленной деятельности, связанной с социальными условиями (А.Я. Айзенберг, В.Б. Бондаревский и др.). Самообразовательная деятельность рассматривается в ряде исследований как процесс (А.В. Баранников), как средство поиска и усвоения социального опыта (Г.Н. Сериков), как процесс приложения самообразовательных умений к освоению определенных элементов социального опыта (Ю.Е. Калугин) [2, с. 51].

В статье И.Ф. Медведева «Концепция самообразования: основные понятия и структура» предлагается в таблице целый ряд близких по смыслу понятий понятию самообразование, которые дополняют и структурируют его, а также определяют границы применения (см. Таблицу 1) [3, с. 43].

Таблица-1. Понятийная структура самообразования

Категории самообразования	Функции родственных понятий в области самообразования
Мотивы	Профессиональное самоопределение
Предпосылки	Внешние: 1. Общая – включение в систему образования: - обучение посредством <i>самостоятельной работы</i> - воспитание нравственных качеств личности. 2. Пространственная: дистанционное обучение 3. Временная: непрерывное образование. 4. Специальная: <i>самообразовательная преемственность</i> Внутренние – <i>самообразовательная компетентность</i>: 1. <i>Самодетельность</i> – самостоятельность в деятельности (в частности самоподготовка) 2. <i>Самосознание</i> – самостоятельность в мышлении 3. <i>Самоактуализация</i> – развивающая направленность самообразования
Компоненты	Внешняя – <i>самореализация</i> Внутренняя – <i>саморазвитие личности</i>: - физическое совершенствование, - духовное самопознание, - умственный рост – овладение научной методологией
Механизмы – самоуправление	- ориентирование: - внешняя форма – самонаблюдение, - внутренняя форма – рефлексия, - планирование: - внешняя форма – самоорганизация, - внутренняя форма – самопознание - осуществление: - внешняя форма – самообучение, - внутренняя форма – самосовершенствование - контроль – самоконтроль - оценка – самооценка

Исходя из представленных понятий, близких по смыслу понятию самообразование можно выделить психолого-педагогические факторы готовности к самообразованию. Но прежде рассмотрим понятие «готовность к самообразованию». А.К. Громцева определяет готовность к самообразованию как результат овладения личностью всеми компонентами самообразовательной деятельности: мотивационный, организационный, оценочный, процессуальный, энергетический. Г.М. Коджаспирова рассматривает готовность к самообразованию как интеграцию компонентов: когнитивного, мотивационного, процессуального, организационного, нравственно-волевого. Г.Н. Сериков, рассматривает готовность к самообразованию как комплексную характеристику, в состав которой входят эмоционально-личностный аппарат, личностные знания, умения работать с источниками информации, организационно-управленческие умения. Готовность к самообразованию – интегративное состояние (характеризующее её способности осуществлять самообразование), в котором она пребывает в конкретный момент времени [4, с. 89].

Психолого-педагогические факторы готовности к самообразованию:

- профессиональная компетентность,
- образовательные технологии, направленные на формирование готовности к самообразованию (внешние педагогические условия, система образования),
- самообразовательная компетентность.

В результате анализа исследований, мы пришли к следующему: самообразовательную компетентность можно сформировать через развитие самосознания и самодетельности, организацию эффективных форм самостоятельной работы обучающихся, развитие адекватной самооценки, реализацию потребности в самоактуализации и саморазвитии, формирование умений и навыков самоорганизации, целеполагания и планирования времени.

Выделим способы развития данных факторов.

Развитие самосознания:

- создание рефлексивной образовательной среды через использование психологических техник и образовательных технологий.

Формирование стремления к самореализации:

- проведение тренингов личностного роста и самоактуализации.

Формирование умений и навыков самоорганизации, целеполагания и планирования времени:

- проведение коуч-сессий на целеполагание;

- проведение занятий по тайм-менеджменту.

Таким образом, проблема самообразования личности является важной в учебной и учебно-профессиональной деятельности, которая требует тщательного изучения, как со стороны психологии, так и со стороны педагогики.

Список использованной литературы:

1 Скоробогатова Т.С. Развитие самообразовательной компетентности у будущего учителя информатики // Педагогическое образование в России. – 2011. – №4. – С.206-210.

2 Ефремкина И.Н. Психолого-педагогические условия формирования готовности к самообразованию студентов вуза // АНИ: педагогика и психология. – 2016. – Т.5. – №3(16). – С.50-54.

3 Медведев И.Ф. Концепция самообразования: основные понятия и структура // Инновационные проекты и программы в образовании. – 2013. – №3. – С.42-46.

4 Нагоева М.А. Готовность личности к самообразованию // Евразийский научный журнал. – 2018. – №3. – С.89-93.

МРНТИ 15.81.41

Н.М. Садыкова¹, Н.С. Ахтаева², Н.С. Жубаназарова³

¹психология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

²психология ғылымдарының докторы, профессор,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

³психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚЫТАЙ ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ РЕСМИ-ІСКЕРЛІК ДИСКУРСЫ ЖАЗБАША АУДАРУДЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақала қытайлық ресми-іскерлік дискурсты қазақ тіліне жазбаша аударуды жүзеге асырудың психолінгвистикалық ерекшеліктеріне арналған. «Ресми-іскерлік дискурс» түсінігінің мазмұны нақтыланып, қарастырылып отырған дискурстың экстралингвистикалық және лингвистикалық (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық) өлшемдері сипатталған. Мақалада сөйлеу әрекетінің түрі ретіндегі жазбаша аударманы жүзеге асырушы шығыстанушы-аудармашының қызметі айқындалған; қытай-қазақ тілдік жұбындағы аударманың лингвистикалық қиындықтары сипатталған.

Түйін сөздер: ресми-іскерлік дискурс, жазбаша аударма, аударманың психолінгвистикалық ерекшеліктері, шығыстанушы-аудармашыларды кәсіби-тілдік дайындау.

Садыкова Н.М.¹, Ахтаева Н.С.², Жубаназарова Н.С.³

¹кандидат психологических наук, и.о. доцента КазНУ им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

²д.психол.н., профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

³кандидат психологических наук, и.о. профессор, КазНУ им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПИСЬМЕННОГО ПЕРЕВОДА ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОГО ДИСКУРСА С КИТАЙСКОГО НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация

Статья посвящена исследованию психолингвистических особенностей реализации письменного перевода китайского официально-делового дискурса на казахский язык. Уточнено содержание понятия «официально-деловой дискурс», охарактеризованы экстралингвистические и лингвистические (фонетические, лексические, грамматические, стилистические) маркеры исследуемого дискурса. В статье специфицировано функционирование переводчика-востоковеда в условиях презентации письменного перевода как вида речевой деятельности; описаны лингвистические трудности перевода в языковой паре китайский ↔ казахский языки.

Ключевые слова: официально-деловой дискурс, письменный перевод, психолингвистические особенности перевода, профессионально-речевая подготовка переводчиков-востоковедов.

N.M. Sadykova¹, N.S. Akhtayeva², N.S. Zhubanazarova³

¹Candidate of psychological science, associate professor, al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

²Doctor of psychological sciences, professor of al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

³Candidate of psychological sciences, professor, al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLINGUISTIC FEATURES OF TRANSLATION OF AN OFFICIAL DISCOURSE WITH CHINESE INTO KAZAKH

Abstract

Article is devoted to a research of psycholinguistic features of realization of translation of the Chinese official discourse into Kazakh. The maintenance of the concept "official discourse" is specified, markers of the studied discourse are characterized extralinguistic and linguistic (phonetic, lexical, grammatical, stylistic). In article functioning of the translator-orientalist in the conditions of translation representation as type of speech activity is specified; linguistic difficulties of the translation in a language pair Chinese ↔ Kazakh languages are described.

Keywords: official discourse, translation, psycholinguistic features of the transfer, professional and speech training of translators-orientalists.

Аудармашылық қызметтің айрықшылығы көптеген лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды: аударманың алуантүрлілігі мен оны жүргізудің түрлерін; аударма жасаудағы нақтылық пен толыққандылық талаптарын; мәтіннің немесе дискурстың стильдік бағытын; аудармашының кәсіби терминологияны меңгеру деңгейін, оның белгілі бір дискурсты бағамдай алуын; аударма саласы маманының жеке психологиялық ерекшеліктері, оның жас мөлшерін, ойлау қабілетін, жады жылдамдығын, кәсіби жағдайға бейімделгіштігін және басқа да қасиеттерін ескеруді қажет етеді.

Қазіргі психолінгвистикада оқытылатын көптеген күрделі мәселелердің ішінде "аударма" немесе "аударма қызметі" деп аталатын тіларалық сөйлеу қызметінің лингвистикалық аспектілерінің проблемасы маңызды орын алады. Ең басынан бастап аударма аса маңызды әлеуметтік функцияны орындады, бұл адамдардың тіларалық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік берді. Жазбаша аудармаларды кеңінен тарату адамдарға басқа халықтардың мәдени жетістіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді, мәдениет пен әдебиеттің өзара әрекеттесуі мен өзара байытылуы мүмкін болды.

Өзекті зерттеулер мен жарияланымдарға талдау. Аудармашылық әрекеттің мәнін ғалымдар әртүрлі аспектілерде зерттеген, атап айтқанда:

- аударма түрлерін айқындау (Қ.Қ. Алпысбаев, Г.Қ. Қазыбек, Ж.Сәмитұлы, В.Комиссаров, Л.Латышев, В.Сдобников және басқалары);

- аударма жасаудың психолінгвистикалық ерекшеліктері (С.Құлманов, И.Алексеева, Л.Бархударов, О.Кулагина және басқалары);

- мамандықтың моральдық-этикалық нормалары мен аудармашының кәсіби әрекетінің заңдылықтары (А.М. Алдашева, М.Боуэн, И.Корунец, Р.Миньяр-Белоручев және басқалары);

- аударма саласы бойынша маманға кәсіби талаптар мен аудармашылық қарекетті жүзеге асыру жағдайлары (Ж.А. Жақыпов, Н.Зинукова, М.Цвиллинг, Л.Черноватый, А.Чужакин және басқалары).

Дегенмен, алтай-түркі тілдері↔сино-тибет тілдері тілдік жұп форматында екіжақты аударманың психолінгвистикалық негіздері ғылыми әдебиетте жеткілікті зерттелмеген.

Зерттеудің **өзектілігі** сөйлеу-ойлау қарекеті ретіндегі аударманы жүзеге асырудың психолінгвистикалық векторымен айқындалады. Осыған байланысты мақаланың **мақсаты** қытайлық ресми-іскерлік дискурсты қазақ тіліне аударудағы психолінгвистикалық ерекшеліктерді айқындау болып, келесі міндеттерді жүктейді:

- 1) аударма жасау жағдайында шығыстанушы-аудармашының қызмет жасауын мамандандыру;

- 2) «қытай ↔ қазақ тілдері» жұбындағы аударманың лингвистикалық қиындықтарын айқындау.

Негізгі материалды баяндау. Аудармашының коммуникативтік мінез-құлығының психолінгвистикалық ерекшеліктері тікелей дискурстың түріне, оған қатысушыларға, белгілі бір дискурсты жүргізудің стратегиясы мен тактикасына байланысты болады.

«Ресми-іскерлік дискурс» түсінігі «дискурс» (француз. *discourse* – сөз) феноменін лингвистикалық түсінуге негізделеді, оны экстралингвистикалық-прагматикалық, социомәдени, психологиялық және басқа факторлардың жиынтығымен байланысты мәтін; нақты аспектіде қолданылатын мәтін, мақсатты бағытталған әлеуметтік әрекет деп қарастырылатын, яғни өмірге келген сөз деп қарастыруға болады [1].

Ресми-іскерлік дискурстың екі жақты сипаты оны коммерциялық-қаржылық, өндірістік-еңбектік, әлеуметтік-саяси және экономикалық-құқықтық салаларда жүруін айқындайды, бұл осы дискурсты ахуалдық шартталған дискурс деп қарастыруға мүмкіндік береді, оның экстралингвистикалық іргетасы ретінде құқықтық қоғамдық қатынастар мен іс қағаздарын жүргізу салаларын атауға болады. Дискурстың лингвистикалық құрамы оның контентін арнайы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық рәсімдеумен жүзеге асырылады. Ресми-іскерлік дискурстың әдеттегі белгілері – формальдылық, клишенің болуы, дәлдік және нақтылық, пікірлердің сөзбұйдасыздығы.

Осылайша, аталған сипаттамалар зерттеу барысындағы коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды нормативті шартталған, әртүрлі коммуникативтік модустарда жүзеге асырылатын әрекеттік-арнайы авторлық интенциялар ретінде қарастыруға негіз береді. Ресми-іскерлік дискурста коммуникативтік стратегия оған қатысушылардың өзара әрекеттесуі мақсатында – тұлғаның белгілі бір «әлеуметтік сферада» қалыптасқан үлгілерге сай әрекеттестік механизмін жолға қоюды үйлестіреді. Осыған байланысты, айқындалған коммуникативтік-стандартталған стратегия дискурстың коммуникативтік мақсатына жету үшін әрекеттер (оның ішінде этикалық-тілдік) мен ресурстарды әрбір қадаммен жоспарлауды қажет етеді және тиісті коммуникативтік тактикалар арқылы жүзеге асатынын атап өту керек [2].

Ресми-іскерлік дискурсты жан-жақты сараптау келесі Аңдатпалер жасауға мүмкіндік береді:

1. Заманауи ресми-іскерлік дискурс айрықша коммуникативтік-стандартталған феномен болып табылады, ол коммерциялық-қаржылық, өндіріс-еңбектік, әлеуметтік-саяси және экономикалық-құқықтық салалардың сұранысына байланысты қызмет етеді.

2. Зерттеліп отырған дискурстың жанрлық әртүрлілігі дискурстық белгілерге байланысты айшықталады:

а) жоғарыда аталған салалар аясында белгілі бір қатынастарды орнату үшін қатысушыларды біржақты (екіжақты) анықтау;

б) ресми-іскерлік дискурстың жанрлық ерекшелігіне, яғни оны ауызша немесе жазбаша жүзеге асыруға байланысты;

в) коммуниканттардың өзара әрекеттестігінің субъекті-субъектілік бағытына қатысты, айталық заңды (ұйым, кәсіпорын, ведомства, мекеме және т.б.) және жеке тұлға арасында;

г) ресми-іскерлік дискурста қатысушылардың өзекті жанама және жанама емес өзара әрекеттестігіне орай;

3. Ресми-іскерлік дискурстың стратегиялық бағыты екі векторды қамтиды: 1) жеке және/немесе заңды тұлғалар арасындағы ресми-кооперативтік (жанжалсыз) қатынастар (өзара әрекеттестікті белгілі стандарттарға сәйкес бастау, қолдау, аяқтау); 2) ақпаратпен алмасу (қажетті ақпаратты алу, беру, сұрау, өндеу).

4. Дискурста қатысушылардың ресми-іскерлік интенциялары екі негізгі коммуникативтік-стандартталған стратегия (жолға қойылған ынтымақтастық стратегиясы және әрекет субъектілерінің өзара әрекеттестігі үшін құжаттық-нормативтік база стратегиясы) және тактикалармен (реквизиттік-формулярлық нормаларды зерттеу; өзара әрекеттің нақты түріне сай субъектілердің кәсіби хабардар болуы; ынтымақтастықты жүзеге асыру шарттарына үйлесе білу және толерантты болу; дискурста қатысушылардың одан арғы селбесулерін қамтамасыз ету [3].

5. Ресми-іскерлік дискурстың стратегиялары мен тактикаларын жүзеге асыру тиімділігі экстралингвистикалық факторлар мен әртүрлі деңгейлі лингвистикалық шараларға тәуелді болады.

Ресми-іскерлік дискурстың лингвистикалық және экстралингвистикалық сипаттамасы аудармашының коммуникативтік мінез-құлығын айқындайды:

1) аудармашы үшінші субъект болады және басқа коммерциялық-қаржылық, өндірістік-еңбектік, әлеуметтік-саяси және экономикалық-құқықтық салаларда өзара әрекеттесушілердің «ойын ережесін» қабылдайды;

2) аудармашының кәсіби-арнайы тәжірибесі бар және ресми-іскерлік контекстінде құзіреттілікке ие;

3) аудармашы кросс-мәдени қатынасқа қатысушылардың ресми-іскерлік интенцияларын сақтайды және белгіленген дискурсты оның барлық жанрлық түрлілігімен коммуникативтік және нормалық-стандарттық стратегиялар мен тактикалар арқылы аударма тіліне өзгертеді;

4) аудармашылық әрекеттің тиімділігін аудармашының әртүрлі деңгейдегі лингвистикалық амалдарды (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистік) коммуникативтік ахуалдың экстралингвистикалық факторларымен бірлестіре отырып тандауы көрсетеді.

Аудармашылық әрекеттің барысын айқындайтын екінші маңызды фактор, түпнұсқа мәтінді қабылдау тәсілімен және оны аударма тілімен беру тәсілімен, яғни аударма мәтінін жасау тәсілімен байланысты. Аталып өтілген ерекшеліктер аудармашының кәсіби әрекетінің тілдік әрекетке бағынуын, нақтырақ айтқанда, психоллингвистикалық сипаттарға бағыныштылығын айқындайды. Осыны ескере отырып, шығыстанушы-аудармашының аударманың: жазбаша-жазбаша, ауызша-ауызша, жазбаша-ауызша, ауызша-жазбаша түрлеріндегі (Л.Бархударовтың санаттауы бойынша [4]) қызметін жүзеге асыруын қарастыралық.

Жазбаша-жазбаша аударма жазбаша мәтінді жазбаша аудару түсінігімен, яғни аудармашының екі тілді жазбаша пайдалануы деп түсіндіріледі. Ауызша-ауызша аударманы екі тіл де ауызша қолданылатын, ауызша мәтінді ауызша аудару деп түсінеміз. Оның екі түрі бар – дәйекті және синхронды аударма. Жазбаша-ауызша аударма – бұл жазбаша мәтінді ауызша аудару (қағаздан аудару), яғни бір мезгілде бастапқы мәтінді және оның аудармасын оқу. Ауызша-жазбаша аударма дегеніміз ауызша мәтінді жазбаша аудару.

Сонымен, ресми-іскерлік дискурстың лингвистік компонентінің фонетикалық деңгейі қазақ және қытай тілдері шеңберінде дискурстық-іскерлік диалогтық және монологтық сөйлеуді ауызша көрсетуде көрініс табады. Сегменттік және суперсегменттік деңгейдегі бірлескен концептосфера ретінде «эмоционалдық-эмоционалдық емес» жүреді. Аудармашы бастапқы мәтінді аудару кезінде сақтауға тиісті сөзді фонетикалық рәсімдеуді салыстырудың типтік стандарттық критерийлері келесі белгілермен айқындалады:

- сегменттік деңгей: дауысты дыбыстарды айтудың эмоциональдық бейтарап «құзақтығы; сөйлеу дыбыстарын дұрыс айту;

- суперсегменттік деңгей: қарқынның тұрақтылығы; мелодиялық диапазонды синтаксистік шартпен тарылту және кеңейту; басты ырғақтарды қалыпты пайдалану; үздіксіз бәсең және үдемелі шкаланы пайдалану; қалыпты дауыс [5].

Аудармашы-қытайтанушы ресми-іскерлік дискурстың лингвистік компонентінің лексикалық деңгейі қолданыстың ауызша және жазбаша түрлерінде көрініс табатынын ұмытпауы тиіс. Ауызекі тілдің критерийлері ретінде бейтарап лексика, сөйлеу лексикасы, арнайы терминология болады. Дискурстың жазбаша формасын екі негізгі блок құрайды: бейтарап лексика (негізгі бөлік) және кәсіби терминология, оның құрамына арнайы терминология, канцеляризмдер, аббревиатуралар кіреді. Мысалы: қыт. " 售方 *shòufāng*" қазақ тіліне «сатушы» (келісімдерде, шарттарда және т.б.), 废除条约 – келісімшартты бұзу, 合同规定价格 – *hétóng guīdìng jiàgé* – келісімді баға деп аударылады.

Ресми-іскерлік дискурстың лингвистік компонентінің грамматикалық деңгейі қазақ және қытай тілдері шеңберінде ауызекі тілдің грамматикалық ережелеріне сәйкес дискурстық-іскерлік диалогтық және монологтық сөйлеуді ауызша көрсетуде көрініс табады. Келесі бір вектор ресми-іскерлік дискурстың жазбаша көрінісін көрсетеді. Салыстырудың критерийі ретінде сөзді синтаксистік рәсімдеу, атап айтқанда сөйлемнің коммуникаивтік түрлері – нақтылау, сұрақ, ынталы сөйлем. Мысалы, қытайша «理事会表决实行三分之二通过» сөйлемге қазақша «Кеңес дауыс берушілердің 2/3 келісімімен қабылданды» сай келеді. Аудармашы сандық белгілерді жазбаша көрсетудің ерекшелігін ескеруі тиіс (三分之二 (*sān fēn zhī èr*) – үштен екі).

Аударма мәтінін лексико-грамматикалық құру барысында қытай және қазақ тілдерінің идеоэтнокалық ерекшеліктері «іске қосылады», яғни баламалылық семантикалық құрылымдар айшықталады: мәндік құрылым мазмұны сол күйі қалады, тек формальдық-грамматикалық құрылым өзгеріске түседі. аударма мәтінін ықшамдауға немесе ұлғайтуға болады.

Жазбаша ресми-іскерлік дискурстың лингвистикалық бөлігінің құрылымдық-стилистикалық деңгейі оны көрсету барысында өзекті бола түседі. Біріккен когнитивтік концептосфера ретінде мыналар көрінеді:

- құжаттың құрылымдық-композициялық формулярлары;
- ресми-іскерлік дискурсты рәсімдеудің лексико-грамматикалық стилистикасы. Ресми-іскерлік салада кәсіби міндетін атқарып жүрген әрбір аудармашы құжаттың құрылымдық-композициялық формулярларын – стандарт бойынша бірізділікпен қойылған реквизиттердің жиынтығын: 1) мақсатын; 2) авторын; 3) мазмұнын-негізгі мәтінін; 4) мерзімін; 5) рұқсатнама немесе келісілгенін; 6) хат алмасу үшін автордың/ресми-іскерлік дискурс субъектісінің мекен-жайын білуі қажет.

- Құжаттың мәтінін аудару кезінде аудармашы оның рәсімделуінің лексико-грамматикалық ережелерін ұстануы тиіс:

- 1) ресми-іскерлік стиль мен заманауи тіл нормалары (қытай және қазақ) талаптарын орындау;
- 2) басқару қызметін құжаттандыру тәжірибесімен қалыптасқан кәсіби-айқындалған лексиканы пайдалану;
- 3) құжаттарда іскерлік тілді бірегейлендіру и стандарттау (трафареттік мәтіндерді пайдалану);
- 4) құжатты міндетті куәландыру (қол қою, мөр басу) [6].

Қытай тілінің жазбаша аудармашысының аударма қызметінің қытай тілінің ауызша аудармашысының қызметінен елеулі айырмашылығы бар. Жазбаша аударма иероглифтерге байланысты көптеген қиындықтар туындатады. Нәтижелі жазбаша аудармашылық қызмет үшін аудармашыда сызбалық дағдылар, лексикалық дағдылар, жазбаша ақпаратты көзбен қабылдай білу дағдылары қалыптасуы қажет. Шетелдік студенттер үшін иероглифтерді жазу қиындық туғызады (214 кілт-детерминант бар), оларды жаза білу, қабылдау және есте сақтау үшін адам жадысының барлық түрі қолданылады. Аудармашы-синологтың аудармашылық қызметі графикалық символдарды: «таңба» – «дыбысталу» → «таңба – «дыбысталу» қабылдаудан басталады. Осыған байланысты, жазбаша қытай-қазақ (қазақ-қытай) аудармашының ерекшелігі аудармашының келесі мәселелерді шешуіне байланысты:

1. Таңбалануы ұқсас иероглифтардың семантикасын тани білу. Қытай тілінде таңбалануы ұқсас иероглифтар көп, олардың мағынасын айыратын элементтерді тани алмау иероглифті бұрыс түсіндіруге әкеледі, бұл аударма тілінің нормасын бұзады, ақпараттың толыққандығына нұқсан келтіреді. Мысалы, «乌- *wū*» сөзі (қазақша-*қара*) және «鸟- *niǎo*» (қазақша-*құс*) сөзін жиі шатастырады, сондықтан «乌克兰 -*wūkèlán* (Украина) сөзін тәжірибесіз аудармашы «Нюкелань» деп беруі мүмкін [7, 8].

2. Атау сөздерді аудару-транскрипциялау. Атау сөздерді аударудың қиындығы, қытай және қазақ тіліндегі буындар құрылымының ұқсамайтындығына байланысты. Қытай тілі буынындағы сандық құрам төрт элементтен аспайды (一 (yī), 个 (gè), 狗 (gǒu), 年 (nián)). Қазақ тіліндегі буындарда дыбыстардың саны әрқалай болуы мүмкін және олар әртүрлі ізділікпен келе береді. Қытай буыны нақты тәртіппен және дыбыстардың үйлесуінен құралады. Аудармашы қытай тілінің барлық дыбыстары бір-бірімен үйлесе бермейтінін ескеруі қажет. Мысалы, *fa* (*фа*) және *li* (*ли*) дыбыстары бар, бірақ *fi* (*фи*) дыбысы жоқ; *se* (*сы*) және *ta* (*та*) бар, бірақ *te* (*ты*) жоқ. Жалпы алғанда, кейінгі кездердегі сөздік және анықтамалық мәліметтерге сай, қытайлық фонетикалық жүйеде буындар саны 400 бірлікті құрайды.

Сөздіктерде есім сөздердің аударма-транскрипциялық баламаларының болмауы да қиындық туғызады. Қытайлық тектер мен есімдердің айрықша ерекшелігі – олардың гендерлік бейтараптығы мен нақты бірізділігі: алдымен тегі, сосын есімі айтылады. Мысалы, 老子 (*lǎozi, lǎozǐ*) – *Лао-цзы* (ер есімі), 刘洁 (*liu jie*) – *Лю Цзе* (әйел есімі).

Қытайлық тарихи және географиялық реалийларды білмеу де аудармашыға қиындық келтіреді, айталық 庄子 (*zhuāngzi*) – «ауыл» деп аударылмайды, бұл қытай философы Чжуанцзының есімі. Амур өзені қытайша «黑龙江-*hēilóngjiāng*» (*Хейлунцзянь*) деп жазылады, ал біз оны Амур деп аударамыз, ал бірақ «黑龙江 *hēilóngjiāng*» провинциясын *Хейлунцзянь* деп аударамыз.

3. Қытайлық мәтінді жіктеу. Жаңа бастаған аудармашыға бір сөз-иероглифтің морфемалары, сөз тіркестеріндегі, сөйлем мүшелері арасындағы шекараны айқындау қиындық туғызады, өйткені иероглифтер бір-бірінен біркелкі қашықтықта жазылады. Мысалы, мынадай жазбаша хабарлама: «发展中国 (fāzhǎn zhōng guójiā)» «*дамұшы мемлекеттер*» (国家) дегенді білдіреді, яғни *发展* және *中国* иероглифтерін бөлшектеуге болмайды, өйткені мағынасы «*дамұшы Қытай*» (中国) болып өзгеріп кетеді.

4. Қазіргі қытайлық лексикондағы вэньязызмдер (文言词 – wényáncí) мен диалектизмдердің болуы.

Вэньязызмдер қазіргі ресми-іскерлік дискурста қолданылатын, ескі әдеби (жазба) тілдің лексикасы, мысалы: 裁减 (*cáijiǎn*)-«қысқарту» сөзі, заманауи 缩减 (*suōjiǎn*), 削减 (*xiuējiǎn*), 缩小 (*suōxiǎo*), 减少 (*jiǎnshǎo*), 精简 (*jīngjiǎn*) сөздерімен қатар қолданыла береді.

5. Қытай сөздері арасындағы икемді синонимдік және антонимдік байланыстар.

Жекелеген қытай сөздері синоним болып келетін бірнеше лексикалық бірліктермен антонимдік байланысқа түсе алады: – 开 (*kāi*)- «*ашу*» сөзінің үш синонимі бар: 关 (*guān*), 闭 (*bì*), 合 (*hé*).

6. Қытайлық фразеологиялық тіркестердің саналуандығы.

Аудармашы иероглифтік мәтіндегі тұрақты тіркестерді (әсіресе фразеологизмдерде кездесетін) тани білуі және қазақ тіліне барабар аударуы тиіс: 置于既成事实面前 (*zhì yú jìchéng shìshí miànqián*) – қазақша: *ақиқат алдыда тұрады* [9]. Мұндай сөздердің лексикалық валенттілігін білмеу, оларды анықтау мен аударуда қиындық туғызады.

7. Қытай тілі таптарының транспозитивтілігі.

Иероглифтік құрамы бір, бірақ әртүрлі сөз таптарына жататын қытай сөздері көп: 会 (*huì*) – қазақша «алу (қолдан келу)». Аудармашыға мұндай элементтерді тану, олардың қызметтік ерекшелігін айқындау қиын болады.

Студенттерге бастапқы уақытта қытай тілімен танысуға иероглифтердің латын транскрипциясы-*пиньинь* көмектеседі, алайда одан кейінгі кезеңдерде, болашақ қытай тілінің аудармашылары белгілі бір иероглифтерді жазу мен тану дағдыларын кілттердің көмегімен жүзеге асыруы тиіс, өйткені ресми-іскерлік бағыттағы қытайлық түпнұсқа мәтіндер тек иероглифтермен ғана беріледі. Болашақ аудармашыларды ауызша аударма саласында кәсіби-тілдік дайындау барысында, жоғарыда аталған қиындықтармен қатар басқа да күрделіліктерге әкеледі, олар қытай тілін аудиалды қабылдау, оны өңдеу және аударылатын тілге түрлендіруге байланысты туындайды.

Қортынды. Осылайша, қытайлық ресми-іскерлік дискурсты қазақ тіліне жазбаша аударудың психолингвистикалық ерекшеліктері – дискурста қатысушылардың стратегиялық және тактикалық интенцияларына, ресми-іскерлік дискурстың лингвистикалық сипаттамаларына және тіл әрекеті ретіндегі жазбаша аударма әрекетінің айрықшылығына тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Лингвистический энциклопедический словарь [Электронный ресурс]. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 684 с. – Режим доступа: <http://lingvisticheskiy-slovar.ru/description/diskurs/168>.
- 2 Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. – М., 1985. – 154 с.
- 3 Құлманов С. Аударманың өзекті мәселелері. – Алматы: «Palitra-Press», 2015. – 216 б.
- 4 Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). – М.: Международные отношения, 1975. – 175 с.
- 5 Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. – Астана: «Аударма» баспасы, 2004. – 70 б.
- 6 Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 199 б.
- 7 Горелов В.И. Лексикология китайского языка: учеб. пособие [для пед. ин-тов по спец. №2103 “Иностр. яз.”]. – М.: Просвещение, 1984. – 216 с.
- 8 Сәмитұлы Ж. Аударма теориясы және практикасы. – Алматы, 2005. – 198 б.
- 9 Горелов В.И. Теоретическая грамматика китайского языка: учеб. пособие [для студентов пед. ин-тов по спец. “Иностр. яз.”]. – М.: Просвещение, 1989. – 318 с.

МРНТИ 15.01.11

Fedosova S.A.¹, Kapysheva G.K.²

^{1,2}S.Amanzholov East-Kazakhstan State University
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

LEARNER-CENTERED APPROACH – THE BASIC PSYCHOLOGICAL STRATEGY OF MODERN LANGUAGE EDUCATION

Abstract

The article discusses the development of cognitive interests of students in close connection with communication skills. The ability to apply theoretical knowledge in practice is an intellectual skill in the process of developing mental skills and abilities. Student-centered methods are created in class with the help of modern techniques and situations that serve as a means of motivating and stimulating students. The desire to use such interactive methods mobilizes the thoughts and energy of students, creates an atmosphere of emotional stress. Speech communication includes not only the speech itself, but also gestures, facial expressions, and has a pronounced purposefulness. In schools and language courses, a special place is occupied by such forms of classes that ensure the active participation of each student in the lesson, increase the authority of knowledge and individual responsibility of pupils for the results of educational work. These problems can be successfully solved using the technology of interactive teaching methods. The main function of pedagogical activity is not only to transfer knowledge, but also to create problem-cognitive situations and control the process of students' cognitive activity, taking into account their individual characteristics.

Keywords: psychological, cognitive activity, learning process, education, pedagogical activity, methods, mental skills and abilities.

Федосова С.А.¹, Капышева Г.К.²

^{1,2}Восточно-Казахстанский Университет им. С.Аманжолова

СТУДЕНТОЦЕНТРИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ – БАЗОВАЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СТРАТЕГИЯ СОВРЕМЕННОГО ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассматривается развитие когнитивных интересов обучающихся в тесной связи с коммуникативными навыками. Умение применять теоретические знания на практике является интеллектуальным умением в процессе развития мыслительных навыков и способностей. Студен-

тоцентрированные методы создаются на уроке с помощью современных техник и ситуаций, которые служат средством мотивации, стимулирования студентов. Желание использовать такие интерактивные методы мобилизует мысли и энергию учащихся, создает атмосферу эмоционального стресса. Речевое общение включает в себя не только саму речь, но и жесты, мимику и имеет ярко выраженную целеустремленность. В школах и языковых курсах обучения особое место занимают такие формы занятий, которые обеспечивают активное участие каждого ученика в уроке, повышают авторитет знаний и индивидуальную ответственность школьников за результаты воспитательной работы. Эти проблемы могут быть успешно решены с помощью технологии интерактивных методов обучения.

Основная функция педагогической деятельности состоит не только в передаче знаний, но и в создании проблемно-познавательных ситуаций и управлении процессом познавательной деятельности студентов с учетом их индивидуальной характеристики.

Ключевые слова: психологический, когнитивная активность, процесс обучения, образование, педагогическая активность, методы, умственные умения и способности.

В результате диагностики установлено, что в целом наблюдается низкий (рефлексивный) уровень профессионально-личностной позиции студентов педагогического вуза к духовно-нравственному воспитанию младших школьников – 67 %, что обусловлено в значительной степени недостаточным вниманием к решению этой проблемы. Также нами была проведена диагностика младших школьников, с целью определения уровня духовно-нравственного развития, при этом от 50% детей имеют низкий уровень духовно-нравственного развития, менее 42% средний уровень и менее 8% высокий уровень.

Итак, мы рассмотрели оценочно-критериальный инструментарий диагностики профессионально-личностной позиции студентов, как основы повышения качества подготовки студентов педагогического вуза к духовно-нравственному воспитанию младших школьников.

По нашему мнению, «духовно-нравственное воспитание младшего школьника» – это целенаправленный, деятельностный, личностно-ориентированный процесс усвоения им знаний, умений и навыков, способствующий самоконтролю, самореализации, самосовершенствованию личности в соответствии с общечеловеческими нравственными ценностями.

При этом компонентами духовно-нравственного воспитания младшего школьника выступают: ценностно-смысловой, житнетворческий, гражданский, морально-этический, экологический, религиозный, информационно-коммуникативный.

В нашем исследовании профессионально-личностная позиция будущих педагогов относительно духовно-нравственного воспитания младших школьников выступает показателем повышения качества подготовки студентов и включает следующие компоненты: ценностно-смысловой (самосознание личности), проективно-деятельностный (активизация экспериментально-педагогической деятельности), аналитический (профессиональная рефлексия, профессиональная самооценка).

При этом данные компоненты связаны с общей квалификацией будущего педагога, составляющей базовый (общая профессиональная педагогическая подготовка, основные профессионально значимые личностные качества педагога) и специфические компоненты (психолого-педагогические знания, умения и навыки, являющиеся результатом активного усвоения особенностей духовно-нравственного воспитания; профессионально значимые личностные качества педагогов).

В соответствии с этим подготовка студентов педагогического вуза к духовно-нравственному воспитанию младших школьников строится с учетом следующих принципов: единства и дифференциации общего и специального обучения; этапности обучения; единства теоретической и практической подготовки.

Список использованной литературы:

1 Борытко Н.М. *Методология и методы психолого-педагогических исследований: учебное пособие для студ. высш. учеб.заведений* / Н.М. Борытко, А.В. Моложавенко, И.А. Соловцова; под ред. Н.М. Борытко. – М.: Академия, 2017. – 320 с.

2 Педагогика. *Большая современная энциклопедия* / сост. Е.С. Рапацевич. – Мн.: Современное слово, 2005. – 720 с.

МРНТИ 15.41.43

Атабекова Б.Б.¹, Тургынбаева Б.А.²

¹докторант кафедры «Педагогики и психологии»,
Казахский национальный педагогический университет им. Абая

²докт. педагог. наук, профессор кафедры «Педагогика и психологии»,
Казахский национальный университет им. Абая

РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Направлением модернизации казахстанского образования является преодоление замкнутости, преобразование образовательных институтов различного масштаба в открытые социально образовательные системы, деятельность которых направлена на решение актуальных экономических, социальных и культурных проблем. Открытость образовательного учреждения выражается в построении системы социального партнерства, кооперативных связей с другими сферами общества: органами власти, бизнесом, учреждениями образования, культуры и науки, направленной на взаимовыгодное сотрудничество в тактическом и стратегическом плане, совместную деятельность образовательного учреждения и социальных партнеров. Система социального партнерства обеспечивает как поступательное развитие самого образовательного учреждения, так и качественное улучшение ситуации у его партнеров. Социальное партнерство образовательного учреждения качественно отличается от иных форм взаимодействия: шефства, спонсорства, попечительства. Его основная идея – взаимовыгодная кооперация, в которой образовательное учреждение является полноправным партнером. Это означает непосредственный и прямой обмен ресурсами, привлекаемыми от социальных партнеров, на конкретные результаты деятельности образовательного учреждения.

Ключевые слова: образование, социальное партнерство, подготовка кадров, будущий педагог.

Б.Б. Атабекова¹, Б.А. Тұрғынбаева²

¹«Педагогика және психология» кафедрасының докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

²пед.ғ.д., «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада барлық уақытта да білім қоғамның экономикалық дамуының негізі, әлеуметтік тұрақтылық факторларының бірі, халықтың рухани адамгершілік әлеуетінің және интеллектуалдық өсуінің қайнар көзі ретінде таптырмас құндылық болып есептеліп келгендігі қарастырылады. Бүгінде елімізде білімге қатысты қажеттіліктері өсіп, жоғары, орта арнаулы, кәсіби қосымша білім алуға үміткерлер саны артуда. Бұған жауап ретінде білім беру ұйымдарының салалануы артып, әртүрлі типтегі оқу орындары пайда болды, білім берудің инфрақұрылымы, басқару формалары, әдістемелік, ғылыми қызмет түрлері дамуда. Оларды білім алушылардың жеке сұраныстары мен мүмкіндіктеріне бағыттау күшейтілуде. Осыған орай білімнің сапасына қойылатын талаптар артып, бұл саланың ашық жүйе және оның әлеуметпен өзара әрекеттестігіне негізделген құрылымдық-қызметтік сипаттамасы ретінде дамуының көкейтестілігі артуда. Маман даярлаудың сапасы мен оның біліктілігіне қойылатын талаптарға сай кәсіби білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыру болып табылады. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогикалық жүйе ретінде сыртқы ортамен тікелей байланысады. Ол байланыс оқу орынының әрекетінің тиімділігін арттыруға, басқару ісінің құрылымын жетілдіруге, даму болашағын бағдарлап, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан әлеуметтік серіктестік құрудың тетіктерін қалыптастыру қазіргі кездегі кәсіби білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыттарының бірі болып отыр.

Түйін сөздер: білім, әлеуметтік серіктестік, маман даярлау, мәдени ағарту, болашақ педагог.

Б.Б. Атабекова¹, Б.А. Тұрғынбаева²

¹Doctoral student of the Department "Pedagogy and Psychology",
Kazakh National Pedagogical University named after Abai

²Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of "Pedagogy and Psychology",

THE ROLE OF SOCIAL PARTNERSHIP IN THE EDUCATION SYSTEM

Abstract

The most important direction of modernization of the Kazakhstan education is overcoming isolation, trans-formation of educational institutes of various scale to open socially educational systems which activity is di-rected to the solution of current economic, social and cultural problems. The openness of educational institution is expressed in creation of system of social partnership, cooperative communications with other spheres of society: authorities, business, institutions of education, culture and science directed to mutually beneficial cooperation in the tactical and strategic plan, joint activity of educational institution and social partners. The system of social partnership provides both forward development of the most educational institution, and high-quality improvement of a situation in his partners. Social partnership of educational institution qualitatively dif-fers from other forms of interaction: patronages, sponsorship, guardianship. His main idea – mutually advan-tageous cooperation in which the educational institution is a full partner. It means direct and direct exchange of the resources attracted from social partners for concrete results of activity of educational institution. Social partnership isn't limited to single actions, it is under construction on mutual trust and a long-term basis.

Keywords: education, social partnership, sponsor, future teacher.

Введение. Социальное партнерство образовательного учреждения качественно отличается от иных форм взаимодействия: шефства, спонсорства, попечительства. Его основная идея – взаимовыгодная кооперация, в которой образовательное учреждение является полноправным партнером.

Это означает непосредственный и прямой обмен ресурсами, привлекаемых от социальных партнеров, на конкретные результаты деятельности образовательного учреждения. Социальное партнерство не ограничивается разовыми акциями, оно строится на взаимном доверии и долгосрочной основе.

В исследованиях казахстанских и зарубежных ученых традиционно выделяются следующие формы социального партнерства в системе профессионального образования:

- партнерство внутри системы образования между различными группами данной профессиональной общности;
- партнерство, в которое вступают работники системы образования, контактируя с представителями иных сфер общественного воспроизводства;
- партнерство, которое инициирует система образования как особая сфера социальной жизни, делающая вклад в становление гражданского общества [1].

Социальное партнерство позволяет действовать эффективно и успешно, имея в виду приоритетную перспективу, общую для всех партнеров, эффективно координировать совместную деятельность с ясным пониманием своей ответственности. Такая деятельность оказывается наиболее эффективной и экономичной для партнеров, в том числе и в системе образования.

Исследование практики социального партнерства в системе профессионального образования свидетельствует, что образовательные учреждения, имеющие высокий уровень качества образования, добиваются этого не только за счет внутренних факторов повышения уровня образованности учащихся, но и использования возможностей субъектов рынка труда, а также государственных и общественных структур, заинтересованных лиц (органов власти, предприятий, преподавателей, учащихся, родителей).

К внутренним факторам повышения качества образования можно отнести: эффективность управления образовательным процессом, уровень требований в учебном процессе, эффективность проведения всех форм учебных занятий, мотивацию учащихся к учебе, использование современных технологий, опирающихся на развитие познавательного интереса к учению, наличие системы педагогической диагностики образовательного учреждения и др. [2].

Что касается социального партнерства, то в системе профессионального образования оно является важнейшим фактором, влияющим на его качество, поскольку позволяет включить в организацию педагогического процесса главных потребителей образовательных услуг, имеющих свои интересы, свои представления о задачах и роли профессионального образования, его качестве.

Главным критерием эффективности социального партнерства в сфере профессионального образования является такая качественная характеристика как востребованность выпускников на рынке

труда, выражающаяся через следующие показатели: процент трудоустройства, качество предлагаемой работы, длительность закрепления на рабочем месте.

В профессиональном образовании выделяют три уровня социального партнерства:

- формирование и исполнение образовательного заказа, где дается оценка качества профессиональной подготовки специалиста (исходя из требований ГОСО);
- трудоустройство выпускников, где оценивается сформированность у работника компетенций: ключевых, профессиональных, специальных;
- адаптация молодого специалиста и его карьерный рост [3].

Анализ теории и практики социального партнерства позволяют выделить следующие противоречия в системе профессионального образования:

- между объективной потребностью в смещении акцента на государственно-общественную экспертизу качества образовательных услуг в профессиональном образовании и преимущественной ориентацией существующей практики на внутреннюю оценку качества;
- между современными требованиями работодателей к уровню и качеству подготовки выпускников и неразработанностью проблемы внешней оценки качества начального профессионального образования;
- между накопленным опытом социального партнерства в профессиональном образовании и неразработанностью теоретических аспектов его реализации как фактора повышения качества образования.

На основании вышеизложенного необходимо определить: при наличии каких организационно-педагогических условий социальное партнерство оказывает положительное влияние на качественную подготовку выпускников в системе начального профессионального образования и выступает в роли фактора повышения качества начального профессионального образования.

Выпускники педагогических вузов сегодня должны получать не только профессиональные знания, умения, навыки, но и развивать профессионально-значимые качества. В связи с этим важно задействовать педагогически значимые резервы подготовки будущего педагога. Необходимо, чтобы будущий воспитатель и учитель мог эффективно взаимодействовать с окружающими его людьми в системе межличностных отношений, умел ориентироваться в социальных ситуациях, умел правильно определять личностные особенности и эмоциональные состояния других людей, выбирать адекватные способы взаимодействия и реализовывать эти способы в профессиональной деятельности.

Педагогический вуз может представлять интерес как основной инициатор социального партнерства в сфере профессионально-педагогического образования, так как, во-первых, он обладает достаточным количеством разнообразных помещений для проведения больших и малых собраний общественности, где люди могут встретиться и обсудить профессиональные проблемы, пути и способы их решения, определить способы взаимодействия. Более того, значительная часть местного населения – это социальная группа студентов и их родителей, которая регулярно и привычно обсуждает проблемы образования, досуга, здоровья, безопасности и другое; во-вторых, высшее учебное заведение – это коллектив профессионалов, имеющих педагогическое образование и обладающих практическими навыками обучающей, культурно-просветительской, воспитательной, организационной деятельности, равно приложимых как к детской, так и к взрослой аудитории; в-третьих, высшее образовательное учреждение обладает материально-техническими ресурсами, большой территорией и оборудованием, оргтехникой для практической реализации различных социальных акций и инноваций, воплощая его элементы в повседневной учебной и воспитательной деятельности. Следует отметить, что социальные партнеры могут быть реальными и потенциальными. К реальным партнерам относятся субъекты или организации, с которыми образовательное учреждение уже работает, имеет постоянные связи и программы взаимодействия. Потенциальные партнеры – это те, с которыми образовательное учреждение не имеет постоянных связей, но считает, что при организации работы с ними сотрудничество может быть плодотворным. К потенциальным субъектам социального партнерства в сфере профессионально-педагогического образования можно отнести: образовательные учреждения в Казахстане и за рубежом; органы управления образованием (республиканские и региональные); орган труда и занятости (республиканские, региональные и местные); работодатели всех уровней; общественные и коммерческие организации; обучающиеся. Развитие социального партнерства – это гибкая форма сотрудничества, построенная на четком распределении ролей ответственности и доли участия, цель которой: повышение качества профессиональной подготовки будущего специалиста, удовлетворение текущих и перспективных по-

требностей в высококвалифицированных специалистах [4].

Заключение. Анализируя вышесказанное, мы считаем, что социальное партнерство вуза можно рассматривать и как:

- социальный ресурс образовательного заведения;
- фактор стабилизации регионального рынка труда;
- способ интеграции инновационной и образовательной деятельности участников партнерства с целью позитивных социально-экономических изменений;
- технологию взаимодействия специалистов в поле профессиональных проблем с целью оптимизации принимаемых решений;
- определенный тип взаимоотношений, в котором заинтересованы различные социальные группы и государство в целом;
- механизм развития социально-инновационных процессов в самом вузе [5].

Результативность такого взаимодействия зависит от четкости определения целей, формулировки задач, правильности распределения ролей, обязанностей и ответственности всех сторон на основе взаимных интересов и реализации таких принципов как: гуманизация, кооперация, демократизация, дополнительность, интеграция, гибкость и открытость. Далее рассмотрим подробнее о них.

Гуманизация как ведущая идея развития общества должна пронизывать все категории и сферы взаимодействия партнеров с целью создания благоприятных возможностей для развития творческой индивидуальности личности студента.

Кооперация образовательных и социальных структур с производством. Данный принцип определяется стратегией социально-экономического развития, изменениями взаимоотношений учебных заведений и предприятий, спросом и предложением на услуги образования.

Демократизация – расширение доступа всем членам общества к сотрудничеству в области удовлетворения социальных и образовательных потребностей на основе социального партнерства. Социальное партнерство как социальное явление общественной практики, связано с развитием демократических начал.

Дополнительность всех видов социального партнерства в вузе предусматривает возможность человеком выбирать любые формы взаимодействия с целью реализации потребностей в области формального, неформального (самообразования) и неформального образования.

Интеграция образовательных структур. Создание единого образовательного пространства, которое сегодня целесообразно рассматривать в региональном аспекте. Такое пространство можно понимать как совокупность всех субъектов региона, прямо или косвенно участвующих в образовательных процессах.

Гибкость системы и всех ее звеньев заключается в способности к быстрому перестраиванию, в соответствии с изменяющимися потребностями производства, общества и личности. Обеспечение максимальной гибкости разнообразия различных форм взаимодействия.

Открытость системы профессионального образования выражается в ее способности к постановке новых целей, опережающему обновлению содержания, включению образовательных инноваций, новых механизмов социального партнерства.

Сегодня в образовательной практике идут процессы, связанные с расширением сферы партнерских отношений – от внутриведомственных к межведомственным и межсекторным. В условиях растущей актуальности объединения ресурсов общества при решении наиболее сложных социальных проблем партнерство становится важнейшей позитивной тенденцией, формирующей новый тип взаимоотношений в сфере образования личности. Для этого система образования должна быть гибкой, динамичной, открытой для изменений. То есть ее основа должна быть построена также на принципах инновационной деятельности, инновационной структуры, характерной для века информатизации и развития инновационной экономики.

Очевидно, что в этой новой для образования сфере пока остается много неразработанных и дополнительного изучения пути, этапы, формы и механизмы социального партнерства в неисследованных тем, в частности, с точки зрения практической реализации, требуют образования как средства повышения его качества.

Список использованной литературы:

1 Алашеев С.Ю., Кутейницына Т.Г., Посталюк Н.Ю. Обзор мировых практик организации взаимодействия рынка труда и системы профессионального образования // <http://www.>

labourmarket.ru/conf/reports.pnp.

2 Тюкалова Н.В. Социальное партнерство в образовательной практике как фактор повышения качества начального профессионального образования автореф. дисс.канд. пед.наук. – 2010.

3 Марфин С.Н. Социальное партнерство как один из приоритетов развития профессионального образования. (Вопросы социального партнерства) // Среднее профессиональное образование. 2006. – №2.

4 Тұрғынбаева Б.А. Әлеуметтік серіктестік-мамандар дайындаудың сапасын арттырудың құралы ретінде: Ғалымдар мен мұғалімдердің I Республикалық конференциясы. – Алматы, 2016.

5 Тұрғынбаева Б.А., Атабекова Б.Б., Абеуова Ш.Қ. Әлеуметтік серіктестік болашақ педагогтарды даярлаудың инновациялық формасы ретінде // Хабаршы. «Әлеуметтану» сериясы. – Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017. – №4(32). – Б.66-71.

МРНТИ 15.81.21

А.Қ. Егенисова¹, Қ.Нұрова²

¹п.ғ.к., Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің педагогикалық технологиялар кафедрасының профессоры

²Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің педагогикалық технологиялар кафедрасының магистранты

ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША СЕМИНАР ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада психология пәнін оқытуда семинар және тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру ерекшеліктері сипатталынады. Семинар және тәжірибелік сабақтың түрлері, мақсаты, өткізу әдістері туралы сөз болады.

Семинардың түрлері: семинар-практикум, пікір-талас-семинар, мәселелік семинар, семинар-конференция, жоспар негізінде қысқаша әңгіме және т.б. туралы баяндалады.

Түйін сөздер: семинар, тәжірибелік сабақ, семинар-практикум, пікір-талас-семинар, мәселелік семинар, семинар-конференция, сабақ, дәріс, шығармашылық.

Егенисова А.К.¹, Нұрова К.²

¹к.пед. н., профессор, Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова

²магистрант, Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ СЕМИНАРСКИХ И ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ ПО ПСИХОЛОГИИ

Аннотация

В данной статье описаны особенности организации семинарских и практических занятий по психологии. Также говорится о видах семинарских и практических занятий, о целях и методах проведения. Дается описание видам семинаров: семинар-практикум, семинар-дискуссия, проблемный семинар, семинар-конференция, короткий рассказ по плану.

Ключевые слова: семинар, практическое занятие, семинар-практикум, семинар-дискуссия, проблемный семинар, семинар-конференция, семинар-конференция, занятие, лекция, творчество.

А.К. Yegenisova¹, К.Nurova²

¹Candidate of pedagogical science, Professor, Caspian State University

FEATURES OF THE ORGANIZATION OF SEMINAR AND PRACTICAL SESSIONS ON PSYCHOLOGY

Abstract

This article describes the features of the organization of seminars and practical classes in psychology. Also talked about the types of seminars and workshops, goals and methods. Presented types of seminars: workshop, seminar discussion, problem seminar, seminar conference, a short story on the plan.

Keywords: seminar, practical knowledge, workshop, seminar-discussion, problem seminar, seminar-conference, seminar-conference, lesson, lecture, creativity.

Жоғары мектепте оқыту процесін ұйымдастырудың әр түрлі формалары қолданылады. Оларға жататындар мыналар: дәріс, консультация, семинар, практикалық және зертханалық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы, студенттердің оқытушымен өзіндік жұмысы, педпрактика, конференция, курстық және дипломдық жұмыстар т.б. Осылардың ішінде біз, бүгін семинар және практикалық сабақтарға тоқталамыз.

«Семинар» сөзі латынның «seminarim» – «көшет (рассадник)» деген сөзінен туындайды. Ондай сабақтар Рим мектептерінде пікірталастардың, білім алушылардың хабарламасы, оқытушылардың пікірлері мен қорытындыларының үйлесімі ретінде жүргізіліп отырған. Қазіргі заманғы мектептерде (жоғары және орта) семинарлар тәжірибе сабақтары ретінде кеңінен қолданылуда.

Семинар – ЖОО оқу процесінің белсенді формасы болып табылады.

1. Теориялық материалдарды терең меңгерту.

2. Ғылыми мәтіндерді дайындағанда дағдыларды қалыптастыру, материалдарды жалпылау, ойлаудың сыншылдығын дамыту, т.б.

3. Білімді меңгеруде өзбетінділігін, шығармашылық инициативасы мен шығармашылық қабілетін дамыту.

4. Жауап беру дағдыларын, аудитория алдында пікірін айту және өзінің көзқарасын қорғай білу дағдыларын қалыптастыру.

Семинар студенттердің ғылыми ойлау мәдениетін дамыту тәсілі ретінде қолданылып, белгілі бір курс бойынша терең де толық білім алуға, ғылыми танымдық әдістемені меңгеруге арналады. Семинар сабақтарда білімді қайталау және бекіту, бақылау және бағалау, педагогикалық тіл табысу сияқты жекелей мәселелер де шешіледі. Семинар сабағы тақырып бойынша оқу материалдарын игерудің қорытынды кезеңі болып табылады. Сол себепті де мұндай сабақта студенттердің өздік жұмысы қорытылып, бағаланады.

Дәріс сабағымен салыстырғанда семинарда салмақ толығымен студент жағына ауысады, студент бұл сабақтарда негізгі рөл атқарады. Семинар сабағында студенттер теориялық мәселелерді тереңінен қарастырып, оларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады. Студенттер талқыланатын проблеманы түсіндіру, талқылау, талдау және бағалау әрекеттері арқылы өз пікірлерін, ұстанымдары мен позициясын келтіреді: семинар сабағын топтық талқылау мен пікірталас арқылы ұйымдастырған тиімді.

Семинар сабағының тағы да бір ерекшелігі: әр студент қарастырылатын мәселелерді талқылауға тең құқылы және белсенді түрде қатыса алады. Ал оқытушы мұнда студенттердің пікірлерін қорытындылаушы, күрделі мәселелерді айқындаушы, кеңес-консультация беруші рөлдерін атқарады.

Семинар сабақтарында теориялық мәселелер практикалық тұрғыдан қолдану аясында қарастырылып, меңгеріледі. Ғылыми проблеманы талқылау практикада кездескен ситуацияларды мысал ретінде келтіру немесе кемшіліктерді сынау түрінде ғана өтпейді, мұндай жұмыстар талдау (анализ) әрекеттерін қолдануды талап етеді. Сабақта студенттер жүйелі түрде ойлау, негізгі мәселелердің аясында нақты баяндау, логикалық тұжырымдау, басқалардың пікірін сыни тұрғыдан бағалау сияқты біліктерін көрсете білуі керек.

Семинар сабақтарында теориялық оқу материалын меңгерудің келесі тиімді нысандарын қолдануға болады: проблемалардың шешімін табу, ақпаратты (статистикалық көрсеткіштер, ғылыми

көзқарас, тұжырым, заңнамалық ережелер, т.б.) талдау мен бағалау, практикалық ситуацияларды жан-жақты талқылау мен оларды шешу жолдарын қарастыру.

Семинар барысында студенттер силлабустарда келтірілген өздік жұмыс тапсырмаларын орындап, қосымша әдебиетпен (ғылыми журналдардағы мақалалар, интернеттегі мәліметтер, жаңа ресми құжаттар, ғылыми басылымдар, т.б.) танысуы керек.

Семинар сабақтары белгілі бір ғылыми проблеманы немесе пәннің бір бөлігін тереңінен және жан-жақты қарастыру мен талқылауға арналып, студенттерде келесі тәжірибе, білік, дағды, машықтарды қалыптастыруға бағытталады:

- абстрактылық, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру;
- танымның методологиялық және әдістемелік тәсілдерін практикада қолдану мен оларды жетілдіру;
- бірлесе жұмыс жасау (топ ішінде, команда құрамында) дағдыларын жетілдіру;
- кез келген ақпаратты талдау қабілеттерін, талдау жасау, қорытындылау мен шешім жасау біліктерін қалыптастыру және жетілдіру;
- теориялық білімді практикада, өндірістік ситуацияларда қолдану біліктерін жетілдіру;
- қарастырылатын проблемалар бойынша өз ойы мен пікірін қысқа, айқын, дәлелді түрде жеткізу;
- кез келген білімді өздігімен игеріп, оның негізінде шығармашылықпен жаңа түсінік пен білім құрастыру.

Психология бойынша барлық практикалық жұмыстар түрлерінің мақсаты – студентке теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға үйрету. Осы мақсатпен сабақ үстінде олардың болашақ әрекеттерінің көріністері білім берудегі жағдайлық тапсырмалар ретінде жоспарланады, студенттерде оларды орындауда психологиялық білімдерін жүзеге асыруларының әртүрлі әрекеттерін шыңдайды.

Сонымен қатар, студенттердің өз бетімен жұмыс жасау мүмкіндіктері қалыптасады. Олар негізгі қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен танысып, олармен жұмыс істеуді үйренеді. Бірінші курс студенттерінің басым көпшілігі бірнеше әдебиетпен қатар жұмыс жасай алмайтыны тәжірибеден белгілі, олар ұсынылған әдебиет тізімінен негізгілерін таңдай білмейді; қажетті материалды іріктеп алып, оны талдау және тақырыпқа сәйкес етіп баяндау алғашқы курстағы студенттер үшін қиындық туғызады.

Семинарларды ұйымдастыруда өзара ынтымақтастық, бірлесіп шығармашылық қызмет ету принциптері жүзеге асырылады. Бірлескен қызмет ерекшеліктерін зерттеу деректері бойынша, мұндай жұмыс түріне ойлау және білімді меңгеру процесі бір мәселені жеке адам шешкенде емес, оған ұжым болып күш салғанда неғұрлым нәтижелі болады екен. Сол себепті семинарларды әрбір студенттің қатысуымен бірлесіп талқылайтын ұжымдық жұмыс ретінде жоспарлап ұйымдастырған дұрыс. Тақырып сұрақтарына топ болып жауап іздеу барысында әрбір студенттің белгілі бір мәселеге өз көзқарасын тұжырымдап көрсетуге мүмкіндік жасалады. Осындай дәрежеде ұйымдастырылған семинар студенттердің ғылыми ойлау қабілетін қалыптастырып, дамытады және аудиторияның белгілі бір көлемін меңгеру деңгейін бақылауды қамтамасыз етеді. Оқыту процесі екі жақты процесс болғандықтан, семинар сабағында оқытушы мен студенттердің таным әрекеті бірлесіп жасайтын сипатта болғаны жөн. Осыған орай Н.В. Кузьминаның ұсынған оқытушы мен студенттердің арасындағы өзара біріккен біртұтас әрекетінің құрамдық моделін пайдалану – сабақтың тиімділігін артырады. Бұл модель – оқытушы мен студенттердің бірігіп жасайтын бес түрлі әрекетінен (біліктерден) құралады:

- 1) гностикалық (танымдық);
- 2) проектилеу (болжамдау);
- 3) конструктивтік (жаңа міндеттерді қою және шешу);
- 4) коммуникативтік (қарым-қатынас жасау);
- 5) ұйымдастырушылық білік.

Бұдан шығатын қорытынды: семинар сабағының басты мақсаты студенттердің танымдық әрекеттерін арттыруға бағытталуы тиіс. Оқыту практикасында семинардың әр түрлі формалары қолданылады.

Семинар-практикумдар, онда студенттер әртүрлі практикалық жағдаяттар талқылайды, мысал ретінде психологиялық жағдайларды келтіреді. Шешім дұрыстығының бағасы оқытушының жетекшілігімен ұжымдық түрде шығарылады.

Пікір-талас семинарлар көбіне практикалық қажеттілікке қолданылатын психологиялық зерттеулер әртүрлі әдістерін талқылауға арналады, осының барысында студенттер өздері бірге жұмыс істеуге тура келетін нақты адамдардың (балалар мен ересектер) психологиялық ерекшеліктерін зерттеудің тәсілі мен әдістерін өздері үшін анықтайды.

Практикалық сабақтар негізінен оқу орнының қабырғасында немесе студенттердің практикадан өтетін жерлерінде жүргізіліп және өз мамандықтарының салалары бойынша өзіндік ерекшелікке ие тапсырманы шешуде көмектесуді алдына мақсат етіп қояды. Мектеп психологиясы үшін сыныптағы білім алушылар ұжымның арасындағы психологиялық кикілжіңді шешу міндеттері; медицина саласындағы қызметкер үшін көрінген симптомдар мен мөлшерлеп қойылған диагноз негізінде жүйке жүйелік-психологиялық бұзылуды анықтау міндеті; заңгер психолог үшін заң бұзушылықтың психологиялық сараптамасын жасау немесе құқықтанушыларға психологиялық кеңес беру міндеті, т.б. болуы мүмкін.

Мәселелік семинарда студенттерге ойлау операцияларын меңгерту, таным белсенділігін, ойлау қабілетін арттыруды, шығармашылық ізденісін дамытуды көздейді. Мәселелік семинардың мәнін терең түсіну үшін ойлаудың психологиялық заңдылықтарын терең түсіну қажет. Көрнекті психолог С.Л. Рубинштейннің пікірінше, ойлау процесінің бастапқы кезеңі – ол мәселелік ситуация. Мәселелік ситуация қайшылықтарға негізделеді, осыған орай адамда оның білетіні мен білмейтіні арасында қайшылық пайда болады, оның қойылған проблеманы шешуге деген ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Проблемалы ситуацияның түрлері мен типтері әр алуан болады. Оларды топтастыруда мынадай негіздерге қарап айыруға болады: жеке ғылымдар салалары немесе жеке оқу пәндері бойынша жетіспейтін жаңа білім мен әдістерді іздеуге бағытталуы бойынша; проблеманың күрделілігінің дәрежесі бойынша.

Мәселелік семинарды оқыту процесінің барлық кезеңдерінде де – жаңа білім беру, пысықтау, қайталау, бекіту кезеңдерінде де қолдануға болады. Мәселелік семинарда оқыту әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады: проблемалы пікірталастар, проблемалы әңгімелер, проблемалы баяндамалар, мәселелік міндеттерді шешу, педагогикалық ситуацияларды талдау, дидактикалық (педагогикалық) ойындар т.б. Мысалы, педагогикалық ситуациялар: а) егер сен мұғалім болсаң, осындай – 32542534 – жағдайда балаға тоқсандық бағаны қалай шығарар едің? Мәселелік семинардың артықшылығы; зейіннің дамуына мүмкіншілік жасайды, байқампаздықты, студенттердің танымдық іскерлігін белсенді дамытады, жауаптылық, сыншылдық, өзін сынау, бастамашылдық және өзіне баға беру әрекетін қалыптастырады. Бұдан басқа мәселелік семинар алынған білімнің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Екіншіден, мұнда Б.Зейгарник ашқан, психологияда белгісіз аяқталмаған әрекет эффектісінің жұмыс істеуі. Оның мәнісі мынада, басталған әрекеттер, бірақ аяқталмағаны есте жақсы қалады, әрекеттің басы мен күтілетін нәтиже арасында өзекті байланыс сақталады. Сондықтан, бізді аяқталмаған ойландырады, аяғына дейін істелмеген есімізде сақталады.

Мәселелік семинарда студенттердің танымдық әрекетін арттыруға байланысты түрлі методикалық амалдарды қолдануға болады: ғылыми проблеманың шығу тарихы туралы қызықты материалды беру; әлі шешілмеген проблема туралы студенттерге айту; оқытушының өзі қандай пікірді қолдайтынын айтып, оны дәлелдеу; бұл туралы студенттер не ойлады, олардың айтысу пікірлеріне мүмкіндік жасау; белгілі әдебиеттерді оқуға ұсыну; сонымен қатар студенттерге осы мақсатта ғылыми-зерттеу жүргізуге, бақылау, эксперимент жүргізуге бағыт беру; дәрісде қойылған проблемаға семинар сабағында студенттер өздері жауап іздеуіне байланысты тапсырмалар беру; сабақта педагогикалық ситуацияны талдап шешудің бірнеше әдіс-тәсілдерін студенттермен бірлесіп анықтап, қорытындылар жасау т.б.

Семинар-конференция бұнда студент баяндамасын оқып, барлық қорытындыларды оқытушының басшылығымен талдайды. Бұл семинардың кең таралған формасы. Кәсіптік оқытуда семинар маманның теориялық алған білімін практикамен байланыстыруға мүмкіншілік береді. Сонда ғана студентке теориялық білімін түсінікті және оның кәсіптік білімін көтеруіне көмектеседі.

Семинар-пікірталас ғылыми пікірталас формасында өтеді. Пікірталасқа қатысушы әрбір студент қаралып отырған мәселе бойынша өз ойын дәл және анық жеткізумен қатар, өз көзқарасын дәлелді түрде белсене қарап, қарсы позицияны теріске шығара білуі қажет. Пікірталас дұрыс бағытта нәтижелі өркендеуі студенттердің теориялық білім базасына байланысты. Ал білімді «сыртқа шығарып» көрсетуде, ең бастысы – сөйлеу мәдениеті. Сол себепті студенттерге бұл өнерді үйретудің маңызы зор. Дұрыс ұйымдастырылған пікірталаста тараптар өз пікірлерін білдіріп, оны дәлелдеп,

қарсыластың ойын жоққа шығарумен ғана шектелмей, пікірталас тақырыбын бірлесіп дамытып, жүйелі түрде бір шешімге келеді. Мысалы, пікірталас тақырыбы: «Болашақ қазақ мектебі қандай болуы керек» (оның жобасын жасау) т.б.

Сонымен қатар, семинар сабағында «*синектикалық тай-талас*» (басқалар толғанысын бөлісу) әдісін де өткізуге болады. Бұл әдісті ұсынған ғалым У.Тормен төрт арнайы сәйкестікке негізделген тәсілді орындау талабын қояды: *тура* (берілгенге ұқсас мәселелер қалай шешілетінін ойланып көріңіз); *өз басы* не басқа толғанысынан болған – *эмпатиялық* (мәселе нысанындағы бейнеге еніп, сол тұрғыдан көзқарас білдіріңіз); *рәміздік-символикалық* (екі ауыз сөзбен мәселе мәнінің өрнекті анықтамасын беріңіз); *қияли-фантастикалық* (ойланып көріңізші, бұл мәселені ертегі сиқыршысы қалай шешкен болар еді).

Өтілген материалды жалпылауда сұрақ-жауап формасы қолданылады. Мұнда қарапайым шара қолданылады. Оқытушы аудиторияға сұрақ береді, кейбіреулер жауап береді, ал оқытушы шолу жасайды. Осылайша материал өзектіленіп, оқытушы бақылау жасайды.

Жоспар негізінде қысқаша әңгіме жүреді. Қиын материалды меңгеруде әңгіме қолданылады. Әңгіме барысында студенттерге өзіндік пікірін айтып дайындалғаны бойынша хабарлап, өзіндік көзқарасын баяндауға мүмкіндік береді, бірақ та қабылданған жоспар негізінде жүзеге асады.

Кинофильмдерді, тәжірибелерді, эксперименттерді, кестедегі мәтін материалдың берілуін, схемаларды талдау.

Дәріске қарағанда семинардың мүмкіншілігі жоғары. Семинарда:

- студенттер психологиялық жағынан өздерін жақсы ұстайды (ұялшақтығы, сенімсіздігі, оқытушымен қарым-қатынас кезіндегі);
- студенттердің танымдық көкжиегін кеңейтеді, шығармашылық белсенділігін арттырады, білім игеру қарқынын тездетеді;
- олардың білімін бекітіп, пікірталас пен сөз сөйлеу, іскерлік қатынасын да қалыптастырып, материалды жақсырақ есінде сақтайды, жаңа тапсырмаларды орындау кезінде өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді;
- оқытушының студентті оқу-ақпаратымен терең және жеке – жеке жаңа ақпараттармен қамтамасыз етуге мүмкіншілігі болады, студенттер мәселенің шешімін табуға ізденуге, оның дұрыстығын тексеруге тырысады;
- оқытушы студенттерді тереңірек білуге, олардың қателіктерін түзеуге, жетіспегендігін жөндеуге мүмкіндігі болады.

Сондықтан семинарға дайындық барысында әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ерекше ықылас қою қажет. Ғылыми шығармашылық әрекеттестік, өзара түсіністік және үйлесімдік жағдайда өткен семинар студенттер ойында із қалдырып, ұзақ уақыт сақталады. Көптеген жағдайларда мұндай деңгейде ұйымдастырылған сабақ серіктес ұжымның жүйелі ғылыми жұмысына айналады.

Тәжірибелі оқытушылар шығармашылық қызмет атмосферасын қалыптастыра отырып, студенттерді белгілі бір тақырыпқа дайындалған баяндаманы тындаумен қатар, оны талқылап қарауға, оны әділетті бағалауға, пікірталас ұйымдастырып, оған белсене қатысуға бейімдейді. Студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытушы пікірталасқа өзі басшылық етіп, ондағы әрбір студенттің ролін белгілейді. Өзіне деген сенімі төмен немесе тез тіл табыса алмайтын, өз ойын тура жеткізуде біраз қиындықтарға тап болатын студенттерге жеңіл сұрақтар тапсырлады; оларға өз пікірін ортаға салуға жан-жақты мүмкіндік туғызып, қол жеткізген табысын психологиялық тұрғыдан сезінуге ықпал жасалады.

Семинар сабағы тақырып бойынша оқу материалдарын игерудің қорытынды кезеңі болып табылады. Сол себепті де мұндай сабақта студенттердің өздік жұмысы қорытылып, бағаланады.

Дәріс сабағымен салыстырғанда семинарда салмақ толығымен студент жағына ауысады, студент бұл сабақтарда негізгі рөл атқарады. Семинар сабағында студенттер:

- теориялық мәселелерді тереңінен қарастырып, оларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады;
- пән тақырыбын (тарауын) жан-жақты зерттеу арқылы білімін бекітеді;
- талқыланып отырған проблеманы *түсіндіру, талқылау, талдау* және бағалау әрекеттері арқылы өз пікірлерін, ұстанымдары мен позициясын келтіреді;
- талдау қабілеттерін дамытып, ғылыми тұжырымдар мен қорытындыларды құрастырады,

оларды негіздейді.

Семинар сабақтарының негізгі әрекет жасаушы тұлғасы студент болғандықтан бұл сабақтарда топтық талқылау мен пікірталас ұйымдастырған тиімді. Семинар сабағында әр студент қарастыратын мәселелерді талқылауға тең құқылы және белсенді түрде қатыса алады. Ал оқытушы мұнда студенттердің пікірлерін қорытындылаушы, күрделі мәселелерді айқындаушы, кеңес беруші рөлдерін атқарады.

Семинар сабақтарында теориялық мәселелер практикалық тұрғыдан қолдану аясында қарастырылып, меңгеріледі: белгілі бір ғылыми проблема немесе пәннің бір бөлімі тереңінен және жан-жақты қарастырылады және талқыланады. Ғылыми проблеманы талқылау практикада кездескен ситуацияларды мысал ретінде келтіру немесе кемшіліктерді сынау түрінде ғана өтпейді, мұндай жұмыстар талдау (анализ) әрекеттерін қолдануды талап етеді. Сабақта студенттер жүйелі түрде ойлау, негізгі мәселенің аясында нақты баяндау, логикалық тұжырымдау, басқалардың пікірін сыни тұрғыдан бағалау сияқты біліктерін көрсете білуі керек.

Семинар сабақтарында теориялық оқу материалын меңгеру мынадай мақсаттарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- проблемалардың шеінімін табу,
- ақпаратты талдау мен бағалау (мақала, монографияларды келтірілген ғылыми қозғарас немесе тұжырым, статистикалық көрсеткіштер, заңнамалық ережелер, т.б.),
- практикалық ситуацияларды жан-жақты талқылау мен оларды шешу жолдарын қарастыру.

Семинар сабақтарын мынандай нысандарда ұйымдастыруға болады:

- «Ой қозғау» тәсілі ауқымында қарастырылатын мәселелерді талқылау;
- алдын-ала дайындалған жоспар бойынша әңгімелесу, пікір алмасу;
- теориялық конференция өткізу (сұрақ-жауап арқылы);
- студенттердің баяндамаларын тыңдап, оларды талқылау;
- портфолионы презентациялау (тұсау кесер) және қорғау;
- кейс-стади әдісі ауқымында жұмыс істеу;
- оқырмандар конференциясын өткізу;
- іскерлік ойынының ұйымдастыру;
- рольдік ойын ұйымдастыру;
- дөңгелек үстел ауқымында өткізу.

Семинарға дайындалу барысын студенттер силлабуста келтірілген өздік жұмыстарды орындап, қосымша әдебиетпен танысуы керек. Ал сабақта студенттер өздік жұмыстарын қандай деңгейде орындалғандығын жария қылады, ортаға салып, есеп береді.

Оқытушы оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді қарап шыққаннан кейін семинардың жоспарын құрастыруға кіріседі. Бәрінен бұрын тақырып құрастырылып, оның мақсаты анықталады. Дәрістік берілмеген ақпаратты толықтырады, есінде сақтау үшін қайталап, бұл ақпараттармен жұмыс жасауды үйренеді.

Ақпараттың сипаты мен қойылған мақсатқа сәйкес семинарларды өткізудің формасы таңдалып алынады. Соңынан жоспар құрылады, онда пікірталас сұрақтары, беті көрсетілген әдебиеттер мен қайнар көздер беріледі. Мәтіннің күрделілігіне, көлеміне, жаңалығына қарай ұсынылған әдебиеттер таңдалып алынады. Хрестоматиямен әр түрлі әдістемелік құралдарды пайдалану қажет. Студенттерге жаңа және қызықты болып табылатын оқу материалы мен қосымша материалдарды меңгергенін бақылайтын сұрақтарды дайындаған дұрыс. Сосын, жоспар жазбаша түрде студенттерге таратылады. Студенттерге семинарға дайындалу үшін әдістемелік нұсқау берген орынды. Семинарды өткізгеннен кейін оның тиімділігі, болашақта кеткен қателіктерді болдырмау жөнінде анализ-талдау жасаған пайдалы. Семинарда дәріс материалдарын қайталап және алмастыратын баяндамалар мен элементарлық ақпараттық шығармаларды беруге болмайды.

Пән бойынша теориялық білімді тереңдету мақсатында ЖОО практикалық сабақтар өткізіледі. Алған білімді тәжірибеде қолдана білу дағдыларын қалыптастырып, оларды одан әрі дамытуда практикалық сабақтардың маңызы зор. Мұндай сабақ түрлері төменгі курстарда 2-3 дәріс сабағынан кейін өткізіліп, сол сабақтарда басталған жұмысты жүйелі түрде жалғастырады. Практикалық сабақтардың семинарлық сабақтардан айырмашылығы оқу материалын және негізгі ұғымдар жүйесін алдын-ала меңгереді.

Практикалық сабақтың мақсаты:

- оқылатын материалды студенттерге меңгеруге көмектесу;

- оқу қызметі мен интеллектуалдық іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру,
- студенттерге теория мен практиканы байланыстыруға көмектесу;
- студенттерге ғылыми білімдерін, олардың болашақ кәсіптік қызметімен байланыстылығын сезінуге көмектесу.

Практикалық сабақ – пәннің теориялық мазмұнын толықтыратын оқу процесінің белсенді түрі. Практикалық сабақ студенттерге теориялық мәлімет бойына нақты әрекеттер арқылы машықтанып, сол амалдар негізінде мәліметтер игеру, меңгеру, тереңдету, дамыту мүмкіншілігін береді.

Студенттер практикалық сабақта өз әрекеттерін жалқыдан (нақты мәліметтер) жалпыға (теориялық тұжырымдар) бағыттайды. Практикалық сабақта, әдетте студенттер талдау және іздену жұмыстарымен (семинар сабақтарындағыдай) айналыспайды. Практикалық сабақтың мақсаты – студенттерді дәрісте келтірілген теориялық мәліметтерді өздерінің белсенді әрекеттерімен «тануға», «дәлелдеуге» өз қолымен «жасауға» жұмылдыру.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында оқытушы арнайы оқу материалдарын дайындайды. Сол материалдар бойынша (идея, проблема, тұжырым, ереже, анықтама, рет пен тәртіп, схема, кесте, жоспар, параметрлер, аппарат, статистикалық мәліметтер, көрсеткіш, т.б.) студенттер өздерінің теориялық білімдерін қолданып нақты әрекеттерді атқару дағдыларын игереді, өзіндік тұжырым жасайды. Сол себепті де мұндай оқу материалдарының нақты әрі ықшам болғаны дұрыс.

Студенттер дәрісте берілген теориялық мәліметті практикалық кеңістікке келесі әрекеттер арқылы аударады:

1. Теориялық мәліметті практикалық тұрғыдан жүзеге асыру немесе орынду (мәселен, статистикалық мәліметтерді санау, көрсеткіштерді есептеу, кестелерді толықтыру, т.б.).
2. Теориялық мәліметті дәлелдеу (практикалық қолданысын көрсету немесе беделді нұсқауларға сілтеме жасау).
3. Теориялық мәліметке өзіндік тұрғыдан баға беру (практикалық маңызын, тиімділігін, келтіретін пайдасын, артықшылықтарын айқындау, дәлелдеу; қолдау немесе қарсы шығу).
4. Теориялық мәліметті дамытатын, тереңдететін ұсыныстар жасау (идеялар ұсыну, оларды дәлелдеу және практикалық маңызын келтіру).

Практикалық сабақтар дәріс сабақтарында берілген жалпы білімді тереңдетуге және кеңейтуге, оны егжей-тегжейлі қарастырып, мәнісін нақтылуға бағытталады, сондай-ақ кәсіби қызмет дағдыларының қалыптасып, орнығуына ықпал етеді. Сабақтың бұл түрі студенттердің ғылыми ойлау қабілеттері мен тілдерін дамытады, олардың білім деңгейін тексеруге мүмкіндік туғызып, жедел кері байланыс құралы ретінде қызмет етеді.

Практикалық сабақтың жоспары дәріс курсының жалпы бағытына сәйкес келіп, оның дәйекті жалғасы болып табылады. Бұл жоспар пән бағдарламасында көрсетіледі. Практикалық сабақтардың әдістемесі әр түрлі болуы мүмкін, бұл әр бір оқытушының жеке тәжірибесіне, шығармашылық даярлығына байланысты. Ең бастапқысы, бұл әдістер арқылы жалпы дидактикалық мақсатқа қол жеткізілуге тиіс.

Дәріс пен практикалық сабақ арасында студенттердің өз бетімен жұмыстары жоспарланады; бұл уақыт аралығында олар тірек конспектілерін және басқа қосымша әдебиетті оқып, практикалық сабаққа дайындалады. Практикалық сабақта қайталау жұмыстарының маңызды ролін ескерген жөн. Бірақ бұл жұмыс түрі адамды зеріктіретін бір сарында болмауы тиіс. Қайталауды жаңа тұрғыдан әртүрлі нұсқауларда ұйымдастыру керек. Практикалық сабақтарда ғылыми білімдерді толықтай меңгеруді қамтамасыз ету үшін әртүрлі дидактикалық құралдар қолданылады:

- оқу тапсырманың әр түрлері (тікелей, жанама, кәсіптік, әртүрлі тапсырмалар, сұрақтар т.б.);
- кесте, схема, нұсқау, диагностикалық нәтижесін құрастыру үшін оқу тапсырмалары;
- демонстрация және тәжірибе тәсілдегі оқу ақпаратын тереңірек меңгеру;
- студенттің кәсіптік қызметімен байланысты тиімді тапсырмалар.
- студенттердің кәсіби іс - әрекеттеріне байланысты тапсырмалар аса тиімді. Мұндай жағдайда білімдер терең меңгеріліп қоймай, берік есте сақталынады, өйткені студенттерді қатты қызықтырады;
- практикалық сабақтарда диагностикалық әдістемелердің зерттелінуі де орынды. Осы тұста: мақсат – процедура – өңдеу – нәтижелер талдау арақатынастарын түсінуге басты назар аударған жөн.

Практикалық жұмысқа дайындық семинарға дайындалудан әлдеқайда өзгеше. Мұнда оқу материалдарының күрделі немесе жеткіліксіз түрде меңгерілген аспектілерін бөліп алып, әрқайсысына 2-3 тапсырма дайындау қажет. Оқулықтарда ондай тапсырмалар өте аз беріледі, әдістемелік әдебиеттер өте ауыр, не болмаса тәжірибе сабақтарының міндеттеріне сәйкес келмейтін тапсырмаларды қам-

тиды. Сондықтан оны көбінде оқытушының өзі ойлап табуы тиіс. Аталмыш іс-әрекеттің күрделілігі ондай міндеттер мен тапсырмалардың күннен күнге қажет болғанына орай артуда.

Дұрыс ұйымдастырылған практикалық сабақта студенттер орындалатын жаттығулардың бірінен-бірі неғұрлым күрделі, екіншісі біріншісіне қарағанда біршама қиындық туғызатынын сезіп отыруы тиіс, олар оқуға қол жеткізген табыстарына қуанышты сезімде болып, кез келген мәселенің шешімін дұрыс және жылдам табуға тырысып, үнемі шығармашылық ізденіс үстінде болуы керек.

Бұл орайда, әрбір студенттерге дербес қатынас жолын тауып, аудиториямен жоғары дәрежедегі педагогикалық қатынас орната білудің маңызы зор. Сабақ барысында студенттердің барлық мүмкіндіктерінің, қасиеттерінің ашылуына жан-жақты ықпал етуі керек. Сондықтан оқытушы сабақты жоспарлауда, тапсырмалар әзірлеуде аудиторияның жалпы дайындық деңгейін, ықыласын ескеруі тиіс және де студенттерді белсендіру мақсатында олардың бастамасын қолдап, кеңесші ретінде ғана әрекет етуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әлімов А. *Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері: Оқу құралы.* – Алматы, 2013. – 447 б.
- 2 Бадмаев Б.Ц. *Методика преподавания психологии: Учеб.-метод. пособие для преп. аспирантов вузов.* – М.: Гуманит. Изд. Центр Владос, 1999. – 304 с.
- 3 Бапаева М.Қ. *Жоғары мектепте психологиялық білім беру процесін жетілдіру: Оқу құралы.* – Алматы, 2006. – 176 б.
- 4 Бапаева М.Қ. *Психологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы.* – Алматы, 2008. – 200 б.
- 5 Герасимова В.С. *Методика преподавания психологии. Курс лекций.* – М., 2004.
- 6 Егенисова А.Қ. *ЖОО психологиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы.* – Алматы: «Бастау», 2018. – 304 б.
- 7 Касен Г.А. *Теория и методика преподавания психологических дисциплин в вузе.* – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148 с.

МРНТИ 15.81.29

А.Қ. Егенисова¹, Д.А. Бердібаева²

¹п.ғ.к., Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің педагогикалық технологиялар кафедрасының профессоры, Almazhai66@mail.ru

²магистр, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің педагогикалық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, dina.berdibaeva@mail.ru

КӘСІБИ ЖАНУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ СТРЕСС

Аңдатпа

Бұл мақалада кәсіби жану және кәсіби іс-әрекеттегі стресс проблемалары, стрестің даму сатылары сөз болады. Психикалық стрестің негізгі белгілері және белгісіз қауіпті сезіну; диффузды қауіптену және үрейді күту; белгісіз мазасыздану мен күйзеліс жағдайына байланысты мінез-құлық стильдерін анықтайтын Томас-Килменн торы туралы баяндалады. Сонымен қатар, М.Дойчтің еңбектерінде баяндалған деструктивті және продуктивті стресс түрлеріне талдау жасалынады.

Түйін сөздер: кәсіби жану, стресс, кәсіби стресс, экстремалды фактор, диффузды қауіптену, Ганс Селье, психикалық стресс, моббинг, қорқыныш, мазасыздану, қажу, Томас-Килменн торы, деструктивті, продуктивті күйзеліс.

Егенисова А.Қ.¹, Бердибаева Д.А.²

¹к.пед.н., профессор, Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, Almazhai66@mail.ru

²старший преподаватель, магистр, Каспийский государственный университет

ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ ВЫГОРАНИЕ И СТРЕСС В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы эмоционального выгорания, стресса в профессиональной деятельности и этапы развития стресса; основные признаки психического стресса и ощущение неопределенной опасности; диффузная опасность и уход за тревогой; сетка Томаса-Килменна, определяющая стили поведения в зависимости от состояния неопределенного беспокойства и стилистики. Кроме того, анализируются деструктивные и продуктивные типы стресса, описанные в работе М.Дойча.

Ключевые слова: эмоциональное выгорание, стресс, профессиональный стресс, экстремальный фактор, диффузный страх, Ганс Селье, психический стресс, моббинг страх, беспокойство, усталость, сетка Томас-Килменн, деструктивный стресс, продуктивный стресс.

А.К. Yegenisova¹, D.A. Berdibaeva²

¹*Candidate of pedagogical science, Professor, Caspian State University
of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenova, Almazhai66@mail.ru*

²*Senior Lecturer, Caspian State University of Technologies and
Engineering named after Sh.Yessenov, dina.berdibaeva@mail.ru*

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF PREVENTION OF STRESS SITUATIONS

Abstract

This article deals with the problems of emotional burnout, stress in professional activities and the stages of stress development. The main symptoms of mental stress and a sense of uncertain danger; diffuse fears and expectations of fear; the story of the grid of Thomas-Kilmenna which defines behavioral styles depending on the state of anxiety and stress. In addition, the analyzed disruptive and productive types of stress, described in the work of M.Deutsch.

Keywords: emotional burnout, stress, occupational stress, extreme factor, diffuse fear, Hans Selye, mental stress, mobbing fear, anxiety, fatigue, mesh Thomas-Kilmenn, disruptive stress, productive stress.

Кәсіби күйзеліс – адамның еңбек қызметіне байланысты теріс уайымдау салдарынан тұлғаның деформациялануының бір түрі. Адамдар эмоционалды, психикалық және физикалық қажыған сайын күйзеліске ұшырай бастайды. Ал кәсіби күйзеліс – қазіргі қоғамның «кеселі» болып отыр. Алайда химиялық, физикалық немесе биологиялық зиянды әсері емес, эмоционалды және стресс әсері. Кәсіби стрессогендік факторлар, маманның тікелей жұмысына байланысты болғандықтан, әр түрлі неврологиялық бұзылулардан психосоматикалық бұзылуларға әкелуі мүмкін. Тұлғаның кәсіби деформациясы – бұл кәсіпқой маман иесінің жұмысының әсерінен тұлғаның мінез-құлқының өзгеруі.

Күйзеліс және жарақаттанғаннан кейінгі күйзеліс арасын теориялық қосуға қарамастан, бұл екі түсініктің ортақтығы аз. 1936 ж. Ганс Селье стресс концепциясын ұсынды, оның ойынша стресс ағзаның өзін-өзі сақтайтын және стрессорға реакция үшін ресурстарды мобилизациялайтын гомеостатикалық модель болып табылады. Ағзаға әсер ететін барлық агенттерді екіге бөлді, ол *спецификалық* (тұмау вирусы тұмауды тудырады) және жалпы адаптациялық синдром түрінде көрінетін *спецификалық емес* стереотиптік эффектілер. Бұл синдром өзінің дамуында үш сатыдан өтеді: 1) мазасыздану реакциясы; 2) резистанция сатысы және 3) қажу сатысы. Г.Селье ағзаның гомеостатикалық механизмдерінің адаптациялық құрылуы негізінде мобилизацияланатын *адаптациялық энергия* түсінігін енгізді. Қажу Г.Селье бойынша ол қайтарылмайтын және ағзаның қартаюына, жойылуына алып келеді. Жалпы адаптациялық синдромның психикалық көрінуіне эмоционалды стресс деген атау берілген – яғни стрессті бастан өткізетін аффективті бастан кешу және адам ағзасын қолайсыз өзгерістерге алып келеді [1].

Экстремалды және бұзушы факторлардың әсерінен стресстік реакциялық эмоционалды аппарат

бірінші қосылады, ал бұл кез келген мақсатқа бағытталған мінез-құлықтық актімен байланысты. Осының салдарынан мінез-құлықтық реакцияны реттейтін вегетативті функционалды жүйелер және олардың спецификалық эндокриндік қамтамасыз етілу белсендендіріледі. Стресстік ситуацияны жеңе алмаған жағдайда шиеленістік күй пайда болады да ағзаның алғашқы гормоналды өзгерісіне алып келеді, бұл ағзадағы гомеостазды бұзады. Кейбір жағдайларда қиындықты жеңуге ағзаның мобилизациялануының орнына, стресс қауіпті бұзылыстардың себебі болуы мүмкін. Бірнеше рет қайталануынан немесе өмірлік қиындықтармен байланысты аффективті реакциялардың жалғасуынан эмоционалды қозу тұрып қалған стационарлы форманы қабылдауы мүмкін. Мұндай жағдайларда ситуация қалыпқа келсе де тұрып қалған эмоционалды қозу әлсіремейді. Ол вегетативті жүйке жүйсін белсендендіріп, сол арқылы ішкі органдарды және жүйенің жұмысының бұзылуына алып келеді. Егер, ағзада әлсіз буындар болса, олар аурудың қалыптасуының негізі бола алады.

Эмоционалды стресстен пайда болған мидың нейрофизиологиялық реттелуінің түрлі құрылымындағы алғашқы бұзылыстар, жүрек тамыр жүйесінің, асқазан-ішек жұмысының қалыпты жұмыс істеуін өзгертеді, қан жүйесінің өзгеруіне, иммундық жүйенің бұзылуына әкеледі. Эмоционалды стресстер өзінің пайда болуына әлеуметтік болып табылады, және оған деген қарсы тұра алу адамдар да әр түрлі болып келеді. Қазіргі көз қарастар бойынша, стрессордың нәтижесінен физикалық бұзылыспен бірге психикалық сферада бұзылысқа ұшыраса стресс травмалық болып табылады. Мұндай жағдайда концепциялар бойынша, өзіндік (самость) құрылымы, әлемнің когнитивтік моделі, аффективті сфера, неврологиялық механизмдер, ес жүйесі, үйренудің эмоционалды жолы бұзылады. Мұндай жағдайларда травмалық оқиғаға жататындар күшті негативті салдарға ие экстремалды дағдарыстық ситуациялар, өзіне және жақындарына өмірлік қауіп төндіретін жағдайлар болып табылады.

Атақты шетел психологі Ганс Селье стрестің келесі сатыларын анықтады [2]:

- әсерге тікелей реакция (мазасыздану сатысы);
- максимальды эффективті адаптация (резистенттілік сатысы);
- адаптациялық процестің бұзылуы (қажу сатысы).

Бұл сатылар кез келген адаптациялық процеске тән. Стрессті тудыратын факторлардың бірі эмоционалды шиеленістік, ол адамның эндокриндік жүйесінің өзгеруіне әкеледі. Мысалы, клиникадағы науқастарды экстремалды зерттеуде, үнемі жүйкелік шиеленісте жүретін адамдар вирустық инфекцияны ауыр өткеретінін анықтаған. Мұндай жағдайларда білікті психологтың көмегі қажет.

Психикалық стрестің негізгі белгілері:

- 1) стресс – ағзаның күйі, оның пайда болуы ағза мен орта арасындағы өзара әрекетті көрсетеді;
- 2) стресс – неғұрлым шиеленіскен күй, әдеттегі мотивациялық күйге қарағанда, ол өзінің пайда болуында қауіпті қабылдауын талап етеді,
- 3) стресс – қалыпты адаптациялық реакция жеткіліксіз болған жағдайда орын алады.

«Адам-орта» тепе-теңдігінің бұзылуы, бұл индивидтің психикалық және физикалық ресурстарының жетіспеушілігі, өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауының көзі қауіп (тревога) болып табылады. Қауіп бұл:

- белгісіз қауіпті сезінуден;
- диффузды қауіптену және үрейді күту;
- белгісіз мазасыздану болып табылады.

Адекватты емес жағдайдан мазасыздану қарқындылығы және ұзақтығы бойынша, адаптациялық мінез-құлықтың қалыптасуына кедергі келтіреді, мінез-құлықтық интеграцияның бұзылуына және адам психикасының жалпы дезорганизациясына әкеледі.

Профессор Березин психикалық адаптация процесіндегі элементтерді көрсететін мазасызданудың қатарларын көрсетті:

- 1) ішкі шиеленісті сезіну-қауіптің айқын белгісін көрсетпейді, тек оның жақындап келе жатқандығы туралы сигнал береді және рухани дискомфорт тудырады;
- 2) гиперстезиялық реакция – мазасыздану күшейеді, алғашқы нейтралды стимулдар негативті көрініске ие болады, ашуланушылық күшейеді;
- 3) өзіндік мазасыздану – орталық элемент болып болып табылады. Белгісіз қауіпті түйсінумен көрінеді. Негізгі белгілері: қауіпті анықтай алмау, оның пайда болу уақытын айта алмаушылық. Адекватты емес логикалық қайта өңдеу жиі байқалады, соның нәтижесін фактілердің жетіспеушілігінен дұрыс емес қорытынды шығарады.

4) қорқыныш – белгілі бір объектіге нақтыланған үрей. Дегенімен үреймен байланыстырылған объектілер үрейдің себебі болмауы да мүмкін, субъектіде үрейді белгілі бір әрекеттермен өзгертуге болады деген түсінік қалыптасады.

5) жақындап келе жатқан катастрофаның қайтпайтының түйсіну – мазасызданушылық бұзылыстың қарқындылығының өсуі субъектіні болған оқиғаны жою мүмкін еместігі жөнінде түсінік қалыптасады;

6) мазасыз – қорқыныштық қозу (*тревожно-боязливое возбуждение*) – үреймен пайда болған дезорганизация максимумға жетеді және мақсатқа бағытталған іс-әрекет мүмкіндігі жоғалады.

Әр адам өз өмірінде сан алуан қиыншылықтар мен ауыртпашылықтарды кездестіруі мүмкін. Олармен күресіп, соларды жеңумен өмір жолын кешеді. Өмір дегенні өзі, қиыншылықтармен күрес. Өмірдің сыры мен сипаты осы күрес жолында анық мақсатына жету үстінде қиыншылықтармен күресе отырып, шындалады, жетіледі, рухани қанағаттанады. «Күрес деген өмір шарты: күрес тоқтаса, ол өмірдің өшкені», деген В.Г. Белинский: Алайда өмірде кездесетін қиыншылықтардың түрі де мол. Енді осы өмірде кездесетін қиыншылықтардың түрі де мол. Енді, осы өмірде кездесетін қиыншылықтардың қайсыбірін жеке-жеке қарастырайық. Солардың бірі адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне байланысы жоқ тысқары дүниенің себебінен пайда болатын сәтсіздіктер, апаттар, бақытсыз жағдайлар. Одан адамның басына ойламаған жағдайда кенеттен тап болады. Мұндай жағдайдың салдарынан оған тап болған адам әр түрлі күйге түседі. Өзінің жеке басының басына ойламаған жағдайда кенеттен тап болады. Мұндай жағдайдың салдарынан оған тап болған адам әр түрлі күйге түседі. Өзінің жеке басының ерекшелігіне байланысты әр адамның жан дүниесінде әрқилы психологиялық сипат туады. Біреулер кенеттен туған бақытсыз жағдайда тілден айырылғандай мелшиетін болса, *екінші* біреулер дауыс көтерін жылайды. *Үшіншісінің* көз жасы көл болып еңіресе, *төртіншісі* ұстамдылық етіп, өзін-өзі ұстай біледі, бойын билеген дегбірсіздіктен тез құтылады. Әрине, кенеттен болсын, біртіндеп болсын адам басына тап болған ауыртпашылық оның жан дүниесіне дақ салмай әр адам әр түрлі жолмен арылады. Адам жанына түсетін мұндай жарақаттар психикалық жарақаттар, деп аталады. Психикалық жарақаттың ерекше бір қасиеті оның сырттан онша білінбей жан-дүниесінің терең түбінде жатуында.

Адамның көңіл-күйіне түсетін ауыртпашылықтардың түріне кісі аралық қым-қыйғаш қарым-қатынастарда жатады. Күнделікті өмірде адамдар өзара қарым-қатынастарда іс-әрекет жасайды, еңбектенеді, көңіл көтереді, т.б. сол сияқты тіршілік өмір жүріп жатпақшы.

Жоғарыда айтылған жанға түсетін ауыртпашылықтар әр адамның жанына әр түрлі әсер жасап қана қоймай, оған әр түрлі із де қалдыратынында. Қиыншылыққа ұшыраған біреулер оны қайсарлықпен жеңуге тырысса, *екінші* біреулер сағы сынып, сарыуайымға беріледі. Қайсы біреулер қиындықты елең етпей есінен шығаруға тырысады. Енді біреулер не болса соған күйіп-піседі. Біреулер ауыртпашылықтарды тез ұмытса, қайсыбіреулердің көңілінде ол жоғалмайтындай із қалдырады.

Мұның бәрі әр адамның жеке мінездерінің ерекшеліктеріне байланысты. Дегенмен де, ауыртпашылықтар қай адамның болса да көңіл-күйіне салмақ түсірмей, із салмай қоймайды, тек оның әсері әркімге әр түрлі. Мысалы, адамаралық қайшылықтарға біреу жауап беріп, ашу шақыра айқаса түссе, *екінші* біреу сыр білдірмей ашуын ішінен тындырады.

Жанға да, тәнге де түсетін ауыртпашылықтардың бәрін бірдей (түрлі ауру-сырқаулар, көңілге түсетін салмақтар) жер жүзіне әйгілі Канада ғалымы Ганс Селье стресс деп атаған. Жанға түсетін ауыртпашылықтар, яғни психикалық стрестер тек қана невроздар емес, одан басқа да ұзақ дамитын психосоматикалық аурулардың тууына жол ашады. Адам өз өмірінде әр түрлі ауыртпашылықтармен, яғни стрестермен кездеспей қоймайды. Жүре келе оған төзеді, көнеді. Олармен күрес үстінде адам шындалады, жетіледі, сөйте тұра ауыртпашылықтар адамның көңіл-күйіне қаяу салмай қоймайды. Бірақ адамның ардагерлік қасиеті оның ауыртпашылықтар мен қайшылықтарға мойын ұсынбай, оған қарсы тұрып қайрат көрсетуінде. Әр адам мұндай ардагерлікке өз білгенінше жол табады. Жас кезінде оны үлкендер үйретіп, тәрбиелесе, есейе келе өз тәжірибесін дамытады. Сөйтсе де, көп жағдайларда адам ауыртпашылықтарға қарсы тұрудан қашып, қысқа мерзім болса да өз қалпынан тайқып, өз билігінен айрылғандай жағдайға түседі. Бұл, әрине, невроздық жағдайдың белгісі [3].

Жан күйзелісі түрлі қарым-қатынас жағдайында пайда болып отыратын барлығымызға мәлім. Күйзеліс – (латын тілінен *conflictus* – күйзеліс) қарама-қарсы бағыттағы оппоненттердің, субъектілердің мақсаттарының, көзқарастарының, бағыттарының қарама-қайшылықтары.

Кәсіби стресс – бұл адамдармен жұмыс жасайтын: мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, менеджерлер, дәрігерлер, жуналистер, кәсіпкерлер, саясаткерлерде болатын ең қауіпті кәсіби дерт. Бастапқыда бұл термин өзіндік дәрменсіздік, қажу, әрекетсіздік күйі ретінде анықталды.

Күйзеліс жағдайы – ұжымдағы ситуацияның қайшылығының күшейген шегі. Өзінің табиғатына сай қарым-қатынастың сыртқы шектеулері әр түрлі болуы мүмкін. А.Б. Добрович қарым-қатынастағы екі жақтың қанағаттанбаушылығын туғызуға себеп болатын *шектеудің 3 типін* көрсетіп береді [4].

Шартты түрдегі шектеулер – адамдар арасында «конвенция» болған жағдайда пайда болады, яғни салт-дәстүр, ғұрып өзін қалай ұстау керектігін көрсетеді. Осыған сай жасы төмен жастар үлкендерді үлгі тұтып, тыңдау керек, үлкендер кішілерді үйретіп, көмектесу керек, күйеу бала қалыңдығын қамқорына алу керек, қалыңдық басқа ер адамдарға көңіл аудармау керек, достар бір-бірін сатпай, алдамау керек. т.б.

Жағдайлық шектеулермен – біз толыққанды қарым-қатынас қатаң жағдайдың шеңберінде шектеулі болған жағдайда кездесеміз. Қарым-қатынасқа тұлғалардың серіктес ретінде қатысуы жағдайды одан ары қиындатып жататынын кездестіріп жатамыз. Мысал ретінде жүгірушілердің эстафетаны беруі, қараушының кезекті өткізіп беру ережесі, студенттердің емтихандық сессиясы, жапондықтардағы шәй беру рәсімін т.б. айтуға болады. Сондықтан да қалалық транспортта кездейсоқ кездескен әңгімелесушінің жеке өміріне қатысты сұрақтар қойылмайды («Сіз бүгін жақсы ұйықтамаған сияқтысыз?») немесе өзінің жеке өмірі туралы хабар беру («Білесіз бе, менің өмірден көңілім қалған»). Мұндай жағдайда жеке өміріне қатысты емес қаратпа сөздерді қолдану керек. «Рұқсат па? Мәселе жоқ», «Рұқсат етесіз бе? – Өтінемін», «Кешіріңіз – айыбы жоқ» т.б. Бұндай жағдайда осындай жолмен көпшілік қарым-қатынасқа көшуге болады.

Эмоционалды шектеу – қарым-қатынас атмосферасының құрылуында анықталады. Егер әңгімелесушілер бір-бірін кездестіргенде жасанды қуаныш пен махаббатты сезінсе, онда олар қарым-қатынастағы бақытты минуттарды бұзбау үшін олар өздерінің уайымы мен проблемаларын жасырады. Егер серіктестер эмоционалды суық болса немесе бір-бірімен жауласқан болса, онда олар конфликтіні шектеуге тырысып, қарым-қатынаста масканы қолданады. Мұндай жағдайда әркім өзінің серіктесіне қуаныш сыйлауы өте сирек болады.

Кәсіби күйзелістің себептері, яғни оған әкелетін стрессогенді факторлар: эмоционалды жану синдромы, моббинг, субъективті моббинг, кәсіби өшу синдромы, қажу, жұмыс қарбаластығы және қақтығыстар, жұмыстың бірқалыптылығы және т.б. себептерден пайда болуы мүмкін. Осы аталған факторларға қысқаша тоқталып кетсек:

Жағымсыз алаңда жұмыс істеу – кез келген мамандықта жағымсыз материалмен жұмыс істеуге тура келеді, осы жағдайда жағымсыз эмоциялар пайда болады. Өз кезегінде олар жинақталып, кәсіби күйзеліске әкеледі.

Эмоционалды күй синдромы – бұл когнитивті және физикалық энергияның біртіндеп жоғалтуын, жұмыстың орындауымен зерделі жүдеу, физикалық қажу, жеке аластатушылық және қанағаттанудың төмен деңгейін көрсететін процесс.

Жұмыс қарбаластығы және қақтығыстар – әріптестер арасында түсініспеушілік, олардың тым сынағыштығы. Маман тәжірибесінде әріптестерімен кейбір жағдайда келіспеушіліктер, түсініспеушіліктер болып тұрады.

Моббинг – психология ғылымында жаңа терминдердің бірі болып табылады, ол жұмыста қыспаққа алуы және қудалауды қайғыру күйімен сипатталады.

Субъективті моббинг – тұлғаның жұмысқа бейімделуінің деструктивті формасы. Тексеріс, емтихан, комиссия және т.б. себептерден қобалжу болып табылады.

Ургентті аддикция – өзі байқамай, міндеттемелердің орындалмайтын санымен жүктеу.

Экстремалды жағдайлар – жұмыс барысында тез әрі жауапты шешімдер қабылдауы қажет.

Аса жоғары жауапкершілік – жасалынған жұмыс туралы есеп беру.

Адамдармен қарым-қатынас жасауға байланысты, кез-келген мамандық адамдармен тіл табысуда және ерекше дағды қарым-қатынастары кезінде міндетті түрде өз сөзі мен ісіне бақылау жасауды қажет етеді.

Әйгілі психолог М.Аргайл қарым-қатынастың маңызды мотивтері, конфликтінің себептері ретінде: өзіндік таным, рухани және эмоционалдық байланыс, басқару, агрессия, басқаларды өзіне бағындыру сияқты т.б. себептерді көрсетіп береді.

Күйзелісті шешудің бес негізгі стильдері Томас-Килменн әдісі деп аталатын жүйенің негізіне салынған бағдарламаларда бейнеленген және кеңінен қолданылған (1972 ж. Кеннет У.Томас және Ральф Х.Килменнмен өңделген). Жүйе әрбір адамға күйзеліс жағдайы барысында өзінің жеке мінез-құлық стилін анықтауға көмектеседі. Күйзеліс жағдайына байланысты көрсететін мінез-құлықтың негізгі стильдері, екі немесе одан да көп күйзеліс ушы жақтардың қызығышылықтарының сәйкес келмеуінен пайда болатын кезкелген күйзеліс тың жалпы себебімен тығыз байланысты.

Сіздің белгілі бір күйзеліс жағдайдағы көрсететін мінез-құлық стиліңіз өзіңіздің жеке бастық қызығушылықтарыңызды (белсенді немесе енжарлы әрекет ете) және екінші жақтың қызығушылықтарын (бірігіп немесе жеке әрекет ете) қанағаттандыру шегімен анықталады. Егер де графикалық түрде бейнелейтін болсақ, онда кикілжіңді шешетін бес негізгі стильдердің әрқайсысының атауын және алатын орнын анықтайтын Томас-Килменн торын аламыз.

Күйзеліс жағдайына байланысты мінез-құлық стильдерін анықтайтын Томас-Килменн торы

Өзіңіздің жеке қызығушылықтарыңызды қанағаттандыруға тырысатын іс-әрекетіңіз	Қарсыластық стилі	-----	Бірлестік стилі	Белсенді әрекеттер
	-----	Компромисс стилі	-----	
	Күйзелістен кетіп қалу стилі	-----	Бейімделу стилі	Енжарлы әрекеттер
	Жеке әрекеттесу		Бірігіп әрекеттесу	

Бұл тор өзіңіздің және кезкелген басқа адамның стилін анықтауға көмектеседі. Алдымен белсенді және енжарлы әрекеттер деп белгілеп қойған жақтан бастаңыз. Егер сіздің реакцияңыз енжарлы болса, онда сіз күйзелістен шығуға тырысасыз; ал егер де белсенді болса, онда сіз оны шешуге талпынасыз. Мұндай бағалауды өзіңізге және кикілжіңдесуші екінші жаққа да қолдансаңыз болады. Тордың жоғарғы жағы бірігіп әрекеттесуге жатады. Егер де сіз бірігіп әрекеттесуді қаласаңыз, онда сіз кикілжіңді кикілжіңдесуші адаммен немесе күйзеліске қатысушы адамдар тобымен бірігіп шешуге тырысасыз. Ал жеке әрекеттесуді қаласаңыз, онда мәселені шешудің өз жолын іздейсіз.

Тордың екі бөлігін біріктіргенде, ортасындағы компромисс стилімен қоса бес стильден тұратын матрицаны аласыз. Ол бірдей деңгейде кооперативті және индивидуалды, сонымен бірге енжарлы және белсенді мінез-құлықты қамтиды. Егер де әртүрлі стильдерге мұқият қарасаңыз, әдетте өзіңіздің күйзеліс жағдайларда қолданатын стильді тануыңыз мүмкін; сонымен қатар сізбен байланысты адамдардың әдетте қолданатын стильдерін де анықтай аласыз. Бірақ белгілі бір жағдайда сіз басқа стильді қалауыңыз мүмкін. Әрбір адам қандай да бір деңгейде осы стильдердің барлығын қолдануы мүмкін, бірақ әдетте әрбір адам приоритеттісін қолданады.

Қарсыласу стратегиясында іскерлік әріптесіне қатысты басқарушылық әдісін пайдаланады, даулы сұрақта өз бағытын алға шығаруға талпынады, әріптесінің қарсыласқанына қарамастан мұны өзгенің қызығушылығын тастап, жоғары белсенділік танытады.

Біріккен іс-әрекет жасау стратегиясында да басқарушы алдыңғы стратегиядағыдай әрекетіндегі сәттілікке ұмтылады, алайда, мұнда тек өзінің емес, сонымен бірге әріптесінің де қызығушылығы ескеріледі, сөйтіп жан күйзелісі көзқарастан қашушылық орын алады.

Компромисс стратегиясында басқарушы әріптестерімен пікір келісімін реттеуге тырысады, әріптесінің қызығуларына назар аудара отырып, оның назарын өз жағына аударады. Кету стратегиясында қойылған мақсатқа жетудегі жауапкершілігінен бас тарту, өзіндік шешім қабылдамайды, іс-әрекеттегі жетістікке құлықсыздық танытады.

Бейімделу стратегиясында басқарушы басқарушылық мақсаттағы іс - әрекетінің нәтижелілігіне белсенділік танытпайды, бейтараптылық бағытын ұстанады. Бұл стратегия адамдармен Жан күйзелісі жағдайлардан қашуға негізделген, бұл бағытты ұстанған басқарушы жағдайдан кетуге және жауапкершіліктен бас тартуға да бейім болады. Күйзеліс құрылымын түрлі авторлар өзінше сипаттайды, дегенменде негізгі элементтері барлығына дерлік түсінікті. Бұлар-Жан күйзелісі жағдай қатысушылардың ұстаным, объект, күйзеліс тың даму мен шешілуі. Бұл элементтер күйзеліс типіне байланысты жүреді.

М.Дойчтің еңбектерінде күйзеліс тың екі түрі аталады: *деструктивті* және *продуктивті*. Деструктивті күйзелістердың анықталуы көбінесе қарапайым түсінік пен сәйкес келеді. Күйзелістің осындай типі өзара әрекеттің шайқалуына әкеліп соғады. Деструктивті күйзеліс өзін тудырған себептерден тәуелсіз болған. Оған спецификалық даму тән, нақтырақ айтсақ күйзеліске тартылған қатысушылардың санының көбеюі, олардың Жан күйзелісі әрекеттер мен бір-біріне деген жағымсыз істердің санының өсуі, т.б.

Келесі күйзеліс тың «эскалациялық» сипаты бұл жан күйзелісі жағдайдың өрши түсуі, қарсыласына деген жек көрініштің өсуі. Күйзеліс тың мұндай түрін шешу әсіресе қиын болатын, мұны шешудің негізгі тәсілі келісімге келу мұнда жетістікке жету үлкен қиыншылық тудырады.

Продуктивті күйзеліс – көбінесе белгілі бір мәселеге байланысты түрлі көзқарастардың және оның шешілуінің түрлі жолдарының болуына байланысты. Мұндай жағдайда күйзеліс тың өзі мәселені түсінуді қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, қазіргі уақытта кәсіби күйзеліс қалыпты жағдайлардың бірі және тұлғаның психикалық және физиологиялық денсаулығына нұқсан келтіретін өзекті проблемалардың бірі болып отыр. Сондықтан кәсіби күйзелістің алдын алу, одан шығу жолдарын қолдану немесе психологтың көмегіне жүгіну қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Никифорова Г.С. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности. – СПб.: Мир, 1991. – 355 с.
- 2 Губачёв Ю.М. Эмоциональный стресс в условиях нормы и патологии человека. Карвасарский и другие – Л.: Книга, 2002. – 230 с.
- 3 Қалымбетова Э.К. Еңбек психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 158 б.
- 4 Оспанбаева М.П. Педагогтердің эмоциялық күйзелістерінің алдын алу шаралары: Ұстаздардың біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру (оқу құралы). – Тараз, 2018. – 37-39 б.
- 5 Макаров В.В. Синдром эмоционального выгорания у врачей различных специальностей // Психическое здоровье. – М., 2016. – №3. – С.60-67.

МРНТИ 15.01.11

А.Қ. Егенисова¹, А.Б. Садуақасова²

¹п.ғ.к., Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің педагогикалық технологиялар кафедрасының профессоры

²магистр, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің педагогикалық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы

СТРЕССТІК ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада стрестік жағдайлар, оның ерекшеліктері, алдын алу, түзету шаралары баяндалады. Стресс проблемасын зерттеген шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалып, стресс, күйзеліс ұғымына анықтама беріледі. Стрестің алдын алу, стресті туғызатын факторлар және психологиялық денсаулық туралы, Клер Рейнер талдаған өзін-өзі сендіру бағдарламасы да сөз болады.

Түйін сөздер: стресс, күйзеліс, алдын алу, психикалық денсаулық, психологиялық денсаулық, эмоция, стрессор, эмоционалды стресс.

Егенисова А.К.¹, Садуақасова А.Б.²

¹кандидат пед. наук., профессор, Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова

²старший преподаватель, Каспийский государственный

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОФИЛАКТИКИ СТРЕССОВЫХ СИТУАЦИЙ

Аннотация

В данной статье описываются стрессовые ситуации, их особенности и профилактика. Анализируются проблемы стрессовых ситуаций и работы зарубежных и отечественных ученых, изучавшие эту область, дается понятие стресса.

Также раскрываются пути ее преодоления, виды стресса, стрессовые факторы и психологическое здоровье, программа самовнушения Клер Рейнера.

Ключевые слова: стресс, профилактика, психическое здоровье, психологическое здоровье, эмоция, программа самовнушения, стрессор, эмоциональный стресс.

A.K. Yegenisova¹, A.B. Saduakasova²

¹*candidate of pedagogical science, Professor, Caspian State University
of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenov*

²*senior lecturer, Caspian State University of Technologies
and Engineering named after Sh.Yessenov*

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF PREVENTION OF STRESS SITUATIONS

Abstract

This article describes stressful situations, their characteristics and prevention. The problems of stress situations and the work of foreign and domestic scientists who have studied this area are analyzed, the concept of stress is given.

It also states how to overcome it, types of stress, stress factors and psychological health, Claire Rayner's self-suggestion program.

Keywords: stress, prevention, mental health, psychological health, emotion, self-hypnosis program, stressor, emotional stress.

Санамыздан мықтап орын алған әлеуметтік-психологиялық және экономикалық өзгерістерде көрініс тапқан көкейкестесті мәселелерімізбен бірге ХХІ ғасырға да еніп барамыз. Қазіргі халық денсаулығының жағдайы тек қоғамдық дамудың ғана көрсеткіші емес, сонымен бірге қуатты экономикалық, еңбек, қорғаныс және мәдени-әлеуметтік болып табылады. Осы заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының денсаулығына теріс әсерін тигізуде. Жұмыссыздықтың өршуі, отбасылық қатынастардың тұрақсыздануы, зорлық-зомбылықтың жүгенсіз насихатталуы қоғамның жүйкесін тоздырып, адамдар арасында әртүрлі аурулардың белең алуына жағдай жасап отыр. Бұл өз кезегінде стрестік жағдайды үдете түсуде. Бұл сөздің ағылшын тілінен аудармасы «кернеу, қысым» дегенді аңғартады. Алғаш рет стресті ғылыми тұрғыдан сипаттаған канадалық ғалым Ганс Селье болатын (1936). Психологиялық денсаулықтың бұзылуына әсер ететін факторлардың ішінде кең тарағандары – эмоционалды тұрақтылықтың бұзылуы, іс-әрекеттегі ауытқушылық және гипер-активтілік.

Стресс дегеніміз – бұл күшті әсерден адамда пайда болатын зорланған көңіл күй. *Стресс* – бұл қоршаған ортаның жағымсыз өзгерістеріне жауап ретінде организмнің ерекшеленбеген қорғаушы реакциясы. Яғни, стресс тосын жағдайда қанға қажетті гармондарды жедел іске қосу, басқа да көптеген физиологиялық процестерді қайта құру арқылы тәнге сыртқы әсерге тойтарыс беруі үшін өзінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану.

Стрессор – стресс жағдайын тудыратын фактор. Стрессорларға адамды рухани тепе-теңдіктен шығаратын сыртқы және ішкі жағдайлар жатады. Шеффердің айтуы бойынша адамның ішкі қысымын білдіретін жағдайлар: шоғырлана алушылықтың төмендеуі; жұмыстағы жіберілетін қателіктердің жиілеуі; тез шаршағыштық; жылдам сөйлеу; ойдың жинақталмауы; бас, омыртқа, асқа-

занның жиі ауыруы; жоғары қозушылық; жұмыс істеудің қуаныш әкелмеуі; қалжың сезімінің жоғалуы; шылым шегудің жиілеуі; алкогольді ішімдікке әуестену; тойымсыздық сезімі; тәбеттің жоғалуы; өз уақытында жұмысты аяқтай алмау [1].

Эмоционалды стресс өзінің тегі бойынша әлеуметтік болып табылады. Ғылыми-техниканың дамуы, өмір қарқынының жылдамдығы, ақпараттың көп болуы, адамдар арасындағы қақтығыстық жағдайлар, экологиялық жағымсыздық нәтижесінде олардың кездесуі өте жиіленді. Эмоционалды стресс салдарынан туындайтын ағзадағы өзгерістер өте көп. Әр адамда оған қарсы тура алушылық та әр алуан. Балаларда стресс салдарынан туындайтын клиникалық және соматикалық аурулар бірнеше жағдайларға байланысты. Мұндай жағдайларға индивидтің психикалық және биологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік ортасын және салмақты эмоционалды реакция тудыратын оқиғалардың сипаттарын жатқызуға болады. Отбасындағы бірнеше рет қайталанған күрделі жағдайлар және одан тыс жағымсыз жағдайлар эмоционалды стресстің туындауына әсер етеді. Эмоционалды стресс адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық механизмдерінің бұзылуы жайлы белгілер береді [2].

Балалардағы эмоционалды стресс көп жағдайда олардың мінез-құлық үлгісін қалыптастырып алуына байланысты туындайды. Күнделікті өмірде кездесетін немесе әдеби шығармалардағы кейіпкерлерге өздерін ұқсатады. Ерте және мектепке дейінгі кезеңдегі стресске әкелетін жоғары тәуекелдікке ие жағдайлар: қорғанысты жоғалту немесе болмауы; жауласқандық, қатаң, эмоционалды жылылығы жоқ отбасы; жақсы күтім жасай алмайтын, жақын адамын жоғалтқан немесе үйлесімділік жоқ отбасы; шектен тыс қатал талап қоюшы отбасы; отбасында жаңа мүшенің пайда болуы; қарама-қайшылықты тәрбие немесе оның типінің өзгеруі; отбасынан алшақтануға байланысты қорғаныстың болмауы; бөтен отбасында немесе балалар мекемесінде тәрбиелену.

Мектеп кезіндегі балалар да шынайы немесе қиялдық қорғанысты жоғалтуды өте ұшқыр бастан өткізеді. Олар үшін өте маңызды өзіндік «Менінің» құндылығын төмендетумен байланысты жағдайлар – ата-анасының, мұғалімдерінің күтулерін, үміттерін ақтамау, өзінің денсаулығы немесе өмірі үшін қорқыныш сезімі эмоционалды стресстің туындауының жиі себептері бола алады.

Баланың педагогпен қатынасының дұрыс болмауына баланың оқу міндеттерін меңгере алмауы себеп болады. Педагогті түсіне алмауына немесе қорқынуына немесе көңіл аудармауына байланысты мектеп талаптарына нашар бейімделеді. Мұндай жағдайда психологтар бұл балаларға мектепке бейімделе алмаушылық синдромын қояды [3].

Кейбір кездерде оқушы барлық талпыныстарына қарамастан, құрбылары түсінбейтін күрделі жағдайларда қалады. Бала неғұрлым ересек болса, құрбыларының қатынасы соғұрлым маңызды және олардың өзіне деген мазақтарын, көңіл бөлмеушіліктерін өте ауыр қабылдайды. Әсіресе, мұндай жағдайларда басқа сыныптан ауысып келген бала болуы мүмкін. Бала жаңа әлеуметтік ортада жағымды бейімделе алмауын өте ауыр бастан кешіреді.

Отбасында күрделі өзгерістер баласының өтпелі кезеңге өтуімен байланысты да туындап жатады. Жеткіншектік кезең (10-11-ден 15-16 жасқа дейін) дербес болудың маңызды кезеңі. Дербестікке жетудің табыстылығы көп жағдайда отбасы факторларымен, дәлірек отбасынан бөлектену процесімен жүзеге асады. Жеткіншектің отбасынан бөлінуі жеткіншек және оның отбасы арасындағы өзара қарым-қатынастың, яғни қолпаштауға емес, серіктестікке негізделген жаңа типінің қалыптасуымен байланысты. Бұл кезеңде мектепті, ересектенудің маңызды психоәлеуметтік қақтығыс, сонымен бірге еркіндік пен дербестік мақсатына жету орны ретінде қарастыруға болады. Нәрестелік кезеңнен жеткіншектік кезеңге дейін психологиялық денсаулыққа сыртқы орта факторларының әсері азаяды. Сондықтан, ересектерге бұл факторлардың әсер етуін сипаттау күрделірек. Психологиялық сау ересек кез келген факторға өзінің денсаулығына зиян келтірмей адекватты бейімделе алуы керек.

Осы позициямен келісе отырып, ішкі субъективті факторлардың психологиялық саулыққа әсерін қарастырайық. Психологиялық саулық стресс жағдайларына төзімділікті білдіреді, сондықтан стресске төтеп бере алуды – толеранттылықты азайтатын психологиялық қасиеттерді анықтайық. Осы орайда индивидуалды типологиялық қасиеттердің ішінде темперамент елеулі роль атқарады. Ең алдымен А.Томастың классикалық эксперименттерінен бастайық, ол темпераменттің «қиын» деп атаған қасиеттерін бөліп көрсетті: ырғақсыздық, бейімделудің төмендігі, қашқақтау тенденциясы, нашар көңіл-күйдің басымдылығы, жаңа жағдайлардан қорқу, шектен тыс қыңырлық, шектен тыс көңіл бөлушілік, жоғары немесе төмен белсенділік. Мұндай темперамент күрделілігі мінез-құлық бұзылуының жоғары тәуекелдігінде [4]. Бірақ аталған бұзылулар қасиеттерден туындамайды, қоршаған ортамен ерекше өзара әрекеттестік тудырады. Темпераменттің индивидуалды қасиеттерін психо-

логиялық денсаулықтың бұзылуы жағынан Я.Стреляу қарастырды.

Я.Стреляудың пікірінше, темперамент – бұл мінез-құлықтың қуаттық деңгейінде және реакциялардың уақытша параметрлерінде көрінетін, мінез-құлықтың тұрақты сипаттамаларының жиынтығы. Жеткіншектік кезең өсіп келе жатқан бала үшін де, эмоционалды шектен тыс шығып кетуіне мүмкіндік жасайтын, баланы түсіне алмаушы ата-ана үшін де өте ауыр, стрессогенді болып табылады. Белсенді үміткерлік көңіл-күйі адам ғұмырын ұзартады, әрі тәннің ауруға қарсылық қуатын күшейтеді. Ал соңғы жылдары, көңіл күй мен денсаулық арасында қатыстылық болатындығын ғалымдар тағы бір тұрғыдан растады. Олардың көрсетуінше, егер адам жыл бойы жабығып, торығып жүретін болса, онда қан құрамындағы холестерин шамасы артады және адам тәнінің ауырсыну түйсігі ұлғаяды.

Ғалымдар мынаны байқаған: егер адам өзінде бардың бәріне разы болса, мысалы, жанашыр жұбайының болғанына, белгілі табысқа жеткендігіне, тіпті өзінің тірі жүргендігі сынды болмыстың өзіне де разылық сезіммен қарай алатын болса, бұндай разылық сезім иммунитеттік қуатты арттырып, қан қысымын төмендетіп, тұтас тәннің қалпына келу қарқынын тездете түседі. Көптеген адамдардың өмірінде мынадай кешулер болған: қайғырып, жабыққан сәттерде басы, асқазаны ауырып, ұйқы қашу, қан қысымы өрлеу сияқты сырқат белгілері байқалады. Таяуда АҚШ-тың Огайо штаттық университетінің зерттеушілері мынаны байқады: егер жыл бойы жабығып, басылып жүрген болса адамның қанындағы глюкоза мен май қышқылының шамасы артып, сусамыр (диабет) ауруы мен жүрек ауруының қатері күшейеді, бұдан сырт, қысым адам денесіндегі холестерин шамасын арттырып, жүрек-қан тамыр ауруларына оңай душар етеді.

Көңіл күй не үшін адам денсаулығына ықпал жасайды? Осылай деудің ғылымилығы бар ма, жоқ па? Мамандар көңіл күйдің сырын Қытай дәстүрлі медицинасы тұрғысынан ашып берді. Әр түрлі түйсік-сезімдер мен көңіл-күй адамдардың бәрінде болатын жәйт. Жайшылықта бұл қалыпты рухани физиологиялық құбылысқа тән. Әр алуан көңіл күй әрекеттерінің бәрінде сезімді ояту, физиологиялық әрекеттерді сәйкестіру рөлі болады. Дей тұрғанмен, клиникалық тәжірибелер, адам жанының ызалануы, қайғыру, ой соқты болу, уайымдау, үрейлену сияқты жағымсыз көңіл-күйлері меңдеп алып, ол толық бейнеленіп шықпаса, денсаулыққа аса зиянды болатынын, тіпті, дертке шалдықтыратынын дәлелдеген. Бұндай аурулар да көңіл-күйден болған аурулар делінеді.

Стресске төзімділіктің төмендігі қандайда бір тұлғалық факторлармен байланысты екендігін қарастырайық. Қазіргі кезде бұл мәселеге қатысты нақты позиция жоқ. В.А. Бодровтың пікірінше, өмірде ақ-жарқын адамдар психологиялық табанды болып келеді, көңіл-күй фоны төмен адамдар керісінше, психологиялық төзімділігі де төмен болып келеді. Сонымен қатар төзімділіктің үш негізгі сипаттамасын бөліп көрсетеді: бақылау, өзіндік баға, сынау [4].

Адам денсаулығының деңгейі оның мәдениетіне тікелей байланысты. Адам бойында денсаулықты сақтауға деген тұрақты мотивация, ұмтылыс, мақсат болуы керек. Адам өзінің генетикалық, физиологиялық, психологиялық мүмкіндіктерін білуі, өз ағзасының резервті мүмкіндіктерін дұрыс бағалап, оны рационалды білуі тиіс. Сонда ғана адамның стресске төзімділігі айқындала түседі. Белсенді өмір сүретін ағза стрестік тітіркендіргіштердің әсеріне ұшырамайды. Г.Селье стреспен күрестің келесі құрамын ұсынды: салауатты өмір салты; позитивті ойлау; стресті фармакологиялық түзету, яғни фитоадаптогендерді қолдану; белсенді өмірлік бекіту позициясы; ертеңгілік дене шынықтыру.

И.В. Дубровина: «Психологиялық саулық тұлғаны толық қамтиды, адам жан дүниесінің жоғары сатыларымен тығыз байланысты, психикалық саулықтың психологиялық аспектісі» десе, О.В. Хухлаева: «Психологиялық саулық – психикалық саулықтың психологиялық аспектілері: адамның жас ерекшелік, әлеуметтік, мәдени рольдерін адекватты орындау шарты; адамның өмір бойы үздіксіз даму мүмкіндігіне байланысты» деп көрсетеді.

М.Р. Роговин бойынша адамның стресске төзімділігінің сипаты сыртқы және ішкі реттелу функцияларының сақталуына негізделеді. Б.С. Братусь тұлғалық – мәнділік немесе тұлғалық саулық, индивидуалды психологиялық денсаулықтың жоғары деңгейі ретінде – мәнді талпыныстардың адекватты тәсілін құру қабілеттілігі және психикалық іс-әрекеттің нейрофизиологиялық ұйымдас-тырылуының ерекшелігі ретінде психофизиологиялық саулық деңгейін көрсетеді. Қорыта келе, психологиялық әдебиеттер негізінде адамдардағы психологиялық саулықтың үш деңгейі кездеседі, және бұлар адамның стресске төзімділік көрсеткішін білдіреді [5].

Психологиялық денсаулықтың жоғарғы деңгейі – креативтілікке – ортаға тұрақты бейімделу-шілігі, стрестік жағдайларды меңгеруге резервті күші бар және шындыққа белсенді шығармашылық

қатынас құру позициясын ұстанатын адамдарды жатқызуға болады.

Орташа деңгей – бейімделушілікке – социумға толық бейімделген, бірақ біршама жоғары маза-сыздығы бар адамдарды жатқызамыз.

Төменгі деңгей – бұл дезадаптивті. Мұнда ассимиляция және аккомодация процестерінің тепе-теңдігі бұзылған және ішкі қақтығысты шешуде ассимилятивті немесе аккомодативті құралдарды қолданатын адамдарды жатқызамыз. Ассимилятивті мінез-құлық стилі ең алдымен адамның сыртқы жағдайға өз тілектеріне және мүмкіндіктеріне зиян келтірумен сипатталады. Қоршағандардың тілек-теріне толығымен сәйкестенуге тырысады. Аккомативті – мінез-құлық стилі керісінше, қоршаған-дарды өз қажеттіліктеріне бағындырғысы келеді.

Әрбір адамның стресске ұшырауы оның тек оқу әрекетіне ғана байланысты емес, сонымен қатар әр түрлі өмір жағдайларына, әр түрлі басқа қызмет түрлеріне, қарама-қатынасқа, қоршаған ортасына да байланысты болады. Сондықтан стресстің пайда болу себептерін анықтағанда, стресстің пайда бо-луының көзі болуы мүмкін әр түрлі өмірлік жағдайларының ықпал ету ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру керек. Неғұрлым жалпы және толық болып П.Т. Вонг ұсынған нұсқасы табылады [6].

Күнделікті өмірдегі стресс аймағы П.Т. Вонг бойынша атсақ:

Ортаңғы ішкі шаршыда «мен күші», «ақыл-ой күші», психикалық энергия немесе *ішкі ресурстар* деп аталатын біздің тіршілік етуіміздің мәні белгіленген. Ол өмірлік дағдарыстарды индивидке жеңуге көмектеседі және стресске қарсы тұру интенсивтілігін анықтайды. Бұл ресурстың төмендеуі стреспен байланысты әр түрлі бұзылыстарға, мысалы, үрей, қорқыныш, орын таба алмаушылық депрессияға ұшырауына әкелуі мүмкін. Келесі бөлім – *тұлғайшілік стресс*. Көптеген біздің сыртқы әлемге талаптарымыз және олардың бізге әсері осы стресс түрімен байланысты.

Тұлғаралық стресс бөлімі белгілі бір өмір салаларымен өзара байланыс жасайды. Себебі, әр адамға өз әрекетінде әр түрлі әлеуметтік сұрақтарды шешуге тура келеді, өзге адамдармен әрекеттесу және оның бағалауы біздің қабылдауымызға, уайымдауларымызға, жағдайларға және сыртқы әлем құбылыстарына қатынасымызға елеулі ықпал жасайды. Көптеген өмірлік мәселелер адамдар ара-сындағы қатынастың проблемасы болып табылады.

Тұлғалық стресстің индивид не жасап жатқанына және оған берілген мысалы, ата-ананың, ерінің, қызметкердің ролін және т.б. әлеуметтік ролдерді қалай жүзеге асырады және бұзатын уақытта онымен не болатынына қатынасы бар. Ол денсаулықтың бұзылуы, жағымсыз әдеттер, сексуалдық қиындықтар, қартаю, зейнетақыға кету сияқты құбылыстармен байланысты көрінеді.

Жанұялық стресс өзіне жанұя ішіндегі барлық қиындықтарды қосады. Ол-үй ішіндегі жұмыс, тектер арасындағы қарама-қайшылық, жанұядағы ауру немесе өлім, ішімдік, ажырасу және с.с.

Еңбектік стресс көбіне ауыр жұмыс күшімен, жұмыс нәтижесін қадағалаудың жоқтығынан, ролдік анықсыздықтан және ролдік қарама-қайшылықпен байланысты. Жұмыс қауіпсіздігін нашар қамтамасыз ету, еңбекті әділетсіз бағалау, оның ұйымдастырылуының бұзылуы стресс пайда болуының көзі болуы мүмкін.

Қоғамдық стресс адамдардың үлкен топтары бастан кешетін проблемаларға жатады. Мысалы, экономикалық тоқыру, кедейшілік, расалық қысым, банкрот болу және дискриминация және т.б.

Экологиялық стресс қоршаған ортаның экстремалды жағдайларының ықпал жасауымен негіз-деледі. Бұндай ықпалды күту немесе оның нәтижесі – ластанған ауа және су, қатал ауа райының жағдайы, нашар көршілер, дыбыстың жоғары деңгейі және с.с.

Қаржылық стресс түсіндіруді қажет етпейді. Есепті төлеу мүмкінсіздігі, қарыз алудағы қиын-шылықтар, жұмыс нәтижесінің жалақы деңгейімен сәйкес келмеуі, қосымша қаржылық шығындар, осы және басқа да себептер стресс пайда болуына әсер етеді.

Тұлғайшілік стресс детальды қарастыруды қажет етеді. Ол бірінші жағынан оған жеткілікті көңіл бөлінбегеніне байланысты болса, екінші жағынан, ол әртүрлі өмірлік оқиғаларды жобалауы мүмкін және оған қатынас ерекшеліктеріне ықпал жасап және индивид мінез-құлқына әсер ететініне байланысты.

Стресстің қандай нәрсе екенін, денсаулыққа қалай әсер ететінін білдік. Ендігі жерде одан құтылудың, алдын алудың және жеңудің жолдарын қарастырайық. Стрессті жеңуде адамның істейтін жұмысының не қызметінің сипаты зор маңызға ие. Еңбек адамға тек материалдық байлық әкеліп қана қоймай, сонымен бірге қанағаттанушылық сезімін де сыйлауы тиіс. Көңілсіз, күңгірт, бірыңғай, ылғи өзіңді зорлап істейтін жұмыс стресстің бірден-бір көзі екендігі айтпаса да түсінікті. Шынында да, біздің уақытымыздың көбісі қызметте, оқуда өтеді. Ол егер көңілсіз болса, тәніміз де бүкіл

жүйелердің үйлесімсіздігін туғызып, оны дағдарысқа ұшыратады. Сондықтан, адам көңілі қалаған мамандығы бойынша өзі ұнататын кәсіппен айналысқаны жөн. Жұмыстағы немесе оқудағы көңілсіздік отбасындағы кикілжіңге ұласса, стрестің көкесін сонда көресін.

Қиын сәттерде адамның қиындықты жеңуге деген өзінде тілек және мүмкіндігі (дайындығы) болуы керек. Қай кезде де адамға қажырлы үміт және сенім қажет. Адамда стресске төтеп берер психологиялық дайындық болуы қажет, оған аутогендік жаттығулардың қажеттігіне сендірудің маңызы зор. Өміріне қатер төндіргендей жағдайларда адам қайратты болуы және қалай болғанда да өзін еркін ұстап, жақсылыққа сендірге тырысу керек. Өмірді сақтап қалу әркімнің өзіне, психологиялық күйіне, психологиялық саулығына байланысты. Өзін-өзі сыйлау және ұстай білу стресс әсеріне қарсы тұру қабілетін күшейтеді, психологиялық саулығын қалыпты ұстайды. Стресс болмау үшін адам нағыз қажетті іспен айналысуы шарт. Салауатты өмір салтын сақтау, мұңаймау, жағымсыз әсерлерден бойды аулақ, ауырлықты ақылмен жеңудің жолдарын қарастыруы қажет. Осы айтылғанның бәрі – *психопрофилактика* болып табылады. Психопрофилактиканың бір түрі *релаксация* (босаңсу) – дене мен психиканы керексіз ой-жабырқаудан, абыржудан босатады, ал вокалотерапия бой сергітеді. Би билеу адамдарды оптимистік көңіл-күйге бөлейді [7].

Психопрофилактиканың екінші түрі – өзін-өзі сендіру. Оған аутогендік жаттығулар көмектеседі. Төменде, *ағылшын психологы Клер Рейнер талдаған өзін-өзі сендіру бағдарламасын ұсынамыз* [4].

I қағида. Таңертең бар қуатыңызды үйден жақсы көңіл-күймен шығуға жұмсаңыз.

II қағида. Өз бойыңыздағы кемшілікке орала бермеңіз. Олар кімде болсын бар.

III қағида. Басқаларды артық сынға алмаңыз. «Ешкімді сөкпе, сонда сен да сөгілуші болмайсың»-деп інжіл де ғибрат қылады.

IV қағида. Басқаларды көңіл қойып тыңдаңыз, сонда олардың да Сіз десе көңілі ерекше болып тұрады. Жұрт көбіне тыңдаушыларды жақсы көреді.

V қағида. Ағыңыздан жарылып тұрыңыз. Бейіліңіз сақ болсын. Білмегеніңізді білемін деп әлек болып, қулыққа салынбаңыз.

VI қағида. Өз төңірегіңізден Сізді сәл де болса түсінетін жақсы адамды тауып алыңыз, жалғызсырамайтын боласыз.

VII қағида. Жасқаншақтығыңызды арақпен кетіремін деп ойламаңыз. Егер де ашық, ақжарқын болсаңыз, арақ-шарапсыз да өзіңізді қоршаған адамдар арасында мерейлі боласыз.

VIII қағида. Орынсыз именшектіктің кейбір адамдарды жалықтырып жіберетінін де есте сақтаған жөн, егер де біреу Сізбен даусын көтеріп, өктем сөйлесіп тұрса, оған өзім кінәлімін деп есептемеңіз, бәлкім, ол адам үшін өз жігерсіздігін жеңудің бір амалы осындай болар деген ойда жүрген шығар.

IX қағида. Өзіңізбен бір жаман іс болып, жағдайсыздыққа ұрынсаңыз елдің көзінше кейіп, налымаңыз. Жұрт сізге ерекше ықыласпен қарайтын болады, өйткені оларға өз артықшылықтарын сезінуге Сіз бір үлкен мүмкіндік бердіңіз.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, жақсы сөз бен жылы лебіз адамға әрқашан да емдеу. «Істеген ісің мақұлданып, қолдау тапса екен» – деу кез келген адамға тән қасиет. Қоғамның, өз төңірегіндегі жақын-жуықтары мен достарының, отбасы мүшелерінің қолдап, қуаттаушы пікірлері әрбір адамның денсаулығы үшін ауадай қажет.

Стресті жеңудің әр қилы стратегиялары бар. Олардың бірі – эмоцияларды білдіру ептілігі. Екіншісі – жағдайды қайта бағалау, оқиғаның басқа суретін құрастыру және жағымсыз жағдайдың өзінен өзіңіз үшін көптеген пайдалы нәрсені таба білу машығы. Үшінші жол – қайта бағалауға келмейтін жағдайды өзгертуге мүмкіндік беретін мақсатты бағытталған әрекеттер.

Жағдай ықтималды қауіпті, күрделі немесе жаңа ретінде қабылдануын доғарғанда, стресс тиылады. Мұнда білуге тиіс жайт, негативтік (теріс) жай-күй тек біздің теріс ойларымызбен ұсталып тұрылады. Нақ солар барлық бәленің көзі болып табылады. Өз ойларыңызбен жұмыс істеуді үйреніп, сіз өз эмоционалдық жай-күйіңізді реттеуді үйренесіз.

Бірінші ереже – өз бойыңыздан теріс ойды қумау, керісінше оған оның басқа ойлар сияқты өмір сүруге өз құқығының бар екеніне түсіністікпен қарау.

Екінші ереже – бұл ойға сыпайы түрде айналып өтуді ұсыныңыз, өйткені әр кезде өзіңізге қызықтырақ, маңыздырақ және пайдалырақ басқа ойлар мен тірліктер бар. Бұл кезде бірден бұл жаңа ойларды, тірліктерді ойлап іске кірісіңіз.

Өмірдегі теріс жағдайда жақсы және пайдалы нәрсені таба білуге үйрену әрқайсымызға маңызды. Себебі өмір қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінен құралған.

Соңында, Г.Селье «Стресс – бұл сіздің басыңызға түскен нәрсе емес, ол түсінігіңіздегі нәрсе»

The article is devoted to the introduction of elements of dual education in higher pedagogical education. To this end, the features of the process of training future teachers in Germany were analyzed. The duality reflected in the German system of professional training of future teachers is characterized. The Scientific-methodical complex "school-College-University" as one of the ways of introduction of elements of dual education in professional training of future teachers is defined. The content of the scientific and methodological complex and the difficulties of its implementation are considered. The complexity of the introduction of elements of dual training in the process of professional training of future teachers is analyzed. As a result of the analysis provided scientific and methodological recommendations for the introduction of elements of dual training in the process of training of future teachers of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: higher education institution, dual training, professional education, Germany, vocational school, dual system, training of professional specialists.

Бүгінгі таңда заманауи жағдайларға тез бейімделуге қабілетті, өмірлік маңызды еңбек құндылықтарына, кәсіби және жеке құзыреттіліктің кең спектріне ие білікті кадрлардың қажеттілігі болашақ маманның, соның ішінде мұғалімдердің кәсіби даярлығы үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіруді, яғни жоғары педагогикалық оқу орындары мен білім берудің әр түрлі сатысындағы ұйымдардың әлеуметтік серіктестік мүмкіндіктерін пайдалану тиістігін талап етіп отыр.

Әрине, қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен енгізу, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің әдіснамалық-ұйымдастырушылық тұрғыдан

негіздері жасала қойған жоқ, ол *біріншіден*. *Екіншіден*, мұғалімнің жұмыс орны «жанды үдеріс» («субъект-субъект»), ал дуальді жүйе принципіне студент оқу орнында теориялық білім алуымен қатар өндірісте жұмыс істеуі тиістігін еске түсірсек, онда кәсіби тұрғыдан базалық білімі жоқ, кәсіби-тұлғалық сапалары қалыптаса қоймаған, өмірлік тәжірибесі жеткілікті қалыптаспаған 1-2 курс студенттерін жұмыс істеуге жібере салу мүмкін емес. *Үшіншіден*, Қазақстанның колледж, мектептерінде мұғалім орнының тапшылығы жоқтың қасы. Сол себепті болашақ мұғалімнің студент қатарында (күндізгі оқу) жүріп, жұмыс істеуіне мүмкіндік туа бермейді. *Төртіншіден*, дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендірудің механизмі жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді.

Жоғары кәсіби білім беруде болашақ мамандардың практикалық даярлығын күшейтуге мемлекет тарапынан да аса мән беріліп отыр. Бұған 2016 жылдан бастап жоғары кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында 60% теориялық оқуға 40% практикалық оқудың қатынасы белгіленгені дәлел бола алады. Дейтұрғанмен, оның ғылыми, әдіснамалық, әдістемелік негіздерінің жасалмауы оны практикада іске асыруда айтарлықтай қиындықтар тудырады.

Оның үстіне болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы *студент – білім беру ұйымы – жұмыс беруші* серіктестігімен келісілген үш субъектілік оқыту жүйесін кіріктіруде шешімін табуға тиісті күрделі мәселелер бар.

Оны біздің эксперимент тұрғысынан Абай атындағы ҚазҰПУ базасында жүргізген ғылыми-әдістемелік кешен (ҒӘК) жұмыстарын жүргізу барысы дәлелдейді. 2015 жылдың желтоқсан айында педагогика және психология кафедрасының бастамасымен «мектеп-колледж-ЖОО» ғылыми-әдістемелік кешені құрылды. Ғылыми-әдістемелік кешен аясында Абай атындағы ҚазҰПУ мен Алматы қаласының гуманитарлық-педагогикалық колледжімен, №132 мектеп гимназиясымен үш жақты келісімшарт жасалды. Ғылыми-әдістемелік кешен Ережесі және стратегиялық жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес психологиялық-педагогикалық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша мектеп мұғалімдеріне және колледж оқытушыларына оқыту семинарлары, мектеп ата-аналарына арналған семинарлар, біргелікте дөңгелек үстелдер және тұңғыш рет республикада Мұғалімдер мен ғалымдардың республикалық конференциясы өткізілді. Осы жыл ғылыми-әдістемелік кешен жұмысының бастамасы болғандықтан мектеп, колледж педагогтары, басшылығымен кафедра профессор-оқытушыларының арасындағы кездесулер көбінесе біргелікте атқарылатын жұмыс түрлерін талқылауға, айқындауға бағытталды [1].

Алайда, 2016-2017 оқу жылында осы кешен аясында жүргізілген жұмыстар ҒӘК –нің ЖОО ПОҚ-ы мен мектеп, колледж оқытушыларының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттердегі өзара байланысын арттырғанымен, болашақ мұғалімдердің, яғни студенттердің практикалық даярлығын, келешектегі кәсіби іс-әрекеттері бойынша біліктіліктерінің дамытуға септігін тигізу мүмкіндіктерінің ауыз толтырып айтарлықтай болмағандығын көрсетті. Өйткені аталған ҒӘК тиімді жүргізілуінде бірқатар қиындықтар орын алды:

- осы мәселенің теориялық-әдіснамалық, әдістемелік негіздерінің жасалмауы;
- бұл жүктеменің ПОҚ және мектеп, колледж қызметкерлерінің арнайы тарифтелген, заңдас-тырылған педагогикалық жүктемесіне енгізілмеуі;
- жұмыс берушілердің мемлекеттік-нормативтік құжаттарға сәйкес оқушылардың оқу жүкте-месінің, оқу кестесінің, оқу бағдарламалық талаптарының тәртібінен ауытқуға барлық уақытта мүмкіндіктерінің бола бермеуі;
- жоғары оқу орны студенттерінің өз еркімен, оқудан тыс, ақысыз өндірістік тәжірибеден өтуге психологиялық тұрғыдан даяр еместігі (өз кәсібіне қызығушылықтарының аздығы, мамандығын саналы терең түсінбеушілігі, кәсіби жауапкершілікті сезіне қоймауы, немқұрайдылықтың басым-дығы, мамандығын сүю дәрежесінің төмендігі, оқушылармен қарым-қатынасқа түсуке қорқыныш сезімдерінің басымдығы және т.б.).

Осы бір олқылықтың орнын толтыру мақсатында 2018 жылдан бастап ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранты негізінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында профессор Ұ.М.Әбдіғапбарованың жетекшілігімен «Дуальді-бағдарлық оқыту – болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдірудің шарты» атты ғылыми жоба орындалу үстінде.

Осы жоба аясында дуальді оқытудың отаны саналатын Германияның білім беру саласында қызмет ететін жұмыс берушілермен сұхбаттасу, әңгімелесу жүргізілді. Зерттеу барысында Германияның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне талдау жасалды. *Бірінші еркішелігі* оның нормативтік

құжаттарына сүйенсек, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы мамандықтар бойынша емес, типтеріне қарай жүргізіледі. Мәселен, 6 типті мұғалімдерді даярлау жүзеге асырылады: бастауыш мектеп мұғалімі (1-4 сынып); бастауыш мектеп және орта мектептің бірінші сатысының мұғалімі (5-10 сынып базалық, реалды мектеп, гимназия және біріккен мектеп немесе орта мектептің бірінші сатысының жеке типтерінің); орта мектептің бірінші сатысының мұғалімі (5-10 сынып базалық, нақты мектеп, гимназия және біріккен мектеп); орта мектептің екінші сатысының мұғалімі (11-13 сынып гимназия және біріккен мектеп) (жалпы білім беретін пәндер); орта мектептің екінші сатысының мұғалімі (11-13 сынып) (кәсіби дайындық пәні); арнайы мектеп мұғалімі.

Екінші ерекшелік, мұғалімдерді даярлаудың базалық үлгісі бойынша теориялық даярлығының ұзақтығы интеграцияланған даярлықтың дәстүрлі моделі (8-10 семестр), бакалавр/магистр схемасы бойынша көп деңгейлі модель (6 + 2 немесе 4 семестр) құрайды. Ал, практикалық даярлығының ұзақтығы – тағылымдамалық тәжірибе (референдариат) (18-24 ай).

Үшінші ерекшелігі болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы теория мен практиканың арақатынасында *дуальділіктің көрініс алуы*:

- дәстүрлі педагогикалық білім беру жүйесі аясында педагогикалық практикадағы дуалды оқыту элементтері;

- мұғалімдерді даярлаудың магистрлік бағдарламаларындағы практикалық семестр (мысалы: Солтүстік Рейн-Вестфалия, Төменгі Саксония);

- жоғары білім негізінде мұғалімдерді жедел даярлау аясында дуальді оқыту (Саксониядағы Лейпциг университетінің мысалында);

- жоғары білім беруде дуальді оқыту үлгілері тек ішінара ғана ғылым жөніндегі сараптама комиссиясының өлшемдеріне жауап береді (Wissenschaftsrat 2013) [2].

Осы дуальділіктің көрініс алуының біреуіне мысал келтірсек, мәселен дәстүрлі педагогикалық білім беру жүйесі аясында педагогикалық практикадағы дуалды оқыту элементтерін алып қарайық. Германияның Бавария федеративтік жеріндегі болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының негізі саналатын «үш фазалық оқытудың» *бірінші фазасында* мұғалім мамандығының жоғарыда аталған типтеріне қарай оқу мерзімі 4-5 жыл, төрт практиканы (бағдарлық, дидактикалық, педагогикалық, өндірістік) құрайды. Бірінші фазаны тамамдаған студент *бірінші мемлекеттік емтиханға* жіберіледі. Оны табысты тапсырған студентке сертификат беріледі де ол екінші фазаға баруға мүмкіндік алады. Осы тұста біз үшін қызығушылық тудыратын болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында міндетті саналатын өндірістегі (мектепте өткізілетін) практикасы. Біріншіден, *бағдарлық практика* студенттің университет алды практикасы тұрғысынан университетке оқуға түскенге дейін немесе түскеннен кейін мектепте өтетін практикасы – өту уақыты 6 ай. Мұнда студент 1 оқушымен жұмыс істейді. Оны бақылайды, сабақтарын үйретеді, онымен әңгімелеседі, тәрбие жұмыстарын жүргізеді, қысқасы онымен тығыз қарым-қатынаста болады. Екіншіден, *педагогикалық практика* болашақ мұғалімнің кәсібіне қызығушылығын арттыруға бағытталады – 1-нші немесе 2-нші семестрден кейін (уақытты таңдауы студенттің еркіне қарай) демалыс уақытында өтеді. Үшіншіден, *дидактикалық практика* (пәнді оқыту әдістемесі бойынша) – аптасына 1 күн (әр аптаның сәрсенбі күні) 1 семестр бойы, соңғы семестрге дейін (қай семестрде баратыны студенттің өзі таңдайды). Төртіншіден, *белсенді педагогикалық практика* – 160 сағат – студенттің практикасына жетекшілік ететін, қолдайтын, кеңес беретін, үйрететін, бақылайтын, бағалайтын университет оқытушыларынан арнайы оқытушы және мектептен арнайы ментор бекітіледі. Бесіншіден, *өндірістік практика* – соңғы семестрде 8 апта – мектептен тыс кәсіпорындарда жүргізілетін практика.

Екінші фазада студент мектепте (екі түрлі мектепте) екі жыл жұмыс істейді. Екінші мемлекеттік емтиханды табысты тапсырғаннан кейін ғана мұғалім біліктілігін растайтын диплом беріледі. Сонымен Германияда мұғалім біліктілігіне ие болу үшін кем дегенде 7 жыл оқиды және мұғалімдерді кәсіби даярлаудың екінші фазасы толығымен олардың практикалық дағдыларын шыңдауға арналады. Ал бұл болса, Германияның болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлық үдерісіне дуальді оқыту элементтерінің ендірілгенін дәлелдейді. *Екінші мемлекеттік емтихан* тапсырады. Комиссия құрамына мектептің мұғалімдері, университет оқытушылары, Министрлік, департамент өкілдері енеді. Екінші емтиханды табысты тапсырған жағдайда, үшінші фазаға біліктілігін көтеруге жіберіледі.

Үшінші фазада – өмір бойы үздіксіз білім алу – *біліктілігін көтеру* [3].

Төртінші ерекшелігі Бавария федеративтік жеріндегі болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығындағы университет базасында педагогикалық білім беру орталығы құрылған. Оның жетекшісі

болып жергілікті федеративтік Білім министрлігінің өкілі тағайындалады. Оның ұйымдастырушы органы болып Атқарушы комитет құрылады. Оның құрамына декан орынбасарлары, оқытушылар, мектеп мұғалімдері, студенттер кіреді. Олардың басқару функцияларына студенттерге кеңес беру, білім беру сапасын басқару, жобаларды басқару және т.б. жатады. Орталықтың бақылау органы болып Консультативтік кеңес ұйымдастырылады. Оның құрамы Бавариялық үкімет, білім беру саласындағы жергілікті билік, мектеп кеңестері, ведомстволар өкілдерінен тұрады. Олардың серіктестік субъектілері: студенттер-деканат-басқарма-ректорат. Серіктестік бағыттары ішкі педагогикалық білім беру саласындағы ынтымақтастық, басқарудағы ынтымақтастық, іскерлік ынтымақтастығы. Бізге қызығушылық тудыратыны басқару ынтымақтастығында Бавария үкметі, Білім министрлігі, Нюрнберг, Форт, Эрланген қалаларындағы білім беру саласындағы ведомстволар тарапынан немесе келісілген бірлестіктегі мұғалімдердің тағылымдамасы, біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылады. Ал іскерлік ынтымақтастығында студенттердің тағылымдамадан өту, жобалар жасау, жобаларға демеушілік көмек, білім беру болашағының диалогы өткізіледі. Оқу-әдістемелік жарияланымдар шығарылады, семинар, конференциялар ұйымдастырылады және т.б.

Қорыта айтқанда, Германия мен Қазақстандағы кәсіби білім берудегі дуальді оқытудың дамуын зерттеу бізге жоғары педагогикалық білім берудегі болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісінде дуальді оқыту элементтерін пайдалану бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Олар үлкен үш бағытты қамтиды.

1. Теориялық-әдіснамалық негіздегі ғылыми-әдістемелік ұсыныстар:

- болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендірудің теориялық негіздемесін, механизмін жасау;
- осы механизм негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендірудің әр түрлі типтегі модельдерін (оқу-өндірістік ортасына сәйкес, мәселен мектеп, колледж, университет және т.б.) жасау;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру механизмінің, модельдерінің тиімділігін анықтайтын бағалау өлшемдері мен құралдарын теориялық негіздеу;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби тәжірибесінде дуальді оқыту элементтерін ендіруге психологиялық даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу мен диагностикалық құралдарын айқындау;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби тәжірибесінде дуальді оқыту элементтерін ендіруге дидактикалық даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу мен диагностикалық құралдарын айқындау және т.б.

2. Ұйымдастырушылық-құқықтық негіздегі әдістемелік ұсыныстар:

- ҚР жоғары педагогикалық білім беру, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім беру, жалпы орта білім беру жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарына дуальді оқыту элементтерін ендіру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына дуальді элементтерді ендіруге басшылық, бақылау, демеушілік жасайтын құзыретті органдар мен (ҚР БЖҒМ, аймақтық білім басқармалары, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы және т.б.) оқу орны, оқу-өндірістік ортасының өзара әрекеттестігін реттейтін Ереже жасау және бекіту;
- жоғары педагогикалық білім беруді жүзеге асыратын оқу-өндірістік ұйымдарда (мектеп, колледж және т.б.) кәсіби білім беру, кәсіби бағдар беруді ұйымдастыру Ережелерін жасау және бекіту;
- жоғары педагогикалық оқу орындарында кәсіби педагогикалық білім беруді ұйымдастыру Орталықтарының Ережесін жасау және бекіту;
- жоғары оқу орны мен өндірістік орта (колледжде, мектепте, мектепке дейінгі ұйымдарда) арасында әлеуметтік серіктестікте кәсіби білім берудегі өзара әрекеттестікті ұйымдастыру Ережесін жасау және бекіту;
- жоғары кәсіби педагогикалық білім беруге дуальді оқытуды ендіру инновациясына ПОҚ, колледж оқытушыларын, мектеп мұғалімдерін ынталандыру Ережесін (еңбекақысын көтеру, біліктілігін аттестаттау, категориясын жоғарылату, педагогикалық жүктемесін азайту, штаттық кесте және т.б.) жасау, бекіту және т.б.

3. Практикалық бағыттылық негіздегі әдістемелік ұсыныстар:

- Жоғары педагогикалық білім беруде практика көлемін көбейту (жоғары оқу орны алдындағы мұғалім мамандығына бағдарлық практика; семестр бойы әр аптада 1 күн педагогикалық практика;

семестр аралық демалыс уақытындағы педагогикалық практика ұйымдасуы және т.б.);

- педагогикалық практика барысында мектеп мұғалімдері арасынан студенттерге *менторлар* бекіту (оларды ынталандыру жағын қарастыру (еңбекақы, аттестаттау, рейтинг, ражирлеу және т.б.);

- жоғары педагогикалық оқу орындары базасында министрліктің өкілі жетекшілік ететін кәсіби педагогикалық білім беруді ұйымдастыру Орталықтарын құру және т.б.;

- студенттердің бейіндеуші пәндерінің практикалық сабақтарын мектепте, колледжде өткізу. Мәселен, «Арнайы педагогика» мамандығындағы студенттердің бейіндеуші практикалық курстарын оқушылардың сөйлеуін, практикалық дағдыларын, әлеуметтенуін дамытуға арналған тиісті мектептерде өткізуді қарастыру;

- жоғары оқу орындарындағы білім берудің модульдік форматына сәйкес, жұмыс оқу жоспарына дуальді білім берудің элективті пәндерін енгізу (мысалы Абай атындағы ҚазҰПУ-нде 6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша «Дефектологтарды даярлаудағы дуальді оқыту», «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы үшін «Дуальді оқытудың негіздері» пәнінің ПОӘК жасалып, оқытылуда);

- студенттердің өздік жұмысы есебінен бастауыш сынып оқушыларының ұзартылған күн үдерісіндегі кәсіби іс-әрекетке тарту;

- «мектеп-колледж-жоғары оқу орны» ынтымақтастығында ғылыми зерттеулерді жобалау (цифрландыру, өздік оқу іс-әрекетін басқару, білім беру сапасының тиімділігін айқындайтын диагностикалық құралдардың мазмұнына жасау және т.б.);

- «Университеттің мектептегі күні», «мектептің университеттегі күні», «мектеп – колледж – ЖОО» бағыты бойынша ғылыми-практикалық іс-шаралар (оқу-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтар, конференциялар, семинарлар және т.б.) өткізу және т.б.

Сонымен дуальді бағдарлық оқыту үдерісінің негізгі міндеттерін жүзеге асыруда мұғалімдер, студенттер және білім алушылар, мектеп, колледж, университет бірлесіп жұмыс жасайды. Ал бұл болса, болашақ мұғалімінің кәсіби қызығушылығының артуына, кәсіби анықталуына, практикалық дағдысының шыңдалуына септігін тигізеді. Оның кәсіби іс-әрекетке жоғары деңгейдегі дайындығынан жас ұрпақтың сапалы білім алуы мен саналы, оң тәрбиесі талап етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Абдиганбарова У.М. *Совершенствование подготовки педагогических кадров в республике Казахстан на основе дуально-ориентированного подхода. – 1 Республиканская конференция ученых и учителей «Интеграция деятельности школы-колледж-вуза в условиях дуально-ориентированного образования». – Алматы, 12-13 мая, 2016. – С.5-7.*

2 Wissenschaftsrat (Hrsg.) *Empfehlungen zur Entwicklung des dualen Studiums-Positionspapier. – Mainz, 2013. – P.24-32.*

3 Әбдіганбарова Ұ.М. *Заманауи педагогты кәсіби даярлауда дуальді-бағдарлық оқытуды ендірудің теориялық-практикалық негіздемесі // Материалы международной научно-практической конференции «IV Оразовские чтения: наследие великого шелкового пути: диалог цивилизации. Из прошлого в будущее».*

УДК 378.091.12

МРНТИ 14.09.35

Ұ.М. Әбдіганбарова¹, А.А. Сманова², Э.А. Айтенова³

¹п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

^{2,3}PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ГЕРМАНИЯНЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДУАЛЬДІ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ МОДЕЛІ

Аңдатпа

Мақалада Германияның инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуальді жүйесінің тұжырым-

дамалық моделі сипатталады. Аталған модель кәсіптік мектеп пен өндірістің өзара әрекеттестігін реттейтін, заңдастыратын өкілетті органдардың бірлестігінде болашақ маман даярлығының аксиологиялық, онтологиялық технологиялық компоненттерін қамтамасыздандырады. Осы тұжырымдарды болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру бойынша жасалатын қазақстандық модельге негізге алуға болатындығы негізделеді.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, инженерлік-педагогикалық білім беру, дуальді оқыту, кәсіби білім беру, Германия, кәсіптік мектеп, тұжырымдамалық модель.

Абдиганбарова У.М.¹, Сманова А.А.², Айтенова Э.А.³

¹д.п.н., профессор, КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

^{2,3}PhD докторант, КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ИНЖЕНЕРНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ ГЕРМАНИИ

Аннотация

В статье описывается концептуальная модель дуальной системы немецкого инженерно-педагогического образования. Эта модель обеспечивает аксиологические, онтологические и технологические компоненты профессиональной подготовки будущего специалиста на основе социального партнерства профессиональной школы и производства, которое регулируется и контролируется уполномоченным органом в области образования. Обоснованы выводы о том, что данную модель можно брать за основу казахстанской модели профессиональной подготовки будущих учителей в условиях дуально-ориентированного обучения.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, инженерно-педагогическое образование, дуальное обучение, профессиональное образование, Германия, профшкола, концептуальная модель.

U.Abdigapbarova¹, A.Smanova², E.Aitenova³

¹Doctor of Education, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

^{2,3}PhD doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

A CONCEPTUAL MODEL OF THE DUAL SYSTEM OF ENGINEERING-PEDAGOGICAL EDUCATION IN GERMANY

Abstract

The article describes the conceptual model of the dual system of German engineering and pedagogical education. This model provides axiological, ontological and technological components of professional training of the future specialist on the basis of social partnership of professional school and production, which is regulated and controlled by the authorized body in the field of education. The conclusions that this model can be taken as a basis of the Kazakhstan model of professional training of future teachers in the conditions of dual-oriented training are proved.

Keywords: higher education institution, engineering and pedagogical education, dual training, vocational education, Germany, vocational school, conceptual model.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру мәселелерінің теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін зерттеуге аса мән берілуде. Өйткені Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында дуальді кәсіптік білім беруді дамытудың маңыздылығы атап өтілген. Сондай-ақ бұқаралық маман кадр-

ларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары құрудың қажеттілігі көрсетілген [1].

Осыған орай Қазақстан Республикасының Үкіметі, БЖҒМ жүзеге асыру мақсатында оның нақты жолдарын анықтады. Мамандарды колледждер мен ЖОО және өндіріс орындарында даярлау бойынша оқу орталықтарын, біліктілігін арттыру мен қайта даярлау институттарын құру және олардың іске асуын қамтамасыздандыратын іс-шараларды қамтитын дуальді оқыту бағдарындағы Жол картасы жасалып Үкімет Қаулысымен бекітілген [2]. Қазақстан Халқы Ассамблеясының XIX-шы сессиясында «Самұрық-Қазына» қорына арқаулық кәсіпорындар тізімі белгіленген. Дуальді оқыту моделін бірте-бірте енгізудің жоспарын әзірлеу тапсырылған болатын.

Бүгінгі таңда Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКББ) ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен жұмысқа практикалық дағдысын игеру түрткісін жоғарылататындығын, мекеме басшысының өзінің қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығы болатындығын және т.б. көрсетті.

Ал, Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде де болашақ маманның практикалық даярлығына дуальділік элементтерін ендіру мәселесін зерттеу алдымен оның моделін жасау қажеттілігін туындатады. Осы мәселені зерттеу барысында дуальділік жүйесі жақсы дамыған шет елдік тәжірибені зерделеуге мән беру керектігін талап етеді.

Осыған байланысты біз ұсынылып отырған мақалада Германиядағы кәсіби инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуальді жүйенің тұжырымдамалық моделін сипаттауға мән бердік.

Жүйенің тұжырымдамалық моделі оның қызметі мен құрылымы негізінде жетекші ойды бейнелейтін жүйелік талдауды ұсынады. Жүйенің іс-әрекеті мақсатқа немесе жүйенің мақсатына жетуге бағытталады. Осыған байланысты жүйенің сипаты оның құрамдас бөліктерінің күйі арқылы түсіндіріледі.

Осы тұрғыдан біз сипаттайтын Германиядағы кәсіби инженерлік-педагогикалық білім беру ұйымының жүйелілік, жеке және әдістемелік принциптері инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуальді жүйенің іс-әрекеттік және құрылымдық ұстанымдарына негізделеді:

- *Теңе-теңділік* (лат. Parity – теңдік) олардың бірде-бір басқа жүйесі болмайтын жүйені құрайтын, теңдігін, қызметінің тең құқықты үдерісі болып табылады.
- *Өзара келісім* оқытудың нәтижесіндегі белгілі бір әлеуметтік-кәсіптік ерекшеліктің біліктілігін анықтайтын мамандықты даярлаудағы мақсаты бірыңғай білім беру жетістігіне жетуге бағыттала отырып жүйе құрушы қызметін дербес ұйымдастыру деңгейін сақтайды.
- *Бірыңғай әдіснамалық негіз* дербес жүйені құрайтын тұтас дуальді (бірыңғай екі) жүйенің тірегі ретінде бірыңғай әдіснамалық негізді оқытатын тіректік жалпы қажеттілігін көрсетеді.
- *Дидактикалық шарт пен негіздің вариативтілігі* тиісті арнайы жүйені бейнелейтін әрбір жүйе-құраушыны даярлаудағы кәсіптік шарттар мен негіздің нақты дидактикалық ерекшелігін көрсетеді.
- *Субъектілік-тұлғалық ерекшеліктің әмбебап нәтижесіндегі білім беру* дәстүрлі когнитивті бағыттылықтағы білім беруден нәтижеге бағдарланған білімге ауысады.

Осы ұстанымдар негізінде инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуалдық жүйенің үш деңгейі анықталған: *әдіснамалық деңгей* инженерлік-педагогикалық мамандарды даярлауды ұйымдастырудағы жалпы әдіснамалық негіздегі жүйе мен инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуалдық жүйені біріктіретін тұжырымдамалық-теориялық негізді ұсынады; *іс-әрекеттік-технологиялық деңгей* білім беру үдерісінде инженерлік-педагогикалық білім берудегі жүйелік іс-әрекетін техникалық ұйымдастыруды ұсынады; *тұлғалық-нәтижелік деңгей* маман ие болуға тиісті (тұлғалық-кәсіптік күзінеттілік) ерекшеліктер мен тұлғалық және кәсіптік сападағы білімнің субъектілік нәтижесін сипаттайды [3].

Әдіснамалық деңгей екі жүйеден құралған жалпы дуалділік жүйенің біртұтастық ерекшелігін қарастырады. Осы тұрғыдан жалпы әдіснамалық негіздері мен тұжырымдамалық-теориялық негіздерін қамтиды:

1) *Жалпы әдіснамалық негізі* инженерлік-педагогикалық білім берудегі іс-әрекеттік жүйесі мен құрылымдық негізіндегі әдіснамалық құралдар мен ұстанымдардан құралады:

- жалпы әдіснамалық ұстанымдар мен құралдар кешенділікті құрайтын өзара байланыс пен өзара іс-қимылдың бірыңғай іс-әрекеті мен құрылымын қамтамасыз ете отырып, әрбір білім беру жүйесін қалыптастыруды сипаттайды;
- жеке әдіснамалық принцип ерекше білім беру саласындағы инженерлік-педагогикалық білім

беруді жүйелі ұйымдастырудағы ерекшеліктің мазмұнын құрайды;

- дуалдық жүйені құрылымдау мен құрастырудың ұстанымы инженерлік-педагогикалық ұйымның ерекшелігінен талап етіледі.

2) *Тұжырымдамалық-теориялық негізі* тұжырымдамалық-мәндегі ойды анықтай отырып тиісті бірізділігін қамтамасыз ететін жүйені құраушы теориялық негізді сипаттайды: әлеуметтік-өндірістік қажеттілік мақсатындағы білім беру; дүниетанымдық негіздегі әлеуметтік-философиялық тәсілді ұйымдастыру; инженерлік-педагогикалық білім берудегі дидактикалық негізін құрайды.

Инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуальді жүйенің бірыңғайлығы үш негізде қамтамасыздандырылады: *аксиологиялық негізі* – гуманистық-технологиялық құндылықтағы тепе-теңдік; *онтологиялық негізі* – тұлғалық-кәсіптік құзіреттіліктің базалық жүйесі; *технологиялық негізі* – қоғамдық-кәсіптік қатынастағы жүйе.

Іс-әрекеттік-технологиялық деңгей білім берудің жүйелі-құрылымдық аспектісіндегі инженерлік-педагогикалық білім беру үдерісінде инженерлік педагогикалық іс-әрекетті технологиялық негізде дуальді формада түрлендіруді жүзеге асырады:

- білім беру саласында оқытушылар мен студенттердің тұлғалық-кәсіптік құзіреттілігін үздіксіз дамытуға бағытталады;

- өндірістік салада – маманның тұлғалық-кәсіптік құзіреттілігін үздіксіз дамытады.

Инженерлік-педагогикалық мамандарды даярлаудағы білім берудің дидактикалық шарты мен ұйымдық формасына сәйкес, заңнамалық-құқықтық негіздегі дуальді жүйенің жүйелік-құрылымдауы әр түрлі болады.

Тұлғалық-нәтижелік деңгей білім беру үдерісін қалыптастырудағы мамандардың тұлғалық-кәсіптік құзіреттілігін көрсету және екі жүйе құраушы үшін жалпы білім беру аспектісінің субъективті-нәтижесіндегі дуальді жүйені ұсынады.

Инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуалдық жүйенің модельдік тұжырымдамасы 1-суретте көрсетілген. Бұл инженерлік-педагогикалық білім беру дербес кәсіптік білім беру жүйесіндегі *үш негізгі құрылымдық кешенді* құрайды.

Тұлғалық-нәтижелік деңгей




Әдіснамалық деңгей

Сурет-1. Германиядағы инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуальділіктің тұжырымдамалық моделі

Нормативтік-ұйымдық байланыстағы дуалдық жүйе инженерлік-педагогикалық білім берудегі құрылымды түбегейлі өзгертуді талап етпейді. Алайда, инженерлік-педагогикалық білім беруге бағытталған өндірістік сала мен өзара оның құрылымдық кешеніндегі ерекшеліктерді түбегейлі өзгертеді.

Іс-әрекеттік-технологиялық деңгейдегі жүйені түсіну үшін екі диалектілік өзара байланыстағы үдерістің білім беруіне сүйенеді, алайда дербес жақтары өзіндік арнайы ерекшелікке ие. Бір жағынан, «белгіленген мемлекеттік білім беру деңгейі азаматтардың (оқушылардың) жетістігіне сүйене отырып мемлекеттік, қоғамдық, адами қызығушыларды оқыту және тәрбиелеудің мақсатты бағытталған білім беру үдерісіне ие болып табылады». Осы көзқарастағы білім беру (оқытушылар, педагогтар) оқытудың субъектісі ретінде шынайы объектіні ұсынатын объектелген ерекшелікке ие.

Басқа жағынан білім беру – жоғары білім деңгейіне жету мақсатында оларды үйрену тәсілдері, білім алушылардың білім, білік және дағдыларын дамыту, меңгерту болып табылады. Мұндай жағдайда білім берудің субъектісі субъективті деңгейдегі білім беру үдерісінің білім алушылары білім беру объектісі болады. Инженерлік-педагогикалық білім берудегі объективті үдерістік аспект «кәсіптік қызметті дербес жүзеге асыру, кәсіптік-педагогикалық қызметтегі барлық саланы орындау, нақты мамандыққа сай тұлғаны тиімді даярлауға мүмкіндік жасау, тұлғалық үдерісті қалыптастыруды ұсынады» [4]. Субъектілі деңгейдегі инженерлік-педагогикалық білім беру жоғарыда көрсетілгендей педагогика саласындағы инженерлік қызметті оқыту үдерісін түрлендіру негізінде арнайы бірлестікті жүзеге асыру керек. Мұндай үдеріс 2-ші суретте ұсынылған.



Сурет-2. Инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуальділік жүйесі үдерісін түрлендіру

Мұндай сызбада екі әр түрлі мазмұнды үдеріс көрсетілген – оқытушылар мен студенттердің тұлғалық-кәсіптік күзіндеттілігін үздіксіз дамыту, бір жағынан мамандардың тұлғалық-кәсіптік күзіндеттілігін үздіксіз дамыту, екінші жағынан дуальділік аясында олардың әдіснамалық және тұжырымдамалық-теориялық негіздерін біріктіретін бірыңғай үдерісті түрлендіру іс-әрекеттері.

Біліктілікті көтеру жүйесі аясындағы білім беру саласы, мамандардың инженерлік қызметі негізінде алынған кәсіптік тәжірибе, ғылыми-педагогикалық және педагогикалық тәжірибе арқылы педагогикалық қызмет түрленеді. Педагогтың инженерлік-педагогикалық қызметіндегі жоғары оқу орнының студенттерін кәсіптік даярлау үдерісі «студент – маман – кәсіпқой» түрінде түрленетін

маман-инженердің тұлғалық-кәсіптік құзіреттілігін үздіксіз дамытудың бастамасы ретінде студенттердің танымдық іс-әрекетін өзгертеді. Мұндай үдеріс іс-әрекеттің түрленуіне септігін тигізеді: *танымдық (оқу)-тәжірибелі-бағыттылық (оқу-өндірістік)*; содан кейін кәсіптік тәжірибеде жинақталған негізді тұлғалық-кәсіптік құзіретке түрлендіру арқылы өндіріс саласы инженерлік-өндірістік-тәжірибелік-бағыттылық саласына ұласады.

Тұжырымдамалық модельдегі тұлғалық-нәтижелік деңгей болашақ маманның кәсіптік құзіреттілігі мен түйінді құзіреттілігінің қалыптасуында ие болатын ерекшеліктері мен тұлғалық сапаларының кәсіби бірлестігі тұрғысынан білім берудің нәтижесін субъективті бейнелейді.

Қорыта айтқанда, жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіру барысында жасалуға тиісті Қазақстан Республикасындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығындағы дуальділік моделіне Германияның инженерлік-педагогикалық білім берудегі тұжырымдамалық моделін негізге алуға болады. Өйткені, кәсіби білім берудегі дуальді жүйенің қалыптасқан тұжырымдамалық моделі кәсіптік мектеп пен өндірістің өзараәрекеттестігін реттейтін, заңдастыратын өкілетті органдардың бірлестігінде болашақ маман даярлығының аксиологиялық, онтологиялық технологиялық компоненттерін қамтамасыздандырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан, 2012. – №97 (28456). – 10 шілде. – 6-7 б.

2 Постановление Правительства Республики Казахстан от 15.10.2014 г. №1093 «Об утверждении Дорожной карты дуальной системы образования.

3 Абдиганбарова У.М. Совершенствование подготовки педагогических кадров в республике Казахстан на основе дуально-ориентированного подхода. – 1 Республиканская конференция ученых и учителей «Интеграция деятельности школы-колледж-вуза в условиях дуально-ориентированного образования». – Алматы, 12-13 мая, 2016. – С.5-7.

4 Штратман К.В. Немецкая система профессионального образования и ее обучающий персонал // Понятийный аппарат педагогики и образования / Отв. ред. Е.В. Ткаченко; Урал. гос. пед. ун-т; Урал. гос. проф.-пед. ун-т. – Екатеринбург, 1995. – Вып. 1. – С.145-153.

МРНТИ: 15.31.31

А.А. Акимбаев¹

*¹магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан*

ЖЕТКІНШЕКТІК ШАҚТЫҢ ПСИХОӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кездегі заманауи қоғамда жеткіншектік шақтың психоәлеуметтік ерекшеліктерінің теориялық негіздерін талдау мәселесі қарастырылған. Авторлар тарапынан жеткіншек тұлғасының жеке-дара дамуы мен қалыптасуы мен әлеуметтік ортадағы орыны талданған. Бұл мақалада ғұлама шетел ғалымдардың жеткіншектік кезеңге қатысты психологиядағы біршама ғылыми тұжырымдамалары мен жалпы теориялары қарастырылған. Заманауи қоғамда жасөспірімдік дағдарысқа әсер етуші сыртқы және ішкі факторлардың мазмұндық мағынасы ашылған. Мақалада жеткіншектік кезеңге ғана тән негізгі психоәлеуметтік және психофизиологиялық ерекшеліктері талданып, оның өскелең ағзаға, жалпы жеткіншектердің дамуына және қоршаған ортамен, айналадағы ересек адамдармен және құрдастарымен жағымды әрі тиімді өзара қарым-қатынас жасауға тигізетін ықпалы сипатталған.

Түйін сөздер: жеткіншектік шақ, жеткіншек, психоәлеуметтік ерекшеліктер, жасөспірімдік дағдарыс, пубертат, эмоция, мінез-құлық.

Акимбаев А.А.¹

*¹магистр, старший преподаватель Южно-Казахстанского
государственного университета имени М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан*

ПСИХОСОЦИАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В данной статье освещаются проблемы исследования психосоциальных особенностей подросткового периода в современном обществе. В статье рассмотрены индивидуальное развитие и формирование личности подростка в современном обществе. Авторами проанализированы научные взгляды, теории и концепции зарубежных ученых психологов по проблеме развития и формирования личности в подростковом периоде. В данной статье развернуто содержание внешних и внутренних факторов, влияющих на подростковый пубертатный кризис. В статье также представлены основные психосоциальные и психофизиологические особенности развития качеств, свойственные только подростковому возрасту, а также факторы влияющие на развитие и формирование организма, положительное и эффективное взаимоотношение со взрослыми людьми, с ровестниками и с окружающим миром влияющие на формирование личности подростков.

Ключевые слова: подростковый возраст, подростковый кризис, пубертат, подростки, психосоциальные особенности, эмоция, характер.

Akimbaev A.A.¹

¹senior master, lecturer of M.Auezov South Kazakhstan State University,
Shimkent, Kazakhstan

PSYCHOSOCIAL FEATURES OF ADOLESCENT AGE

Abstract

In this article problems of a research of psychosocial features of the teenage period in modern society are covered. In article individual development and formation of the identity of the teenager in modern society are considered. The authors analyzed the scientific views, theories and concepts of foreign scientists, psychologists on the problem of the development and formation of personality in adolescence. This article expands on the content of external and internal factors affecting the adolescent puberty crisis. The article also presents the main psychosocial and psychophysiological characteristics of the development of qualities characteristic only of adolescence, as well as factors affecting the development and formation of the body, positive and effective relationship with the outside world affecting personality of adolescents.

Keywords: adolescence, adolescent crisis, puberty, adolescents, psychosocial and psychophysiological features, emotion, character.

Қазіргі таңда жеткіншектердің жеке-дара дамуы мен қалыптасуы бірінші кезекте белсенді өзара әрекет, яғни қоршаған ортамен қарым-қатынас нәтижесінің арқасында болады. Жас есейе келе адам психологиялық дамуында әлеуметтік фактордың әсері күшейе түседі.

К.Левиннің пайымдауынша, өтпелі кезеңдегі ең маңызды үрдіс тұлғаның өмірлік әлемінің кеңейуі, қарым-қатынас жасайтын ортасы, өзі үйренген топқа және айналадағы адамдарға қатысты [1].

Осы орайда, Д.Бамберамның көзқарасы бойынша, жалпы “Био” және социогенетикалық тұрғыда жасөспірімдерді ең басты психикалық факторлар әсерінен дамуын қарастырады, яғни Д.Бамберам психогенетиканы терең зерттеген; ең алдымен психикалық даму үрдісін алдына қояды, бұдан үш ағымды бөліп көрсетуге болады [2].

1) Эмоция мен мінез-құлық, жүріс-тұрыс туралы психодинамикалық тұжырымдама.

2) Интеллектуалдық және танымдық қабілеттеріне байланысты – “когнитивті” яғни танымдық немесе “когнитивті-генетикалық” болып бөлінеді.

3) Тұлғаның біртұтастай дамуына “персонологиялық” – яғни персоналды деп соңында бөлінеді.

Жеткіншектік шақтың психоәлеуметтік ерекшеліктерінің байқалатын кезі, «жасөспірімдік комплекс» деп аталады, қалыптасқан тәртіптің бұзылуы «пубертаттық дағдарыс» [3]. Жеткіншектер қауіп-қатерімен ерекшеленеді, ой қабілетінің дамуы бойынша өзінің қатарлас жастардың арасында озық жүретін, сондай-ақ мидың ақ заты (подкорка), қосымша бұтақтың жүйке торшаларынан пайда болуы, оларда толық жетіліп қалыптасқан құрылымында, сонымен мидың ерте жетілгені агрессиялық мінез-құлықтың пайда болуына әкеп соғады.

Жеткіншектер тобы гомоәлеуметтік және гетероәлеуметтік сияқты екі топқа бөлінеді [4]; гомоәлеуметтік топ – өзіндік ерекше құрамымен және тұрақты көшбасшысымен ерекшеленеді, әр топ

мүшесінің қатаң бекітілген рөлі бар және топ ішіндегі бағыныш сатыдағы орны айқын анықталған. Бұл топтарда «басшының тапсырмасын орындайтын» болады, ол әдетте ақыл-парасаты төмен, білекті жасөспірім, оның күшімен көшбасшы топты бағынышты етеді; «көшбасшыға қарсылық білдіретін» (немесе антилидер) болады, ол көшбасшы рөліне көз тіккен жасөспірім және барлығын бағындыратын болады. Осындай топтың өз мекені болады және соны замандастарынан құралған басқа топтарын басып енуінен қорғап, өмірлері өтеді. Топ құрамы негізі тұрақты, жаңа мүшені қабылдау ерекше сынақпен және салт жораларымен өтеді. Көшбасшының келісімінсіз топқа ену мүмкін емес, себебі сол жаңа келген топ мүшесін өзіне қарсылық білдіретін мықты мүше ретінде қауіптілігін бағалайды. Топ ішіндегі бейнешілік (символизм) бейімділігі байқалады – шартты белгілер, өз «тілдері», өз лақап аттары, өз әдет-ғұрыптары, мысалы, «қанмен бауырласу».

Келесі жеткіншектер тобы – гетероэлеуметтік рольдердің айқын анықталмағандығымен, тұрақты көшбасшы жоқтығымен, топтың қазіргі сәтте немен айналысуына байланысты, оның міндетін топтың әр түрлі мүшелері орындайды. Топтың құрамы түрлі жынысты және тұрақсыз – біреуі келіп, біреуі кетеді. Бұл топ өмірі реттелмеген, топқа енудің қандайда бір қатан талаптары жоқ.

Топтасудың кертартпалығымен белгілі деректер түсіндіріледі, мысалы, жасөспірімдер арасындағы орын алатын қылмыстардың көбі топпен жасалады. Әдетте, замандастар тобында ішімдік ішу және басқа уландырғыш заттарды, есірткіні татып білу орын алады. Ішімдікке және де басқа уландырғыш заттарға психикалық тәуелденуінің қалыптасуы «топтық тәуелдену» кезеңінен өтеді – мысалы, ішімдікке құштарлық тек жасөспірімдер «өз» тобына түскенде ғана пайда болады [5].

Қазіргі батыс психологиялық әдебиеттерде кең тараған зерттеулер Э.Эриксонның «дағдарыстың бірегейлігі» тұжырымдамасында жеткіншектердің ең басты ерекшеліктері ретінде кең өріс алды [6]. Өзін тұлға және жеке адам ретінде анықтау «бірегейлікте» табылады. «Бірегейліктің» қалыптасуы психоаналитикалық тұрғыдан «балалық тұжырымдамасының» нәтижесі ретінде қарастырылады, және жаңа «ересектік мен» синтезінің қажеттілігі, «асқын - мен» құрылуы. Бірегейліктің өзіне, өзін-өзі тану үрдісіне үлкен өзіндік мәні бар мағына беріледі. Дәл осы үрдіс, қоршаған ортаның факторы емес, дәл осы үрдіс барлық қиындықтың түп нұсқасы және жеткіншектердің тәртібінің бұзылуы қарастырылады.

Осы орайда, Л.С. Выготскийдің ой-пікірі [7] бойынша жас жеткіншектік шаққа қатысты психологияда біршама жалпы теориялар қарастырылған. Кең түрде жасөспірім кезеңін 3 негізгі тұрғыда қарастыруға болады:

1) Биогенетикалық-биологиялық үрдіс негізінде және дамудың басқа да үрдістермен қарастырылады.

2) Социогенетикалық – тұлғаның өмір барысында алдына қойған мақсаты мен әлеуметтік үрдістеріне басты зейін аударуын қажет етеді.

3) Психогенетикалық – өзіндік даму негізіндегі психикалық үрдістердің қызметтерін негіздеу.

Биогенетикалық тұрғыға қарама-қайшы социогенетика. Ол жасөспірімнің құрылымын өздерін қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы анықталады.

Социогенетикалық тұрғыда неміс психологы К.Левин теориясын айта кеткен жөн. Адамның мінез-құлық, жүріс-тұрыс қызметінің бір жағы тұлға екінші жағынан оны қоршаған орта, дегенмен тұлға қасиеті мен қоршаған орта өзара өте тығыз байланысты.

Атақты американдық психолог А.Гезеллдің тұжырымдамасындағы “өсу мен даму” синонимі, мінез-құлық, жүріс-тұрысы қабілеті интеграциясы мен дифференциациясы мағынасын білдіреді. Бұл дегеніміз қандай да болмасын жеке тұлғаны мәдениетке оқыту мен үйрету, оның жетілуінде ешбір орын ауыстыра алмайды деп санайды [8].

Жеткіншектерде қарым-қатынас пен достыққа деген қажеттілік жоғары болады, олар қажетсіз болып қалудан қорқады. Олар «ұнамай қаламын» деген қорқынышқа байланысты қарым-қатынастан қашады. Осыған байланысты көптеген жасөспірімдерде құрдастармен, ересектермен байланыс орнату қиын. Осы үрдіс жеңіл өту үшін оларға көрсету керек және өзіне сенімсіз жасөспірімдерге жағымды баға мен орынды кеңес беру керек. Жеткіншектер эмоционалдылықпен ерекшеленетіндіктен, олар кез-келген мәселені шеше алатындай сезінеді. Бірақ іске келгенде бұлай болып шықпайды, себебі олар өздерінің әлдерін тепе-тең бағалай алмайды, өздерінің қауіпсіздіктері туралы ойланбайды.

Осы жаста достарының ықпалында болу жоғарылайды. Өздерінің жеке пікірлері жоқ және дербес шешім қабылдау дағдылары қалыптаспаған жеткіншектер психологиялық және физикалық күшті өзге

балалармен заңға қайшы әрекеттерге барады. Жеткіншектік шақта күйзеліске деген төзімділік пен шыдамдылық төмен деңгейде болады. Олар ойланбай жағымсыз қылықтар мен іс-әрекеттер жасауы мүмкін. Осы жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерге байланысты ересектер жасөспірімдермен ересек адамдар секілді теңдей қарым-қатынасқа түсе отырып, бірақ олардың әлі де көмек пен қолдауды қажет ететін балалар екенін естен шығармау керек. Жасөспірімдік дағдарыс олардың қоршаған ортамен өзара әрекетінің өзгеріске ұшырауымен ерекшеленеді. Олар өзіне және ересектерге жоғарғы талаптар қоя бастайды, өздеріне бала ретінде қарауға қарсы шығады [9].

Осы кезеңде балалардың мінез-құлықтары түбегейлі өзгереді: олардың көпшілігі дөрекі, басқаруға келмейтін бола бастайды, барлығын ересектерге қарсы істейді, оларға бағынбайды, ескертулерді елемейді немесе тұйық болып қалады. Егер ересектер баланың қажеттіліктеріне түсіністікпен қарап, бірінші жағымсыз көріністерден-ақ балалармен қатынастарын қайта құрса, онда осы ауыспалы кезең екі жаққа да жеңіл өтер еді. Ал енді керісінше, жасөспірімдік дағдарыс өте қарқынды өтеді. Оған сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді.

Ересектердің бақылау жасауы, тәуелділік пен қамқорлық ішкі факторларға жатқызылады. Жасөспірім өзін дербес шешім қабылдауға қабілеттімін деп санап олардан құтылуға тырысады. Жеткіншек қиын жағдайда қалады: бір жағынан ол ересек бола бастаса, екінші жағынан, оның психологиясы мен әрекеттерінде балалық ерекшеліктер сақталып қалған – ол өзінің міндеттеріне немқұрайдылықпен қарайды, жауапты және өз еркімен әрекет ете бастайды. Осылардың барлығы ересектердің оларды өздеріне тең етіп қабылдауларына мүмкіндік бермейді.

Дегенмен де ересектер оған деген қарым-қатынастарын өзгерту керек, олай болмаған жағдайда жасөспірім тарапынан қарсылық пайда болып, ол тұлға аралық кикілжіңдерге, одан кейін тұлғалық дамудың тежелуіне ұласуы мүмкін. Осындай мәселелерден аулақ болу үшін ересектер жасөспірімдермен сенімді, сыйлы, достық қарым-қатынас құрулары керек.

Ішкі факторлар жеткіншектердің тұлғалық дамуларын бейнелейді. Әдеттері мен мінез-құлық сипаттары өзгереді. Тұлғалық жағына өзін дамытуға деген талпыныс пайда болады, ол өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету арқылы жүзеге асады. Жасөспірім өзінің жеке-дара физикалық және тұлғалық кемшіліктеріне сыни көзбен қарайды [10].

Осы кезде ағзаның өсуі қарқынды түрде жүзеге аса бастайды. Оның салдарынан мінез-құлықта өзгерістер пайда болады: жас жеткіншек тез ашуланады, өз әлсіздігі үшін кінәлайды, алайда, мұндай өзгерістер ішкі күйзеліске әкеп соғады. Жеткіншек үшін шек қойылғандардың барлығы қызықты болып көрінеді. Олардың көпшілігі осы кезде ішімдік ішіп, есірткіні пайдаланып көреді, шылым шеге бастайды. Осы жас кезеңде рухани жағына өсіп, психикалық мәртебесі өзгереді.

Сонымен жеткіншектік шақ – жыныстық даму және психологиялық есеюдің күрделі кезеңі. Жеткіншектік кезеңді зерттеушілердің бір қатары олардың психикалық ерекшеліктерін биологиялық пісіп-жетілу арқылы түсіндіреді. Олардың бірі – К.Бюлер. Жас дамуының басты факторы деп, ол өзкелең ағзаның жыныстық пісіп-жетілуін айтқан, яғни мұндай пісіп-жетілу үрдісі психикалық құбылыстардың пайда болуымен ерекшеленеді, – деп, яғни пубертаттық дағдарыс құбылысын келесідей сипаттайды [11]:

- ▶ Жоғары сезімталдықпен;
- ▶ Дене немесе жанының мүшкілдігімен;
- ▶ Өзіне және әлемге қанағаттанбаушылығы;
- ▶ Әлемге жаушылықпен қарауы;
- ▶ Тыңдамау, «тыйым салған» нәрселермен айналысуы;
- ▶ Пассивті меланхолия және агрессивті өзін-өзі қорғануы;
- ▶ Жұмыс икемділігінің жалпы төмендеуі.

Осы кезеңнің басты мазмұны – балалық шақтан ересек өмірге ауысу болады. Бозбала теңдік құлыққа бағытталады. Ол өзін сыйлағанды, ересектермен теңескенді мақсат етеді. Психоәлеуметтік сипаттамалары: тыйымдарға қарсылық көрсету, өз мүмкіндіктерін асыра бағалау, спортқа қызығушылық, қызығушылықтардың тұрақсыздығы және т.б.

Сонымен жеткіншектік шақта адам өзінің өмір сүруіндегі мәнділікті іздейді, өзінің біртұтас-тылығын игеруге талпынады, басқалар арасында өз орнын табуға тырысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Авдулова Т.П. Психология подросткового возраста. – М.: Academia, 2014. – 240 с.
- 2 Куртичев В.И. Физиология и гигиена подростка. – М.: Академия, 2008. – 208 с.

- 3 Сиротюк А.Л. Психофизиологические основы обучения школьников. – М.: Сфера, 2007. – 224 с.
- 4 Белопольская Н.Л., Иванова С.Р., Свистунова Е.В., Шафирова Е.М. Самосознание проблемных подростков. – М.: Институт психологии РАН, 2007. – 336 с.
- 5 Пежемская Ю. Социально-психологические аспекты реабилитации подростков группы риска. – М.: LAP, 2011. – 164 с.
- 6 Питер Б. Психопсихология подросткового возраста. – М.: Институт общегуманитарных исследований, 2010. – 272 с.
- 7 Переходный возраст. – М.: Красико-Принт, 2003. – 128 с.
- 8 Кошель А., Истратова О. Отношения со сверстниками старших подростков. – М., 2012. – 240 с.
- 9 Соловьева А.В. Психологическая защита в подростковом возрасте. Сущность, содержание, причины. – М.: Наука, Флинта, 2013. – 184 с.
- 10 Толстых Н.Н., Прихожан А.М. Психология подросткового возраста. Учебник. – М.: Юрайт, 2016. – 408 с.
- 11 Реан А.А. Психология подростка. – М.: Прайм-Еврознак, 2008. – 512 с.

МРНТИ 15.21.45

Г.С. Нүсіпқожа¹, Қ.Б. Жарықбаев²

¹«Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының магистранты,
ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

²«Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының профессоры,
ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

**ПРОФЕССОР М.М. МҰҚАНОВ (1920-1985) АКАДЕМИК
А.Р. ЛУРИЯНЫҢ (1902-1977) МӘДЕНИ-ТАРИХИ ТЕОРИЯСЫ ТУРАЛЫ**

Аңдатпа

Бұл мақалада Дүниежүзілік психология ғылымының аса көрнекті өкілі Александр Команович Лурияның ғылыми мұрасын қазақ жұртшылығына таныстырған М.М. Мұқановтың жүргізген зерттеудің нәтижесі көрсетіледі. Дүниежүзілік психология ғылымының аса көрнекті өкілі Александр Команович Лурияның ғылыми мұрасымен қазақ жұртшылығын таныстырған М.М. Мұқанов еді. Аты барша ғылыми әлемге аян Л.С. Выготскийдің (1896-1934) ізбасары, КСРО-дағы нейропсихологияның негізін салушы ғалым 1930 жылдың басында өздері негізін қалаған тарихи-мәдени теорияның адамзат өмірінен қалайша көрініс беретінін байқау мақсатында Өзбекстан мен Қырғызстан дихандары арасына барып эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізген еді. Төменде осы зерттеудің нәтижелері туралы М.М. Мұқановтың шағын мақаласын беріп отырмыз.

Түйін сөздер: психологиялық зерттеулер, ойлау, ақыл-ой, нейропсихология, тарихи-теориялық, байқау, эксперименттік зерттеулер.

Нүсіпқожа Г.С.¹, Жарықбаев Қ.Б.²

¹магистрант кафедры «Общей и прикладной психологии»,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби

²докт. психол. наук кафедры «Общей и прикладной психологии»,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби

**ПРОФЕССОР М.М. МУКАНОВ (1920-1985) О КУЛЬТУРО-ИСТОРИЧЕСКИЙ
ТЕОРИИ АКАДЕМИКА А.Р. ЛУРИИ (1920-1977)**

Аннотация

В данной статье обобщены результаты исследования М.М. Муканова, который представил казахстанской публике научное наследие выдающегося представителя мировых психологических наук Александра Комановича Лурия. Самым выдающимся представителем мировой психологической науки Александром Комановичем был М.М. Муканов, который подарил казахстанской публике научное наследие Лурии. Экспериментальные исследования на собаках Узбекистана и Кыргызстана с целью наблюдения за тем, как историко-теоретические основы 30-х годов, как последователь нейропсихологии СССР, были преемниками Л.С. Выготского (1896-1934) работал. Ниже мы представляем небольшую статью М.М. Муканова о результатах этого исследования.

Ключевые слова: психологическое исследование, мышление, рассудок, нейропсихология, историко-теоретический, наблюдение, экспериментальные исследования.

Nussipkozha G.S.¹, Zharykbaev K.B.²

¹master`s student of the Department of General and applied psychology,
Kazakh national University named after al-Farabi, gulzhanat04.95@mail.ru

²doctor of psychological Science Department of General and applied psychology,
Kazakh national University named after al-Farabi

**PROFESSOR M.M. MUKANOV (1920-1985) ON THE CULTURAL AND
HISTORICAL THEORY OF ACADEMICUS A.R. LURII (1920-1977)**

Abstract

This article summarizes the results of a study by M.M. Mukanov, who presented the scientific heritage of the prominent representative of the world psychological sciences Alexander Komanovich Luriy to the Kazakhstani public. The most prominent representative of the world psychological science, Alexander Komanovich, was M.M. Mukanov, who presented the scientific heritage of Luria to the Kazakh public. Experimental studies on dogs of Uzbekistan and Kyrgyzstan in order to observe how the historical and theoretical foundations of the 30s, as a follower of the neuropsychology of the USSR, were the successors of L.S. Vygotsky (1896-1934) worked. Below we present a short article by M.M. Mukanov on the results of this study.

Keywords: psychological research, thinking, reason, neuropsychology, historical and theoretical, observation, experimental research.

Адамның ой-өрісінің дамуында топтастыру амалы, яғни жеке заттарда тиісті ұғымға жатқызу ерекше орын алады. Топтастыру деп белгілі заттарды бірнеше топқа жатқызып, оны бөлшектеуді айтады. Адамды қоршаған нәрселердің бәрін де біз белгілі топтарға бөлі қараймыз. Мысалы, қайың, қарағай, жиде және тағы басқаларын бір топқа жатқызып, оларға «ағаш» деген ат береміз. Ой-өрістің дұрыс жұмыс істеуінде жеке заттарды осындай белгілі тәртіпке келтіру өте қажет. Өйткені, біздің ой-

өрісіміз белгілі жүйемен дамып отырмаса, онда алға қойған мақсаттың бірде-біріне қол жетпеген болар еді. Енді жеке заттарды белгілі ұғымдарға жатқызу мәселесін қарастырайық [1, 2].

Жеке заттарды тиісті ұғымға бейімдеу ісін психология ғылымы тұрғысынан тұңғыш зерттеп, дәлелдеген француз психологы Н.Ах болды. Ол өзінің зерттеу жұмыстарда адамдардың жеке заттарды белгілі топқа жатқызып, олардың бәріне бірдей ортақ ат беріп отырғаны ерекше мәнді деп есептеді. Осы әдісті Ахтан кейін невролог К.Гольдштейн, психолог Л.С. Выготский және басқалары өз зерттеулерінде қолданды [3].

А.Р. Лурия басқарған совет психологтарының тобы 30-жылдары өзбек пен қырғыздардың ой-өрісіне зерттеу жүргізгенде жеке заттарды ұғымдарға балау амалын кеңінен қолданды. Бұл амал адамның зейінін зерттеуде негізгі тәсілдің бірі деп саналды. Психологиялық экспериментке қатысуға тиісті адамдар ауылдық жерде, жеке қыстақтарда тұратын еді. Ондай адамдардың көпшілігі сауатсыз кісілер болатын. Бұл зерттеулердің негізгі мақсаты Леви-Брюльдің артта қалған тайпалардың ой-өрісі, ақылы таяз, тар келеді дейтін тұжырымды тексеруге арналды. Осы зерттеуде психологтар әрбір заттың сурет бөлек қағазға салып, сол карточкаларды зерттеуге қатысатын кісілерге көрсетіп, оларға әр түрлі тапсырма береді. Сол карточкаларда балта, ара, күрек және бір ағаштың суреттерді сынаушыларға үлестіріп «Осы заттардың бір-біріне ұқсайтындарын бір бөлек, ұқсамайтындарын бір бөлек жинаңдар» деген нұсқау беріледі. Зерттеуге қатысушылар күректі, балғаны бір жерге, ара мен ағаш суреттерін бөлек қояды. Кейін олардан не себепті ағашты, араны бір бөлек, күрек пен балғаны бір бөлек қойдыңдар деп сұрағанда, олар: «Арамен ағашты кесіп, осыдан бірдене жасауға болады, бұған күректің қатысы жоқ, сондықтан да күректі, балғаны бөлек қойдық» дейді.

Ғалымдар зерттеліп отырған адамдардан мұндай жауапты күтпеген еді. Олар тәжірибеге қатысқандар балтаның, араның, күректің суретін бөлек қойып, соларды бір сөзбен «құрал» деп атайтын шығар деп күтіпті. Ал ағаш құралға жатпайтын болғандықтан, оны бөлек қояр деп ойлаған болатын.

Сынаушылардың жауабын тексеру мақсатында бірде оларға тақия, көйлек, етік және тышқан суреттерін көрсетеді де: «Осылардың ұқсастарын бір жерге қойыңдар, ұқсас келмейтіндерін бөлек қойыңдар», дейді. Бұл жолы да сынаушылар тапсырманы дұрыс орындай алмайды, олар тышқанның етіктің суретін бірге қойып, көйлектің, тақияның суреттерін бөлек қояды. Неге бұлай дегенде олар: «Тышқан кейде етікті өзінің інімі екен деп соның ішіне тығылып жатады, ал көйлек пен тақия күн өткізбейді», – деп түсіндіріпті.

Бұл жауапқа қанағаттанбаған зерттеушілер әлгі адамдардан қайткенде де дұрыс жауап алуға әрекет жасайды.

Олар тағы да қосымша сұрақ береді: «Менің бір танысым тақияның, көйлектің, етіктің суреттерін бірге қойып, тышқанның суретін бөлек қойды және сол үшін затты бір сөзбен «киім» деп атады, осыған қалай қарайсыздар?» – дейді. «Бұл кісі дұрыс жасамаған: тышқанның дос болатыны рас, көйлек пен тақия адамға күн тигізбейді», – депті. Сол кезде: «Етік те адамға күн, не салқын тигізбейді ғой» дегенде: «Осылай деу дұрыс, бірақ етіктің ішінен талай рет тышқанды ұстап алғанымыз бар, сондықтан оларды бірге қойған жөн», – деп зерттеушіге бой бермейді. Зерттеуші енді не істерін білмей, сол адамдарға үш доңғалақтың бөлек-бөлек суреттерін және тістеуіктің суретін көрсетіп, «Бұлардың ұқсастарын бірге қой да, ұқсас емесін бөлек қой», – дейді. Сонда әлгі кісілер тістеуік пен бір доңғалақтың суретін бірге қояды да, екі доңғалақтың суретін бөлек қояды. Кейін олардан неге бұлай еттіңдер деп сұрағанда, олар: «Тістеуік пен доңғалақтың темірлерін бұрап өңдеуге болады, сондықтан екеуін бірге қойдық», – дейді. «Зерттеуші мына заттардың ұқсастарын бір бөлек, ұқсас емесін бір бөлек қойыңдар», – деген едім ғой дейді [2]. Бірақ бұған құлақ аспай, өздерінің бұрынғы жауаптарын қайталап, доңғалақ пен тістеуікті бірге қоя беріпті. Зерттеушілер берілген тапсырманы түсіне алмады деген оймен енді өзге карточкалар ұсынады. Онда стакан, шөлмек, кастрюль және көзілдіріктің суреттері болады. Зерттеушінің ойынша, сол адамдар көзілдірік ыдысқа жатпайтын болғандықтан оны бөлек қояды да, ал қалғандарын бірге қояр деп үміттенеді. Бірақ зерттеушінің бұл тапсырмасы да ойдағыдай орындалмайды. Олар көзілдірікті стаканмен бірге қойып, «Бұлардың екеуі де әйнектен жасалынған», – депті. Тіпті болмаған сөз зерттеушілер эксперимент мазмұнын мынадай етіп өзгертеді: сынаушыларға бір ұғымға жататын үш заттың (балтаның, күректің, шоттың) суреттерін береді де, «құрал» ұғымына жататын заттарды мына топтағы заттардан (ара, шөп сабағы, ағаш) бөлек алып қойыңдар дейді. Сонда тәжірибеге қатысушылар соңғы топтың ішінен тек ағашты алып, бірінші топқа (балта, шот, күрек) қосады да, қалғандарына тимейді. Себебін сұрағанда, бұрынғыдай: «Ағаштан балтамен бірдеме жасауға болады, ал қалғандарын қосудың қажеті жоқ», – дейді. Зерттеуші бұлар сұрақ мәнісін түсінбеді-ау деген оймен ағаштың, гүлдің, сабақтың суреттері

бар карточкаларды ұсынып: «Осы топқа раушан гүлінің, құстың суреттері бар карточкалардың ішінен ұқсас біреуін алып қосыңдар», – дейді. Сонда олар соңғы топтан бірінші топқа құстың суретін қосады. Ал зерттеуші соңғы карточкалардан гүлдің суретін алып қосар деп күткен еді. Өйткені гүл, бірінші топтағы заттар сияқты, «өсімдік» деген ұғымға жатады ғой. Кейін осы сияқты тәжірибелерді бірнеше рет өзгертіп қайталағанмен, зерттеушілердің өздері күткендей нәтиже шықпайды [4].

Бұдан кейін де зерттеуге қатысушы адамдарды зерттеуші оларды дұрыс жауапқа жетелеу үшін оларға жорта былай дейді: «Менің бір досым ара, орақ пен балта сияқты, құрал», сондықтан араны балта мен ораққа қостым», – деді. «Сіздер осыған қосыласыздар ма?» дегенде, олар: «Біз сіздің досыңызға қосыла алмаймыз. Себебі, араның орақ пен балтаға ешқандай қатысы жоқ. Ағаштың тек балтаға ғана қатысы бар, балтамен ағашты шабуға болады», – дейді. Тәжірибеге қатысқан адамдардан дұрыс жауап алалмаған зерттеуші мұндай сәтсіздікті іріктеген мысалдарының түсініксіздігінен деп ойлайды. Енді оларға басқа тапсырмалар береді: «Жылқы мен қойдың суреттеріне мына топтан (түйе, үй, шелек) бір ұқсас суретті қос», – дейді. Тұрғындар зерттеуші осы адамдар көбінесе мал бағумен айналысатын болғандықтан, сол топқа түйені қосар деп үміттенеді. Бірақ сынаушылар жылқы мен қойдың тобына шелекті қосқан. Өйткені «шелекпен жылқы мен қойды суаруға болады» депті. А.Р. Лурия және жетекшілік еткен экспедиция мүшелері жеке заттарды тиісті ұғымға жатқыза алмауы олардың сауатсыздығынан шығар деп ойлайды. Енді зерттеуге шала сауатты және сауатты кісілерді қатыстырады. Әуелі шала сауатты адамдармен ілгеріде көрсетілген тәжірибелерді қайталайды. Бұлардың көпшілігі сол тапсырмаларды жөндеп орындай алмаса да, бірқатары азды-көпті дұрыс жауап берді. Ал енді сауаты барларға келсек, бұлар сол кездерде (1923-1933 жж.) бірнеше айлық қысқа курстарды бітірген, хат танитын, ойларын жүйелі түрде жеткізе алатындай дәрежеде адамдар еді. Олардың бәрі дерлік ілгеріде аталған тапсырмаларды ойдағыдай орындап шыққан. Ал А.Р. Лурия өзінің соңғы жылдары шыққан еңбектерінде сауатсыз адамдардың жеке заттарды ұғымға жатқызу тапсырмаларын орындай алмау себебі олардың сауатсыз болуынан және тарихи дамудың жоғары сатысына әлі де жете алмағандығынан деп түсінген еді. Ол кезең Орта Азия халықтарының езуші таптың құтылып, жаңа өмірге бет бұрған кезі еді. Жұрттың көбісі сауатсыз болатын. Осыған орай автор жеке заттарды белгілі жүйемен топқа бөлу, не белгілі ұғымға жатқызу адамдарда туа пайда болмайды, ол үнемі өзгеріп тұратын қоғамдық дамудың жемісі деп түсіндірген болатын. Шындығында да, заттарды ұғымға жатқызу әрекеті, адамның ой-өрісінің өсуі – тарихи дамудың жемісі екендігі хақ [5, 6].

Зерттеу арқылы анықталған адамдардың ұғым жасауға байланысты ой-парасат деңгейін А.Р. Лурия мынадай екі түрге бөледі: біріншіден, адамдардың ойлау кезінде жеке заттарды топтарға бөліп, жалпы ұғымға, абстракты ойға сүйеніп мәселелерді шеше алуы. Ұғымдардың тереңдік жағынан ғылыми және қарапайым түрлері де бар. Бұлжерде әңгіме сауатын жаңа ғана ашқан адамдар жөнінде болып отыр. Олардың ұғымы қарапайым. Екіншіден, ой-өрісі жалпы ұғымдарға негізделген адамдар (бұларға сауатсыздар жатады). Демек, ойды соңғы түрінде одан нақты ұғымға көшу, нақтыдан абстракциялауға көшу кездеспейді. Мұндай ой-өріс деңгейі нақты жағдайға, әлеуметтік ортаға тәуелді келеді. Нақты жағдай дегеніміз – белгіленген адамдардың абстракциялауға бара алмауы, өзінің айтайын дегендерін тек көрнекі жағдайға сүйеніп түсіндіргісі келуі [7, 8]. А.Р. Лурия мен оның серіктерінің болжамдары бойынша, сауаттылар мен шала сауаттылар ой-өрісінің дамуындағы осындай дәреже ілгеріде атап кеткен мәдени-тарихи теорияға негізделген еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұқанов М. Ақыл ой өрісі. – Алматы, 1980.
- 2 Мұқанов М. Исследование когнитивной традиционной культуры // Исследование речи-мысли и рефлексии ("Психология", выпуск 10). – Алма-Ата, 1979.
- 3 Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы, 1996.
- 4 Методология и методы психолого-педагогических исследований: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 320 с.
- 5 Таубаева Ш. Методология и методика педагогического исследования. Учебник. – Алматы, 2011. – 141 с.
- 6 Борытко Н.М. Методология и методы психолого-педагогических исследований: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 320 с.
- 7 Волков Б.С., Волкова Н.В., Губанов А.В. Методология и методы психологического исследования. – М.: Академический Проект, 2010. – 382 с.
- 8 Қаңтарбай С.Е. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: оқулық: ҚР Білім және ғылым

министрлігі бекіткен / С.Е. Қаңтарбай, Ж.А. Жүсіпова; ҚР Білім және ғылым министрлігі. – Алматы, 2012. – 272 б.

МРНТИ 15.81.61

Т.Т. Ережепов¹, К.К. Тусубекова²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

ДЕНСАУЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Жастардың денсаулық жағдайы жоғары оқу орындарындағы даму білім беру ортасында білім алушыларда денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру және СӨС моделін енгізу жолында педагогтарға кезігетін күрделі проблема. Бұл мақалада жастардың денсаулық мәдениетін арттыруға, қалыптастыруда бағытталған негізгі орын алатын компоненттеріне тоқталып, сипаттамалар беріледі. Осыған байланысты даму білім беру ортасында денсаулық мәдениетінің негізгі компоненттерін зерттеу маңызды болып табылады. Адамның денсаулығына жекелеген индивидтен мүлдем тәуелсіз бірқатар факторлар көбірек ықпал етуді, ал сонымен бірге дәстүрлі денсаулық сақтау секторының оларға ықпалы болмашы ғана. Денсаулықты нығайту және қорғау – жеке адам үшін салауатты өмір салтын насихаттау мен адамдардың мінез-құлқындағы өзгерістерден, үкіметтер, қауымдасдықтар мен сектор тарапынан қолға алынып отырған адам денсаулығына қауіп төндіретін тәуекел факторларын бақылауға алуға дейінгі әрекеттердің кең шоғырын қамтиды.

Түйін сөздер: даму білім беру ортасы, денсаулық мәдениеті, компонент, санат, салауатты өмір салты, денсаулық сақтау ұйымы, өмір стилі, жоғарғы оқу орны.

Ережепов Т.Т.¹, Тусубекова К.К.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

КУЛЬТУРА ЗДОРОВЬЯ КАК КОМПОНЕНТ РАЗВИВАЮЩЕЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

Аннотация

Формирование культуры здоровья и внедрение здорового образа жизни в образовательную среду является серьезной проблемой, с которой сталкиваются педагоги. В статье описываются ключевые компоненты культуры здоровья, в связи с этим важно их изучение. Необходимы факторы, которые независимы от человека, и традиционный сектор здравоохранения оказывает на них мало влияния. Укрепление и защита здоровья включают широкий спектр мероприятий: от пропаганды здорового образа жизни до индивидуального поведения и изменений в поведении человека, обеспечивает контроль факторов риска, угрожающих здоровью человека со стороны правительств, ассоциаций и др.

Ключевые слова: развивающая образовательная среда, культура здоровья, компонент, категория, здоровый образ жизни, организация здравоохранения, образ жизни, вуз.

Т.Т. Erezhepov¹, К.К. Tussubekova²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan

HEALTH CULTURE AS A COMPONENT OF DEVELOPING EDUCATIONAL ENVIRONMENT

Abstract

Forming a health culture and introducing a healthy lifestyle into the educational environment is a serious problem faced by teachers. The article describes the key components of a health culture, therefore it is important to study them. Factors that are independent of the individual are needed, and the traditional health sector has little impact on them. Strengthening and protection of health include a wide range of activities: from promoting healthy lifestyles to individual behavior and changes in human behavior, provides control of risk factors that threaten human health by governments, associations, etc.

Keywords: developing educational environment, health culture, component, category, healthy lifestyle, organization of health care, lifestyle, university.

Кіріспе. Қазіргі заманғы қоғам жаһандық экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістерге ұшырап жатыр, олар бүкіл әлемде және Қазақстанда, атап айтқанда, білім беру жүйесін реформалау және жаңғыртуды әкеледі. Интернационалдандыру, жаһандану, цифрландыру өз жағдайын тұғызады, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді және әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуді талап етеді. Жыл сайын екі деңгейлі білім беру бағдарламалары кеңейіп, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы дамып келеді.

Студенттердің жоғары оқу орындардың білім беру кеңістігіне табысты бейімделуі көбінесе әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен дамушы білім беру ортасының ішкі факторлары, психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруарқылы айқындалады. Осыған байланысты ҚР ЖОО-да дамыту білім беру ортасында денсаулық мәдениетінің негізгі компоненттерін зерттеу маңызды болып табылады.

Негізгі бөлім. Қазақстан халқының денсаулығы еліміздің экономикалық дамуының, оның мәдени және тарихи мұрасының, әдеттері мен ғұрыптарының аса маңызды факторы болып табылады. «Қоғамдық денсаулық – бұл инволюцияны емес, жаңа экологиялық жағдайлардағы прогрессивті өзгерістер мен эволюцияға кепілдік береді» [1]. Осыған орай, балалар мен жастардың денсаулығын сақтау және нығайту қоғамның бірінші кезектегі әрі маңызды қажеттілігі болып табылады [2; 3; 4; 5; 6].

Денсаулық проблемасы ХХ ғасырдың ортасында – ғылым мен техниканың қарқындап дамуы кезеңінде өткір пайда болды. Қазіргі уақытта әлемдік экономиканың жаһандануы жалғасуда, қызмет көрсету секторы ұлғаюда және ақпараттық-қатынас технологияларының шарықтап дамуы жүріп жатыр. Мұның бәрі жаңа білімдерді, ептіліктер мен амалдарды қажет етеді. Адамның денсаулығына жекелеген индивидтен мүлдем тәуелсіз бірқатар факторлар көбірек ықпал етеді, ал сонымен бірге дәстүрлі денсаулық сақтау секторының оларға ықпалы болмашы ғана. Бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, еңбекті үнемдеуші технологиялар мен ақпараттық-қатынас төңкерістері. Ғалымдар денсаулықтың нашарлауының негізгі себептерін атап көрсетеді. Олар – экологиялық, әлеуметтік, саяси және этномәдениеттанушылық себептер. ДСҰ сарапшылары халықтың денсаулығын сақтау мен нығайту үшін алдын алу шараларының маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Олар денсаулық адамның негізгі құқығы екендігін, және де денсаулықтың анағұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу қоғамның аса маңызды әлеуметтік міндеті (мұны орындау үшін қоғамның барлық әлеуметтік институттары бірлесе күш жұмсаулары тиіс) болып табылатындығын растайды [7; 8; 9]. ДСҰ Жарғысында – «Денсаулықтың қол жеткізуге болатын ең жоғары деңгейіне ие болу, кез-келген адамның нәсіліне, дініне, саяси көзқарастарына, экономикалық және әлеуметтік жағдайына қарамастан олардың құқықтарының бірі болып табылады» делінген [10]. Алайда халықтың денсаулығы, зерттеушілердің пікірі бойынша мінсіз емес. Е.И. Каркищенко атап көрсеткендей, «Медицина ғылымында соңғы жылдары қол жеткен едәуір жетістіктерге қарамастан, жер шары халқының денсаулығына төнетін көптеген қауіптер сақталуда. Бұл аз болғандай, олардың көпшілігі әлеуметтік, кәсіби, экономикалық немесе экологиялық құрамдас бөлікке ие бола отырып, таза медициналық проблема шеңберінен шығып кеткен» [11].

Денсаулықты нығайту және қорғау – жеке адам үшін салауатты өмір салтын насихаттау мен адамдардың мінез-құлқындағы өзгерістерден, үкіметтер, қауымдастықтар мен жеке сектор тарапынан қолға алынып отырған адам денсаулығына қауіп төндіретін тәуекел факторларын бақылауға алуға дейінгі әрекеттердің кең шоғырын қамтиды. ДСҰ халықтың салауатты өмір салтына зейінді денсаулықты насихаттауға, қауымдастықтардың өкілеттігін ұлғайтуға және денсаулыққа бағдар ұстаған бұқаралық ақпарат құралдарының стратегиясын жасауға шоғырландыра отырып өтуді қолдап-қуаттайды. «Денсаулықты нығайту саясаты алуан түрлі, алайда құқықтық реттеуді, фискалды қамтамасыз етуді, салық салу мен ұйымдастыру жағынан өзгерістерді қосқандағы бірін-бірі толықтырып тұратын тәсілдерді қарастырады. Ол сондай-ақ денсаулықтан өзге секторлардағы дұрыс

элеуметтік саясатты құру жолындағы кедергілерді, сондай-ақ осынау кедергілерден өтудің тәсілдерін анықтауды қарастырады. Саяси қайраткерлерге денсаулықтың пайдасына таңдау жасауға жеңіл болу тиіс» [12].

Біздің көзқарасымыз бойынша А.В. Царик адам, денсаулығына қатысты қазіргі заманғы көзқарасты білдіретін анағұрлым дәлме-дәл тұжырымды берген. Оның пікірі бойынша, денсаулық – бұл адамның ағзасында патологиялық ауытқулар болмаған жағдайда, оны өзгеріп отыратын сыртқы ортаның табиғи әсеріне қарсы тұруға жеткілікті толыққанды биоэлеуметтік тіршілікпен, дененің және ақыл-ойдың жұмысқа қабілеттілігімен қамтамасыз ететін психофизиологиялық және рухани жағдай. Адамның денсаулығы – биологиялық, экологиялық және элеуметтік факторлардың күрделі қарым-қатынасының нәтижесі. Бұл факторлардың адам денсаулығы жағдайына түрлі ықпалы болады [13]. Олар, көптеген ғалымдардың пікірінше мыналар: тұқым қуалаушылық – 20%; қоршаған орта – 20%; медициналық көмек деңгейі – 10%; өмір салты – 50%. Ал ДСҰ сарапшыларының пікірі бойынша адам денсаулығы 50-55% өмір салтына тәуелді болса, 20-23% – тұқым қуалаушылыққа, 20-25% – қоршаған орта жағдайына (экологияға) және 8-12% денсаулық сақтауға тәуелді.

Көріп отырғанымыздай, негізгі пайыз (50-55%) «өмір салты» көрсеткішіне тура келеді екен. Егер адамзат тарихына зер салатын болсақ, онда оның тірі қалуында айқындаушы болып табылатын дене белсенділігінің болғандығын атап өткен жөн.

В.И. Белов былай деп атап көрсетеді: «Адам эволюциясында қозғалыссыз ұзақ кезеңдер болмаған. Біздің ата-бабаларымыз бұл жағдайда жер бетінен жойылып кететін еді. Демек, адам ағзасы үнемі денеге түсетін жүктемеге қуаттанып отырған және де қуаттанып отырады. Осы күнге дейін ешкім де гиподинамияға қарсы дәрі ойлап тапқан жоқ. Бұдан шығатын жол біреу: деннің саулығы болуы үшін қозғалу қажет, және де ол тек уақыт болған шақта, кездейсоқ жағдайда ғана емес, ең маңыздысы – ол үнемі, тіпті уақыт жетпей жатқан кезде де бола беруі тиіс. Ұзақ өмір сүретіндердің өмір салтын зерттеу көрсеткендей, олардың денесіне түсетін жүктеме күн сайын, үзіліссіз әрі жыл бойына жалғасып отырады. Осы ретте мынадай заңдылық анықталды: дене шынықтырумен шұғылданудың үздіксіз өтілі қаншама ұзақ болған сайын, ерлерде де, әйелдерде де денсаулық деңгейі соншама жоғары бола бермек» [14].

Қазіргі таңда ғалымдар элеуметтік факторлардың адам денсаулығына ықпалы 60-70%-ды құрайтындығын дәлелдеді. Оқушылар үшін элеуметтік болып табылатыны – ол мынадай ұйымдастыру-педагогикалық факторлар:

- оқытудың қолда бар сыныптық-сабақтық технологиялары;
- мұғалім жұмысының педагогикалық стилі;
- мектептің тіршілік әрекетінің білім беру кеңістігін тиісті дәрежеде ұйымдастыруды және психологиялық қолдаудың сипатын білдіретін салауатты өмір салтына бағытталған тәрбие мақсатын жүзеге асыру;

- қажетті медициналық көмекті көрсету;
- оқытудың санитарлық-гигиеналық шарттары мен өзге де факторлар. Осы аралықта, шынайы білім практикасында ұйымдастыру-педагогикалық шарттардың білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және олардың денсаулық жағдайларына сәйкес келмеуден тұратын қарама-қайшылықтар да бар. Дамыта білім беру теориясының негізін қалаушы Л.С. Выготский «дұрыс ұйымдастырылған білім беру балалардың ақыл-ойының дамуына алып келеді» – деп атап көрсеткен. Ол оқушының салыстырмалы табыстылығы үшін «оның жақындағы даму аймағы немесе басқаша айтқанда материалды мұғалімнің көмегімен өз денсаулығына зиян келтірместен меңгеруі маңызды».

Өз кезегінде қазақстандық ғалымдар жүргізіп отырған ғылыми зерттеулер студент жастардың денсаулығының нашарлап келе жатқандығын көрсетеді. Бұл процесс тұрақты сипатқа және «мектеп-ЖОО» кезеңімен оқытуда денсаулықтың негізгі көрсеткіштерінің төмендеу динамикасына ие болуда. Жоғарыда атап көрсетілгендей, ғалымдардың зерттеуі адам денсаулығы оның өмір салты мен өмір сапасына тікелей тәуелді [15]. Ғалымдардың көпшілігі өмір салтын мынадай төрт категориямен сипаттайды. Олар: өмір сүру деңгейі, өмір сүру салты, стилі және өмір сапасы.

Т.Б. Казаренкова, өмір салты – бұл өмір жағдайларын (табиғи, материалдық, элеуметтік, рухани, адамгершілік, мәдени және т.б.) жүзеге асыруға бағытталған, адамның тіршілік әрекетінің сапалық және сандық жақтарының бірлігі. СӨС бір жағынан өмір салтының формасы (аспектілерінің бірі), екінші жағынан – өмір салтының өзге формалары мен көріністерін жүзеге асырылуы мен дамуына септігін тигізетін шарт болып табылады. Ол өмір салтының мына келесі сипаттамаларын береді:

- өмір сүру деңгейі өмір жағдайының сандық жағын көрсетеді. Оның көрсеткіштері қатарына

ұлттық табыстың көлемі мен тұтыну ақшаларын, халықтың шынайы табыстарының мөлшерін, тұрғын үймен қамтамасыз етілуін, медициналық көмекті және т.б. жатқызады;


- өмір салты – шеңберінде адамдардың тіршілік әрекеті жүріп жататын тәртіп;
- өмір стилі – тіршілік әрекеті, белсенділік көріністерінің бірі ретіндегі мінез-құлықтың дара ерекшеліктері;
- өмір сапасы – тамақтану деңгейінің сапалық жағын, жайлылық деңгейін және т.б. сипаттайды [16].


Денсаулық адам ағзасының қоршаған ортаға сәйкес келетін және оған (адамға) оңтайлы тіршілік әрекетін, сондай-ақ толыққанды еңбек қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық-функционалдық мәліметтерінің үйлесімді жиынтығын қамтамасыз етеді. Денсаулық – бұл тұлғадан және оның бүтіндей дамуынан бөлінбейтін шығармашыл процесс. Егер адамда өзіне деген шығармашыл көзқарас болмаса, онда денсаулыққа қол жеткізудің бүтіндей және үйлесімді жолы болмайды. Адам өз денсаулығын өзі жасаушы екендігі маңызды фактор болып табылады.

Ғалымдардың пайымдауынша қазіргі заманғы рухани мәдениетте денсаулық ұғымы мен оны қалыптастыру жолдарына жаңа интегралды көзқарастың пайда болғандығы байқалады. ДСҰ баяндамасында «Мақсат, қанағаттанарлық денсаулығы бар адамдардың денсаулығын одан сайын жақсарту ғана емес, сол қанағаттанарлық денсаулыққа бәрінің қолын жеткізу болып отыр» – деп атап көрсетілген [17].

Біздің көзқарасымыз бойынша денсаулық пен оны құрайтындардың сипаттамасы психологиялық-педагогикалық сөздік-анықтамада анағұрлым толық берілген: «Денсаулық – 1) адамның өмірлік көріністерінің толыққандығын сипаттайтын ауруға қарсы жағдай; 2) аурудың немесе тәндік кемістіктердің жоқтығы ғана емес, толықтай тәндік, рухани және әлеуметтік игілік; 3) ағзаның қоршаған ортамен байсалды қарым-қатынасымен және қандай да бір аурушандық өзгерістердің жоқтығымен сипатталатын табиғи жағдайы; 4) субъектінің (тұлғаның және әлеуметтік қауымдастықтың) қолайлы тіршілік әрекеті жағдайы, оның әлеуметтік практика саласында жан-жақты және ұзақ мерзімді белсенділігінің алғы шарттары мен жағдайларының болуы; адам мен әлеуметтік қауымдастықтың тіршілік әрекеті жағдайының сапалық-сандық сипаттамасы [18].

«Денсаулық» категориясын толықтай ұғыну және оны жоғары мектеп жағдайында анағұрлым тиімді пайдалану үшін, елеулі компоненттерден, олардың сипаттамаларынан, факторлары мен принциптерінен тұратын схемаға жүгінейік (1 сурет).





Сурет-1. «Денсаулық» категориясын ашып көрсететін схема

Денсаулықты құраушыларды бөліп көрсете отырып, оларға егжей-тегжейлі сипаттама беруге болады:

Тән саулығы ағзаның барлық мүшелері мен жүйелерінің қалыпты қызмет етуімен шарттасып жатқан оның табиғи жағдайын білдіреді. Егер барлық мүшелер мен жүйелер жақсы жұмыс істесе, онда адамның бүкіл ағзасы, өзін-өзі реттеуші жүйе секілді дұрыс жұмыс істейді әрі дамиды.

Жан (психиканың) саулығы, бас миының хал-ахуалына тәуелді. Ол ойлаудың деңгейімен және сапасымен, зейін мен естің дамуымен, эмоциялық тұрақтылық дәрежесімен, ерік сапаларының дамуымен сипатталады. «Психикалық саулық – адам психикасының индивидке өз денсаулығын толыққанды дәрежеде сақтап тұруға мүмкіндік беретін қолайлы жай-күйі» [19].

Әлеуметтік саулық адамның әлеуметтік өмірінің және оның белгілі бір адамзат қоғамында тіршілік етуінің негізі болып табылатын моральдық принциптерге тәуелді. Адамның әлеуметтік денсаулығының ерекше белгілері, жалпы алғанда, еңбекке деген саналы көзқарастың болуы, салауатты өмір салтына қарама-қайшы келетін жағымсыз мінездер мен әдеттерден арылу. Тәні мен жаны сау адам мораль нормаларын сақтауға міндетті; олар оның рухани даму дәрежесін айқындай отырып, адам өмірінің негізі болып табылады.

Рухани саулық адамның биік өнегелілік мұраттарының, ерік жігерінің, отансүйгіштік сезімінің, мәдениет құндылықтарын меңгеруін, өз Отанына деген махаббат сезімінің болуын көздейді. Міне сондықтан адам дара тіршілік иесі болып табылады, денсаулықты да дарашылдық контекстінде қарастырудың мәні бар.

Жеке адамның денсаулығы – ағзаның табиғи жағдайы болып табылады және патологиялық қозғалыстардың, қоршаған ортамен қолайлы байланысты, оның барлық қызметтерінің үйлесімділігін көздейді. Жеке адамның денсаулығы – бұл ағзадағы биохимиялық реакциялар мен физиологиялық процесстердің бірлігі, бұл оның бүкіл жүйесі мен ішкі жүйесінің қолайлы тіршілік әрекеті үшін қажетті жағдайларды жасайды.

Жеке адамның денсаулығы адамның қоршаған сыртқы ортамен өзара әрекеттесуінде байқалады. Сондықтан ғалымдар денсаулықты қалыптастырушы сыртқы (орта) және ішкі факторларды айқындайды. Ғалымдардың пікірі бойынша, сыртқы факторларға экологиялық орта, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, білім беру мекемелері мен отбасындағы психологиялық ахуал жатады. Конституциялық тұқым қуалаушылық сипаттамалармен қатар ішкі факторлардың арасында олар адамның өмірге деген оптимистік көзқарастарын, оның жан тепе-теңдігі, шығармашылық әлеуетті ашуды бөліп көрсетеді. Денсаулықтың сыртқы және ішкі факторларының өзара әрекеттесуі тұтастай алғанда адам өмірінің жеке дара көрінісін сипаттайды, ал адамның бүкіл өмірлік жүйесінің бір тәртіпте болуы оның денсаулығын қауіпсіз деңгейде қамтамасыз етеді.

Адам өмірінің бүкіл сыртқы және ішкі факторларының жиынтығын ескере және үлгісін жасай отырып, оның денсаулығын басқару жүйесін құрудың мүмкіндігі пайда болатындығын атап көрсеткен маңызды. Біз осынау ішкі және сыртқы факторлардың жиынтығын, сондай-ақ жеке дара өмір салтын модельдеу арқылы денсаулық механизмдеріне әсер ете отырып адам денсаулығын модельдеуге болады деп болжадық. Біздің көзқарасымыз бойынша, қалыпты деңгейде денсаулықты қамтамасыз ету барысында адам біздің түсінігімізді бақытты өмір делінетін, өзін-өзі қолайлы түрде жүзеге асырудың шынайы мүмкіндіктеріне ие болады [20].

В.А. Бароненко былай деп атап көрсетеді: «Дені сау әрі рухани жағынан дамыған адам өзінің кәсіби қызметінен ләззат алады, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады, берекелі өмір мен ішкі кемелдіктің жоғары деңгейіне қол жеткізеді» [21].

Ғалымның пікірінше, адамның бүтіндей денсаулығының мынадай құрамдас үш бөлігі болады:

1. Адам ағзасына сыртқы және ішкі ортаның өзгерістеріне ықтимал бейімделуді қамтамасыз ететін, оның (ағзаның) қосалқы мүмкіндіктерінің болуын көздейтін тән саулығы.

2. Зейін, ес, ойлау жағдайымен, эмоциялық-ерік сапаларының ерекшеліктерімен, өзін-өзі реттеу, өзінің ішкі психологиялық ахуалын басқару қабілетімен сипатталатын психоэмоциялық денсаулық.

3. Адамның жалпы адамзаттық және отандық рухани құндылықтарды мойындаудан, басқа көз-қарастарға және өзгенің еңбегіне құрметпен қараудан, дүниеге деген әрекетті қатынастан, белсенді өмірлік көзқарастан байқалатын, адамның сыртқы әлеммен өзара қарым-қатынастарында оның мінез-құлықтарының құндылықтары мен мотивтері жүйесін бейнелейтін әлеуметтік-адамгершілік денсаулық. Біз, денсаулық қоғамның дамуының экономикалық, әлеуметтік, рухани нормаларының аса маңызды көрсеткіші болып табылады және қоғамның, ғылымның, мәдениеттің, білімнің, дене тәрбиесі мен спорттың зияткерлік дамуымен тығыз байланысты деп есептейміз.

Қорытындылай келе көріп тұрғанымыздай, дамыту білім беру ортасындағы денсаулықтың мәнін ұғынуға қатысты анықтамалар мен көзқарастар өте көп. Оларда авторлардың кәсіби қызметі мен олар ұстанатын концептуалды және ғылыми қағидаларға қарай олардың белгілі бір көзқарастары тұжырымдалған.

Денсаулық кез-келген қоғамның тұрақты дамуының маңызды ресурсы болып табылады деп қорытынды жасауға болады, тіпті денсаулық – бұл бүкіл әлемдік қауымдастықтың мәдени және өркениетті дамуының негізі деуге де болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Казначеев В.П. Проблемы человековедения. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1997. – 352 с.

[Электронный ресурс]: URL: https://elibrary.ru/item.asp_id=21382925.

2 Роттенберг Р. Расту здоровым: Детская энциклопедия здоровья. – М.: ФиС, 1993. – 591 с.

3 Физическая культура и здоровье учащейся молодежи: Сборник научных трудов / Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена / Отв.ред. Т.В. Забалуева. – СПб: Образование, 1995. – 131 с.

4 Харитонов В.И. Физическое развитие – основа здоровьесберегающей среды учащихся. – Челябинск: Уральская государственная академия физической культуры, 2000. – 152 с.

5 Tervalon M. Components of culture in health for medical student's education // Acad Med., 2003, Jun, 78(6): 570-6 [Electronic resource]: URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/12805035>.

6 Misa Kayama, Wendy Haight. Disability, Culture, and Development: A Case Study of Japanese Children at School. – New York: Oxford University Press, 2014. – P.92.

7 Честнов О.П. Научное обоснование стратегических направлений международного сотрудничества Российской Федерации с Всемирной организацией здравоохранения: дис. ... канд.мед.наук: 14.00.33. – М., 2007. – 175 с. [Электронный ресурс]: URL: <http://www.dissercat.com/content/nauchnoe-obosnovanie-strategicheskikh-napravlenii-mezhdunarodnogo-sotrudnichestva-rossiiskoi>.

8 Достижение целей тысячелетия в области развития, связанных со здоровьем: доклад о состоянии работы. – ВОЗ. – 23.12.2004. – EB 115/5 [Электронный ресурс]: URL: http://apps.who.int/gb/archive/pdf_files/EB115/B115_5-ru.pdf.

9 Оськина Е.П. Проектирование локальной образовательной среды для физкультурного образования студентов технического вуза: Дис. ... канд.пед.наук: 13.00.08. – Томск, 2003. – 193 с. [Электронный ресурс]: URL: <http://www.dissercat.com/content/proektirovanie-lokalnoi-obrazovatelnoi-sredy-dlya-fizkulturnogo-obrazovaniya-studentov-tekhn#ixzz5X7ocwXCW>.

10 Kaznacheev V.P. Problemy chelovekovedeniya. – М.: Issledovatel'skij centr problem kachestva podgotovki specialistov, 1997. – 352 s.

[Elektronnyj resurs]: URL: https://elibrary.ru/item.asp_id=21382925.

11 Rottenberg R. Rastizdorovym: Detskaya enciklopediya zdorov'ya. – М.: FiS, 1993. – 591 s.

12 Baronenko V.A. Zdorov'e i fizicheskaya kul'tura studenta. – М.: Al'fa-M, 2003. – 352 s.

А.Т. Ақжолова¹

¹филол.г.к., қауымдастырылған профессор,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ЖҰМБАҚ ЖАНРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жұмбақ жанры арқылы бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісін дамытудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері қарастырылған. Ерте кезден бастап баланың ой-өрісін дамыту мәселесі ұлы ойшылдарымызды толғандырып отырған. Оқушының ой-өрісін дамытуға байланысты теориялар көрнекті психолог-педагогтар мен ғалымдар еңбектерінде сараланады. Бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу пәні мазмұнында қарастырылған жұмбақтардың оқушылардың ой-өрісін дамытатын танымдық, тәрбиелік мүмкіншіліктері орасан зор.

Осы тұрғыда психологияда ойлау жаңа мәселені шешу ретінде жиі түсіндіріледі. Бірақ ойлау қызметі жаңаны ашумен шектелмейді; онда меңгерілген білімді іріктеу, бағалау сәті де бар, тек қана шығармашылықты ғана емес, сонымен бірге репродуктивті және конструктивті элементтерден тұрады.

Ойлаудың ішкі мазмұны қоғам дамуымен бірге өзгеріп отырады. Қоғам ілгері дамып, оның ғылымы мен техникасы өскен сайын жаңа ұғымдар пайда болып отырады. Демек, ойлау үдерісі тек адам баласының психикасына тән үдеріс болып табылады. Адам өз ойлауының ақиқаттығын, яғни шындығы мен құдіреттілігін, өмірге жарасымдығын практика жүзінде дәлелдеуге тиіс. Ол үшін әрбір адам әркез өзінің алдына мақсат, міндет қойып, ой үдерісінің бағытын айқындауы тиіс. Сондықтан халық ауыз әдебиетінің бір үлгісі ретінде жұмбақ жанрлары арқылы қоғам дамуы арқылы пайда болған түрлі тақырыптағы жұмбақтар баланың ой-өрісін дамытуға ықпал ететіндігі мақалада айтылады.

Түйін сөздер: ой-өріс, бастауыш сынып оқушысы, жұмбақ жанры, халық ауыз әдебиеті.

Ақжолова А.Т.¹

¹к.филол.н., ассоциированный профессор, КазНПУ им. Абая

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КРУГОЗОРА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ ЖАНР ЗАГАДОК

Аннотация

В данной статье рассмотрены психолого-педагогические особенности развития мышления учащихся начальных классов через жанр загадок. С ранних времен проблема развития мышления ребенка волнует наших великих мыслителей.

Теории, связанные с развитием интеллекта учащихся, анализируются в трудах видных психологов-педагогов и ученых. Загадки, предусмотренные литературным учебным предметом в начальных классах, имеют огромные познавательные, воспитательные возможности, развивающие интеллект учащихся.

В этом контексте мышление в психологии часто объясняется как решение новых проблем. Но мыслительная деятельность не ограничивается открытием нового; в ней есть момент отбора, оценки усвоенных знаний, состоит не только творчество, но и репродуктивные и конструктивные элементы.

Внутреннее содержание мышления меняется с развитием общества. С каждым годом общество развивается вперед, растет его наука и техника, появляются новые понятия. Следовательно, процесс мышления представляет собой процесс, характерный только для психики человека..

Человек должен на практике доказывать истинность своего мышления, то есть реальность и могущество, жизнеспособность. Для этого каждый человек должен всегда поставить перед собой цели, задачи, определить направление мыслительного процесса.

Поэтому в статье говорится, что загадки на разные темы, появившиеся через развитие общества через загадочные жанры, как один из примеров устной народной литературы способствуют развитию интеллекта ребенка.

Ключевые слова: интеллект, ученик начальной школы, жанр загадок, устная народная литература.

A.T. Akzholova¹

¹Candidate of philological sciences, associate professor,
Abai Kazakh National Pedagogical University

PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL PECULIARITIES FOR THE HORIZON DEVELOPMENT OF THE PRIMARY SCHOOL CHILDREN THROUGH RIDDLES

Abstract

The psychological peculiarities for the development of the primary school pupils' mindset through the riddles is considered in this article. From the earliest times, the problem of the development of the child's thoughts has been intrigued by our great thinkers. Theories related to the development of pupil's minds are analyzed by prominent psychologists-teachers and scientists. The riddles provided in the content of the primary literary studying subject are enormous in their cognitive, educational potential that develops their thinking.

In this context, thinking in psychology is often explained as a solution to a new problem. But thinking is not limited to discovering the new one; there is a chance to select and evaluate knowledge, not only creativity, but also reproductive and constructive elements.

The substance of thinking changes with the development of society. As the society develops and its science and technology grows, new concepts emerge. Hence, the process of thinking is only a process that is inherent in human psyche. Man must prove the truth of his thinking, that is, the truth and the power, the viability in practice. To this end, each person should set a goal, a task and determine the direction of the process. Therefore, the article mentions that the riddles for the various topics that have emerged through the development of riddles as a model of folklore can contribute to the development of the child's thoughts.

Keywords: intelligence, primary school pupil, genre puzzles, oral folk literature.

Баланың ой-өрісін дамыту мәселесі де ежелден-ақ ұлы ойшылдарымыз Баласағұн, Әл-Фараби, Абайды толғандырған. Сондықтан өз еңбектерінде жеке тұлғаның ой-өрісін дамытуды үнемі көздеп отырған. Осы мәселе төңірегінде көрнекті педагогтар мен ғалымдар Т.Тәжібаев, С.Мұқанов, Ж.Әбілдин, Қ.Жарықбаев, Т.Сабыровтың еңбектері оқушының ой-өрісін дамыту туралы теориясының алтын қоры деуге болады. Осы негізде бастауыш сынып әдебиеттік оқу пәнінің оқушының ауызекі сөйлеуін дамыту, дүниені көркем сөз өрнектері арқылы бейнелеп қабылдауына, ой-өрісін қалыптастыруға жол ашатын танымдық, тәрбиелік мүмкіншіліктері мол. Бастауыш сынып оқушыларын алдымен ойлай білуге үйрету қажет. М.Жұмабаев «Ойлау – жанның өте бір қиын терең ісі» [1, 112], – деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді. Ойды өркендету жолдары мыналар деп көрсетеді: «-Баланың жанында дұрыс әсерленулер, ашық суреттеулердің көп болуына иждиһат қылу. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойлайды; бала заттарды, көріністерді топ-топқа бөліп үйренсін; қайсысына себеп екенін біліп үйренсін дейді [1, 113].

Ал жалпы ой деген не? Философиялық тұрғыдан қарасақ «Ойлау – әр адамның тыс дүниенің сырына да, оның өз сырына да, өзінен тыс объектіге де қатынас жасап бойлай алатын және соның негізінде өзінің идеалдық дүниесін жасайтын қызметі» [2, 67]. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «өріске» «ілгері басты», «дамыды» деген түсінік беріліп, «ойлау барлық психикалық процестерді қамтиды» [3, 40] делінген. В.И. Богословский, А.Ковалев, А.Степанов жетекшілігімен шыққан «Жалпы психологияда» «Ойлау – психикалық үдеріс, сол арқылы адам шынайы құбылыстың және заттың нақты белгілерін бейнелейді, олардың арасындағы түрлі байланыстарды ашады» делінген. Психологияда ойлау жаңа мәселені шешу ретінде жиі түсіндіріледі. Бірақ ойлау қызметі жаңаны ашумен шектелмейді; онда меңгерілген білімді іріктеу, бағалау сәті де бар, тек қана шығармашылықты ғана емес, сонымен бірге репродуктивті және конструктивті элементтерден тұрады. Ойлауды іс-әрекеттің бірлігі туралы өнімді ой деп Л.Выготский түсінік берсе, ал ғалымдар А.Лурия, С.Рубинштейн, А.Леонтьев еңбектерінде өз жалғасын тапқаны белгілі [4, 50].

Ойлаудың қамтитын шеңбері өте кең. Ал Р.Қоянбаевтың пікірінше: «Ойлау – заттар мен құбылыстардың арасындағы табиғи байланыстарды және қатынастарды бейнелейтін психикалық процесс». «Ойлау, – дейді Р.Қоянбаев, – адам миы мен қызметінің нәтижесі. Ойлау – барлық

адамдарға тән түсінік. Ой – түсіну, қабылдау, елестеу арқылы алынған сезімдік деректердің адам миы арқылы өңделуі мәнге айналуы» [5, 124]. Әрбір ойлау түрлерінің тұлғаның даму үдерісінде алатын орны бар.

1) Нақты логикалық ойлау – затты біздің тікелей қабылдауымыз. Мұны кейде көрнекі ойлау деп те атауға болады. Нақты логикалық ойлау балалардың ойнау үдерісінде байқалады.

2) Абстракт логикалық ойлау жалпы және дерексіз ұғымдарға сүйенеді. Психологияда бұны кейде ұғымдық ойлау деп те атайды. Яғни, күрделі мәселелерді шешудегі біздің ой-пікіріміз.

3) Жинақтай ойлау белгілі бір құбылыстар тобын қамтитын әрекеттердің ортақ ұстанымдарын, тәсілдерін білумен сипаттайды.

4) Алгоритмдік ойлау – көздеп отырған нәтижені қамтамасыз ететін нақты әрекеттерді қатаң орындау, нұсқау арқылы жұмысты іске асыру.

5) Индуктивтік ойлау ғылыми зерттеу, оқушыларға жаңа білімдерді баяндауға ойдың жекеден жалпыға, деректерден жинақтауға қарай қозғалуын қажетсінеді.

6) Дедуктивтік ойлау жалпыдан жекеге, дербестікке қарай жүретін ойлау үдерісімен байланысты [5, 125]. Сонымен ойлаудың түрлері шәкірттердің зиялылық білігін сипаттайды. Адамның өмір тәжірибиесіне, іс-әрекеттеріне, оның алдында тұрған мақсатының ерекшелігіне байланысты әр түрлі сатыда іске асатынын байқаймыз.

Т.Тәжібаев «Ой – адамның түйсік және қабылдау арқылы алған нәрселерін жалпылай қорытып, жанаша түрде сәулелендіріп отыруы» дейді [6, 184].

Ал, профессор Қ.Б. Жарықбаевтың айтуы бойынша: «Ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстары байланыс қатынастарының миымызда жалпылай және жанаша түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ойлау қабылдау, елестермен тығыз байланысты. Түйсік пен қабылдау танымның бірінші баспалдағы болғандықтан, олардан тыс ешбір ойлау болмайды» [7, 184]. Ойлаудың ішкі мазмұны қоғам дамуымен бірге өзгеріп отырады. Қоғам ілгері дамып, оның ғылымы мен техникасы өскен сайын жаңа ұғымдар пайда болып отырады. Демек, ойлау үдерісі тек адам баласының психикасына тән үдеріс болып табылады. Адам өз ойлауының ақиқаттығын, яғни шындығы мен құдіреттілігін, өмірге жарасымдығын практика жүзінде дәлелдеуге тиіс. Ол үшін әрбір адам әркез өзінің алдына мақсат, міндет қойып, ой үдерісінің бағытын айқындауы тиіс. Бұдан соң мәселені шешу, яғни ойдың негізгі кезеңі басталады. Анализ дегеніміз ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу. Синтез ой арқылы заттың құбылыстық барлық элементтері біріктіріледі. Анализ бен синтез – бірімен-бірі тығыз байланысты, бірінсіз-бірі болмайтын құбылыс. Кез келген сұраққа жауап табу, қандай болмасын бір мәселені шеше алу, анализ бен синтездің түрлі қиысуларын қажет етеді. Анализ бен синтездің негізінде салыстыру деп аталатын ой операциясы пайда болады. Салыстыруда заттардың ұқсастық, айырмашылық қасиеттері айқындалады. Бұл операция салыстыратын заттардың бір түрлі белгілерін көрсетумен қабат, басқа белгілеріндегі айырмашылықтарын да айырып көрсетеді. Мәселен, заттарды оның түсіне, түріне, құрылысына, атқаратын қызметіне қарай салыстыруға болады. Ойлау операциясының күрделі түрі – абстракция мен жалпылау.

Шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алуды абстракция дейді [6, 190]. Абстракцияға қарама-қарсы процесті нақтылау деп атайды. Нақтылау – абстракциялық ұғымды соған сәйкес келетін жеке ұғымдарымен түсіндіру, яғни жеке заттар туралы ой. Жалпылау дегеніміз – бір текті заттардың, құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру. Жалпылау үшін заттардың ерекше маңызды белгілерін таба білу керек. Мысалы, алма, өрік, алмұрт, т.б. ұқсас белгілері жиналып келіп, «жеміс» деген жалпы ұғымды береді. Жалпылау арқылы шындықтағы заттар мен құбылыстарды белгілі ұстаным бойыншы жүйелеу (систематизация) дейді.

Ой қорытындысының 3 түрі болады.

1) Дедукция дегеніміз – жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы. Мысалы, тірі организмдер оттегі жоқ жерде тіршілік ете алмайды, ал балық тірі организмнің бірі десек, балық оттегі жоқ жерде тіршілік ете алмайды деген қорытындыға келеміз.

2) Индукция – жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қорытындысы. Мысалы, оттегі жоқ ауада жануарлар да, адам да тіршілік ете алмайды десек, осы айтылғандарды қорытындылап «барлық тірі организмдер оттегі жоқ жерде тіршілік ете алмайды» деп айта аламыз. Анализ бен синтез операциялары бір-бірімен қандай тығыз байланысты болса, индукция мен дедукция да сондай байланыста болады.

3) Аналогия дегеніміз – ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау.

Мәселен, И.Ньютон бүкіл әлемдік тартылыс заңын тапқанда, ой қорытындысының осы түріне сүйенген. Аналогия көбінесе ғылыми гипотезаның бастамасында елеулі рөл атқарады. Демек, өзіміз байқағандай ойлаудың формалары бір-бірімен байланысты дамып отырады. Бастауыш сатының бірінші сыныптағылары ой қорытындыларын тікелей байқауға сүйеніп жасаса, ал үшінші, төртінші сынып оқушылары құбылыстардың себеп-салдар байланыстарын байқай келіп, одан жалпы қорытындылар жасап отырады. Дедукциялық ой фактілерді байланыстырады, қатынастарды сол жалпы заңдылықтарға негіздей ұғуға тырысады. Адам ойлануына тән жалпы заңдылықтар болғанмен, жеке адамның ойлау әрекеті даралық ерекшеліктерге толы. Адам бір-бірінен ойының кеңдігі немесе тарлығы, арамдығы, ұшқырлығы, дербестілігі, оның логикалық жүйелілігі сапаларымен ажыратылады. Ойының кеңдігі бар адам еркін ойлайды. Ой-өрісінің кеңдігіне қарама-қарсы қасиет ойдың тарлығы. Халық ерте замандардың өзінде-ақ, ақыл-ойдың кеңдігін ерекше қастерлеген. «Ой ойласаң, тек ойла, тең ойласаң, кең ойла» деген мақалдың қандай мәселені болмасын тұтас, барлық жағынан қамти ойлау керектігі, ойлаудың кең, тиянақты болуы оның белгілі логикалық талаптарға сәйкес құрамына қарай болатындығы айтылған. Баланың ой-өрісін дамытуда әсіресе, бастауыш сынып мұғалімінің жауапкершілігі жоғары болуы керек. Ой-өріс дегеніміз адамның қызығушылық аясы, білім өрісін дамытуы [7, 157]. Олай болса ойлау тәрбиесіне қатысты шаралардың кейбірі мынадай:

1. Балалардың белгілі ережелер (грамматикалық, математикалық) жөнінде өз беттерінше қорытынды жасай алуға үйрету үшін мұғалім мүмкіндігінше эвристикалық әдісті жиі пайдаланып отыру қажет. Оқу материалдарын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас өзгешеліктерін ескере отырып ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндіктер туады.

2. Балалардың сөйлей қабілетін дамыта отырып, олардың ойлауын дамытуға үлкен әсерін тигізеді.

3. Ойлау қабылдаулар мен елестердің негізінде жасалады. Сондықтан оқушының сабақты мүмкіндігінше жақсы қабылдай алуына, елестердің тиянақты қалыптасуына мұғалім айрықша қамқорлық жасамаса болмайды.

4. Мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс. Бұдан оқу үдерісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

5. Оқушылардың өз беттерінше жасаған операцияларының дұрыс-бұрыстығын тексертікізу, оларды бір мәселенің өзін түрлі жолдармен шешуге үнемі бағыттап отыру, (тапқыштық пен зеріктік) ойлауды қажет ететін шығармалар жаздыру, жұмбақтар құрастырғызу – бала ойлауын тәрбиелеудің тиімді жолдары.

6. Ойлауды тәрбиелеу бала психологиясын жан-жақты дамытумен тығыз ұштасып жатады. Бұл оның білуге құмарлығын, тану қызығуларын, көз қарасы мен сенімін тәрбиелеумен қоса жүргізілуі тиіс. Қораш сөз, солғын сезім ойдың айқын болуына бөгет жасайды, ал ақылға қонымды жақсы сөз жанға жылы тиіп, адамды небір тамаша сезімдерге жетелейді, қысқасы ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты ететін тәрбиелеумен ұштасып жатады деген пікірді жақсы дәлелдейді.

Балалық шақта ойлаудың дамуы, қатал шектелуді көтермейтін, өзара тығыз байланысты бірнеше сатыдан өтеді. Баланың өте жас кезінде *көрнекі қимылдық ойлау* басымырақ болады, ол әзірше сөйлеу білмей тұрып-ақ дүниені негізінен қабылдау және әрекет арқылы таниды.

Дамудың келесі сатысында *көрнекі образды ойлау* және *ойланып* сөйлеу басым (билеу, үстем болу) бола бастайды. Мұнда заттар мен олардың бейнелері сөзбен байланыста болады. Ойлау әрекетінің бұл түрі мектепке дейінгі жастағы балаларға тән, мұнда бала бейнелер арқылы ойлайды, ал білетін сөздері қорытынды жасауға көмектеседі. Балада (өз тәжірибесінің төңірегінде) пікір айтуға талпыну пайда болады.

Мектепте оқушының жұмыс үдерісінде тиісті ұғымдарға сүйенген *ұғымдық ойлауы* тез дами бастайды. Бастапқыда ол нақтылы заттар және құбылыстармен тығыз байланысты (*нақтылы ұғымдық ойлауы* басым) болып, бірте-бірте нақтылыдан абстрактілей білуге қолы жетіп, пікір айтып, азды-көпті қорытынды жасауы (*абстрактылы ұғымдық ойлау*) қалыптаса бастайды.

Ойлау үдерісінің дамуында оқытудың маңызы орасан зор. Ол баланың елестете алуы мен білімін кеңейтеді. Жаңа ұғымдарды игеру жүріп жатады, оларды бір жүйеге келтіріп, ой қорытындылау жиі жасалады.

6-7 жасар баланың ойлау үдерісінде, әрекетпен (ойын, сурет салу, әр түрлі нәрселерді жасау, қарапайым еңбек процестері) байланысты нақтылы тапсырманы шешу бағыты басым түседі. Осы жастағы балалар қорытынды жасағанда қажетке жарататын, оған қатысы бар, заттардың сырт

белгілерін жиі қамтиды. Бұл баланың затқа берген анықтамасынан көрінеді. Үй – ол тұру үшін керек, қазу үшін т.б. қажет дейді. Бала оқи бастаған алғашқы кезде құбылыстардың көптеген байланысу себептері түсінікті болғанымен, алайда оның бұл түсінігі азғантай өмір тәжірибиесінің шеңберінен көбіне ұзап шыға алмайды.

Қайың, шөп, гүл және балдырды жалпы бір сөзбен қалай айтуға болады дегенде, I сыныптың оқушылары жауап бере алмай қиналады, ал III сыныптың оқушылары бұны *өсімдіктер* деп бір сөзбен айтуға болады, – дейді. Сонымен, жыл өткен сайын балалардың заттар мен құбылыстардың негізгі белгілерін айыру және жинақтай алу қабілеті дами береді. Төменгі сынып оқушыларының пікірі мен ой қорытындылауы бірте-бірте ақылға қонымды бола түседі. Балалар мектепке дейін бір нәрсе дұрыс емес деп турасын айтуы мүмкін. Оқу үдерісінде олар мұндай қылықтан бірте-бірте арылады. Олардың сөзінде мектепке дейінгі балаларға тән емес, шартты, болжамды пікірлер пайда бола бастайды.

Ойлауды дамытуда оқудың алғашқы жылынан бастап-ақ практика жүзінде еркін және арнаулы тақырыпта жазылатын шығармалар, есеп құрастыру, оның оңай жолын тауып барып шығару сияқты т.б. творчестволық еңбектің маңызы зор. Бастауыш сыныптың өзінде-ақ балалар мұғалімге сұрақ қоймай, өзіне де сұрақ қоюға үйреніп, оған өздігінен жауап беруге тырысып, содан соң өз ойының дұрыстығын іс жүзінде не мұғаліммен әңгімелескенде тексере білуінің мәні зор [8, 184].

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы негізінде нақтылы келетіндіктен, олар көп нәрселерді өз қалпында түсінуге бой ұрады. Мәселен, бір зерттеуде үшінші сыныптықтардың аллегориялық ұғымдардың мәнін жете түсінбейтіндігі анықталған. Олар: «білімді» деген ұғымды тек «оқитын адам»; «дүние» ұғымын «байлық», «ақша»; «жақсылық» ұғымын «жақсы нәрсе»; «ер» ұғымын «аттың ері» деп олардың заттық, бейнелік жақтарына көбірек көңіл аударады да, осы ұғымдардың мәнін салыстыру, теңестіру арқылы түсіндіріп бере алмайды.

Балалардың құбылыстардың түсіне алуында олардың сөз байлығын, сөздік қорының өсіп отыруын қадағалау зор маңыз алады. Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндірудегі әдістемелік шеберлігінің (әр ұғымды өз мәнінде толық түсіндіру, сөйлемдердің қысқа, ықшам болып келуі, екі ұшты сөйлемдеу т.б.) жоғары болуы – бала түсінгінін жақсы дамуына қатысы бар басты факторлардың бірі [9, 195].

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдардары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі [10, 153].

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы әлі де көрнекілі, нақтылы, бірақ оқыту үдерісінде шәкірттердің нақты ойлауы мектепке дейінгілерге қарағанда олардың ойлау операциялары күрделірек және мазмұндырақ келеді, оның барлық ойлау операциялары жетілдіріледі. Мектеп оқушылары бірден-бір күрделі, тек қабылданатын ғана емес, сонымен қатар елестететін заттар мен құбылыстарды салыстыра, талдай және жинақтай білуге үйренеді.

Бекітілген ұғымдардың негізінде оқушыларда абстракциялық (дерексіз) ойлау дамиды. Жоғары сынып оқушыларында абстракциялық ойлау ерекше тез қарқынмен дамиды. Жеке пәндерді оқып-үйрену арқылы жоғары сыныптардың шәкірттері көптеген жалпы, дерексіз ұғымдарды меңгереді және бұл ұғымдарды өздерінің ақыл-ой әрекетінде пайдаланады.

Оқыту үдерісінде абстрактылық және логикалық ойлаумен бірге оқушылардың сын тұрғысынан ойлауы дами түседі. Бастауыш сыныптың өзінде оқушылардан тек қана дұрыс жауаптарды талап етіп қоймайды, сонымен қатар түсіндірілу сұралады: «Бұл неге бұлай?» Егер оқушылардың жауабы дұрыс болмаса, онда сыныпта оның себебін анықтап алады, оның қателігі неде, бұл қателікті қалай ойлауды дамытуда мектеп оқушыларын түзеуге болады? Білімді меңгеруде оқушылар әр түрлі қағидаларды, ережелерді және аксиомаларды пайдалануды үйренеді [10, 232].

Ойлау әрекеті – тек ғылыми болжам ғана емес, жұмбақ мәселелердің мән-жайын ұғыну үшін күнделікті тәжірибеде қолданып отыратын күрделі психикалық үдеріс және адамның ақыл-ойының жемісі. Мұғалім балаларға білім беру, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, тілін жетілдіру арқылы ойлауын да дамытады. Демек бастауыш сыныптан бастап-ақ балаларды оқу материалын түсініп және игеріп қана қоймай, қызықтыратын мәселелеріне өздері жауап табуға үйрету керек.

Балалардың ойлауын дамыту қашан да өзекті мәселе болып келеді:

1. Балалардың ойлауы сөйлеумен байланысты деген жаңалық –XX ғасырдың бас кезеңінің жаңалығы. Оның практикалық әрекетке байланысты екені ашылды. Батыс психологтары 5-10

жастағы балалардың ойлау мүмкіндігі туралы жалған мағлұматтар берді, бастауыш сынып оқушыларын оқытуды дұрыс ұйымдастыруға теріс әсер етті. Олар бала сауатты сөйлеуге 8-10 жаста жетеді, тек логикалық ойлауға ғана мүмкіндігі бар дегенді айтты.

2. Баланың сөйлеу тілінің дамуына байланысты ойлаудың көрнекті образдық түрі күшейді, ойланып сөйлеу басымдыққа ие болады. Заттардың бейнелері сөзбен байланыста болады. 7-8 жастағы балалар сөз тіркестерін, аллегорияны, мақалдарды, метафораларды түсінуі қиын. Сондықтан бастауыш сыныпта нақтылы ойлау әрекетіне үйрету керек. Бейнелер арқылы ойлап, білетін сөздерді қорытынды жасауға көмек келтіру мұғалім шеберлігіне байланысты.

3. Ұғымдық ойлау. Баланы нақтылы ойлаудан абстрактылы ұғымдық ойлауға көшіру – мұғалімнің міндеті. Тұрмыстық ұғымдар, грамматикалық, арифметикалық, адамгершілік және басқалардың мәнін білдіру, оларды ойлауды дамытуға ұтымды пайдалану керек.

4. Логикалық ой – ойлаудың ең жоғарғы түрі, оны дамытудың жолы өте ұзақ. Оны тәрбиелеу өте сақтықты керек етеді, оған еңбек ету, баланың білімін молайту арқылы жетуге болады. Логикалық ойлау танымды кеңейтеді, ақылын жетілдіреді, зерделілікке тәрбиелейді. Ол үшін қазақ жұмбақты қолданып, оны шештіруді үйреткен. «Айдалада ақ отау, аузы, мұрны жоқ отау» (жұмыртқа). Ұқсас аналогиялық жұмбақты алып та ойлауды дамытқан: «Асты тас, үсті тас, ортасында піскен ас», «Асты тас, үсті тас, ортасында шандыр бас». Екеуінің айырмашылығында мәнді ұғым біріншіде «піскен ас», екіншісінде «шандыр бас», қалғандарында өзгеріс жоқ. Шешуі: -ас? Ол не? Табада пісетін нан. Соңғысы шандыр бас. Ол не? Үсті тас, асты тас, ортасында «бас» – тасбақа.

Бұл мысалдардан байқалатыны:

А) бір нәрсе анық айтылып тұр;

Б) қайдан шыққан нәсілің;

В) атқаратын болмысы, диалектикалық тұрғыдан баяндалып тұр; нәрселерді қосып, парлап бір-біріне байланысты суреттеп тұр.

Ата-бабамыздан қалған әдеби мұра – халықтың ауыз әдебиеті. Әрбір халықтың ұрпағы өзінің ауыз әдебиетінің мәнділігі мен маңыздылығынан, ойшылдығы мен қиялшылдығынан, тапқырлығы мен шешендігінен, әсемдігі мен алғырлығынан, тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесінен нәр алады. Халықтық шығармалар – заман талабына сай жаңарып, толығып отыратын бірден-бір жасампаз мұра.

Сан ғасырлар бойы ауыз әдебиетіндегі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келген халықтық тәрбиенің өнеге-үлгілері осы уақытқа дейін өзінің педагогикалық мүмкіндіктерінің мәні зор екендіктерін дәлелдеп келеді. Тұңғыш рет ана тілінде оқулық жасаған көрнекті педагог Ыбырай Алтынсарин алғашқы оқулығы «Қазақ хрестоматиясына» балаларға жақын, өмірден таныс әңгімелерді енгізді. Ы.Алтынсариннің көздеген мақсаты баланы адамгершілікке, бауырмалдылыққа, еңбексүйгіштікке, әсемдікке тәрбиелеу болды. Бұл оқулығына өзі жазған әңгімелері мен аудармаларын, мысалдарын енгізумен қатар, онда қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларына да айрықша мән берген. «Қобыланды батыр» жырынан үзінді және «Қара батыр» ертегісін, Жиренше шешен туралы әңгімелерін, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды ұсынған. Өзінің Н.И. Ильминскийге жолдаған хатында бастауыш сыныптарға арнап кітап жаза бастағанын, оған «... мағыналы ... жұмбақтар, ойына ой қосатын ... қызықтыратын... әңгімелер» қосатыны жайлы баяндайды [11, 210].

Хрестоматияда жұмбақтар көптеп берілген. Әдеттегіден өзгеше, бірақ әдістемелік және педагогикалық тұрғыдан айқын ол жұмбақтар оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде пайдалы болғаны сөзсіз. Бұл оқыту әдісіндегі жаңалық еді.

«Бір жансыз, мойнында бар екі құлақ,
Ойнайды дәл үстінде он шақты лақ.
Белінде сегіз белбеу, қолында екі арқан,
Ұстап алып тұрады ойламай-ақ.
Бар екен маңдайында жалғыз көзі,
Болады тоқсан түрлі айтқан сөзі...
Үстіне ашамайын ерттеп қойса,
Болады күнде жиын мұның өзі».

(Домбыра) [12, 61].

Ғалым А.Байтұрсынов «Тіл жұмсар» еңбегінің екінші бөлімінде оқушылардың алған білімдерін пысықтау, тереңдетіп, кеңейту мақсатындағы оқу материалы ретінде жаңылтпаш, мақал-мәтел, санамақ, өлеңдермен бірге жұмбақтарды ұсынып отырған. Автордың мұндай шығармаларды ұсынуудағы мақсаты – балалардың меңгеруіне жеңіл, танымдық мәні зор, әрі оларды қызықтыратын,

өздеріне етене жақын болғандығын ескеруден туындағаны сөзсіз.

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) атты еңбегінде қазақ ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай екі салаға – «Сауықтама», «Сарындама» саласына бөлген. Сауықтама іштей *ермек-теме, зауықтамадан тұрып, ермектемеге* ермек үшін айтылатындарды – *ертегі, ертегісымақ, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыштарды* – жатқызған.

Сондай-ақ, осы еңбегінде халық ауыз әдебиеті үлгілерінің әрқайсысына арнайы тоқталып, олардың мән-мағынасы мен ерекшелігі туралы түсінік беріп өтеді. Ғалымның халық ауыз әдебиеті үлгілерінің әрқайсысына берген анықтамасы, оның ішінде жұмбаққа берген анықтамасы мен оның тәрбиелік сипаты жөніндегі тұжырымы зерттеуіміздің педагогикалық негіздерін айқындаудың бастамасы деп санауымызға мүмкіндік береді. Өйткені ол өзінің «Оқу құралында» (1912) жаңылтпаш, мақал, өтірік өлеңдермен бірге жұмбақтарды да тақырып ретінде ұсынған:

«Жұмбақ.

Айдалада ақ сандық, аузы, мұрны жоқ сандық. Қатар-қатар тас қойдым, жирен атты бос қойдым.

Үй артында бүкір терек, күресуге кісі керек. Ерте тұрдым, екі айыр жолға түстім. Жалт-жұлт етеді, жалмай жұтады. Ти десем, тимейді, тиме десем, тиеді. Ерте тұрдым, алып ұрдым. Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр. Екі аяғы бар, талдан таяғы бар, арқасында құйрығы бар, төреден бұйрығы бар» [13, 45].

Ал «Әліпби» (1928) оқулығында жұмбақтарды әрбір тақырыптың мазмұнына сай енгізіп, олармен жұмыс жүргізуге әр түрлі тапсырмалар берген. Мысалы, «Қат» мәтінінен кейін

«1) Ти десем тимейді,

Тиме десем, тиеді.

2) Үш батыр қолдарына алды найза.

Су ішіп бір шұқырдан қылды қайла.

Найзамен қар үстіне суды шашып,

Адамдар сол суынан алды пайда» [13, 74].

«Қожалақ» мәтінінен кейін жұмбақты қара сөзбен берген:

«3) Жұмбақ жолдас

Менің бір жолдасым бар. Жолдас болғанда бір түрлі! Қайда барсам, қасымнан қалмайды. Менсіз ешқайда бармайды. Тұрсам тұрады, жүрсем жүреді, жүгірсем жүгіреді, жатсам жатады, жазсам жазады. Бірақ үндемейді.

Ертеңгілік, кешкілік үлкейіп, өсіп кетеді. Түсте тырбиып, ергежейлі болады.

Жарықта жанымнан қалмайтын жолдасым қараңғы болса, қайып болады да кетеді.

Сендерде ондай жолдас бар ма? [13, 78].

«Сағат» мәтінінен кейін:

«4) Жұмбақ

1. Айналар күннің көзін бір диірмен,

Жасалған оң жағынан күн көрінген.

Ішінде қылдан нәзік бір жібі бар

Ол жіпті, қолы сынғыр кім иірген.

2. Жеті ағайынды бала – жасы бірдей, аты ала [13, 80].

Ш.Ахметов үлкендер тарапынан балалардың дүниетанымын қалыптастыру, тіршілік қалпын таныстыру, тәлім-тәрбиеге беру, ақыл-ойын өсіру, тілін ұстарту «Ана сүті – бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» деген халық қағидасына сүйене отырып, кезеңдерге бөлген. Осы еңбекте халық өлеңдері, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегілердің маңызы туралы жазған. Ғалым «Қазақ балалар әдебиеті» атты еңбегінде балалар ауыз әдебиетіндегі эстетикалық идеалға, оның ішінде бесік жыры, тұсау кесу жырындағы эстетикаға айрықша тоқталған. Сонымен қатар төрт түлік мал туралы өлеңдердегі халық даналығын, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегілердің тәрбиелік мәнін ашып берген. Зерттеуімізде ғалымның басқа халық ауыз әдебиеті үлгілерімен бірге жұмбақтарды білім сатыларына, сыныптарға бөліп беру тұжырымы басшылыққа алынды.

Педагог-ғалым Ә.Табылдиев «Халық тағылымы» [14], «Қазақ этнопедагогикасы» [15] атты еңбектерінде халықтық шығармаларға ғылыми түсініктер бере отырып, оны оқу-тәрбие ісінде пайдалануды қарастырған. Онда бесік жыры, тұсау кесер жыры, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ, мақал-мәтел, балалар жыры, шешендік сөз, тұрмыс-салт жырлары, батырлық жырлар туралы түсінік беріп, тұжырымдар жасап, тәрбиелік мәнін ашып көрсете отырып, оларды пайдалануға әдістемелік нұс-

қаулар ұсынған.

Ғалым: «Ең әуелі ата-аналар мен семья ересектері мектеппен тығыз байланыс жасай отырып, үй ішінде халықтық педагогиканы дамытып, баланың өзіне батырлар жырын оқытып, пікірлесіп, аңыз әңгімелерден үзінділер айтқызып, жаңылтпаштар айтысып, ой-өрісін кеңейтіп, тілін ширатып, жұмбақ айтысып, жұмбақты көп айта алғанға ұпай жинатып, не сыйлық ұсынып, санамақтар айтып, оны шешуден мүдірмеген баланы мадақтап, мақал-мәтел жатаудан озған балаға құрмет көрсетіп, шешендік сөздерді жаттатып, ұлттық дәстүрлерді талап ете білу керек» [14, 3], – дейді.

«Қазақ этнопедагогикасы» атты еңбегінде оқулықтардың мазмұнынан өкінішке орай, тиісінше орын ала бермейтін арнау-тілек өлеңдері жөнінде «...табиғат құбылыстары мен жан-жануарларға, құстарға қызығу сезімін оятып, эстетикалық әсер беру үшін балалық дүниетанымын арттыру мақсатында шығарылған» – десе, өтірік өлең туралы «...әсірелеу-бейнелеу, шендестіру, салыстыру тәсілдері арқылы көркем бейнелер жасалынады, өлеңнің желісі күлкілі сюжеттерге, үдеген фантасстикаға (қиял-ғажайыптарға) құрылады» [15, 27], – деген.

Ғалым К.Матыжанов «Балалар фольклорының этнографиялық бастаулары» еңбегінде халықтық өлең-жырларды әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырым-жоралғылармен байланысты қарастыра келе, «балаларға арналған халық шығармалары халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, діни нанымымен, тарихымен, өнерімен біте қайнасып, тарихи кезеңдер ерекшелігіне, қоғамдық даму сатыларына қарай жетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын ұлттық нәрі мол қастерлі мұра», – екенін айтады.

Ғалым К.Ісләмжанұлы «Рухани уыз: қазақ балалар фольклоры» атты еңбегінде фольклорлық балалар поэзиясын қарастырып, төмендегідей топтарға жіктеп, оның ішкі жанрлық түрлерін бөліп көрсеткен:

«1. Әлпештеу поэзиясы (бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары).

2. Жеткіншектер поэзиясы (маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері, тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең).

3. Ойындық фольклор (ойын өлеңдері, тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, ойынға байланысты жырлар, ойынға шақыру)» [16, 22-23].

Психолог Ә.Алдамұратов оқыту процесінде сөйлеудің дамуына қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің тигізетін әсері жөнінде: «Қазақ этносы баланың тілін дамытуға айрықша мән беріп, оны бесік жырымен сусындатқан, бала кезінде-ақ оған қысқа-қысқа өлең-жыр, жұмбақ пен тақпақ, жаңылтпаш пен ән үйретіп, оның ақыл-ойын, пайымын, сөйлеу мәнерін өрістетуге тырысқан» [17, 62], – деп айтқаны жоғарыдағы психолог-ғалымдардың ойларымен үндесіп жатыр.

Ғалымдар Қ.Жарықбаев, С.Қалиевтың авторлық бірлестікте жазған «Қазақ тәлім-тәрбиесі» деп аталатын еңбектерінде халық ауыз әдебиетінің тәрбие саласындағы маңызын ғылыми тұрғыдан сипаттай келе, халықтық шығармалардың тәрбие негіздерін дамытудағы мәнін төмендегідей ашып көрсеткен: «мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда – ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы» [18, 6-7].

Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің маңыздылығы мен құндылығы фольклористикалық, педагогикалық, психологиялық еңбектерде жан-жақты қарастырылуынан айқын көрінеді.

Ұлы педагогтардың ұстаздық өмір тәжірибесінен түйгендерін саралай келе жасалған тұжырым: әрбір халық өз ұрпағына ата салты, халықтық дәстүр негізінде тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге бергені жөн, Олай болса «ұяда не көрсе, соны ілер», «Атаңа не істесең, алдыңа сол келер», «Не ексең, соны орасың» және т.б. даналық сөздерді өкінішпен, лажсыздан айтуға тура келеді. Сондықтан да «Бала тәрбиесі – бесіктен», «Ата салтың – халықтық қалпың», «Туған жерге туың тік» және т.б. дейтін өнегелі сөздердің мәнін саналы түрде түйсіндіріп тәрбиелеудің маңызы артып отыр.

Халық ауыз әдебиеті үлгілері балаларға мейлінше жақын, барынша түсінікті дүние болғандықтан, сол арқылы балалар айнала қоршаған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік, әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алады. Мұның өзі баланың дара тұлға ретінде дамуына қажетті көркемдік, ізгілік қасиеттерді бойына жинауда халықтың рухани мұрасының құндылығын қуаттайды.

Ауыз әдебиетінің қай жанрын алсақ та, оның педагогикалық тұрғыдан тәрбиелік-білімдік мүмкіндіктерінің сан алуандылығы көрінеді.

Жұмбақ жанры ана тілінің нәрлі, бейнелі сөздеріне қызықтырып, баланы халық поэзиясы әлеміне баурайды, оған эстетикалық ләззат береді. Баланың ойлау қабілетін дамытып, ой-өрісін, танымдарын кеңейтеді.

Мысалы:

Алты қаз, жеті үйрек, бір бөдене,
Кейде орта, кейде толы сар тегене,
Тұнық пенен лайдың арасынан,
Бір аққу ұшып шықты құсқа төре.

(Алты қаз – Үркер, жеті үйрек – Жеті қарақшы, бір бөдене – Шолпан, аққу – Күн).

Кілемнің түрлеріндей жүндері бар,
Айбатты жан шыдамас үндері бар.
Шаршы бой, сұлу құйрық, қысқа құлақ,
Кететін зиян қылып бір жері бар.
(Жолбарыс).

Осындай жұмбақтар заттардың, нәрселердің, құбылыстардың қыр-сырларын талдауға, салыстыруға, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табуға үйретеді. Ой қорытындылау, шешімін табу, дәлелдеу әрекеттеріне баулиды. Бұл, әлбетте, тануға құштар, білуге құмар бастауыш саты баласының психологиялық ерекше күйлерімен дәл қабысып жатқандықтан, оның түпкі нәтижесінде білімдік те, тәлімдік те тұрғыда атқаратын рөлі зор екені даусыз.

Ауыз әдебиетінен балаларға арналған «Қаңбақ шал» (1983 ж.), «Алтын сақа» (1984 ж.), «Алтын сандық» (1984 ж.), «Бозінген» (1985 ж.), «Өлген қазан» (1985 ж.), «Ақ сандық, көк сандық» (1988 ж.), «Соқыртеке» (1990 ж.) және т.б. жинақтар жарық көрді.

Сондай-ақ Ә.Диваевтың 1927 жылғы «Тарту», С.Аманжоловтың 1940 жылғы «Қазақ жұмбақтары», Ө.Тұрманжановтың 1957 жылғы «Қазақ мақал-мәтелдері» атты еңбектерінің соңғы жылдарда еліміздің егемендік алуымен байланысты қайта басылуы да ауыз әдебиетіне деген көзқарастың орнықтылығын көрсетеді.

Сонымен, қазақ халық ауыз әдебиетінің мәселелерін әр қырынан қарастырған ғылыми еңбектерге талдау жасай келгенде, бұл саладағы мәдени асыл мұраларымыздың ертеден-ақ отандық та, шетелдік те ғалымдардың назарына ілінгендігі байқалады. Ал алғашқы кезеңдегі зерттеулерде халық ауыз әдебиеті туралы тұжырымдар жинау, құрастыру, сипаттау бағытында болса, кейініректе олардың халық өміріндегі орны, тәрбие жүйесіндегі маңызы сөз болғанын көреміз. Кеңестік кезең саясаты тұсында да фольклортанушы ғалымдардың бұл жанрды тереңдей зерделеуі жалғасын тауып отырған. Сондай-ақ олар қолда бар қазыналы мұралардың жанрлық, тағылымдық, тілдік мәселелерін жіктеп айтуға ұмтылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі: 1992. – 160 б.
- 2 Әбішев Д. Философия. – Алматы, 1955. – 340 б.
- 3 Байшуақова М. Оқушыны ойлауға үйрету // Қазақстан мектебі, 2000. – №4. – Б.40.
- 4 Манашов Р. Ойлау қабілетін дамыту // Қазақстан мектебі, 2005. – №4. – Б.50.
- 5 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002. – 220 б.
- 6 Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 1993. – 234 б.
- 7 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2002.
- 8 Алдамұратов Ә. Психологиялық терминдік сөздер // Қазақстан мектебі, 1998. – №7-8. – Б.52.
- 9 Гоноволлин Ф.Н. Психология. – Алматы: Мектеп, 1976. – 184 б.
- 10 Сәбет Бап Баба. Жалпы психология. – Алматы: Дарын, 2005. – 153 б.
- 11 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 12 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1955. – 61 б.
- 13 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 14 Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 200 б.
- 15 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы (оқу құралы). – Алматы: Санат, 2001. – 320 б.
- 16 Ісләмжанұлы К. Рухани уыз: қазақ балалар фольклоры. – Алматы: Рауан, 1995. – 144 б.
- 17 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. – 224 б.

МРНТИ: 15.81.53

Қ.Т. Туkenova¹

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Алматы, Қазақстан

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада мұғалімнің көркемдік талғамын қалыптастырудың әдістемсін дайындап шығарудағы ойшылдар мен көрнекті ғалым-педагогтардың еңбектерін орынды пайдаланған. Автордың зерттеу жұмысындағы болашақ педагогтардың көркемдік талғамын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалған. Жоғары мектептегі өнердің қызметін тиімді жүргізудегі рөліне жан-жақты дәлелдер келтірілген. Болашақ педагогтардың көркемдік талғамын қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттарын көрсетілген.

Мақаланы техникалық жағынан дұрыс жүйелемеген: көлемі жағынан жеткіліксіз, аумағын (поля) дұрыс көрсетпеген.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, эстетикалық қабылдау, эстетикалық сезім, ретроспективті талдау.

Туkenova K.T.¹

¹кандидат педагогических наук, доцент

Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННО- ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВКУСА НА ОСНОВЕ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

В этой статье использованы произведения мыслителей и выдающихся ученых-педагогов для разработки методики формирования художественного вкуса у будущего преподавателя. Определены педагогические условия формирования художественного вкуса будущих педагогов в авторской исследовательской работе. Существует всестороннее доказательство роли искусства в высшем образовании. Приведены педагогические условия при воспитании эстетического вкуса будущих педагогов.

Ключевые слова: изобразительное искусство, эстетическое восприятие, эстетическое ощущение, ретроспективный анализ.

K.T. Tukenova¹

¹candidate of Pedagogical Sciences, assistant professor

PEDAGOGICAL TERMS OF FORMING OF ARTISTICALLY-AESTHETIC TASTE ON BASIS OF FINE ART

Abstract

The work of thinkers and outstanding scientists and teachers was used to develop a methodology for the formation of the artistic taste of the future proponent. The pedagogical conditions for the formation of the artistic taste of future teachers in the authors research work are determined. There is comprehensive evidence of role of art in higher education. Pedagogical conditions on the upbringing of aesthetic taste of future

teachers are given.

Keywords: fine art, aesthetic perception, aesthetic sensation, retrospective analysis.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсаты-жеке тұлғаны қалыптастыру, рухани құндылықтарды бойына сіңіру. Еліміздің қазіргі даму барысындағы білім беру талаптары жастарды халқымыздың сәндік қолданбалы өнермен таныстыру үшін болашақ мамандарды арнайы дайындауда қажет екендігін көрсетуде.

Белгілі ғалым Нуриев М.А. өзінің «Қазіргі заман мұғалімінің болмысы» деген мақаласында былай дейді:

«Педагог шебер болу үшін, өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алуы, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі тиіс, өтіп жатқан интеграциялық үрдістерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағыттала алуы керек» [1] д.а.к.

Әрбір оқытушы өзінің педагогикалық қызметіне белсенді оқу қағидаттарын енгізу арқылы, оқу мен оқытудағы әр іс-әрекет мақсатқа жетуге бағытталатынын терең түсінеді.

Ал, өнер саласы көптеген міндеттерді шеше келе, міндетті түрде шынайылықтың эстетикалық факторларын да бейнелейді және ұғынады, ал түрлі өмірлік жағдайларды ұғына отырып, әдетте, оларға эстетикалық баға да береді. Сонымен бірге, өнер біздің эстетикалық эмоцияларымызды, интеллектуалды және физикалық күштердің жаңа ағысын тудырады. Мұның барлығы өнерді эстетикалық тәрбиенің, эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың аса тиімді және қажетті құралына айналдырады [2].

Эстетикалық құндылықтардың аса маңызды разрядтарының бірін өнер туындылары құрайды: сәулет ескерткіштері, мүсін, живопись, көркемдік әдебиет туындылары және т.б. табиғаттың көптеген құбылыстары да эстетикалық құндылықтар болып табылады (таңқаларлық кристалдық құрылымдар, өсімдіктер мен жануарлар, көркемдік ландшафттар және т.б.).

Адамның шынайылыққа эстетикалық қатынасын Н.Г. Чернышевскийдің «Өнер мен шынайылықтың эстетикалық қатынасы» (сонда) деген тамаша еңбегі жарыққа шыққан кезден бастап, не ойынға, не ләззатқа, не танымға, кейде сезімдерді, көңіл-күйді, білімдерді табыстауға, не құндылықты әрекетке, не осы функциялардың жеке алғандағы ешбіреуіне де сыйдыруға болмайтын ерекше қатынас ретінде қарастыру қабылданған. Мұндай түсініктегі эстетикалық таным эстетикалық қатынастың дербес элементі болып табылады. Оның ерекшеліктерін ғылыми таныммен салыстыра отырып зерттеу мұқият көңіл бөлуге тұрарлық жеке зерттеу мәселесі болып табылады [3].

Өнер түрлерін қабылдау кезінде күрделі көру үрдістері жүреді. Көркемдік білім мен көркемдік талғамды қалыптасыру жүйесіндегі маңызды рольді бейнелеу өнеріне үйрету атқарады.

Адам 80 %-дан астам ақпаратты көру арқылы қабылдайтындығын атап кеткен жөн. Қазіргі әлемде көру образдарының маңызы арта түсуде. Біздің тұрмысқа тек қана ғылымда ғана емес, өнеркәсіпте, күнделікті өмірде, көлікте қажеттілікке айналған символдар мен шартты белгілер енуде. Және осыған сәйкес, көру қабілетін дамытуға тек қана бейнелеу өнерінің негіздерін жақсы игерудің арқасында ғана қол жеткізуге болады.

Бейнелеу өнерінің қазіргі заман өнерлерінің жүйесіндегі ролі айтарлықтай артты. Бейнелеу өнері бірте-бірте біздің өмірімізге еніп, оның бөлінбес бөлігіне айналуға бейнелеу өнерінің дамуының бұл тенденциясы түрліше көрініс табады. Бейнелеу өнері адамға оның тұрмысын әсем қылу үшін қызмет көрсетуге арналған.

Әрбір адам тек қана тұтынушы ретінде ғана емес, кей жерлерде жасаушы ретінде де әрекет етеді, ол материалдық мүмкіншіліктері бойынша өз тұрмысының заттарын таңдайды. Мұндай жағдайда талғам факторы адамның заттық әлемін құрудағы белсенді шығармашылық бастау болып келеді, ал адам өз кезегінде оны қалыптастырады.

Адамды қоршаған заттар біртіндеп оған әсер ете бастайды. Осылайша, өзара байланыс принципі жұмыс істей бастайды – адам өз талғамы бойынша ортаны құрады, ал ол тұрмыстың белгілі жағдайларын жасап, оларды қолдану мүмкіншілігіне сәйкес өмірді жеңілдетіп, және керісінше оны күрделендіре түсіп, өз кезегінде адамға әсер етіп, оны тәрбиелей бастайды.

Бейнелеу өнерін қабылдау заттық әлемнің басты бағдарына айналады және оларға дұрыс ыңғайды жасап шығаруға көметеседі. Өмірмен байланыс оларды тәрбиенің қуатты құралына айналдырады, оның негізін барлық әсерлер әлі күшті әрі өмірде із қалдыратын ерте бала кезде салу қажет. Педагог-суретшілер мектепте жұмыс істей отырып, осыған акцент жасауы керек.

Эстетикалық қабылдаудың мазмұны мен сипаты тұлғаның қабылдау объектісі ретіндегі жеке қасиеттеріне: жүйке жүйесінің түріне және оған сәйкес темпераменттің түріне, тұлғаның эстетикалық және жалпы дамуының деңгейіне тәуелді болады. Осыған сәйкес оқушылардың эстетикалық қабылдауының оның түрлі кезеңдеріндегі мазмұны өткеннің образдарын суреттеу дәрежесі мен қабылдау үрдісіндегі түсініктердің пайда болуы секілді, әртүрлі болады.

Эстетикалық қабылдағыштық туа біткен болмайды. Эстетикалық идеалдың өзіндік ерекшелігі болып оған баға беру кезіндегі пішін мен мазмұнның, адамның сыртқы бейнесі мен ішкі рухани әлемінің сәйкестігі табылады. В.Г. Белинский: «Өнерді дұрыс қабылдап, одан рахат алу үшін, көп және үздіксіз оқу қажет, сонымен бірге, өнер түрлерінде мүлдем жоқ заттарға үйрену қажет» деп жазған кезде, осыны пайымдаған болар [6].

Адамның шынайылықты эстетикалық қабылдауы кез келген саладағы эстетикалық әрекетін талап етеді.

Болашақ мұғалімнің көркемдік талғамын қалыптастырудың әдістемесін тиімді түрде дайындап шығару үшін ойшылдардың, көрнекті ғалым-педагогтардың және психологтардың, өнертанушылар мен суретшілердің еңбектерінде ұсынылған бейнелеу теориясын талдай келе, объективті шынайылықтағы эстетикалықты бейнелеу үрдісінде қарастыру қажет.

Тікелей көркемдік бейнелеу өз негізінде қиял, елестету үрдістерімен сипатталады, олар да бейнелеу өнерімен анықталатын өзінің ерекше реңіне ие болады. Ал жалпы алғанда бұл жол шығармашылық көркемдік-бейнелі ойлау мен оған сәйкес материализация әдістері ретінде анықталады. Олардың өз кезекті кезеңдері:

– тікелей бейнелеу мен сондай-ақ жанама бейнелеудің негізі ретінде туындайтын және бастапқыда көркемдік образды идеалды елестету түрінде болатын ой, ниет;

– ойды бейнелеу әдісі мен материалды таңдау арқылы одан әрі кристаллдау;

– көркемдік образды бастапқы материяландыру;

– осы материяландыру үрдісінде оны нақтылау;

– көркемдік образды ақырғы материяландыру үрдістері.

Осылайша, зерттеу жұмысындағы және болашақ педагогтардың көркемдік талғамын қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттары айқындалады:

1. Жоғары оқу орындарында көркемдік талғамды қалыптастыру үшін, студенттерге мақсатты түрде бағыт-бағдар беру, соның негізінде болашақ мұғалімдерге эстетикалық түйсіну, эстетикалық сезім, талғам және көркемдік талғам туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2. Арнаулы пәндерді (живопись, сурет, композиция, қол өнері) оқыту процесінде студенттердің ішкі психологиялық, педагогикалық қабілеттерін, жеке даралығын ескере отырып, ғылыми зерттеу және шығармашылық әрекетін ұйымдастыру арқылы теориялық негіздерді басшылыққа алу;

3. Қазіргі уақыт талабына сай болашақ мұғалімнің өмірлік қажетіне жарайтын, көркемдік талғамын жаңартуға бейімі бар, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білім және біліктілігін жетілдіру арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру. Бөліп көрсетілген педагогикалық шарттар қалыптастыру экспериментті құру кезінде негізгі белгілеуші шарттар болып табылады. Дегенмен, төмендегі мәселелер анықталуы қажет:

– ретроспективті талдаудың негізінде талғам феноменін тұтастай зерттеу;

– көркемдік талғамның жетекші құрамдаушыларын бөліп қарастыру, түсінікті құрылымға жіктеу;

– көркемдік талғамның жеке дара-типологиялық және қоғамдық-психологиялық мінездемелерін салыстыру;

– көркемдік талғамды қалыптастыру мәселесіне әрекеттік ыңғай;

– құрамдаушылық құрылымның, зерттелетін қасиеттің өлшемдері мен көрсеткіштерін бөліп қараудың негізінде көркемдік талғамның қалыптасу моделін құру;

– педагогикалық мақсатқа лайықты ықпал етулермен қатар, контингенттің ерекшелігін анықтау, ұсынылған модельдің негізінде деңгейлік градация жасау;

– болашақ мұғалімдердің көркемдік талғамын қалыптастырудың педагогикалық технологиясын әзірлеу;

– болашақ бейнелеу өнері мамандарының көркемдік талғамының типологиялық мінездемелерін және оның қалыптасуына әсер ететін факторлар анықталуы қажет.

Жоғары мектептегі өнердің қызметін қарастырып, педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған жоғары оқу орынындағы ақпарат, педагогтардың басшылығымен өтетін тұлғаның шығармашылық өзіндік әрекеті жоғары көркемдік талғамды қалыптастырудың басты құралдары болып табылады деп

әбден әділ қорытынды жасауға болады, себебі көркемдік тәрбие әдістерінің өздері педагогикалық ықпалдың әдістерімен сабақтасып жатыр, сондықтан, педагогтың шеберлігіне, оның осы үрдістер арасындағы корреляцияны қаншалықты шамада жүзеге асыратындығына көбінесе бейнелеу шығармашылығының нәтижесі де, болашақ ұстаздардың көркемдік талғамын қалыптастыру да байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нуриев М.А. Қазіргі заман мұғалімінің болмысы // Ұлттық тәрбие республикалық-көпшілік журнал. №4(36), 2016. – 6-11 б.
- 2 Антология педагогической мысли Узбекистана. – М.: Педагогика, 1986. – 320 с.
- 3 Нерсисян Л.С. Изобразительное искусство в системе художественного образования и эстетического воспитания школьников (на материале армянского изобразительного искусства): дис. ...д-р пед. наук: 05930000100. – МПГУ им. Ленина, 1992. – 417 с.
- 4 Антонов Г.К. Беседы об эстетическом вкусе. – Минск, 1965. – 152 с.
- 5 Буров А.И. Эстетика: проблема и спорт. – М.: Искусство, 1975. – 176 с.
- 6 Белинский В.Т. Полн. собр. соч.: В 5 т. – М., 1988. – Т.4. – С.88.